По мере развития собственного опыта творческой деятельности, освоения законов изобразительного искусства, личностной самореализации, восприятия и анализа художественных произведений, их оценки, у школьников начинают складываться собственные предпочтения и эстетические критерии, которые в комплексе и приводят к развитию у детей эмоционально-образного восприятия и собственного художественного вкуса.

Таким образом, используя творческие методы построения процесса обучения на занятиях по изобразительному искусству можно существенно влиять на нравственные качества воспитанников, развивать эмоциональное восприятие окружающего мира, формировать представлений о нравственных ценностях. Проблема развития творческого воображения детей школьного возраста – одна из важных проблем педагогики. Особую роль в развитии играет эстетическое воспитание, задачей которого является приобщение детей к общечеловеческим ценностям. Психолого-педагогические исследования свидетельствуют о важности использования изобразительного искусства в эстетическом воспитании детей с самого раннего возраста. При работе с детьми школьного возраста необходимо познакомить их с портретом как жанром живописи, показав его отличие от других жанров. Прежде чем знакомить учеников с этим видом искусства, преподаватель должен иметь представление о данном жанре. У школьников в отличие от других возрастных периодов, личностная ориентация определяется направленностью на внешний предметный мир, у них преобладает наглядно-образное мышление и эмоционально-чувствительное восприятие действительности, для них остается актуальной игровая деятельность. Специфика искусства, его художественно-образная природа как нельзя лучше отвечают личностным потребностям ребенка школьного возраста. Это определяет педагогический потенциал и значимость предметов образовательной области «искусство» на этапе обучения в школе. Выполняя в полной мере задачи, стоящие между данной образовательной областью, педагоги могут успешно добиваться реализации основной цели образования – развитие личности ребенка. Чтобы научить понимать и чувствовать произведения портретной живописи, необходимо помочь школьникам освоить особенности изобразительного языка данного жанра при условии систематических встреч с произведениями портретной живописи и организованных бесед.

Литература

1. Шаляпин О.В. Педагогика портретного искусства. - «Alpha-Porte». – Новосибирск, 2009. – С.6-41
2. Пантелеева Н. Г. Комарова Т. С. Ознакомление детей 5-7 лет с искусством портрета // Дошкольное воспитание.– 2005. – № 3. – С.16-27.
3. Медведев, Л.Г. Живопись. Гармония чувства, мысли, цвета: альбом-монография. – СПб.: ЗАО «Мультипринт Северо-Запад», 2009. – С. 152.
4. Рацевич Е.С. Педагогика. Большая современная энциклопедия. – Мн.: «Соврем. Слово», 2005. – С. 720.
5. Золотых М.С. О Процессе создания портретного образа в живописи// Ученые записки. Электронный научный журнал Курского государственного университета. – 2016. – № 3 (39) – С.1-6.
6. Золотых М.С. Самостоятельная работа студента, как одна из важнейших составляющих процесса освоения портретного жанра // Научный альманах. –2015– № 10-2(12). – С.196-201.
7. Джадабаев А.Ж. Писать, проверяя вечностью. Портретная живопись Ш.Сариева//Мысль.-2008.-№1.-С.87-91.
8. Джадабаев А.Ж. Типологические принципы казахстанского портрета на примере творчества А.Кастеева//Материалы международной научной конференции. – А:Дәуір,2004. – С.69-73.

ӘОЖ 373.3.018.8
МРНТИ 14.35.07

М.С. Нұрке¹

¹докторант, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті,
Қазақстан, Алматы қ., E-mail: maira_nurke@mail.ru

БОЛАШАҚ БАСТАУЫШ СЫНЫП МҰҒАЛІМДЕРІН НООСФЕРАЛЫҚ БІЛІМ НЕГІЗІНДЕ ВИЗУАЛДЫ ӨНЕРДІ ҚАБЫЛДАУҒА ДАЯРЛАУДАҒЫ ЖОБАЛАУ ЖӘНЕ ЗЕРТТЕУШІЛІК АСПЕКТІЛЕРІ ЖАЙЫНДА

Аңдатпа

Мақалада автор ноосфералық білімді, өркениеттің дамуында ақыл-ой, сана және рухани-адамгершілік басымдықтарының шешуші факторлары болып табылатын, табиғат пен қоғамның бірлігі (үйлесімі) деп қарастырған ғалымдардың тұжырымдамаларын зерделеу арқылы негіздеген.

Мақалада автор ноосфералық білімді өркениет дамуындағы ақыл-ой, сана және рухани-адамгершілік басымдықтарының шешуші факторлары болып табылатын табиғат пен қоғамның бірлігі (үйлесімі) деп санайтын ғалымдардың тұжырымдамаларына негіздейді.

Отандық және шет елдік ғалымдардың еңбектерін талдау барысында визуалды өнерге анықтама беріледі. Визуалды өнердің мәдениеттегі орны, дамуы және қазіргі кездегі көкейтестілігі сипатталады.

Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін дайындауда ноосфералық білім негізінде визуалды өнерді қабылдауға даярлаудың өзектілігі көрсетіледі.

Автор Гейдельберг педагогикалық университетіндегі ғылыми тағылымдамасын талдай отырып, неміс білім беру жүйесіне негізделген инновациялық білім берудің жобалық-зерттеу аспектілерін қарастырады. Профессор Марио Урлостың көркем өнер жобаларына сараптау барысында бастауыш білім беру саласындағы көптеген елдерге ортақ, шешуін табуы қажет ететін мәселелер анықталады. Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін ноосфералық білім негізінде визуалды өнерді қабылдауға даярлауда жобалау мен зертеушілік әдістерінің маңыздылығы айқындалады.

Түйін сөздер: ноосфералық білім, Визуалды өнер, бастауыш сынып, мұғалімдер даярлау, инновациялық технологиялар, жобалау және зерттеу

Нурке М.С.¹

¹докторант, Казахский национальный педагогический университет им. Абая,
г. Алматы, Казахстан E-mail: maira_nurke@mail.ru

О ПРОЕКТНО-ИССЛЕДОВАТЕЛЬСКИХ АСПЕКТАХ ПОДГОТОВКИ БУДУЩИХ УЧИТЕЛЕЙ НАЧАЛЬНЫХ КЛАССОВ К ВОСПРИЯТИЮ ВИЗУАЛЬНОГО ИСКУССТВА НА ОСНОВЕ НООСФЕРНОГО ОБРАЗОВАНИЯ

Аннотация

В статье автор основывает свое исследование на концепции ученых, которые рассматривали ноосферное образование как единство (гармонию) природы и общества, что являются ключевыми факторами в умственных и духовно-нравственных приоритетах в развитии цивилизации.

При анализе отечественных и зарубежных научных работ дается определение к понятию визуальное искусство и рассматривается его развитие, актуальность и значение в культуре.

Подчеркивается актуальность подготовки будущих учителей начальных классов к восприятию визуального искусства на основе ноосферного образования.

Автор анализирует проектные и исследовательские аспекты инновационных технологии на основе немецкой системы образования, анализируя свой опыт научной стажировки в Гейдельбергском педагогическом университете. Анализ художественных проектов профессора Марио Урлоса определяет проблемы в области начального образования которые свойственны многим странам и требует необходимого решения.

Рассматривается важность инновационных методов как проектирования и исследования при подготовке будущих учителей начальных классов к восприятию визуального искусства на основе ноосферного образования.

Ключевые слова: ноосферное образование, визуальное искусство, начальная школа, подготовка учителей, инновационные технологии, проекты и исследования.

M.S. Nurke¹

¹doctoral student Abai Kazakh National Pedagogical University,
Almaty, Kazakhstan E-mail: maira_nurke@mail.ru

ON PROJECT AND RESEARCH ASPECTS OF TRAINING FUTURE PRIMARY SCHOOL TEACHERS IN THE PERCEPTION OF VISUAL ARTS BASED ON NOOSPHERE EDUCATION

Abstract

In the article the author bases his research on the concept of scientists who considered noosphere education as the unity (harmony) of nature and society, which are key factors in mental and spiritual and moral priorities in the development of civilization.

At the analysis of domestic and foreign scientific works the definition to the concept of visual art is given and its development, relevance and importance in culture is considered.

The relevance of training future primary school teachers in the perception of visual art based on noosphere education is emphasized.

The author analyses design and research aspects of innovative technology based on the German education system, analyzing his experience as a research intern at Heidelberg Pedagogical University. The analysis of Professor Mario Urlos's art projects identifies problems in primary education that are common in many countries and need to be addressed.

The importance of innovative methods as design and research in preparing future primary school teachers for the perception of visual art based on noosphere education is considered.

Keywords: noosphere education, visual arts, primary school, teacher training, innovative technologies, projects and research.

Қазіргі жаһандану заманында жоғарғы технологиялармен индустриалды инновациялық даму негізгі бағыттардың бірі болып отырғаны анық. Дамыған 50 елдің қатарына кіру үшін, экономикалық тұрақтылықпен қоғамның әл-аухатын жақсартумен қатар, рухани құндылығы қалыптасқан, табиғат, адам және

қоршаған ортаны тұтастықта үйләсімді қабылдайтын, терең білімді интеллектуалды ұрпақ тәрбиелеу басты мәселелердің бірі болып қала бермек [1]. Осы орайда Қазақстан Республикасы білім беру туралы заңында бәсекеге қабілетті отандық білім беру жүйесін қалыптастыруға бағытталғаны белгілі. Бұл білім беру саласын модернизациялау және академиялық мазмұнын жаңартумен қатар әлемдік білім беру кеңістігіне кіруді, интеграциялауды мақсат етеді [2].

2017-2018 оқу жылында ҚР жалпы орта білім беретін ұйымдарында оқу процесін ұйымдастыру оқу процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері туралы әдістемелік нұсқаулықта:

Бағдарлама гуманитарлық пәндердің басқа базалық курстарымен тығыз ықпалдастыруға бағытталған. Ол негізгі мектеп оқушыларының пластикалық өнердің әртүрлі материалдары мен техникаларын қолданып көркем бейне жасауына бағытталған көркем-шығармашылық қызметтің алуан түрлеріндегі бейнелі тілін меңгеруді көздейді: «*Өнер туындыларын қабылдау*» деп көрсетілген.

Сондайақ, барлық бөлімдер кешенді түрде жалпы көркемдік білім мен тәрбие міндеттеріне бағытталған.

Оқу материалы көркемдік білімнің іскерлік сипаты мен адамгершілік болмысын көрсететін:

- «Өнер мен көркемдік қызметтің адам және қоғам өміріндегі рөлі»;
- «Өмір мен өнердің рухани-адамгершілік проблемалары»;
- «Әсем өнерлер тілі және көркем бейне»;
- «Әсем өнер түрлері мен жанрлары» бөлімдерімен ұсынылған [3].

Бұл бағдарламалар баланың табиғатынан берілген зерттеуші-шығармашылық қабілетін ашуға және дамытуға, баланың қоғамдағы орны және өзін-өзі жүзеге асырудағы азаматтық жауапкершілігі, өз іс-әрекетін қоршаған ортамен, табиғаттың тұтастығында қабылдауға баулуда мағызды болып табылады.

Бұдан бүгінгі күні басты мақсат – оқушыларды біліммен қаруландыру емес, оларда жалпы оқу білігі мен дағды, құзыреттіліктерді қалыптастыру, басты міндеті – оқушы тұлғасының жан-жақты, үйлесімді дамуы үшін жағдай туғызу деген тұжырым жасай аламыз. Ол үшін әрбір баланың табиғатына берілген үйлесімділікпен қандай да бір өзіне тән қабілетін ашу және дамыта түсу керек.

Қазіргі болып жатқан жаңа бастамалар мен жаңартулар осы күнге дейінгі ғылыми-зерттеулерде жан-жақты тақырыптарда қарастырылған.

Дүниежүзі бойынша қазіргі өскелең жастың сұранысын қанағаттандыратын, олардың талабына жауап бере алатын, қоршаған табиғат ортасын сақтайтын және адамның тіршілігін одан әрі жалғастырып дамыта алатын үшінші мыңжылдықтың жаңа білім беру моделі қарастырылуда. Білім берудің жаңа моделі БҰҰ шешіміне сай тұрақты даму стратегиясымен тығыз байланыста болып табылады. Адамның және адамзаттың ақиқатты тануының нәтежиесі білім және оның ақиқатпен сәйкес келуі білімнің шындығымен сипатталады. Әрбір жаңа білім адамның қоршаған орта мен өзін тануын тереңдетеді, кеңейтеді және ақиқатқа неғұрлым саналы көзқараспен қарауға мүмкіндік береді. Сонымен бірге ақиқатты танып білуге және оның заңдарын ашуға мүмкіндік беретін салыстырмалы үйлесімділік пен тұрақтылық тән, ғылыми еңбектерде: философияда таным процесін құраушы екі бағыт бөлініп, сезімдік (түйсік, қабылдау, елестету) және рационалдық (ұтымды) әр түрлі нысандарда ойлау, ұғымдау, пайымдау, зерделеу, қорыту, болжам т.б. алынады.

В.И. Вернадскийдің әзірлеген, кейінірек заманауи ойшылдардың, атап айтқанда, А.Д. Урсул, Н.Ф.Реймерс, В.П.Казначеев, Н.Г.Куликов, және Н.Н. Моисеевтің зерттеген «ноосфера» идеясы [4], неоосфералық білім саласында Ресейлік ғалымдардың еңбектерінде жалғасын тапты М.С. Гончаренко, Н.В. Маслова, Н.Г. Куликова т.б [5]., сондай ақ дүниетануда адам, табиғат, қоршаған ортаны тұтастай қарау мәселелерін отандық ғалымдар К.Ж.Жүнісова[6], Ш.Майғаранова еңбектерінде қарастырған [7].

Ғалымдар ноосфераны өркениеттің дамуында ақыл-ой, сана мен рухани-адамгершілік басымдықтарды шешуші факторлар болып табылатын, табиғат пен қоғамның бірлігі (үйлесімділігі) саласы ретінде айқындайды.

Ноосфера – бұл жеке және ұжымдық интеллект пен руханилықтың бірлігі, ойлау тұтастығының жаңа сапасы. Ноосфералық даму – бұл адамның, қоғамның және табиғаттың саналы түрде бағдарланған бірлескен дамуы, мұнда халықтың өмірлік қажеттіліктерін қанағаттандыру болашақ ұрпақ пен Ғаламның мүдделеріне нұқсан келтірмей жүзеге асырылады. Ноосфераны дамыту планетадағы экологиялық тепе-теңдікті қалпына келтіруге және ойлаудың жаңа сапасы – тұтас ойлаудың белгісі болатын жаңа адамның пайда болуына бағытталған.

Ноосфералық білім – бұл жеке білім беру ойларының бейнелерін ұйымдастыруға және олардың бойындағы энергияны іске асыруға негізделген білім, білік және дағдыларды берудің әлеуметтік-мәдени процесі. Ноосфералық білім берудің мақсаты – ой бейнелері арқылы тұтас динамикалық ойлауды үйрету.

Ноосфералық білім берудің мақсаты – логикалық (сол жақ жарты шар) және бейнелі (оң жақ жарты шар) ойлауды саналы ұжымдық иеленуге негізделген үйлесімді, тұтас, экологиялық таза ойлауды қалыптастыру. Бұл адамға әлемді тұтас бейнелеуге мүмкіндік беретін және ғаламдық мәселелерді шешуге және қоғамның ноосфералық дамуына көшу құралы бола алатын ойлау түрі [8].

«Ноосфера» саласын түсіндіруді әлеуметтік бағдарламаның мақсаты деп қарастыруға болады. Демек, біртұтас дүниетанымның дамуы, адамның экологиялық сауаттылығы мен рухани-адамгершілік қасиеттерін дамытуға бағытталған білімді ноосфера деп атауға болады. Ноосфералық білім берудің маңызды міндеті – біздің ойымызша келесі ерекшеліктермен сипатталуы тиіс жеке тұлғаның ноосфералық дүниетанымын оқыту мен тәрбиелеу процесінде дамыту: біріншіден, жоғарыда аталған орыс ғарыштық философиясының негізгі идеяларына назар аударылады; екіншіден, білімнің әртүрлі салаларын – ғылыми, техникалық, гуманитарлық, этикалық, философиялық, мәдени және басқаларын біріктіруге негізделген тұтастық, үшіншіден, адамның өзі туралы және оның айналасындағы әлемдегі орны, оның тағдыры туралы білуі; Әлеуметтік табиғи (ноосфералық) этика нормаларын ұстанымы, олардың іс-әрекеттерінде практикада бірізділікпен қолдана білуі.

Сонымен, арнайы әдебиеттерге жүргізілген талдау арқылы ноосфера білімі көптеген ғалымдардың еңбегінде зерттелгенімен, болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін ноосфералық білім негізінде визуалды өнерді қабылдауға даярлау мәселесі жеткілікті түрде зерттелмегендігі, белгілі болды.

ҚР Білім және ғылым министрлігінің Бастауыш білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартында: "Технология және өнер" білім беру саласы пәндерінің мазмұны қоршаған ортаны біртұтас қабылдауды қалыптастыруға, оны *визуалды өнер* мен музыка құралдары арқылы тануға; бейнелеу өнерінің, қолөнер мен музыканың адам өміріндегі ролі туралы алғашқы түсініктерді дамытуға, қазақтың ұлттық сәндік-қолданбалы өнеріне, музыкалық салт-дәстүрі мен әдет-ғұрпына, әлемдегі басқа халықтардың өнеріне құрметпен қарауға тәрбиелеуге; өнердің алуан түріне адам өмірінің көрінісі ретінде адамгершілік-эстетикалық көзқарасын тәрбиелеуге, бастауыш мектеп білім алушыларының көркем және музыкалық-шығармашылық дамуына бағытталған»-деп көрсетілген [9]. Бұл тұрғыда бастауыш білім беруде визуалды өнерінің болуы мәселесін зерттеу ерекше өзекті болып табылады.

Бастауыш сыныптардағы жаңартылған оқу бағдарламасының ерекшелігі «Бейнелеу өнері» және «Еңбекке баулу» оқу пәндерін біріктіретін «Көркем еңбек» кіріктірілген пәнін енгізу болып табылады. Ол кеңістіктік және көру елестерін, қиялы мен байқағыштығын түрлі шығармашылық қызметте көркем-технологиялық білім, білік және дағдыларды қалыптастыруға бағытталған [3]. «Көркем еңбек» пәнінде оқылатын Визуалды өнер – бұл кескіндеме, сызу, гравюра, мүсін, керамика, фотография, видео, кино-өндіріс, дизайн, қолөнер және сәулет сияқты өнер түрлері. «Визуалды өнер» терминінің қазіргі қолданысында бейнелеу өнері, қолданбалы немесе сәндік өнер де бар.

Демшина А.Ю. ғалымдардың еңбектеріне сүйене отырып Визуалды өнердің құбылыс ретінде де, бір жақты емес процесс ретінде де институционалануын айта келіп, «XXI ғасырдың басында адамға визуалды эсер ету тәсілдерін анықтау, мәдениетті ерекше тұтас ретінде түсіну аясында әр түрлі көркемдік және көркемдік емес тәртіпті процестердің арасындағы байланысты іздеу проблемалары үлкен мәнге ие болып отыр. Жаһандану жағдайында визуалды өнер тілі мәдениеттер арасындағы қарым-қатынастың ең әмбебап тәсілдерінің біріне айналуға, бұл көп мәдениетті кодтарға, метаэстетикалық бағалауға негізделген жалпы мәдени құндылықтарды қалыптастыруға, көбінесе виртуалды кеңістікті дамытуда қалыптасатын ассоциативті, бейнелі, сызықтық емес ойлауды дамытуға әкеледі» – деп көрсетеді [10].

Эксетер университетіндегі Ирен Цимбукидудің ғылыми еңбегі «Оқушылар мен мұғалімдердің визуалды өнер туралы білімі: Грециядағы ең жаңа көркемсурет орта мектебінің негізінде жүргізілген зерттеу» тақырыбында болған. Мұнда визуалды өнер пәнін оқытатын бастауыш мектеп педагогикасы кафедрасының бакалавриат бағдарламасының бөлігі ретінде анықталған. Визуалды білім берудегі постмодерндік көзқарас тұрғысынан мектептің педагогикалық бөлімі; және осыған байланысты оқу курсы қайта құруды ұсынған [11].

Монреалдағы Конкордия Университетіндегі Скотт Макмастер өз еңбегінде «Визуалды сауаттылық» ұранымен жан-жақты талқыланатын бірнеше маңызды тақырыптар анықтайды; визуалды ақпарат пен тұтынудың өсуі, визуалды сауаттылық пен танымал визуалды мәдениеттің сабақтастығы, *Өнер – бұл*

визуалды обрыздар тілі оны оқуды үйренуі керек. Көркемсурет сабақтарында біз визуалды суреттер жасаймыз, бейнелік суреттерді зерттейміз» – деп жазады [12].

Көптеген отандық және шет елдік ғалымдардың еңбектерін талдау барысында визуалды өнердің ноосфералық білім негізінде қарастырылмағаны арасындағы қарама-қайшылықтар байқалады. Дегенмен ғалымдар өз зерттеулерін оқу мен оқытудың иновациялқ білім беру жүйесінде, интербелсенді әдіс тәсілдердің негізінде құрғады. Жүйелі-әрекеттік тәсілі, коммуникативтік тәсіл, интегративтік тәсіл, ойын арқылы оқыту және ерекше көңіл бөлінетіні жобалау және зерттеу тәсілдеріне негізделетіні мәлімделіп отыр. Осы көрініс Гейдельберг педагогикалық университетінде өткен ғылыми тағылымдама барысында да көрініс тапты. Мұнда бейнелеу өнері кафедрасының меңгерушісі, профессор Марио Урлостың дәрісінде болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін дайындаудың неміс жоғары оқу орындағы ерекшеліктерімен таныстық. Карлсруе қаласындағы Орталық өнер және медиа мұражайында (ZKM) бастауыш мектептің 3-ші сынып оқушыларының сабағына қатысып, визуалд өнер сабағының әдістемесімен таныс болдық. Сәулет өнері тақырыбында өтілген сабақта мұражайға кірмес бұрын балаларға кейс-стади тәсілінде тақырыпқа байланысты сұрақтар қойылды, әр оқушы сәулет өнерінің қандай түрлерін білетінін, өз ойларын еркін әрі белсенді білдіріп отырды (сурет-1). Оқытушы келесі кезекте коммуникативтік тәсілді қолданып, оқушыларды жұптасуға шақырды. Әр жұпқа сурет салуға арналған қағаз, қалам таратылды. Тапсырма:

Сіз ауданды жоспарлап жатырсыз. Екі шарт бар: ол арзан және көптеген адамдар үшін болуы керек. Болашақ үйлер қандай болады?

- 1. Даммерстокте желдеткіші бар ванна бар. Ол қалай аталады және ол қай жерде орналасқан?*
- 2. 1929 жылы 228 пәтер салынды. Пәтерлердің неше түрі болды?*

Осы сұрақтар бойынша әр жұп бірлесе отырып өздерінің ойластырған тұрғылықты ауданның кешенін жобалауға және оны қағазда сызып көрсетуге тапсырма алды (сурет-2,3). Оқушылардың шығармашылық жұмыстары бір біріне мүлдем ұқсамайтын болып шықты. Тек осыдан кейін ғана әр жұп өздері салған сәулет жобаларын алып мұражай залындағы сәулетшілердің шығармашылығымен танысуға мүмкіндік алды. Оқытушы әр оқушының салған суреттеріне сілтеме жасап, сәулетшілердің жобаларымен оқушылардың салған суреттерінің ұқсатығын көрсете отырып саулет өнерінің әр түрлілігін, тарихын және дамуымен таныстырды (сурет-4). Оқытушы интербелсенді тәсілдерді шебер қоланды және әр оқушының сәулет жобаларындағы шығармашылық ізденістің маңыздылығына ерекше көңіл бөле отырып, сабақты мағыналы әрі қызықты өткізді.



Сурет-1 Кейс-стади



Сурет-2. Жұптық жұмыс



Сурет-3. Жұптық жұмыс



Сурет-4. Оқушымен сәулетші сызбасы

Германияның қалаларында Интерактивті мұражайлар көптеп кездеседі. Бұл балаларға өте қызықты себебі, оларға барлық нәрсеге жеке өздерінің қатысумен тәжірбе алып, жаңалық ашуға бағытталуымен ерекшеленеді. Солардың бірі Heilbronn Kraneninsel қаласындағы Экспериминта мұражайында болуға мүмкіндік алдық. «Тәжірибе арқылы білім»: бұл Эксперименттің ұраны. 2009 жылдан бастап бұл мұражайда балалар, жастар, мектеп сыныптары мен отбасылар ғылым мен техниканы, білім мен тәжірибені ерекше жолдармен қарастырады. Ауданы 25000 шаршы метрді құрайтын эксперимент Германиядағы ең ірі ғылыми орталық болып табылады. Төрт тақырыптық әлем, 270-тен астам интерактивті экспонаттар бар, қызығушылық танытқан келушілер біріге қосыла, отырып зерттеулер жүргізіп, шығармашылықпен айналысып, жаңа дүниелер жасай алады. Қолданыстағы ғимаратта мектеп сыныптары мен балабақша топтары үшін әр түрлі курстары бар жоғары сапалы тоғыз зертханалар, оқушыларға арналған ғылыми-зерттеу орталығы, жас инноваторлар үшін кеңістік және ғылым мен зерттеулерге қатысты соңғы тақырыптарды талқылауға арналған қызықты форум жасалған. Оның залдарында физика, математика, информатика заңдарын түсіндіретін және визуалды өнерді ашатын көптеген экспонаттарды тамашалай алдық. Бірақ мұндағы балаларға мұғалімдерді тыңдаудың қажеті жоқ, олар өздігінен немесе басқа жас келушілермен бірге эксперименттік үлгіні іске қосып, оның қалай жұмыс істейтінін түсіну үшін әрекет етуі керек. Білім алушылардың осындай иновациялық мұражайларда тәжірбе жасауы ноосфералық білім беруде визуалды өнерді қабылдауға кеңінен мүмкіндік ашқан болар еді [13].

Еліміздің білім беру бағыты әлемдік біртұтас білім жүйесіне енуді мақсат етіп қойғаны белгілі. ҚР білім стандартында мұражайларда өтілетін сабақтарға арнайы сағат бөлінген ал, ауылдық жерлерде электронды мағлұматтардың болатындығы айтылған. Дегенмен, бұл мәселе әлі де болса көңіл бөлуді қажет етеді себебі, жекелеген оқытушылар тарапынан оқушылардың білім деңгейі бағаланатын пәндерге көбірек мән беріп, визуалды өнер сабақтарына бөлінген сағатты үлгермей жатқан басқа пәндерге қолданатын жағдайлар кездесіп отыратыны байқалады. Елімізде Интерактивті жоғары технологиялармен жабдықталған келушілердің өзі тәжірбе жасау арқылы ғылыми және шығармашылық жаңалықтар ашуға бағытталған мұражайлар жеткіліксіз деп айтуға болады.

Гейдельберг педагогикалық университетінің көрме залында бейнелеу өнері студенттерінің шығармашылық туындылары ілінген. Бұл студенттердің өзін-өзі танудың аутогностикалық идеяға негізделген концептуалды бағытағы визуалды өнердің заманауи жобалары еді. Студент Лора Шницер өз денесіндегі мендердің қатерлі немесе қатерлі емес даму қарқынын дәрігердің қадағалауымен, бақылауында болған құжаттарды ұсына отырып визуалды өнерде жоба жасап, өзі жайлы үш бөлімнен тұратын күрделі де ауқымды зерттеу жүргізген (сурет-5). Американ фотографы Robert Mapplethorpe және Miron Schmückle шығармашылықтарнан өз тақырыбына ұқсастық таба отырып талдау жасаған (сурет-6).



Сурет-5 Лора Шницер визуалды жобасы



Сурет-6 R. Mapplethorpe, M.Schmückle

Ресей ғалымы Лысенко В.С. өзін-өзі тану жүйесі ретінде қазіргі заманғы мектеп білімінің мазмұнын аутогностика негізінде өзгертудің жаңа тәсілін ұсынатын еңбегінде «Қазіргі заманғы мектеп балалардың денсаулығын нығайту және сақтау міндетін қаншалықты орындайды – бұл риторикалық мәселе. Іс жүзінде орындамайды. Денсаулық тек физикалық емес. Нағыз сау адам – бұл ең алдымен моральдық, психикалық, әлеуметтік жағынан сау; бұл жағдайда физикалық денсаулық психоәлеуметтік және моральдық денсаулықтың табиғи салдары ретінде алынады.

Бұл педагогикалық аномалия студенттер өздерінің денсаулығына (теорияда және практикада) байланысты болатын жағдайға түскенде ғана болады, ал ата-аналар мен мұғалімдер көмекші, кеңесші, менеджер ретінде әрекет етуі керек. Мұндай жағдайлар өзін-өзі танудың жан-жақты білім беру бағдарламасы – аутогностика арқылы жасалады.

Осы тұрғыдан алғанда, аутогностика ноосфералық ойлауды қалыптастыратын және сол арқылы біздің еліміздің (содан кейін бүкіл әлемнің) ноосфералық даму жолына өтуіне ықпал ететін қажетті білім саласы» [14].

Гейдельберг педагогикалық университетіндегі студенттер мен профессор оқытушы құрамының бастауыш білім беру мен визуалды өнердегі еңбектерімен танысу барысында, өздері нақты ноосфера біліміне тоқталмаса да Лысенко В.С. айтқандай әлемнің ноосфералық даму жолына өтуінің қарқынды жүріп жатқаны айғақтайды. Осы жағдай Профессор Марио Урлостың «Көркемдік жобалармен жұмыс жасаудың метаморфиялық тәсілдері» және «Өнер сыныбы құрылыс алаңы ретінде» деп аталатын ғылыми жобаларында да көрініс тапты.

«Көркемдік жобалармен жұмыс жасаудың метаморфиялық тәсілдері» атты жобасының көкейтесті мәселелерінің бірі көркемсурет сабақтарында, әсіресе бастауыш сыныпта жиі кездесетін жағдайлар, балалардың өз қалауымен тәуелсіз шешімдер қабылдауына рұхсат етілмеуі және оқушылардың осының салдарынан зардап шегетіндігі екенін айтады. Мұның себебі, мұғалімнің жеке эстетикалық талғамы, бұл әдетте өзгеріссіз біркелкі болып қалыптасқан тапсырмалар мен жұмыстардың қайталануын құрайды деген ойға тоқтайды. Өнер сабақтарын ондаған жылдар бойы әдеттегідей ескі, таныс, қайталана беретін тақырыптарда өткізіп, оны қатырып тастағандай деген сын айтады. «Сын, көбелектерді, кірпі, қызғалдақтарды, күзгі ағаштарды немесе ақ қалаларды салуға қарсы емес. Керісінше, шын мәнінде күрделі болып келетін табиғи немесе басқадай құбылыстардың білімнің жеделдетілген, үстүрт өңдеуде болатын, асығыс жасалатын шартты бөлігіне айналдырылғанына қарсы».

«Көркемдік білім беруде «көрнекі жоба» тек оқыту мен үйрету әдісі ғана емес. Мұны білім, білік, дағды, әлеуметтік құзыреттілік пен әрекет қабілеттілігін көбірек тәуелсіз меңгеруді қамтитын оқу процесі деп түсіну керек. Балалар бұл өнер түрін оқуда дамымаған, сонымен қатар қабілетсіз болып табылады. Оқушылар өнер сабақтарында жеке қызығушылықтарын дербес жүзеге асыратын актер ретінде қабылданбай отыр» – деген ойымен бөліседі [15].

Профессор Марио «Көркемдік жобалармен жұмыс жасаудың метаморфиялық тәсілдері» жобасында өзі көтерген көкейтесті мәселелердің шешімін ұсынады. Наурызда басталып, жазғы демалыстың алдында аяқталған алты ай ішінде, сабаққа қатысқан екінші сыныптағы 21 бала тақырыптың әртүрлі аспектілерін зерттеуге, зерделеуге және жобалауға, оларды кеңейтуге және саралауға, визуалды зерттеудің жеке тәсілдерін ұстануға мүмкіндік алған. Оқушылар көбелектің метаморфиялық үдерісін табиғи жағдайда

қадағалап, зертеп, өзгерістерін жүйелі бақылай отырып визуалды өнердің түрлі құралдары мен тәсілдерін еркін қолдану арқылы өз образдарын бейнелей білген. Оқушылардың шығармашылық идеяларда жасаған жұмыстарын аяқтағаннан кейін ғана белгілі кәсіби суретшілердің туындыларымен ұқсастығы сәйкестендіріліп сарапталған. Бұл тәсілдің әдетте оқытушының мысал ретінде көрнекі құрал-репродукцияны оқушыға алдын ала көрсетіліп қоятын көп қолданылатын әдістен ұтымды жағы: баланы идеяны басқадан бейсаналық түрде көшіруден қорғайды деген ой келеді. Жоба барысында сабаққа арнайы эколог маман шақырылған және көбелектердің табиғаттағы маңызын ашып, оқушылардың сұрақтарына жауап берген. Бұл білім берудегі қоршаған ортаны тұтастай танудың бір жолы. 90 минуттық сабақ апта сайын өткізілген және көркемдік жоба Вислочтағы ұзартылған күндізгі мектеп тұжырымдамасына енгізілген. Бастауыш мектептің натуралист және суретші Мария Сибилла Мерианның есімімен аталуы және күрделі көбелектер әлемі тақырыбымен үйлесімді қарастырылғаны жобаның идеясының кәсіби шеберлікпен құрылғанын дәлелдейді.

Профессор Марио Урлостың визуалды өнерді оқытудағы көтеріп отырған көкейтесті жағдайаттары тек қан Германияның бастауыш мектептерінде ғана емес әлемдік деңгейде шешуін табуы қажет ететін маңызды мәселелердің бірі болып отыр. Осындай проблемаларды адами капиталды дамыту саласындағы жетекші сарапшылардың бірі Кен Робинсон өз еңбектерінде заманауи білім беру жүйелері көптеген адамдардың таланттарын не үшін және қалай бұзатындығына назар аударған. Ол оқу процесін өзгерту үшін өзіндік және шығармашылық идеяларды ұсынады. Қазіргі таңда алыс жақын шетелдік кәсіби мамандардың бір бірімен тәжірбесімен бөлісуі аса маңызды болып отыр. Қазақстандағы Академиялық Алмасудың Германдық Қызметі (DAAD) тағылымдамалық жобаларды жүйелі әрі нәтижелі жүргізуде. DAAD стипендиясы студенттермен ғалымдардың ғылыми зерттеулер жасауына бағалы үлесін қосып келеді. Бұл білім саласындағы күрделі мәселелерді ортақтаса отырып шешуге ықпал етеді. Осы тұста ғаламдық тұтастықтың, ноосфералық білім мен ноосфералық ойлаудың ұтымдылығы байқалады.

Жоғарыда қарастырғандай еліміздің білім туралы нормативтік құжаттарында білім алушының жан-жақты дамуына барлық мүмкіндіктер қарастырылған. Бастауыш білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының көркем еңбек пәнінің мақсаттарының жүйесінде:

оқыту мақсатының мазмұны пәннің мінездемелік білімін білуі және білімі ғана емес, сонымен қатар, оны нақты тәжірибеде қолдану, АКТ-ны пайдалану, пәнаралық және сабақаралық байланысты іске асырады, коммуникативті дағдыларды және сөйлеу белсенділіктерінің түрлерін дамытуды қарастырады және үш бөлім арқылы жүзеге асырылады.

1-бөлім «Шығармашылық идеяны зерттеу және дамыту»

2-бөлім «Шығармашылық жұмысты жасау және дайындау»

3-бөлім «Презентация, талдау және бағалау»

Визуалды өнердің негізі «шығармашылық идея». Идеяны зертеу мен дамытуда, шығармашылық жұмысты жасау және талдау барысында ноосфералық білімге негізделу маңызы болып отыр.

Жанартылған білім бағдарламасында зерттеу мен жобалау тәсілдері мектеп орындарында да ЖОО да кеңінен қолданылады. Дегенмен шығармашылық идеяның түбегейлі жаңалық ашуға бағытталмауы салдарынан, осыған дейін қарастырылған дәстүрлі тақырыптарға азды көпті өзгерістер енгізіліп қайталанып отыратын жобалар жиі байқалады. Бұл жағдай болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін визуалды өнерді қабылдауға дайындауда серпін беретін, жаңа идеялармен келуді қажет етеді: өзін-өзі тануда аутогностикалық зерттеулер жасау, өзін және қоршаған ортаны үйлесімді тұтастықта қабылдау, сабақтардың интерактивті тәжірибе арқылы білім алуға мүмкіндік жасайтын мұражайларда өтілуі. Бұл мәселелер болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін ноосфералық білімнің негізінде визуалды өнерді қабылдауға дайындауда жаңа идеяларға бағытталған көркем жобалар мен зертеулер жасаудың маңыздылығын ашады және келешекте ғылыми тәжірбелік шешімін табатын ізденістер жасауға талпындырады.

Әдебиеттер:

1. «Қазақстан-2050» стратегиялық бағдарламасындағы білім беру жүйесін модернизациялау. – Астана, 2014 жыл.
2. Қазақстан Республикасы «Білім» туралы 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319 Заңы. (11–бап. Білім беру жүйесінің міндеттері).
3. 2017-2018 оқу жылында Қазақстан Республикасының жалпы орта білім беретін ұйымдарында оқу процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері Әдістемелік нұсқау хат. – Астана, 2017.
4. Субетто Александр Иванович Ноосферная научная школа в России: итоги и перспективы / Под

научн. ред. доктора философских наук Зеленова Льва Александровича. – СПб.: Астерион, 2012. – 75 с.

5. Гончаренко М.С., Маслова Н.В., Куликова Н.Г. Ноосферное образование ключ к здоровью. – М.: Институт холо-динамики, 2011. – 124 с.: ил.

6. Дүниетану [Текст] : жалпы білім беретін мектептің 3-сыныбына арналған оқулық / Жүнісова К.Ж., Бірмағамбетов Ә.Б., Аймағамбетова Қ. – Алматы: Атамұра, 1999. – 176 б.

7. Майгаранова Ш. Тұлғаны рухани дамыту мәселелері // Қазақстан мектебі. - 2001. - № 6.-37-39б.

8. http://old.ihst.ru/~biosphere/Mag_2/maslovaN.htm Маслова Н.В. Общая характеристика концепции ноосферного образования.

9. ҚР Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы №604 бұйрығына 2-қосымша. Бастауыш білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты.

10. Демшина Анна Юрьевна Визуальные искусства в ситуации 'л глобализации культуры: институциональный аспект. Автореферат диссертации на соискание ученой степени доктора культурологи. – Санкт-Петербург, 2011.

11. Pupils' and teachers' perceptions of visual art education: A case study based on one of Greece's new secondary arts schools Volume 1 of 2 Submitted by Irene Tsimboukidou to the University of Exeter as a thesis for the degree of Doctor of Philosophy in Education In September, 2010.

12. <https://www.researchgate.net> Visual Literacy and Art Education: A Review of the Literature By Scott McMaster Concordia University, Montreal.

13. <https://www.dieter-schwarz>.

14. Лысенко В.С. В Введение в аутогностику и теорию знания «Маджериком» 2006 году.

15. Mario Urlaub Fliegen lassen Metamorphe Zugänge in künstlerischer Projektarbeit.

ӘОЖ 654.197

МРНТИ 19.61.45

Ж.Б. Оразалиева¹

¹оқытушы, Т.Қ. Жүргенов атындағы Қазақ Ұлттық өнер академиясы,
Қазақстан, Алматы қ., e-mail: zhan.k14@mail.ru

БАЛАЛАР ТЕЛЕАРНАСЫ: БАЛАЛАР МЕН ЖАСӨСПІРІМДЕРДІҢ ДҮНИЕТАНЫМЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ ҚҰРАЛЫ

Аңдатпа

Мақалада балалар телеарнасының дамуына анализ жасалып, Қазақстандағы отандық арнаның хал-ахуалы айтылады. Телеарнаның алған бағытын ескере отырып, туындап тұрған проблемалар көтеріледі. Шетелдік әріптестердің тәжірбиелері, даму тарихы қарастырылып, балаларға арналаған арнаның алдында тұрған кереғар қиындықтардың баламалы шешімдері ұсынылады.

Түйін сөздер: Еуропадағы балалар телеарнасы, ЮНЕСКО, Disney Channel, Nickelodeon, коммерциялық бағыт, балапан телеарнасы, Америкадағы балалар арнасының дамуы, Отандық телеарна.

Оразалиева Ж.Б.¹

¹преподаватель, Казахская национальная академия искусств им. Т.К. Жүргенова,
Казахстан, г. Алматы, e-mail: zhan.k14@mail.ru

ДЕТСКИЙ ТЕЛЕКАНАЛ: СРЕДСТВО ФОРМИРОВАНИЯ МИРОВОЗЗРЕНИЯ ДЕТЕЙ И ПОДРОСТКОВ

Аннотация

В статье рассматривается общее состояние детского телевидения. Здесь рассказывается об одном из самых популярных видах СМИ в телевидении, которое влияет на развитие детей и подростков. В статье рассматривается детско-юношеское телевидение, проблема дефицита на информационном поле в

современных программах для детей и недостаток программ для подростков, и поднимается проблемы детского телевидения в Казахстане и в мире целом.

Ключевые слова: детский телеканал в Европе, ЮНЕСКО, Disney Channel, Nickelodeon, коммерческое направление, телеканал балапан, развитие детского канала в Америке, отечественный телеканал

Zh.B. Orazaliyeva¹

¹lecturer, *The Kazakh national Academy of Arts named after T.K. Zhurgenov*
Kazakhstan, Almaty, e-mail: zhan.k14@mail.ru

CHILDREN'S TV CHANNEL: A MEANS OF FORMING THE WORLDVIEW OF CHILDREN AND TEENAGERS

Abstract

The article considers the General state of children's television. This article describes one of the most popular types of media in television, which affects the development of children and adolescents. The article examines children's and youth television, the problem of the deficit in the information field in modern programs for children and the lack of programs for teenagers, and raises the problems of children's television in Kazakhstan and in the world as a whole.

Keyword: Children's TV channel in Europe, UNESCO, Disney Channel, Nickelodeon, commercial direction, Balapan TV channel, development of children's channel in America, domestic TV channel

Балалар телеарнасы – арна сабақтастығының ерекше бөлшегі, себебі қазіргі таңда телеарна тек ойын сауық емес, сонымен қатар тәрбие көзіне айналған. Бала елдің болашағы, ал болашақ бала шақтан бастау алады. Ендеше ел ертеңіне патриоттық сезім, салт-дәстүр, адамгершілік сынды тәлім тәрбиені беру үшін көгілдір экран таптырмас құрал болып табылады. Жоғарыда айтылған мақсат мүдделерге қол жеткізу үшін, мемлекет, ата-ана тарапынан қызығушылық, хәм көмек керек. Балалар мәдениеті әлеуметтің әр бөлшегімен, яғни, мәдени, экономикалық, рухани байланыста. Бір сөзбен айтқанда балалар арнасы, әлеуметтік институтқа айналған. Сол себепті басқа басқа, бірақ балалар арнасы мемлекет меншігінде, қашанда бақылауында болу керек. Себебі нарықтық экономикаға көшкелі, рейтинг көздеген кейбір арна басшылығы тәрбиені шетке ысырып, ойын сауықпен шектелуде. Телеарнаның балалар санасына әсерін ескере отырып, бірқатар мәселелерді айта кеткеніміз жөн. Арна басшылығы белгілі бір бағдарлама жасау барысында міндетті түрде психологпен, педагогпен бірлесіп жұмыс жасауы тиіс, оған басты себеп шығарылып жатқан туындының балаға әсерін, қалай қабылдайтыны білу өте маңызды.

Жалпылама мәдениеттің балалар арнасының дамуына ықпалын білу үшін әлемдегі балалар телеарнасының даму үдерісіне тоқталайық. Телеарнаның баланың ақыл ойына әсер етуіне алаңдаушық, телеарна тарихымен қатар оянды. Алғашқы эфир Ұлы отан соғысының алдында болған, бұған балаларға арналған радио шоулардың сәтті шығуы ықпал етті. Осы орайда, телеарна тамырына айналған АҚШ-тың балалар арнасының даму тарихына көз салсақ. Америкада балаға арналған арна баяу дамыды. Әуелі олар, көрерменге отбасылық контент ұсынды. Ал жарнама тек ересек адамдарға бағытталды. 1950 жылдардың аяғында, кішкентай көрермендерге «The small Fry Club», «Tillstroom's Kukla», «Howdy Doody» сынды бағдарламалар шықса, 60 жылдарда демалыс күндері мультфильмдер эфирден беріле бастады. Ал 70 жылдары «Scooby's All star Laff-A-Lympics» атты шоу программа көрерменге жол тартты. Кейіннен, кабельдік арнаның пайда болуына байланысты тікелей балаларға арналған арнайы кабельдік телеарналар жұмысын бастады, «Disney channel», «Nickelodeon», «Cartoon Network» бұл арналар қазіргі таңда әлемдік арналардың көшін бастап тұр. 1990 жылы Америка басшылығы балаларға бағытталған арналарға байланысты заңнамаға қол қойды, ол жерде көрсетілетін бағдарламаның алдында баланың жасына байланысты шектеулер ескертілуі міндеттелді.

Ескі құрлық Еуропаға назар салсақ, 300-ден астам арнасы бар, оның тек 20-сы мемлекет меншігі болып табылса, 80-нен аса арна белгілі ұлтқа бағытталған. Мысалға «KICA», (Австрия, Германия) «Ketnet» (Бельгия), «DRRamasing» (Дания), «Gulli» (Франция), «CBBS» (Ұлыбритания), «SVBT» (Швеция). Ал, осылардың ішінде ең маңыздысы «Disney Channel» (63) арна «Nickelodeon» (44) арна болып табылады. Бұл арналар әлемдік алпауыт компаниялар «Time Warner», «Walt Disney Company» «Viacom»-ға тиесілі. Аспан асты елі, импортпен тіптен айналыспайды, барлық анимация тек өз елдерінде

жасалынады. Елдегі журналисттердің айтуынша мемлекет білім беру мақсатында емес, ойын сауыққа көбірек мән береді екен, және техникалық тұрғыдан сапасы нашар көрінеді.

Германияда балалар арнасы экономикалық тұрғыдан табысты сараланған. Сол себепті елдегі арнаның басым бөлігі ақылы. Каналдың контенті 13 жасқа дейінгі балаларға арналған. Контенттің негізгі бөлімін классикалық мультфильмдер құрайды. Кешкі сағат 19:00-де жұмысын тоқтататын арнаның ерекшелігі, радиоформатта ертегі қояды, экранда анимация көрсетілмейді. Басты себеп ата-аналарға балаларын ұйықтатуға көмектесу,

Италияда да кішкентай көрермендерге арналған арна жетіп артылады. Дегенменен психолог, журналист З.Тихомировнаның зерттеуінің нәтижесі Италиядағы балалар арналарында көптеген проблемалардың басы көтерілген. Яғни агрессиялық бағдарламалардың көптігі, сонымен қатар жарнаманың ұзақтығы баса айтылды.

Тәуелсіздік алғаннан кейін, Қазақстанда да телеарналарға қатты көңіл бөліне бастады. Әуелі жалпы арналар құрылса, кейіннен арнайы балалар уақыттары да шықты. Тек 2017 жылдың 3 қыркүйегінде Қазақ телевизия тарихында алғашқы балалар арнасы эфирге жол тартты. Әзірге еліміздегі жалғыз арна есебінде. Балапан арнасы ашылғалы, көптеген анимация импортталып, қазақша сөйлеуде. Оған қоса жылына арна тапсырысымен 5-6 мультфильм жарыққа шығады. Бір ғана «Али мен Айя» мультфильмді қарасақ қазақи менталитетімізге сай, тәрбиелік мәні жоғары туынды. Дегенменен көрерменнің жас ерекшелігіне байланысты идеология дұрыс жүргізілуі тиіс, сонымен қатар салауатты ұрпақ тәрбиелеу мақсатында спортты насихаттайтын бағдарламалардың көптеп шығуы маңызды. Бір сөзбен айтқанда теледидарға телміріп отырған балаларын ата-ана «Балапан» арнасының тәрбиесіне сеніп тапсыра алуы керек. Жалпы айтқанда, арна заманауи бағытта, балалармен қатар жүруі тиіс. Себебі, ғаламтор дамыған сайын қолдарында смартфон бар баланың көңілін қатар ұстау күн өткен сайын қиындауда. Вайнерлер мен Пранк жасайтын жастарға еліктеген бүлдіршіндер арнадан таппаған контентті ғаламтордан тауып жатыр, сол себепті 10 жастан асқан балалардың сұранысын «Балапан» өтей алып жатқан жоқ десем артық емес. Кез келген мемлекетте бүлдіршіндерге арналған телеарналар 0+, 6+, 10+, 12+ болып бөлінеді. Біз де жас жағына келген де соны анықтауымыз керек. Мысалға біз бір жарым жасар бала телеарна көрмейді деп ойлаймыз. Бірақ олай емес. Олар JetX секілді арнаны көре алмайды. Оған TiTi сынды мульт қызығырақ. Сол себепті «Балапан» арнасы тек 6+ болуы тиіс. Одан ересек балаларға басқа контент ұсынылуы қажет.

Бұл мәселе жөнінде ғылыми зерттеу жүргізіп, баламалы болжам жасау арқылы проблемаларды шешудің бірнеше гипотезасын қарастырдым. Еліміздегі балалар арнасы дамудың басында ғана тұр. Қазақстанда бүлдіршіндер арнасының сапасы артып, көпшілік сұранысын өтей алуы үшін жақсы мультипликатор мамандары дайындалуы тиіс. Себебі елдегі көрсетіліп жатқан отандық туындылар сапасы жағынан сын көтере бермейді. Ал тек импорт арқылы арна ұзаққа бармайды. Рухани құндылықтарымызды дәріптеп, мәдениетімізді ұрпақтарымызға қалдыру үшін сапасы жоғары мультфильмдер жасауды қолға алу керек. Батыстың батырларына еліктеген өскелең ұрпақ, Бэтманға қарап емес, бабасы Бөгенбай батырға еліктейтіндей контент жасалуы тиіс, әрине заман талабының шеңберінде. Екіншіден оннан асқан балаларға бөлек арна ашылуы бүгінгі күннің басты мәселесі болып табылады.

Балалар арнасы елімізде дамушы телеарна қатарында болғандықтан, бұл мәселелер өз деңгейінде қарастырылып жатқан жоқ. Қатардағы мәселелерді тез арада көтеріп, кемшіліктерді жоймасақ, онсызда санасы уланған балалардың болашағына анық алаңдаушылық танытпағандығымыз.

Әлемдік арналардың басты проблемаларын қарастыра отырып, басты қиындық коммерция және ақпараттық соғыс екенін көріп тұрмыз. Шетелдегі арналардың ақылы болып, көпшілікке қолжетімсіз болуы, танымдық бағдарламаларды ысырып, ойын-сауықпен шектелуі сонымен қатар мультипликацияның сапасына аса мән бермеуі соңғы уақытта үлкен проблемалар көзіне айналуда. Көршілес Ресейдің Қрым қаласында 12 жасар бала жапониялық анимация көргеннен кейін, мультфильмдегідей өзіне қол жұмсаған, асылып өлген баланың мәйітін анасы тауып алған. Қауіпсіздікті сақтау қызметкерлері мәселенің мән жәйін тексере келе, баланың дәл мультфильмдегі іс-әрекеттерді қайталағанын айтқан. Сананы улайтын, қатігез мультфильмнің аяғы, шынайы өмірде баланың әкеп соқты. Осыдан ескеретініміз, балалар арнасы үлкен жауапкершілікті талап ететін, және қашанда құзырлы органдар тарапынан тексеріліп, қарауында болуы тиіс.

Дамушы ел ретінде ескеретін, түртіп ал тұстарымыз көп әлем телевизиясынан. Дегенмен Еуропа мен Америкаға еліктеп, олардың дайын бағдарламалары мен мультфильмдерін қазақ тіліне аударумен, және бір бағдарламаны бірнеше рет қайталап эфирды толтырумен біздегі мәселенің шешілмейтіні анық. Техникалық тұрғыдан, әлемнің арналарымен тереземіз тең тұрса да, маман тапшылығы бар екенін жасыра

алмаймыз. Жарнама жасауда да, фильм түсіретін кезде де, тек түсірілім тобымен шектеліп қана қоймай, балалардың санасын біліп, психологиясын ұғатын арнайы адамдармен жұмыс қатар жүруі тиіс. Осы орайда күні кеше өткен, халықаралық балалар телеарнасы мен радио күні болғанын ескере кетсек.

Әлемдегі ең шуақты бұл мереке, жыл сайын наурыздың алғашқы жексенбісінде тойланады. Бұл айтулы мерекені күнтізбеге 1991 жылы, ЮНЕСКО енгізіп, кішкентай көрермендерді ұмытпау үшін ұлықтаған. Осынау мерекеге орай әлемнің барлық арналары, «балалар күнін» жасап, көптеген мультфильмдер мен бүлдіршіндерге арналған фильмдер көрсетеді. Бұл бастаманың басты мақсаты, БАҚ арқылы балаларға көп көңіл бөлудің пайдасын дәріптеу. Сол себепті, 1994 жылы ЮНЕСКО айтылған тапсырманы толығымен орындаған арнаға да арнайы премия тағайындаған. Қорыта келе «Балапан ұяда не көрсе, ұшқанда соны іледі» дегіміз келеді, ендеше кемел келешегіміз кішкентай көрермендерге есті дүние ұсынайық.

Интернет көздері:

1. <https://cyberleninka.ru/article/n/razvitiye-mediakompetentsiy-detey-i-podrostkov-posredstvom-televideniya>
2. <https://www.google.kz/amp/s/www.caravan.kz/news/detskij-telekanal-balapan-eh-to-kuznica-talantov-519241/amp/>
3. <https://elibrary.ru/item.asp?id=25691684>
4. <https://vernsky.ru/pubs/detskoe-televidenie-rebenok-kak-potrebitel-televizionnogo-kontenta-54905710f2ad471e773c6f43>

УДК 7.5527
МРНТИ 18.07

Билял М.Ж.¹, Жаманкараев С.К.²

¹старший преподаватель, кафедра «Дизайн». Институт Искусств, Культуры и Спорта.
Казахский национальный педагогический университет имени Абая, Казахстан, Алматы,
e-mail: mu_bil@mail.ru

²профессор, кафедра «Художественное образование». Институт Искусств, Культуры и Спорта.
Казахский национальный педагогический университет имени Абая, Казахстан, Алматы,
e-mail: mxm_mx@mail.ru

К ВОПРОСУ О РОЛИ ХУДОЖЕСТВЕННОГО ВОСПРИЯТИЯ

Аннотация

В статье рассматривается роль художественного восприятия, механизмов ее изучения в современной гуманитарной науке. Авторы считают, что проблема переживания и его художественного воссоздания – одна из главных проблем психологии творчества. Ее исследование считается одной из важных составляющих творческого и художественного процесса. Изучается творческий процесс, как действие в бессознательной активации архетипического образа, и его дальнейшей обработке и оформлению в законченное произведение

Рассматривается психологическое состояние художника в момент создания произведения и возврат его назад к тому первобытному образу в бессознательном, который может лучше всего компенсировать несоответствие и однобокость настоящего. К образу, чтобы привести в соответствие с сознательными ценностями, и преобразуя его так, чтобы он мог быть воспринят умами современников в соответствии с их способностями».

Разные культуры нередко пользуются одними и теми же образами, типами повествований, сказаний, т.е. одними и теми же знаками, способами их упорядочивания и организации. Следовательно, обобщая схожие типы, можно выявить бессознательно-объективированный характер структуры любого произведения искусства в тот или иной культурно-исторический период.

Ключевые слова: роль, художественное восприятие, творчество, художник, культура и искусство

М.Ж. Біләл¹, С.К. Жаманқараев²

¹ «Дизайн» кафедрасы, аға оқушысы. Өнер, Мәдениет және Спорт институты
Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Қазақстан, Алматы,
e-mail: mu_bil@mail.ru

² профессор, «Көркем білім беру» кафедрасы. Өнер, Мәдениет және Спорт институты
Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Қазақстан, Алматы,
e-mail: mxm_mx@mail.ru

КӨРКЕМДІК ҚАБЫЛДАУДЫҢ РӨЛІ ТУРАЛЫ МӘСЕЛЕГЕ ОРАЙ

Аңдатпа

Мақалада көркемдік қабылдаудың рөлі, оны заманауи гуманитарлық ғылымда оқып-үйрену тетіктері қарастырылады. Авторлар әсерлену және оны көркемдік қайта жаңғырту проблемасы – шығармашылық психологиясының басты проблемаларының бірі деп есептейді. Оны зерттеу шығармашылық және көркемдік процестің маңызды құрамының бірі болып саналады.

Шығармашылық процесс архетиптік бейнені бейсаналы жандандырудағы және одан әрі оны өңдеу мен аяқталған туынды етіп ресімдеудегі іс-қимыл ретінде зерделенеді.

Суретшінің туындыны жасаған сәттегі психологиялық жай-күй аспектісі және оның бейсаналы күйдегі, қазіргі сәттің сәйкессіздігі мен сыңаржақтылығын бәрінен жақсы өтей алатын сол бір алғашқы бейнесіне қайта оралуы қарастырылады. Бейнені саналы құндылықтармен сәйкестікке келтіру үшін және оны замандастарымыздың ақыл-ойы өздерінің қабілеттеріне сәйкес қабылдай алатындай түрлендіре отырып, қайта оралу.

Әр түрлі мәдениеттер көбіне бір бейнені, баяндау, әңгімелеу үлгілерін, яғни, бір таңбаларды, оларды реттеу мен ұйымдастыру тәсілдерін пайдаланады. Демек, ұқсас үлгілерді қорыта келе, қандай да бір мәдени-тарихи кезеңдегі кез келген өнер туындысы құрылымының бейсаналы-объектілендірілген сипатын анықтауға болады.

Түйін сөздер: рөлі, көркемдік қабылдау, шығармашылық, суретші, мәдениет және өнер

M.Zh. Bilyal¹, S.K. Zhamankarayev²

¹Departments Chair of Design Institute of Arts, Culture and Sports
Abai Kazakh National Pedagogical University, Almaty, e-mail: mu_bil@mail.ru

²Departments Chair of Arts Education Institute of Arts, Culture and Sports
Abai Kazakh National Pedagogical University, Almaty e-mail: mxm_mx@mail.ru

TO THE QUESTION OF THE ROLE OF ARTISTIC PERCEPTION

Abstract

The article discusses a role of artistic perception, and mechanisms to research it in modern humanitarian science. The authors believe that a problem of experience and its artistic recreation is one of the main problems of psychology of creativity. A research of this problem is considered one of the most important components of the creative and artistic process. A creative process is studied, as an action in the unconscious activation of an archetypal image, and its further processing and execution into a completed artwork.

We consider an aspect of the artist's psychological state at the moment of artwork creation and its return to that primitive image in the unconscious, which can best compensate for the inconsistency and one-sidedness of the present. To an image in order to bring it into line with conscious values, and transforming it so that it can be perceived by the minds of contemporaries in accordance with their abilities.

Different cultures often use the same images, types of narratives, tales, i.e., the same signs, ways of streamlining and organizing them. Therefore, by generalizing similar types, it is possible to reveal the unconsciously objectified nature of the structure of any artwork in a given cultural and historical period.

7. Гайдай Сергей Николаевич. Самостоятельная работа как фактор становления творческой активности студента: Автореферат на соискание ученой степени кандидата педагогических наук. – Чита, 2004. – 29 б.
8. Бабияк Вячеслав Вячеславович. Русский академический рисунок: XVIII – начало XX века: Автореферат на соискание ученой степени кандидата педагогических наук. – Санкт-Петербург, 2005. – 30 б.
9. <http://dislekcij.blox.ua/2009/08/Ronald-DDejvis-Metodika-korreksii.html>

ӘОЖ 378

МРНТИ 14.35.01

Г.А. Бекова¹

¹Абай атындағы ҚазҰПУ-ң Өнер, мәдениет және спорт институтының «көркем білім» кафедрасының аға оқытушысы, ҚР Суретшілер Одағының мүшесі

КӨРКЕМ БІЛІМ МЕН ТӘРБИЕ БЕРУДІҢ ДҮНИЕТАНЫМДЫҚ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Аңдатпа

Автор мақалада көркем білім мен тәрбие берудің дүниетанымдық мәселелерінің өзекті мәселелерін қарастырған. Білім беру үрдісінде оқушылардың көркем өнердің, көркем мәдениеттің негіздерін сіңіріп, сусындатып, ұлттық білім мен тәрбие беру мәселелерінің бүгінде алатын орны мен маңызын сипаттап, көркем өнер мен рухани мәдениеттің баланы өнерге баулып, дүниетанымдық көзқарастарын арттырудағы маңызын, көркем шығармашылыққа жан жақты дамытудағы тиімді жолдары мен оқытудағы мүмкіндіктерін ашып, анықтап, олардың жас ұрпақтың жан жақты дамуына тигізетін игі әсері жөнінде сөз етеді.

Сонымен қатар, автор осы бағытта зерттеу жүргізген шығыс ойшылдарының, алыс-жықын шет мемлекеттердегі бетке ұстар ғалым, зерттеушілердің айтқан нақыл сөздеріне, көптеген әйгілі педагог, психолог, философ, өнертанушы, мәдениеттанушы ғалымдардың, ғылыми еңбектеріне жан жақты, терең талдаулар жасап, көркем білім, тәрбие, дүниетаным, өнер, философия, бейнелеу өнері, эстетика, ұлттық, этнопедагогика, жеке тұлға деген ұғымдарға анықтама беріп өткендігі аңғарылады.

Түйін сөздер: көркем білім, тәрбие, дүниетаным, өнер, философия, бейнелеу өнері, эстетика, ұлттық, этнопедагогика, жеке тұлға

Бекова Г.А.¹

¹старший преподаватель кафедры "художественное образование" института искусств, культуры и спорта КазНПУ им. Абая, член Союза художников РК

МИРОВОЗЗРЕНЧЕСКИЕ ПРОБЛЕМЫ ХУДОЖЕСТВЕННОГО ОБРАЗОВАНИЯ И ВОСПИТАНИЯ

Аннотация

В статье рассматриваются актуальные проблемы мировоззренческих проблем художественного образования и воспитания. А также автор рассматривает некоторые вопросы мировоззренческих проблем национального образования и воспитания в учебно-воспитательном процессе, значение и роли художественного искусства и духовной культуре подрастающего поколения, развитие творческих способностей и формирования мировоззренческих взглядов на основе художественного образование и эстетического воспитания,

Кроме того, автор, проанализировала известные труды восточных мыслителей, ученых-исследователей дальнего и ближнего зарубежья, педагогов, психологов, философов, искусствоведов, культурологов в этом направлении. А также автор дает определение к таким понятиям как художественное образования, воспитания, мировоззрения, искусства, философии, изобразительного искусства, эстетики, национальной, этнопедагогика, личности.

Ключевые слова: художественное образование, воспитание, мировоззрение, искусство, философия, изобразительное искусство, эстетика, национальная, этнопедагогика, личность

*Bekova G.A.*¹

¹Senior teacher of the Department of "art education" of the Institute of arts, culture and sports of KazNPU Abaya, member of the Union of artists of Kazakhstan

WORLDVIEW PROBLEMS OF ART EDUCATION AND UPBRINGING

Abstract

The article deals with actual problems of worldview problems of art education and upbringing. The author also considers some issues of worldview problems of national education and upbringing in the educational process, the importance and role of art and spiritual culture of the younger generation, the development of creative abilities and the formation of worldview views on the basis of art education and aesthetic education,

In addition, the author has analyzed the well-known works of Eastern thinkers, researchers from far and near abroad, teachers, psychologists, philosophers, art historians, cultural studies in this direction. The author also defines such concepts as art education, upbringing, worldview, art, philosophy, fine art, aesthetics, national, ethno pedagogics, and personality.

Key words: art education, upbringing, worldview, art, philosophy, fine art, aesthetics, national, ethno pedagogics, personality

Кіріспе. Халқымыздың ұлттық санасының оянып, рухани тұрғыда дамуын қайтадан жандануы соңғы кездері жан-жақты сипат алып келеді. Күнделікті өмірде адамдармен қарым қатынас орнатудағы, тұрмыс – салтымызды сақтаудағы ұлттық қалыптасудың көптеген белгілері күннен күнге анық көріне түсуде. Бүгінгі таңда тілін ұмытып, діннен безген жас ұрпақты оң жолға бағыттаудың, оларға тәлім-тәрбие берудің қажеттілігін өмірдің өзі көрсетіп тұр. Ұлттың болашағын ойлаған қазақ зиялылары мен ұстаздар қауымы жастарды халқымыздың ежелден келе жатқан үлгі - өнегесі бойынша тәрбиелеудің қажеттілігіне басты назар аударуда.

Сөздің құдіретті күшін қадір тұту, аталы сөзге тоқтау, өнерді жалғастыру дәстүрі де педагогиканың ежелгі қағидасы. Өнер иесі атанған адамдардың жақсы қасиеттерін бағалау да тарихи мұра ретінде саналған. Халықтың тұрмыста пайдаланып жүрген тамаша ою-өрнектер мен әшекейлері-адам ойы мен қабілетінің зор нәтижесі. Тұрмыс заттарының бетінде бейнеленген бұл өнердің тәрбиелік ерекшелігі әлі толық зерттелген жоқ. Халық: «Баланы-жастан» деп бекер айтпаған. Түрлі отырыстарда, бас қосуларда

үлкен адамдардың жақсы ісін, еліне сіңірген еңбегін, мінез-құлқын жастарға үлгі-өнеге еткен. Жаманнан жирендіріп, жақсыға жақындатып отырған.

Бала тәрбиесі туралы бабаларымыздың өсиет сөздерінде жастайынан ұл-қыздарының құлақтарына құйып, тәрбие ретінде қолданған. Мысалы: «Баланы ең әуелі мейір-шапағатқа, сонан соң ақыл-парасатқа, ақырында нағыз пайдалы ғылымға баулу», «Ұл-қыздың бес жасқа дейін хандай көтер, он беске келгенше құлдай жұмса, одан соң құрбындай көріп ақылдас» – деген екен. Адамның жеке тұлға болып қалыптасу мәселелеріне әлемнің көптеген ойшылдары атсалысты, сан алуан тұжырымдамалар мен анықтамалар беріп, зерттеп, өздерінің ақыл-ойларымен бөлісті. Осыған сәйкес, зерттеу пәні ретінде орта мектеп оқушылардың көркемдік дүниетанымын қалыптастырудың сипаттамасын анықтау мақсатында философиялық, психологиялық-педагогикалық еңбектерді қарастырып, зерттеп, оларға талдау жұмыстарын жүргіздік.

Негізгі бөлім. Ежелгі кезеңдерден бері адамзаттың асылдары мен ойшылдарының көп толғандырған адам мәселесі – қазіргі біздің заманымыздың да ең өзекті мәселесі. Ұлы ғұламалардың, ойшылдардың дүниені танып, білудегі күрделі ұғымдар туралы ойларында келешек өскелең ұрпаққа берілетін сарқылмас мол қазына жатыр. Дүниетанымдық ұғымдардың негізінде ұлттық дүниетаным тұр. Дүниетанымды қалыптастыру мәселесін зерттеуге кірісер алдында, «дүниетаным» феноменінің жалпы алғандағы өзіндік ерекшелігі мен мән-маңызын анықтап алу қажет деп есептейміз. Дүниетанымның анықталуы дүниеге көзқарас, яғни адамның тіршілік болмысынан пайда болған қоғамдық-тарихи құбылысымен тығыз байланыста болады. Адамның әрбір таихи кезеңдерде табиғат, ондағы құбылыстар, өмір, тіршілік, тұрмыс туралы өзіндік көзқарасы, түсінік-пайымдаулары болады. Дүниетаным адам, қоршаған орта, таиғатқа деген философиялық, ғылыми, саяси, адамгершілік, эстетикалық көзқарастарды білдіреді. Дүниетанымның барлық жүйесінің негізін философиялық көзқарас пен сенім құрайды.

Дүниетанымның негізін көне грек философтары Демокрит, Платон, Аристотель салды Одан кейін Ф.Бэкон, Р.Декарт, Дж.Локк, Д.Спиноза, И.Кант, Г.Гегель сияқты ғұлама ғалымдар ары қарай зерттеп, дамытты. Демокрит дүниені тану туралы ауқымды проблемалар көтерді. Оның ойынша, дүниетаным алдымен сезімділіктен бастау алады деп, көрсетті. И.Канттың пікірі бойынша да, дүниетаным – «гетерогенді» жасалым. Дүниетаным қалыптасуына жеке тұлғаның эстетикалық, шығармашылық аспектілерімен өзара қатынастары жайлы, оның ой пікірлері ерекше құнды болып табылады. Осы ойды қолдай және жетілдіре отырып, философтар кейінгі уақытта да жеке тұлғаның дүниетанымдық санасының осы көп жоспарлылығын, «полифониялылығын» (көп дауыстылығын), оның тек теориялық қана емес, сонымен қатар рухани практикалық сипатқа ие екендігін баса айтады.[1]

Дүниетанымның ең негізгі ұғымы – дүние. «Дүние» араб сөзі. Ол көп ұғымдарды білдіреді, ең негізгілері – өмір, тіршілік ретінде түсіндірілсе, енді бірінде қоршаған орта, табиғат, әлем ретінде түсіндіріледі. Дүниетаным құрылымы, ғалымдардың пікіріне сүйенсек, мына түсініктерден тұрады: көзқарастар, білімдер, пікірлер. Көзқарастар белгілі бір ұстанымды бағытты білдірсе, білім жеке адамның қоршаған ортадағы әртүрлі жүйелер мен құбылыстарды бағалауы, қатынасы, ал пікірлер адамға осы көзқарастардың тек дүниетаным мәселелеріне ғана емес, сонымен бірге өзінің өмірлік мақсаттарын қоюы мен жүзеге асуында да мүмкін және мақсатқа сәйкес болатындығы жайлы мәселені шешуге жол береді. Дүниетаным – дүние және тану деп аталатын екі бөлімнен тұрады. Қоршаған ортаны білу – танымға байланысты. Таным – адам санасын дамытудың негізгі және ол арқылы адам өзін қоршаған ортаны игеруге де үйренеді. Дүниетаным ұғымдарының өзегіне ұлттық дүниетаным жатады. Соған сәйкес, шығыс ойшылдары Қорқыт ата, әл-Фараби, Қожа Ахмет Яссауи, Махмұт Қашқари, Жүсіп Баласағұн, Ұлықбек, Абай Құнанбаев, Шоқан Уалиханов, т.б. дүниетаным табиғатын ашуға маңызды үлес қосты. Қорқыт дүниетанымын ел аузында сақталған аңыз әңгімелерден танып білуге болады. М.Әуезов «...Қорқыт өлмеудің амалын өнерден табады» деп жазады. [2]

Шығыс философы Әбу Насыр әл-Фараби – тарихымыздағы ұлы тұлғаларымыздың бірі. Ол жасаған қорытындының басты түйіні білім, мейірбандық, сұлулық – осы үшеуінің бірлігінде. Ақыл-ой мен білімнің жоғарғы мәнін дәріптей отырып, көркемдік өмір шындығының өзіне тән қасиет ол әлеуметтік өмірдің көкейдегі елесі дей келе көркемдік адамның денесімен рухани жан дүниесінің адамгершілік қасиетінің сұлулығын көрсететін белгі деп санады. Әл-Фараби өзінің «Риторика», «Поэзия өнері туралы», «Бақытқа жол сілтеу» туралы трактаттарында этникалық, көркемдік, дүниетанымдық мәселелерге көңіл бөліп, бақыт, сұлулық, мейірбандық білім категорияларының бағытын көрсетіп, негізін дәлелдеп берген. Халық философиясы дүниетанымы Асан қайғы, Төле би, Қазыбек би, Әйтеке би, Бұхар жырау, Махамбет, Шоқан, Ыбырай, Абай, т.б. ұлы тұлғалар ел тағдырын толғаған кемеңгерлер арқылы дамыды. Қазақ ақын жырауларының дүниетанымына талдау жасайтын болсақ, Шалкиіз жырау – дана, ақылдылығымн ойлылықтың, көркемдіктің шыңына шыға білген.

Дүниетанымның анықталуы дүниеге көзқарас, яғни адамның тіршілік болмысынан пайда болған қоғамдық-тарихи құбылысының байланыста болады. Адамның әрбір таихи кезеңдерде табиғат, ондағы

құбылыстар, өмір, тіршілік, тұрмыс туралы өзіндік көзқарасы, түсінік-ұғынулары болады. Адамзат санасының, дүниетанымының қажетті бөлігі де – осы дүниеге көзқарас болып табылады. Дүниетаным адам, қоғам, таиғатқа деген философиялық, ғылыми, саяси, адамгершілік, эстетикалық көзқарастарды білдіреді.

Италияндық ұлы суретші, ғалым, философ Леонардо да Винчи – «Дүниетаным – ақиқатты рухани қажетті игеру жүйесі, тұтастай алсақ білімі мен наным, қоршаған ортаға психологиялық және эстетикалық көзқарасы» дей келе дүниетанымды қалыптастыру мен оны мәдени құбылысқа айналдыруда қосқан үлесі зор болды. «Дүниетаным», «таным» түсініктері «Яссауи дүниетанымы», «Қазақ халқының дүниетанымы», «Абайдың дүниетанымы» т.б. көптеген ғалымдардың зерттеген еңбектері мен ойларында «дүниетаным», «қазақ дүниетанымы» жөнінде құнды ой-пікірлер жауабын тауып, Ә.Нысанбаев, Ж.Әбділдин, М.Орынбеков, М.Мұқанов, Т.Әбжанов, Ж.Алтаев, О.Сегізбаев, Ғ.Ақпанбек т.б. тұжырымдалады.

Соңғы кездері қазақ дүниетанымы қалыптасып даму кезеңдері жайында көптеген ғылыми еңбектер жарық көрді. Олардың қатарында: Ж.Алтаев, С.Сегізбаев, М.Орынбеков, және т.б. атауға болады. М.Орынбеков: «Дүниетаным жеке адам және оның қоғамдағы орны, сана-сезімдік қалпы жайлы ұғымдарының жиынтығы, дүниені біртұтастығын түсіну болып табылады», – дейді [3].

Дүниетанымды дүниенің бейнелену нәтижесі деп түсіндіре келіп, оның қалыптасу деңгейлерін В.П. Ратникова, В.Н. Лавринко сынды философтар анықтады. Олардың түсіндірулерінше, бейнелеудің алғашқы деңгейлері түйсікпен байланысты болып, құбылыстардың дүниесі, болмыстың сыртқы, жеке көріністері белгіленеді. Ал, дүниені сезініп, түсіну бейнелеудің екінші деңгейі екендігін көрсетеді. Дүниетанымның қалыптасуына бейнелеу арқылы дүниедегі құбылыстар, үрдістердің мәндері мен заңдылықтарының ашылуы тікелей ықпал жасайтындығы нақты көрсетіледі. Философ Д.Кішібековтың осыған сәйкес айтқан тұжырымында қазақ халқының мінез-құлқы, оны қоршаған ортаға – кең далалық кеңістікке, географиялық жағдайға, баққан малға, оның шаруашылығына байланысты қалыптасатындығы айтылады [4].

Осындай жоғарыдағы философиялық пікірлерді талдай келе, дүниетаным – адам санасындағы дүниенің сыртқы бейнесі ғана емес, оның сол дүниеге, қоғамдық өмірге қарым-қатынасы, адамдардың философиялық, саяси, құқықтық, адамгершілік және эстетикалық идеалдары мен сенімдерінің жаңа қоғамдық өзгерістерге сай жиынтығы деген қорытынды жасауға болады. Сонымен қатар дүниетаным адамның мінез-құлқы мен іс-әрекетінің жалпы бағытын анықтайды.

Академик М.Қаратаев "Өнердің эстетикалық сипаты" атты сын-зерттеулерінде: «Бұл бізде тың жатқан мәселе. Қазақстанның философиялық ғылымы болсын, эстетика проблемаларын әлі де жөнді қолға алынған жоқ», – деп көрсеткен [5]. Әсіресе эстетиканы әдебиет пен өнердің философиясы, ғылымы деп қарап, осы ғылыми-философиялық тұрғыдан өмір мен өнердегі эстетикалық қасиет-сипаттарды анықтау әрекеті бізде мүлде жоқ" деп бұл мәселенің маңыздылығына айрықша тоқталса, З.Серікқалиұлының "Дүниетану даналығы" атты ғылыми және көркемдік тану еңбегінде "өзіміздің ғалым-мамандарымыз эстетика саласы бойынша арнаулы зерттеулер жүргізбегеніне, не оқулық жазбағандарына" ғылыми қауымның назарын аударады. Дүниетанымның ұғымын психологиялық жағынан қалыптасу жақтары да маңызды екендігін көруге болады. Бұл жөнінде көрнекті психолог-ғалымдар Л.С. Выготский, С.Л. Рубинштейн, Б.Г. Ананьев, т.б. өз тұжырымдамаларын психолог С.Л. Выготский: «Дүниетаным адамның сыртқы дүниеге қатынасы бойынша мәдени тұрғыдағы, оның бүкіл мінез-құлқын сипаттайды», – дей келе, дүниетаным мен жеке тұлғаның өзара байланысына диалектикалық тұрғыдан талдау жасайды. Дүниетанымды тек дүние мен оның құрамдас бөліктері туралы түсініктер жүйесі деп қарауға болмайтындығын көрсетеді.

Сонымен, зерттеудің мәселесі бойынша психологиялық ой-пікірлерді, еңбектерді талдау қорытындысында авторлардың дүниетанымы мен жеке тұлғаның өте тығыз байланыста болғандығы анықталды. Бұдан шығатын қорытынды жастарымыздың көркемдік дүниетанымын көтеруде бұл мәселе қазақ педагогика ғылымының да айрықша зерттеу нысанасына айналуы қажет. Қазақ этнопедагогикасының тәлімдік тағылымдары, құнды идеялары, әдіс-тәсілдері, амал-жолдары, құралдары А.Мұхамбаева, К.Сейсенбаев, И.Оршыбеков, К.Қожахметова және т. б. еңбектерінде жан-жақты пайымдалды.

Педагогикалық тұжырымдамаларда дүниетаным жеке тұлғаның дамуы мен қалыптасуының анықтаушы факторы ретінде қарастырылған. Яғни дүниетаным оның жеке тұлғаның дамуы мен өзара байланысы, дүниетаным құрылымының компоненттері туралы В.Лихачев және И.Лернер, Ю.Бабанский, В.Беспалько еңбектерінде қарастырылған. Дүниетаным жеке тұлғаның дамуымен байланыста өрбитіндігін, яғни арқашан дамып отыратын, айнала қоршаған орта, өмір, тіршілік етумен бірге жүретіндігін анықтаған педагогтар жеке тұлғаны жетілдіріп, кемелдендірудің жоғары дәрежедегі диалектикалық үрдіс екендігін анықтап берді. Жеке тұлғаның жүйке жүйесіндегі іс-әрекеттік мүмкіншіліктерінің, психикалық үрдістерінің, адами қасиеттерінің, көзқарастарының, білімінің, оқу белсенділігінің адам баласы жасаған материалдық рухани байлықты игерудің және сол байлықты болашақта іске асырудың даму тарихын – жеке адамның дамуы деп атаймыз.

Халық бейнелік өнері, мүсін өнері, металл, тері өңдеу, ағаш ұқсату өнері, өрнек-әшекейлері т.б. негізінде бейне ырғағының үйлесімі арқылы қарапайым өзіндік композициялар жасау оқушылардың ұлттық мәдениетін арттырады. Ал осындай композициялар орындау барысында қазақ халқының иманды, кішіпейіл, ажарқын болуына байланысты әр түрлі әңгімелер айту, қазақ халқының ұлттық тұрмыс көріністерін суреттейтін өлең жолдарынан үзінділер оқу, музыкалық шығармалар мысалдарын көрсету оқушылар білімін, өмірге көзқарасын, көркемдік қабілеттерін дамытады. Сондай-ақ, қазақтың тәрбиелік мәндегі еңбекке, өнерге, білімге, иманжүзділікке баулайтын мақал-мәтелдерін, қанатты сөздерін, аңыз ертегілерін оқушыларға мәнерлі әңгімелесу арқылы бейне сюжетін көз алдына елестететіндей етіп түсіндіру бейнелеу өнері сабағын жандандыра түседі. Жастарға ән айтқызу, күй шертісу, өлең-жыр жаттау, жаңылтпаш, жұмбақ үйрету немесе теңге ілу, жамбы ату, аударыспақ, күрес, тағы басқа ұлт ойындарын үйрету тәрбиенің өзекті мәселесі болған. Олай болса, оқушыларымыздың санасына имандылық қасиеттерді сіңіріп, салт-дәстүрді сақтауға, әдет-ғұрыпты қолдануға үйрету үшін әр сабақта тиісті әдіс-тәсілдер пайдалана отырып, көркемдік сезім қалыптастыруымыз қажет. Ол үшін ұлдарды металл, тері өңдеуге, ағаш ұқсатуға дағдыландырып ер-тұман, киіз үй сүйегін, кебеже, сандық, аяқ-табақ т.б. сәндік мүліктерді өз мүмкіндіктерінше бейнелеп және жасап үйренуге, ал қыз балаларды киіз басу, сырмақ, текемет, түскиіз жасау, кесте, өрнек тоқу тәсілдеріне үйретіп, ұлттық киімдер, көрпе-төсек, өрнек, үй жиһаздарын пішіп, тігуге машықтандыруымыз қажет.

Дж.Локк баланың дүниетанымын қалыптастыруда тәрбиенің маңызды әрі шешуші ролін айқындап, баланы тәрбиелеу барысында оны таза тақтаға баламалайды, яғни тәрбие бала дамуының бірден-бір көзі екендігі, баланы тәрбиелеудің деңгейі, оның келешектегі дүниетанымының да сапасын көрсететіндігін тұжырымдайды [6]. Оқушыларды сурет салдыру арқылы олардың ұлттық көркемдік дүниетаным элементтерін қалыптастыруға көмектеседі. Қазіргі жана дәуірде де мектеп балаларды салт-дәстүрлер негізінде тәрбиелеуді қолға алып отыр. Мысалы: бейнелеу өнері сабақтарында ұлттық "қазақша күрес", "Білектесу", "Соқыр теке", "Алтын сақина", тақырыптың ойындарын ойната отырып, практикалық жұмыс орында шығармаларында көркем сюжеттерді, қызықты оқиғаларды композициялық бейнелеу жұмыстарында пайдалану оқушылардың көркемдік дүниетанымына жан-жақты әсер етеді. Қазақ халқының тәрбиелік мәндегі ауыз әдебиетінің, мақал-мәтелдерінің, әдет-ғұрыптарының үлгілерін сабақ мазмұнымен байланыстыра отырып пайдалана білу халықтық педагогика негіздеріне сүйенеді. Өнер шығармаларын қабылдау сабақтарында балалардың суретшілер туындыларын, сәндік колөнер туралы түрлі әдістемені қажет етеді. Сурет өнері де өз тақырыбына сай Қазақстан қылқалам шеберлерінің туындыларын пайдалануды қажет етеді. Оқушыларды сол туындыларды дұрыс қабылдап, өз ойын айта білуге үйретсе, олардың көркемдік санасы дамиды. Әбілхан Қастеевтің "Амангелді Иманов", "Ғани Мұратбаев", "Жамбыл Жабаев", "Абай" атты портреттерін, не болмаса қарапайым "Жайлаулар" жайлы тақырыптағы еңбектерін немесе салт-дәстүрлер "Қыз қуу", "Көкпар", "Құда түсу", "Қойлы ауыл", "Келін түсіру", "Киіз үй" көріністерін әсерлі тәсілдерімен көрсетіп, сабақ жүргізу оқушылар талғамына кереметтей әсер етері сөзсіз. Суретші А.Ғалымбаеваның "Дастархан", "Үйлену тойы", тағы көптеген шығармаларын үлгі ретінде пайдалана отырып, бала бойына халық салт-дәстүрінен көркемдік сана қалыптастыруға болады. Оның ойына халықтың көркем көріністерді елестету арқылы ұлттық дәстүр туралы әсер туғызып, образдың ой қабілетін музыка, ән-күй әлемі арқылы дамытуға болады.

Қорытынды. Қорыта кететін болсақ, өнерді, оның қоғамдық, тәрбиелік, дүниетанымдық мәнін түсіну үшін әсемдік, әдемілік заңдарын жақсы түсіну шарт. Мысалы, П.Корин «Өнер – адамды асқақ сезімге бөлеуге, адамның жан дүниесін нұрландырып, байыта түсуге, ол өмірдің өзін кемелдендіріп, игілікті етуге тиіс», деген екен. Қазақ мәдениетін әлемдік деңгейге көтерген қайраткер М.О. Әуезов өнер туралы ойында: «Өнер атаулының барлығы да қай елде, қай жерде туса да сол ортаның шартынан, өз топырағының қалпынан туады. Сол ортаның тонын киіп, соның іші-бауырынан шыққан суреті сияқты болып тұрады» – дейді. Бұлай өнер болмысы мен табиғатын айқара аша түспек [7].

Әдебиеттер:

1. Кант И. *Собрание сочинений в 8 томах.* - Издательство: ЧОРО, 1994 г.
2. Әуезов М.О. *Жиырма томдық шығармалар жинағы.* – Т.19. – 412 б.
3. Орынбеков М.С. *История философской и общественной мысли Казахстана.* – Алматы, 1997. – С. 78.
4. Кішібеков Д., *Тәуелсіздік философиясы / Д. Кішібеков // Ақиқат.* – 2011. – №10. – Б.5-10.
5. Қаратаев М. *Әдебиет және эстетика.* – Алматы: Жазушы, 1970. – 352 б.
6. Локк Дж. *Сочинения в трех томах: Т.3.* – М.: Мысль, 1988. – 668 с. (Филос. Наследие. Т.103). – С.407-614.
7. Корин П.Д. *Об искусстве: Статьи. Письма. Воспоминания о художнике.* – М., 1988.

ӘОЖ 372.8
МРНТИ 20.01.45

А.Р. Тұрғанбаева¹, А.Қ. Құрманғали²

¹п.ғ.к., доцент м.а.,

²бМ011100-Информатика мамандығының магистранты,

^{1,2} Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті, Алматы қ., Қазақстан

«МЕКТЕП ОҚУШЫЛАРЫНА АРНАЛҒАН ПРОГРАММАЛАУ» БІЛІМ БЕРУ СТАРТАБЫ

Аңдатпа

Мақала білім беру стартабын ұйымдастыру мәселесіне арналған. Мұнда стартапқа түсініктеме беріледі және оның әртүрлі салаларындағы алар орны қарастырылған. Мақалада әртүрлі программалау тілдерінің мүмкіндіктері талданады, олардың ішінен қарапайымдылығы мен меңгеру жеңілділігі, логикалық мақсаттылығы, қолдану перспективалары, олардың оқытылу ерекшеліктері мен мүмкіндіктері және т.б. жақтарынан артығы анықталады. Бұл жайда осы программалау тілдерін оқыту Қазақстан жағдайында, соның ішінде мектеп оқушылары ортасында қай деңгейде мүмкін екеніне баса назар аударылған. Бұлай назар аудару мектеп ортасында программалау тілдерін, әсіресе, авторлар пікірі бойынша, Python-ды енгізудің айқын ауқымын анықтауға мүмкіндік береді.

Осылайша, балалар мен мектеп оқушыларына программалау өнерін үйрету курстарында қолдану үшін Python программалау тілін таңдау негізделген. Мақала білім беру процесінің тиімділігін арттыруға мүмкіндік беретін кейбір түйінді, маңызды сәттерді айқындайтын курстың сипаттамасымен аяқталады.

Түйін сөздер: стартап, стартап-жоба, білім беру стартабы, жіктеу параметрлері, программалау, программалау тілі, *Python*, программалау курсы

А.Р. Тұрғанбаева¹, А.Қ. Құрманғали²

¹к.п.н., и.о. доцент,

² магистрант специальности бМ011100-Информатика,

^{1,2} Казахский Национальный университет имени Аль-Фараби, г. Алматы, Казахстан

ОБРАЗОВАТЕЛЬНЫЙ СТАРТАП «ПРОГРАММИРОВАНИЕ ДЛЯ ШКОЛЬНИКОВ»

Аннотация

Статья посвящена вопросу организации образовательного стартапа. В ней дается определение стартапа и рассматривается его место в различных отраслях. Обращено особое внимание стартап-проектам в сфере образования, их образовательным особенностям и возможностям, а также их классификационным параметрам. В статье анализируются возможности различных языков программирования, выявляется лучший из них по простоте и легкости освоения, логической целесообразности, перспективы применения и т.д. При этом внимание акцентируется на том, насколько эти языки программирования применимы в условиях Казахстана, в том числе в среде учащихся школ. Такой акцент дает возможность достаточно четко определить рамки внедрения в школьной среде языков программирования, в первую очередь таких, по мнению авторов, как *Python*.

Таким образом, обосновывается выбор языка программирования *Python* для применения на курсах для обучения детей и школьников искусству программирования. Статья завершается изложением характера деятельности курса, где раскрываются некоторые узловые, важные моменты учебного процесса, позволяющие повысить эффективность процесса.

Ключевые слова: стартап, стартап-проект, образовательный стартап, классификационные параметры, программирование, язык программирования, *Python*, курс программирования.

A.R. Turganbaeva¹, A.K. Kurmangali²
¹Cand.Sci. (Pedagogy), associate Professor,
²master degree student 6M011100-computer science,
^{1,2}Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan

EDUCATIONAL STARTUP «PROGRAMMING FOR SCHOOLCHILDREN»

Abstract

The article is devoted to the organization of an educational startup. It defines a startup and examines its place in various industries. Special attention is paid to start-up projects in the field of education, their educational features and opportunities, as well as their classification parameters. The article analyzes the possibilities of various programming languages, identifies the best of them in terms of simplicity and ease of development, logical expediency, application prospects, etc. At the same time, attention is focused on the extent to which these programming languages are applicable in the conditions of Kazakhstan, including among school students. This emphasis makes it possible to clearly define the scope of implementation of programming languages in the school environment, primarily such as Python, according to the authors.

Thus, the choice of the Python programming language for use in courses for teaching children and schoolchildren the art of programming is justified. The article concludes with a description of the nature of the course, which reveals some of the key, important points of the educational process, which can improve the effectiveness of the process.

Key words: startup, startup project, educational startup, classification parameters, programming, programming language, Python, programming course.

Ақпараттық технологиялар біздің өмірімізге, соның ішінде білім беру процесіне де белсенді түрде еніп келеді. Осыған байланысты Елбасымыз Н.А. Назарбаев халыққа жолдауында: «Оқыту мазмұны заманауи техникалық қамтамасыз етумен үйлесімді түрде толықтырылуы керек. Сандық білім беру ресурстарын дамыту, кең жолақты Интернетке қосылу және мектептерді видео жабдықтармен қамтамасыз ету бойынша жұмысты жалғастыру маңызды» деген [1]. Бұл пікір қоғам өміріндегі қазіргі заманғы технологиялық жаңалықтардың, атап айтқанда, компьютерлік жаңалықтардың қаншалықты маңызды болғанын сипаттайды.

«Стартап» сөзі қазір кең таралуда. Әсіресе соңғы уақытта белгілі бір саладағы серпіліс синонимі ретінде көп қолданыла бастады. Бастапқы мағына "бастау, іске қосу". Бұл тез іске қосуды, белгілі бір идеяны, жаңалықты енгізуді білдіреді. Мәні – бұл идеяны бірден іске асыруды бастау. Әдетте оны іске асыруға, өндіруге, жасауға, өзгертуге және т.б. үшін жеткілікті уақыт қажет. Біздің жағдайда, күтіп, дайындалып жүретін осындай уақыт жоқ. Ал бұл үшін барлық тараптар қызығушылық танытуы, келешегі мен артықшылықтары туралы жақсы көзқараспен қарауы керек, инвестиция салуға, әсіресе шығындануға дайын, әсіресе қаржылы болуы қажет.

Егер барлық басқа шарттар болған жағдайда, оларды басқа не қызықтыруы мүмкін?. Келесі жағдай қызығушылық тудыруы мүмкін: инновациялық негіз (жаңашылдық), яғни бұрын болмаған нәрсе. Бұл инновациялық негіз осы жаңа істің іргетасы болады. Қосымша жағдайлар мынадай болуы мүмкін: жүзеге асырудың жеткілікті жеңілдігі, қызығушылық, жақсы сұраныс, экономикалық тартымдылық (төмен құны және болашақ пайда), қандай бір қарапайымдылық. Егер осы шарттардың барлығы орындалса, кез-келген жобаны қосымша алдын-ала күш салмай-ақ тез арада жүзеге асыру мүмкін болады. Стартап-жобалар әсіресе жоғары технологиялық салаларда тартымды, өйткені технологияның жаңалығы, оны жүзеге асырудың жаңашылдығын, өзгешелігінің кіндігі.

Сонымен, қарапайым сөзбен айтқанда стартап деген не? Бұл нарықта бұрын болмаған бизнес (шаруа, жоба). Кез келген стартаптың идеясы бірінші кезекте бұрын болмаған жаңашылдық, жаңа өнім, жаңа технология (инновациялық тәсіл, жаңашылдық, шешімнің ерекше белгілері және т.б.). Сонымен қатар, стартаптың қарапайым бизнестен айырмашылығы бар, ол бірден инвесторларға ие болады, яғни инвесторлар компанияға ол сәтті жұмыс істеп тұрған сәтте емес, тек оның пайда болуының басында инвестициялайды. Олар ақшаны қызығушылықпен салады (негізінен экономикалық). Стартап идеяларға негізделген, дәл осы идеяларға ақша салатын инвесторлар.

Стартаптың даму сатыларының жіктемесі бар, оған сәйкес стартап 5 сатыдан өтеді: тұқым сатысы (seed stage), іске қосу сатысы (startup stage), өсу сатысы (growth stage), кеңею сатысы (expansion stage) және шығу кезеңі (exit stage). Егер сіз «стартап» деген несұрағын қайта қойсаңыз, бұл инвесторлар

қолдауымен инновациялық идеядан бастап нөлден ашылатын компания (бизнес). Көптеген стартаптар тез іске қосылуға арналған және үлкен бизнес емес, мысалы, ұялы телефон пайдаланушыларына арналған шағын бағдарлама немесе қызмет болуы мүмкін.

Әдетте стартаптар бір құрылтайшымен және / немесе бірнеше құрылтайшылардан басталады. Біраз уақыт өткенде негізін қалаушыға прототип, MVP және т.б. жасау үшін сарапшы мамандар қажет.

Содан кейін адамдармен келіссөздер жүргізіледі, топ құрылады және қызметкерлер жалданады. Бұл процесс стартаптың сәтті болуы үшін өте маңызды, ал егер құрылтайшының өз саласы туралы жеткілікті білімі болмаса адам ресурстарын басқару мәселелеріне байланысты іске қосу сәтсіз аяқталуы мүмкін [2, б. 8].

Стартап түсінігі Қазақстанға бірнеше жыл бұрын келді. Осы уақыт ішінде түсініктотқалды, оны жақтаушылар табылды, тіпті мемлекеттік құрылымдар түсініп, оны белгілі бір әлеуметтік жобаларды алға жылжыту құралы ретінде қолдана бастады. Осылайша, бізде стартап-жобалар саласында жұмыс істеуге жағдай жасалды. Білім саласындағы стартап-жобаларды енгізу аса маңызды және пайдалы. Бұл маңыздылық бірнеше факторлармен анықталады: бар сұраныс; стартап-жобалардың икемділігі; олардың нарықтық жағдайларға бейімділігі; халықтың (әсіресе балалар мен жастардың) білімін жетілдіру қажеттілігі және т.б.

Оқу стартаптарының ерекшеліктері – бұл жаңа тәсіл. Жаңашылдық – бұл білім беру стартаптарының басты артықшылығы деп айта аламыз. Олар оңай білім алуды ұсынады. Олар білім беру процесі мүмкіндігінше қызықты болатындай етіп жасалған. Бұл қалыптасқан аудиторияның назарын аударуға мүмкіндік береді. Көптеген бағдарламалар клиент үшін оның қалауына сәйкес тапсырмаларды жеке таңдайды. Тек ақша табуға деген ниетпен стартап құру мүмкін емес. Стартап – бұл қоғамда туындаған мәселенің жауабы. Бұл әдетте білім алуға ақша жетіспеушілігімен байланысты; Елдегі білім беру жүйесіне; Технологияға назар аударудың басымдылығына.

Білім беру стартапы заманауи технологиялар мен дәстүрлі оқытуды біріктіреді. Стартаптың артықшылығы – бұл адамдардың керекті материалдары оқулықтарды іздеудің қажеттілігін жояды, материалды игеруді тездетуге, оқу уақытын мүмкіндіктеріне сәйкес ұйымдастыруға және т.б. Оқу процесінде осы артықшылықтарды пайдалану білім сапасын арттыруға, оқушылардың оқу уақытын үнемдеуге және оқу процесін тиімді ұйымдастыруға ықпал етеді. Осылайша, стартап-жобаларды оқу процесінде қолданудың эффектісі өте маңызды және өзін толық ақтайды.

Бүгінгі таңда ғылыми-техникалық прогресс қарқын алуда. Осы даму аясында жоғары білікті бағдарламашыларға қажеттілік артып келеді. Әдетте, мектеп күндерінен бастап өздерін осы қызықты кәсіпке арнаған адамдар жақсы бағдарламашы болады.

Жоғары сынып оқушылары мен кіші мектеп оқушылары үшін программалау қызықты тәжірибе болуы мүмкін, әсіресе егер жаттығу оқушылардың қызығушылығына ие болса. Программалау тек бір қарағанда қиын болып көрінеді. Бұл бизнесте бастысы - табандылық пен мақсаттылық. Сонымен қатар, қателіктерден қорықпау қажет. Өйткені, барлығы бірден келе бермейді.

Программалау: бұл не?

Программалау деген не екенін білу үшін, алдымен «программа» сөзінің мағынасын білу керек. Шындығында, программа дегеніміз – компьютерге берілетін белгілі бір командалар тізбегі. Программаны іс-әрекеттер алгоритмінің бір түрі ретінде ұсынуға болады. Программалау дегеніміз – компьютерлік қосымшаларды бағдарламалау тілдерінің барлық түрлерінде құру процесі. Нарықта сегіз мыңнан астам әртүрлі программалау тілі бар және бұл шегі емес. Ескірген программалау тілдері барған сайын жаңа, жетілдірілген тілдермен алмастырылуда. Сонымен қатар, ескі программалау тілдері де жетілдірілуде, олар да тиімді бола бастайды.

Бағдарламалаушылар бірден пайда болмайды. Адам кез-келген басқа кәсіп сияқты бұл кәсіпке, қызығушылығы және бейімі болуы керек. Программалау – бұл ықтияттылықты қажет ететін процесс және асығуды ұнатпайды. Программа жазу – бұл бір нәрсе, бірақ содан кейін сапалы күйін келтіру – бұл басқа нәрсе. Программада қателерді табу кейде кодты жазудан гөрі көп уақытты алады. Көбінесе жоғары сапалы программалау математикадан өте байсалды білімді қажет етеді деген пікір бар. Бірақ программалау үшін ең маңызды талап – логика, содан кейін математикалық дағдылар. Мұнда біреуі екіншісін толықтырады.

Программалау тілдерінің көптеген топтары бар. Кейбір программалау тілдерінің топтары өте тиімді, өйткені олар компьютерлердің стандартты архитектурасына жақындықта. Бұл дәстүрлі программалау тілдерін кез-келген қосымшаларды құрудың негізі деп атауға болады, бірақ өте жақсы артықшылықтарымен қатар, бұл тілдердің кейбір кемшіліктері бар. Осындай кемшіліктердің бірі – сандық алгоритм-

дерге назар аудару, бұл дәстүрлі программалау тілдерін визуалдық және логикалық мәліметтермен жұмыс істеудің тиімділігін төмендетеді.

Мынандай сұрақ жиі туындайды: оқушыларға қандай программалау тілін таңдау керек? Біріншіден, орта және жоғары мектеп оқушылары үшін программалау тілі біршама қол жетімді болуы керек. Бұл оқушыға программаны анағұрлым сенімді және қызығушылықпен орындауға мүмкіндік береді.

Қазіргі уақытта программалау көптеген адамдар үшін ажырамас қызметтік құралға айналуға: қызмет көрсету мамандарынан бастап ІТ мамандарына дейін. Ең танымал программалау тілдері - Java, C, C++, Python, Scratch т.б. [3, б.1]. Оларды оқу, әдетте, мектептен басталады: оқушылар кез-келген тілді меңгерудің минималдық деңгейін үйренеді және алған білімдерін проблемаларды шешу үшін қолдана алады. Информатика, робототехника және программалауға байланысты мамандықтар өзекті болғандықтан, мектепте оқытудың маңызды аспектісі - алынған білімнің өзектілігі, олардың жұмыс берушілер мен қоғам қажеттіліктеріне сәйкестігі, сондықтан оқудың қолайлы құралын таңдау басты мәселелердің біріне айналады. Біздің ойымызша, Python осындай құралға айналуы мүмкін. Оны үйрену оңай және қолдануға әмбебап. C буыны программалау тілдерінен айырмашылығы, Python оқушыларға синтаксисі жағынан түсінікті. Basic және Паскаль танысу мен үйрену дағдыларына жақсы сәйкес келеді, бірақ олардың танымалдылығына қарамастан оларды қазіргі заманғы деп атауға болмайды. Бұл тілдерді жоғары құндылықтағылар алмастырады. Java және Ruby тілдері программа кодын жазу кезінде қателерді болжай алатын және таба алатын, мектеп курсына қарастырылмаған программаларды құра алатын тәжірибелі пайдаланушыларға арналған.

Сонымен, біздің ойымызша, аралық орынды Python алады, оны информатика бойынша мектеп курсына оқыған жөн. Сонымен қатар, Python тілін қосымша және тереңдетіп оқыту, егер бала оны үйренуге қызығушылық танытса, оқушыларды жоғары деңгейлі тілдерді үйренуге дайындайды. Және де программалауды зерттей бастаған кез келген адам үшін тілдің ерекшелігіне емес программалау концепцияларына көңіл бөлу қажет, өйткені олар әртүрлі программалау тілдері үшін әрқалай болуы мүмкін. Бірақ Python өте жоғарғы деңгейдегі программалауды қамтамасыз етіп береді [4, б. 1].

Әрине, Python-ға көзқарас басқаша. Python-мен программалау тілдерін үйрене бастаған адамдар төмен деңгейлі тілдерге ауысқысы келмейді немесе оларды түсінбейді деген пікір бар. Біздің ойымызша, егер бала программалауға қызығушылық танытса, онда мұндай проблема жаңа тілдерді меңгеру мүмкіндігінің білім деңгейін кеңейтуге көмектесетіндігіне және программаның кодына әртүрлі жағынан қарауға, тілдер синтаксисінің барлық жақтары мен кемшіліктерін және олардың мүмкіндіктерін бағалауға мүмкіндік беретіндіктен туындамауы мүмкін, жалпылық және жекекті анықтауға мүмкіндік береді. Python-ды үйрену өте оңай, ол қолданыста көпқырлы және жан-жақты [5, б. 1].

Python-да түрлі қосымшалар, ойындар, веб-сайттар белсенді жазылады, мектептерде жеке жобалар жүзеге асырылады. Оқушыларға программалау тілін оқу барысында программаны жазу кезінде жоғарыда келтірілген мысалдағыдай әр түрлі конструкциялар қолданылатындығын, бірақ бірдей алгоритмдер пайдаланатынын айту өте маңызды. Python тілінде осындай «қысқартылған» конструкциялардың қолданылуы оқушыларға тапсырмамен жұмыс істеу уақытын үнемдейді және көптеген программаларды шешуге және жазуға мүмкіндік береді. Жалпы, бүкіл оқу кезеңінде оның қайдан алынғанын және неге мұндай жазба қолданылғанын айтып отыру керек. Бұл Python тілін оқыту әдістемесінің негізгі мәселелерінің бірі. Мұғалімнің міндеті - қандай-да бір әдісті қолданбас бұрын, ол туралы сөйлесіп, оның қалай жұмыс істейтіндігін оқушыларға түсіндіру керек. Төменгі деңгей тілдеріне көшу мәселесі туындамайды! Max, min, sort және т.б. кейбір конструкцияларды пайдалану, керісінше, оқушының жұмысын жеңілдетеді, оны мүмкін қателерді жазудан сақтайды. Мектепте Python-да онлайн режимінде де, сонымен қатар арнайы бағдарламамен жұмыс жасауға болады. Python-мен жұмыс істеу үшін кез-келген Windows операциялық жүйесінің болуы жеткілікті. Сондай-ақ, pythontutor.ru сайтымен жұмыс жасау пайдалы болады, онда программаның бойында не болып жатқанын қадам-қадаммен қадағалай аласыз. Мұны алғашқы сабақтарда көрсету өте маңызды, сондықтан оқушылар программа ішінде не болып жатқанын түсінеді. Бұл сайт теориялық ақпаратпен қатар, жаттығуға арналған кейбір практикалық мәселелерді шешуге мүмкіндік береді. Python-ның басты жетіспеушілігі, әзірлеушілердің өздері мойындағандай, онда жазылған бағдарламалар компиляцияланатын тілдерде (C, C++) жасалғандарға қарағанда баяу жұмыс істейді [6]. Бірақ кейде бұл программаның шапшаң жұмыс істеуіне қарағанда жылдамдығы әлде қайда маңызды. Жоғарыда айтылғандай, Python-да жазу көптеген басқа тілдерге қарағанда тезірек жүреді. Python – бұл екі жақты код жазуға мүмкіндік бермейтін әлемдегі ең стильді программалау тілі. Мысалы, Perl-де контекстке тәуелділік және синтаксистің көптігі бар. Көбінесе Perl-дің екі бағдарламашысы бір-

бірінің кодын түсінбейді. Python-да тек бір жолмен код жаза аласыз, себебі онда қажетсіз конструкциялар жоқ [7, б.13]. Python-ды үйренуде алғашқы сабақтардан бастап оқушылар программалық кодты сауатты жазуға дағдылануы керек, өйткені үлкен және көлемді тапсырмада қате анықталған кезде оны түзетуге көп уақыт кетуі мүмкін.

Кемшіліктері тілдің әртүрлі нұсқаларының болуы кейбір программалардың сәйкес келмеуіне әкелетіндігінде. Қазіргі уақытта программалау кең таралуда, ал прораммалау тілдері қарапайым және қолдануға оңай.

Жоғарыда айтылғандарға сүйене отырып, балалар және мектеп оқушыларына программалауісін үйрету үшін Python программалау тілін тандалып отыр. Көріп отырғаныңыздай, бұл бағдарлама оңай сіңіріледі, ауқымы кең, техникалық параметрлерде ескі де, жана да, келешегі зор бағдарламалармен де жақсы байланысқан, бұл жалпы программалауды әрі қарай оқып үйренуге бағытталған және жалпы IT саласының маманы болғандар үшін керемет бастама бола алады.

Сонымен қатар, бұл программалау тілінің әр түрлі салаларда одан әрі дамуы мен қолданылуының жақсы перспективасы бар.

Оқушыларға арналған программалау қызықты тәжірибе болуы керек. Балалар әрқашан бір нәрсені үйренуге қызығушылық танытады, көп кітап оқымай, практикалық іс-әрекеттерді меңгеруге ұмтылады. Егер практикалық сабақтар да қызықты болса, онда ол сабақтар тезірек жүреді. Оқу курсы алдын-ала ойластырып, баланы қадам-қадаммен үйреткен дұрыс. Оқыту кезеңдеріне келесілер кіреді:

1. Бірінші кезең – тек басшылыққа арналған. Оған танымал бағдарламалық өнімдермен танысу кіреді. Жаңадан бастаушы бағдарламашылар қарапайым Windows мәтіндік редакторының қалай жұмыс істейтінін көрсете алады. Редактордың неліктен осылай жасалынғанын айту үшін аздап, редактордың пайдаланушы интерфейсін және т.б. талқылаңыз;

2. Екінші кезеңде сіз балаға «Деректер базасы» деген не екенін қысқаша түсіндіре аласыз. Мәліметтерге тым терең ерудің қажеті жоқ, өйткені бұл ақпарат мектеп оқушыларына арналмаған. Жалпы, сіз бұл тақырыпқа тоқталып, оны үстірт сипаттай аласыз. Кестелер, процедуралар мен сұраулар туралы сөйлесіңіз, бірақ тереңге бармай-ақ;

3. Оқытудың үшінші кезеңінде сіз оқу бағдарламаларын қолдануға ауыса аласыз. Сізге оқытуға не қажет екенін, бірнеше оқу бағдарламасын сатып алуды және орнатуды таңдау керек. Осы программалармен жұмыс жасау баланың жақында логикалық ойлауының дамуын қамтамасыз етеді және оған информатика негіздерін түсінуге мүмкіндік береді.

Бұл курста қандай өзгешелік бар?

Курстың басты ерекшелігі – оқытудың мақсаты. Мұндағы оқушылар орта әзірлеуші позициясына дайындалмайды, керісінше IT әлемімен, дамуымен танысады. Сондықтан, оқу материалы тек қана оңай түрде берілмейді, бірақ басқаша құрастырылған. Презентациялар, қысқаша оқу құралдары, практикалық тапсырмалар жеңілдетілген – барлығы оқуға деген қызығушылықты оятуға арналған.

Сонымен қатар, программа қателер мен қиындықтарды ескереді, жас ерекшелігіне қарамастан, жаңадан бастап оқыған оқушы бағдарламашы бола алады.

Сіз нені білуіңіз керек және сабақты бастау барысы?

Мұны бірден айтуға болады: дамыту туралы білім қажет емес, біз бағдарламалауды нөлден бастап, Python қондыру мен жасалымдау ортасынан үйренесіз. Бірақ нақты не қажет:

- Компьютердің негізгі дағдылары. Сіз бағдарламаларды орнатып, іске қосып, желіге кіріп, файлдар жасап, көшіре алуыңыз керек.

- Бастауыш мектеп деңгейіндегі математика. Код әрқашан логика мен есептеулер машығына байланысты.

- Ағылшын тілі базалық деңгейде. Кодта біз ағылшын сөздерін қолданамыз – оларды есте сақтауы керек.

Курста бағдарламалау тілін қалай үйренеді?

Оқушылар Python программалау тілін үйренуге көңіл бөледі. Бұл IT әлемінде даму үшін жақсы бастама. Тәжірибелік тапсырмаларды орындайтын оқушы Python-ды үйреніп қана қоймайды, қажет болған жағдайда бірден бірнеше басқа тілдерге және танымал құралдарды да - HTML, CSS, JavaScript, SQL, Bootstrap, Flask - меңгереді. Мұның бәрі негізгі деңгейде игеріледі, осылайша алғашқы технологиялық стек қалыптастырылады.

Жүктеме туралы не айтуға болады?

Курс әдейілеп балаларға арналған және жүктеме ересектерге қарағанда төмен. 1,0 сағатқа (немесе тіпті 1,5 сағатқа) созылатын вебинар сабақтары аптасына бір рет өткізіледі. Әр сабақ екі жартыға бөлінген, олардың арасында үзіліс қарастырылған. Біз баланың жаңа технологиямен әдеттегідей танысып, сонымен бірге шаршап немесе жалығыпкетпеуі үшін тепе-теңдікті табуға тырыстық.

Үй жұмысы оқушы мониторда ұзақ отырмай, көзге көрінетін практикалық нәтиже алатындай етіп жасалған. Бірінші сабақта мұғалім балалармен сабақты негізгі мектептегі үй тапсырмасынан кейін дайындап, оны демалыс күндеріне дейін қабылдауға келіседі. Яғни, тапсырмаларды орындауға бес күн беріледі, оның барысында оқушы «Python бойынша үй тапсырмасына» шамамен аптасына 1-3 сағат уақыт табуы керек. Мұндай жүктеме кезінде оқушылар басқа қосымша сабақтарға, демалыстар мен көңіл көтеруге уақыт таба алады. Осылайша, бала өмірінің барлық компоненттерін үйлестіруге қол жеткізіледі және қажетті нәтижеге қол жеткізу мүмкін болады. Айтылғанның бәрі осы курстың жеткілікті деңгейдегі тиімділігін көрсетеді.

Әдебиеттер:

1. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Назарбаевтың Қазақстан халқына жолдауы. 10 қаңтар, 2018 жыл.
2. Salamzadeh, Aidin and Kawamorita Kesim, Hiroko, (2015). *Startup Companies: Life Cycle and Challenges. Proceedings of the 4th International Conference on Employment, Education and Entrepreneurship (EEE), Belgrade, Serbia.* https://www.researchgate.net/publication/280007861_Startup_Companies_Life_Cycle_and_Challenges
3. Самые популярные языки программирования// Общие вопросы. Языки программирования. — URL: <https://noblefox.ru/samye-populyarnye-yazyki-programirovaniya/?attempt=1> (дата обращения: 27.02.2019)
4. A Bogdanchikov, M Zhaparov, R Suliyev. Python to learn programming. *Journal of Physics: Conference Series* 423 (2013) 012027. <https://iopscience.iop.org/article/10.1088/1742-6596/423/1/012027/pdf>
5. Python: преимущества и недостатки// советы экспертов. — URL: <https://www.goldenpages.ua/expert/?p=10627> (дата обращения: 27.01.2019)
6. Драгун А. Python или нет?— URL: <https://tceh.com/post/pochemu-vybirayut-python/> (дата обращения: 29.01.2019)
7. Прохоронок Н. А. Python 3 и PyQt. Разработка приложений Спб: BHV, 2012 г. – 704 стр.

ӘОЖ 7(091); 7.03
МРНТИ 18.31.09

Р.С. Бакаиев¹

¹Абай атындағы ҚазҰПУ-ң, Өнер, мәдениет және спорт институтының «көркем білім» кафедрасының аға оқытушысы. Алматы қ., Қазақстан

XX ҒАСЫР ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ ДӘСТҮРЛІ КӨРКЕМ ӨНЕР ШЫҒАРМАЛАРЫНЫҢ МАҢЫЗЫ

Аңдатпа

Мақалада автор XX ғасырдағы қазақ дәстүрлі бейнелеу өнері шығармаларының тәрбиелік маңызы мен оның жалпы өнердегі алатын орнын анықтап, Қазақстан өнері мен Қазақстан бейнелеу өнері саласында еңбек етіп жүрген педагог-ғалымдардың еңбектеріне терең талдаулар береді.

Автор мақалада тәрбиенің негізгі бағыттарын айғақтап, халқымыздың ғасырлар бойына жинақтаған рухани өнер мен мәдениет құндылықтарын, ізгілік қасиеттерін жастардың бойына сіңіру қажеттігін сонымен қатар қоғамның рухани-адамгершілік тұрғыдан жандануында, бейнелеу өнерімізді зерделеп заман талабына қарай тиімді пайдалану мен болашақ жас маманға көркемдік білім беруді нәтижелі ұйымдастыру қажеттігіне баса назар аударады.

Түйін сөздер: дәстүр, құндылық, бейнелеу өнері, көркем, өнер, көркем білім

Бакаиев Р.С.¹

¹старший преподаватель кафедры «художественное образование» института искусства, культуры и спорта казахского национального педагогического университета имени Абая. г. Алматы. Казахстан

ЗНАЧЕНИЕ ХУДОЖЕСТВЕННЫХ ПРОИЗВЕДЕНИЙ ТРАДИЦИОННОГО ИСКУССТВА КАЗАХСКОГО НАРОДА XX ВЕКА

Аннотация

В статье автор рассматривает воспитательную сущность, значение и роль традиционного изобразительного искусства Казахстана XX века, а также автор раскрывает и анализирует труды известных ученых-педагогов в области Казахского традиционного искусства и Казахстанского профессионального изобразительного искусства. Автор определяет основные направления воспитания подрастающего поколения и предлагает изучить и последовательно исследовать культурные ценности, в духовном искусстве казахского народа которые накопленные веками. В этой связи автор отмечает, что нужно обращать особое внимание на духовно-человеческое качество и нравственно-духовное воспитание молодежи и что необходимо эффективно организовать, и планомерно, работать над методикой преподаванием изобразительного искусства ВУЗе.

Ключевые слова: традиция, ценность, изобразительное искусства, художественное, искусство, художественное образование.

Bakaiev R.S.¹

¹Senior teacher of the Department of "art education" of the Institute of art, culture and sports of the Abai Kazakh national pedagogical University. Almaty. Kazakhstan

THE VALUE OF ARTISTIC WORKS OF TRADITIONAL ART OF THE KAZAKH PEOPLE OF THE XX CENTURY

Abstract

In the article, the author explores the educational entity, the value and role of traditional fine art of Kazakhstan in the 20th century, as well as the author reveals and examines the works of scholars and educators in the field Of traditional arts and Kazakhstani professional fine art. The author determines the main direction of the education of the younger generation and offers study and explore cultural values, spiritual art of the Kazakh people have accumulated over the centuries. In this context, the author notes that the need to pay particular attention to the spiritual and human quality and moral and spiritual education of young people and that it was necessary to organize effectively, and planomerna, to work on the methodology of teaching fine arts high school.

Key words: tradition, value, fine art, art, art education.

Кіріспе. XX ғасырдың соңғы онжылдығындағы және XXI ғасырдың басындағы Қазақстандағы бейнелеу өнері мен мүсіншілігіндегі күнделікті өмірдің табиғатпен үйлесімділігін адам мен универсумының үздіксіз байланысының философиялық жалпыламасының көркемсуреттік таңбаға айналуы деп түсінуге болады. Бүгінгі күн суретшілерінің шығармаларында жұмбақ метафоралар тылсым мәнмен толықтырылады және сол арқылы жанданады, адам мәдениетінің ежелгі ғарышын бүгінгі күндегі адам ой-санасының жаңа ағымдарымен байланыстыратын мәндер мен мазмұндар пайда болады, суретшінің өмірге деген махаббаты, оны түсінуге бағытталған мәңгілік ұмтылысы да қайталанбас түрде өмірге қайта келеді.

Қазақстанның XX ғасырдағы бейнелеу өнері 3-ші мыңжылдыққа парасаттылық және рухани толысқан түрде аяқ басты. Онда қазақтың көшпелілік мәдениетінің ежелгі тамырлары мәнін тапқан және түсіндірілген. Сол айтылған мәдениетке сай негізгі қаланған жалпы адамзаттық құндылықтардың заман суретшілері дүниежүзі өнеріндегі әдептер және жаңа бағыттар арқылы, XX ғасырдың философия мен мәдениетіндегі ірі ағымдары арқылы өз шығармаларында ашып көрсетеді. Соның қорытындысы ретінде, инновациялар негізінде бір ғасыр бұрын пайда болған бүгінгі қазақ өнері рухани ерекшеліктерін жоғалтпаумен қатар, соған сай қайталанбас пластикалық өнер тілін қалыптастырды. Мүмкін сол себепті болар, нақты көріністердің сан алуан қырға ие болуымен бірге, Қазақстан өнері танымал қасиеттерімен де ерекшеленеді. Олар: тұрмыстың экзистенциалдық мәселелеріне қатысты мүдделер, үйлесімділіктің, адам мен табиғаттың бірлесе өмір сүруінің көркем негізі, шығармашылық көзқарастардың кең ауқымды болуы;

ұлттың мәдени әдет-ғұрыптары, мұраларының шексіздігі, олардың дүниежүзілік мәдени кеңістікке ерікті түрде енуі.

- develop the creative abilities of children, it should be borne in mind that creativity is not born from scratch, so you should be involved in circles, exhibitions, competitions;
- have the opportunity to show creative initiative and apply interdisciplinary knowledge (history, mathematics, and others);
- apply for cookingskill; know the physiology of food, the nutritional value of products, cooking technology, table setting rules, etc.

Literature:

1. *Andreev V.I. Pedagogy. Training course for creative self-development. 2nd ed. // Andreev V. I. // Kazan.-2000*
2. *Bayborodova L.V. Serebryannikov L. N. Teaching technology in high school. Methodical manual. // Bayborodova L. V. // – M.,2003.*
3. *Bukhvalov V. A. development of students in the process of creativity and cooperation. // Bukhvalov V.A. – M.-2000.*
4. *Licko A.E. Psychopathy and accentuations of character in adolescents. // Lichko A.E. // Saint Petersburg - 2010.*
5. *Lopanova E.V., Workers T.B. Personal-activity technologies of training.// Lopanova E. V. – Omsk,2004.*
6. *Petrovsky A.V., Yaroshevsky M.G. Psychology.// Petrovsky A.V. – M.,2002.*
7. *Selevko G.K. pedagogical technologies. // Selevko G. K. – M.,2005.*

II БӨЛІМ. МУЗЫКАЛЫҚ БІЛІМ

РАЗДЕЛ II. МУЗЫКАЛЬНОЕ ОБРАЗОВАНИЕ

ӘОЖ 78 (075.8)
МРНТИ 14.35.09

А.Қ. Ахметова¹, Г.С. Абденова²

¹п.ғ.к., Абай атындағы ҚазҰПУ,
«Музыкалық білім және хореография» кафедрасының профессоры,
Алматы қ., Қазақстан

²Абай атындағы ҚазҰПУ, «Музыкалық білім» мамандығының 4 курс студенті,
Алматы қ., Қазақстан

МЕКТЕП ОҚУШЫЛАРМЕН ЛЕКЦИЯ-КОНЦЕРТТІ ӨТКІЗУДІҢ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ

Аңдатпа

Бұл мақалада мектепте оқушылармен өткізілетін лекция-концерттің маңыздылығы қарастырылған. Мектепте лекция-концертті өткізу сыныптан тыс музыкалық жұмыстарға жатады. Ал сыныптан тыс жұмыстардың түрлері: оқушылармен жеке жұмыс жүргізу (баян, домбыра, қобыз аспаптарын жеке оқушыға үйрету); оқушылардың шағын тобымен жұмыс жүргізу (хор үйірмесі, ансамбльдер, оркестр үйірмесі); оқушылармен жүргізілетін музыкалық іс-шаралар, тақырыпқа сай кездесулер, лекция-концерттер, кештер, мерейтойлар және т.б. болып табылады. Оқушылармен лекция-концертті өткізу барысында оларды халықтың өте бай музыкалық мұрасымен, қазақтың музыка өнерімен, шетел музыкасының қайраткерлерімен, сазгерлердің шығармашылықтарымен таныстырып отыру көзделеді. Лекция-концерт тыңдаушыларды қызықтырса, онда оқушылардың келесі өткізілетін лекция-концертке деген ынтасын арттырады, ал бұл лектордың шеберлігіне көп байланысты. Олай болса, мерекелік лекция-концерттер оқушыларды өз халқының салт-дәстүрін ұмытпауға, туған елін, жерін, халқын, Отанын сүюге шақырады.

Түйін сөздер: лекция-концерт, салт-дәстүр, ансамбль, сыныптан тыс музыкалық жұмыстар, музыка сабағы, туған ел, Отан, мұра, қызығушылық, музыкалық талғам.

Ахметова А.Қ.¹, Абденова Г.С.²

¹к.п.н., профессор кафедрасы «Музыкальное образование и хореография» при КазНПУ им. Абая,
г. Алматы, Казахстан

²КазНПУ им. Абая, студент 4 курса по специальности «Музыкальное образование»,
г. Алматы, Казахстан

ЗНАЧИМОСТЬ ПРОВЕДЕНИЯ ЛЕКЦИИ-КОНЦЕРТА СО ШКОЛЬНИКАМИ

Аннотация

В данной статье рассматривается значимость лекции-концерта со школьниками в школе. Проведение лекции-концерта в школе – это внеклассная музыкальная работа. Виды вне-классных занятий: индивидуальная работа со студентами (индивидуальное занятие по аккордеону, домбре, кобызу); работа с небольшими группами школьников (хор, ансамбль, оркестр); музыкальные мероприятия со школьниками, тематические встречи, лекции-концерты, вечера, юбилеи и др. Во время лекции-концерта планируется знакомить школьников с богатым музыкальным наследием народа, искусством казахской музыки, зарубежными музыкантами, композиторами. Если лекция-концерт привлекает аудиторию, то это развивает интерес школьников к следующей лекции-концерту, который зависит от мастерства лектора. Таким образом, праздничные лекции-концерты побуждают у студентов не забывать традиции своего народа, любить свою родину, землю, людей.

Ключевые слова: лекция-концерт, традиции, ансамбль, внеклассная музыкальная работа, урок музыки, родной край, Родина, наследие, интерес, музыкальный вкус.

Akhmetova A.K.¹, Abdenova G.Z.²

¹ candidate of pedagogical sciences, professor of department "Music education and choreography",
at Abai KazNPU, Almaty, Kazakhstan

²4th year student majoring in music education, at Abai KazNPU,
Almaty, Kazakhstan

THE SIGNIFICANCE OF HOLDING A LECTURE CONCERT WITH SCHOOLCHILDREN

Abstract

This article considers the significance of a lecture-concert with schoolchildren in school. Conducting a lecture concert at school is an extracurricular musical work. Types of extracurricular activities: individual work with students (individual lesson in accordion, dombra, kobyz); work with small groups of schoolchildren (choir, ensemble, orchestra); musical events with schoolchildren, thematic meetings, lecture-concerts, evenings, anniversaries, etc. During the lecture-concert it is planned to introduce schoolchildren to the rich musical heritage of the people, the art of Kazakh music, foreign musicians, composers. If a lecture-concert attracts an audience, then this develops the interest of students in the next lecture-concert, which depends on the skill of the lecturer. Thus, holiday lectures-concerts encourage students not to forget the traditions of their people, to love their homeland, land, people.

Keywords: lecture-concert tradition ensemble, extracurricular musical work, music lesson, native land, homeland, heritage, interest, musical taste.

Музыкалық өнер – білім мен тәрбие берудің маңызды жолдарының бірі. Ол оқушыларды қоршаған ортада болып жатқан түрлі құбылыстардың шын бейнесін ашуда жаңа ой-өрісін дамытып, өмір тәжірибесін кеңейтеді.

Қазіргі таңда мектепте музыка мұғалімінің қызметі екі үлкен саланы қамтиды:

- мектепшілік іс-шаралар мен түрлі музыкалық өнерге баулитын үйірмелік жұмыстар;

- ҚР Білім стандартының тұжырымдамасы негізінде құрастырылған жаңа буын оқулықтарын қолдана отырып сабақ жүргізу.

Ал мектепте музыкалық білім беру екі бағытта жүреді:

- музыка сабағы;

- сыныптан тыс музыкалық жұмыстар.

Ал сыныптан тыс музыкалық жұмыстардың өзі бірнеше түрге бөлінеді:

- оқушылармен дербес жұмыс жүргізу (баян, домбыра, қобыз аспаптарын жеке оқушыға үйрету);

- оқушылардың шағын тобымен жұмыс жүргізу (хор үйірмесі, ансамбльдер, оркестр үйірмесі);

- оқушылардың едәуір бөлігін қамтитын көпшілік яғни музыкалық іс-шаралар (тақырыпқа сай кездесулер, лекция-концерттер, кештер, мерейтойлар және т.б.) [1].

Қазіргі кезде мектеп оқушыларын өнерге баулу бүкілхалықтық іс болып отыр. Осы орайда, музыка мұғалімі сыныпта сабақ беру шеберлігін ғана жетілдіріп қоймай, оқушылар арасында музыкалық тәрбие берудегі лекция-концерттерді жүргізу арқылы тәрбиелеу ісіне ерекше көңіл бөлген жөн.

Лекция-концерттің құрылысы, мазмұны, өткізу формасы тыңдаушыларға, олардың дайындық деңгейіне, ал жалпы білім беретін мектептерді алатын болсақ, онда ол тікелей оқушылардың жас ерекшеліктерімен байланысты болуы керек. Әрине, тақырыпқа орай тыңдаушылар да жас ерекшеліктеріне қарап шақырылады: мысалы, 1-2 сыныптар, 5-6 сыныптар, 10-11 сыныптар.

Лекция-концерт дайындаудың мынадай қажеттіліктері бар: тақырып таңдау, әдебиеттерді ретімен орынды пайдалану, музыкалық шығармаларды іріктеп, дайындау, ұйымдастыру жұмыстарын қадағалау. Тіпті лекция-концерт өтетін бөлменің эстетикалық талғаммен безендірілуіне де көңіл бөлген жөн, себебі бұл тыңдаушылар мен өткізушілердің көңіл-күйіне жағымды әсер қалдырады [2].

Бәрімізге мәлім, мектептегі оқу-тәрбие үрдісінде оқушылардың бойында жақсы қасиеттер мен сапалар қалыптасады. Оқушының дүниеге көзқарасы мен адамгершілік қасиеттерін қалыптастыруда мектеп шешуші рөл атқарады дей тұрсақ та, оқушыны сабақ үстінде ғана тәрбиелеп қоймай, сабақтан тыс уақытта да әр түрлі жұмыстарға тартуымыз қажет (мысалы, лекция-концертте), егер баланың жеке орындайтын нөмірлері болмаса, оны көркемдеу жағына, әр түрлі көрнекіліктерді жасауға қатыстырған жөн, ал соңында әр баланың еңбегіне қарай бағалап отырған дұрыс. Бұл жағдайда оқушының еңбекке деген талпынысы күшейіп, бойында өнерге деген қызығушылық пайда болады. Оқу мен тәрбие ісін бөліп

қарамай, олардың үнемі байланысты болуын, оқыту мен білім беру ісінің жаңаша қазіргі заманғы тәрбиеге негізделгенін мұғалім есте ұстағаны абзал.

Ал өнерлі сөз, ән мен күй музыка мектеп оқушысының өмірі үшін ең қажетті педагогикалық үрдіс. Музыканы, әнді тыңдауды бала ертеден сүйеді, ол баланың жан дүниесі мен көңіл күйіне, көркемдік сезімдеріне зор эмоциялық әсер етеді. Халық әндері, кейінгі кездегі қазақ, орыс және басқа халықтардың өнері, әндері, композиторларымыздың музыкадағы табыстары, Абайдың, Ақан сері, Біржан, Жаяу Мұсаның, Құрманғазы, Тәттімбеттің күйлері мен әндерін таныстырудың, балаларға тыңдатып үйретудің маңызы зор. Бұл оның қиялын, талғамын, мәдениетін, өнерге деген сүйіспеншілігін дамытады.

Бұл тұста музыка мұғалімінің атқарар рөлі зор, әсіресе, оның лекторлық шеберлігіне тоқтамай кетуге болмайды. Қандай тақырып болмасын оны тыңдаушыларға нәзік сезіммен, әдемі мақаммен, өте дәмді де тартымды жеткізе білу лектордан үлкен білімділікті, тапқырлықты талап етеді [3]. Ол өткізілетін лекция-концертке қатысты бағдарлама құрастырып, қажетті өлең, тапқақ, инсценировкаларды таңдап, оларды оқушыларға үлестіріп бере отырып, жәрдемдеседі және өзі де белсене қатысады. Ол оқушыларды қабілеттеріне қарай әр түрлі топтарға бөледі, әрине, мүмкіндік болған жағдайда оқушылардың бәрін де қатыстырған жөн.

Жалпы лекция-концерттер арнайы тақырыптық немесе мерекелік және танымдық (лекция-концерт) түрінде жүргізіледі. Мәселен, тақырыптық лекция-концерттерді арнайы бір мерекелер (мысалы, “Абай Құнанбаев – 175 жаста” және т.б.) негізінде жүргізуге болады. Ал Ұлыстың ұлы күні Наурыз мейрамына арнайы ұлттық салт-дәстүрді негізге ала отырып, халықтық дәстүрмен байланыстыра отырып лекция-концерт жүргізудің оқушылар үшін өте пайдасы зор.

Тағы бір мән беретін жайт, тақырыптас лекция-концерттер бір мазмұнда қайта-қайта қарастырылмағаны дұрыс. Өйткені қайталау – тыңдаушыларды жалықтырады, ал мектеп оқушыларының әлі де болса санасы жаңа қалыптасып келеді. Жақсы, тартымды да қызықты өткен кештерден, соның ішінде тақырып бойынша өнер адамдарымен, олардың шығармаларымен танысып қана қоймай, тағы да сондай лекция тыңдасам екен деген пікірлер шәкірттер бойында пайда болады. Сонымен қатар, сол лекция-концерттен алған әсерін, өзі де кез-келген біреулерге дәл осындай етіп айтып беруге тырысады.

Ал тақырыптық лекция-концерттің аты айтып тұрғандай, арнайы тақырыпта, мерекелерге арналып, жоспар құрылып өткізіледі. Танымдық лекция-концерттер оқушыларға ақыл-ой, музыкалық түсінік беруге, музыкалық қабілеттерін әрі қарай дамытуға, өнер атты сұлулық әлеміне деген құлшынысын арттыруға мүмкіндік туғызады. Мәселен, “Әнді сүйсең, менше сүй” деген тақырыпта лекция жүргізер алдында бұл лекция-концертті жүргізудегі мақсатты, қандай таным-тәрбие беруге болатынын анықтап алып, осыған байланысты жоспар құрып, қажетті деп санаған көрнекі құралдарды пайдалануымыз керек.

Бұл лекция-концерттің негізгі мақсаты – табиғаттың адам баласына тарту еткен сыйы – ән және әншілік дәстүр жайлы әңгіме құрастыру, яғни, ән – адамның жүрек сезімін үн, дауыс және сөз арқылы жеткізе білетін асыл мұра екендігі жөнінде әңгімелесу.

Расында да, халықтың қайсы бір ән-күйін, жыр-толғауын, терме-желдірмесін алып қарасақ, онда халқымыздың тұрмыс-салт өмірі, белгілі бір тарихи оқиға, заман ағымына байланысты құбылыстар және т.б. көрініс табады. Сондықтан халқымыз әнді ертеден-ақ ерекше бағалап, оны «халықтың жаны, жүрегі» деп атаған.

Қазақ халқы ән-жырға бай, оның бұл қасиеті көптеген ақын-жазушыларымыз бен зерт-теушілеріміздің таптырмас тақырыбы болғаны анық. Соның ішінде, ұлы Абай ағамыз:

Туғанды дүние есігін ашады өлең,

Өлеңмен жер қойнына кірер денең, – деп жырласа [4], қазақ халқының әдебиеті мен өнерін зерттеген, Шоқан Уалихановтың досы Потанин: “Маған бүкіл қазақ даласы ән салып тұрғандай көрінеді”, – деген [5]. Осы орайда, қазақ халқының әншілік өмірі жайлы, ерекше-лігі жайлы халық арасында мынадай аңыз еске түседі:

“Ән аспаннан қалықтап ұшып, жер бетіне келеді, оның жерге ең жақындаған кезін байқаған халық әнді ұстап қалған, ал жоғары қалықтаған жердің адамдары ештеңе үйрене алмаған. Құдайдық күдіретімен келген ән қазақ жерінде, тіпті төмен ұшқан қазақ халқы оны естіп, әнді жақсы айтатын болған. Қазақтардың басқа халықтардың әнді жақсы айтатын себебі де сол екен” [6].

Осы сияқты аңыз әңгімелер айтып, мысалдармен жеткізген, сонымен қатар әннің қазіргі кездегі жетістіктері жөнінде әңгімелеп, халық әндері мен халық композиторларының әндерін тыңдатықызып және де олардың арасындағы айырмашылықтарын айтып отыру өте ұтымды және пайдалы болар еді. Өйткені әр түрлі әндерді тыңдатықызып, дауыстардың түрлері жөнінде әңгіме құрастыру, әр дауысқа

сипаттама бере отырып, дауыстарды ажырату мақсатында әншілердің әндерін тыңдату да өте орынды. Шығармаларды тыңдап болғаннан соң, түрлі сұрақтар қойып, пікір алысу – бүгінгі өткізілген лекция-концерттің қаншалықты танымдық функция атқарғанын байқатады.

Лекция-концертті жүргізетін тақырыптар өте көп, оны, ең алдымен, таңдап алып, аса талғаммен құрастыра білу өте жауапты мәселе. Өткізілетін лекция-концерт музыкалық тұрғыда өткізілсе, оқушылар жалықпайды, қызыға тыңдайды, олардың ой-өрісіне кереметтей әсерін тигізетіні сөзсіз. Сондықтан да лекция-концерттің тартымды болуы, яғни тыңдаушыларды қызықтырып, келесі лекция-концертке деген ынтасын арттыруы лектордың өткізу шеберлігіне көп байланысты. Себебі оқушылар өнер әлемінің сырлы әуенімен, сазымен сусындайды, сондықтан да тақырыпқа сай әндер мен билерді таңдай білу керек. Әр әнді орындайтын оқушының аты-жөнін хабарлап, авторлармен таныстырған жағдайда, оқушылардың көңіл-күйлері көтеріліп, алатын әсерлері шексіз болады.

Кейде лекция-концерттің соңында оқушыларға жұмбақтар, викториналар шештіруге, түрлі ойындар ойнатуға болады. Жұмбақтар мен викториналарды бәрінен де көп шешіп, ойынға белсене қатысқан оқушыларға сыйлықтар беруге болады.

Әсіресе, лекция-концерттер өткізу кезінде сөз бен саздың үйлесімділігіне, үндестігіне қатты назар аудару керек. Осы орайда, В.А. Сухомлинский былай дейді: «Сөз ешқашанда музыканың шын мәніндегі тереңдігін шегіне жеткізе түсіндіре алмайды, бірақ сезім дүниесінің осы бір өте нәзік саласын сөзбен ғана сезініп түсінесіз» [7].

Сөз жүрекке жетіп, сезімге бөлеп, құлақ күйін еліктіруі тиіс, сондықтан да музыканы жұртшылыққа түсіндіру негізінен сөз бен музыканың байланысында жүзеге асырылады. Ал құлаққа естілер сөздің көркемдік белгілерінің бірі – оның музыкалдылығы, дыбыстар гармониясын сақтау – шешен сөзінің көркемдік шарттарының ең бастысы. Ендеше орындалатын музыкалық шығарма өзінің әсемділігімен ғана емес, жүрекке әсер ететін мағыналы сөзімен, үндеуімен де қымбат. Бұл тұста сөзді анық, бұзбай, тамаша жеткізетін әншілер, аспапта орындаушылар тыңдаушылардың жүрегіне тура жол табуы тиіс. Аса мән беретін тұс: айтылатын ой-тұжырымдар ғылыми негізде дәлелді болумен қатар тыңдаушылардың санасына жеңіл, әрі оңай түсіндіріліп жеткізілуі керек. Өткізілетін кеш барысында кейбір ұғымдардың қай әдебиеттен, қай автордың қандай еңбегінен алынғаны туралы мәлімдеп тұрған жөн және шешеннің келтіріп тұрған мысалдары, музыкалық суреттемелері нанымды да шыншыл болғаны абзал. Осы айтылғандарды ескеру – шешен шеберлігінің, іс-әрекетінің ұтымды болуына ықпалын тигізуі хақ. Демек, сөзді тыңдаушыларға айқын, әрі әсерлі етіп жеткізу, сөйлеу техникасы мен логикасына көңіл қою амалдары қамтамасыз етілсе, саздың әсемдігі мен әсерлі сөзі бірге қауышып, үндестік табады. Олай болса, лектор-музыканттың жақсы нәтижеге жету үшін шығармашылық ізденіс, тапқырлық, зеректік аса қажет [8].

Лекция-концерттерді жүргізуде мына әдістерді пайдаланған жөн: мысалы, сабақ барысында күйші Құрманғазы Сағырбайұлының шығармашылығымен “Кісен ашқан” күйі жоспарланды делік. Бұл жағдайда ең бірінші күйші және күй туралы оқушыларға сұрақ қойып, олармен әңгімелесу; көрнекі және техникалық құралдарды пайдалану, күйлерден үзінді тыңдату; ғұмырнамалық музыка әдебиетінен үзінді оқу. Бұл жерде мұғалімнің ескеретін нәрсесі күй туралы немесе күйші шығармашылығы жайлы ұзақ әңгіме айтып кетпеу керек. Лектор (музыка мұғалімі) күйді тыңдап немесе өзі орындап көрсетіп, оның көркемдік, ритмикалық жақтарына тоқталған жөн.

Сонымен қатар лектор өз сөзінің арасында тарихи деректерге сүйеніп, тақырыпқа үйлестіре толғау мен ақындар айтысынан үзінді немесе өлеңнен үзінді айтып берсе шәкірттердің көңілін серпілтері анық.

Мәселен: “Әсемпаз болма әрнеге,

Өнерпаз болсаң әр қалан” – деген Абай атамыздың өлеңінің ғибраты зор, яғни «өзің өнерпаз, білімдар болсаң, артыңа із қалдыр, шәкірт баулып, ұстаз болып жалықпай тәрбиеле, өнерге ұмтылмай өрге баспайсың, талаптылық адам бойындағы қасиеттердің көзін ашады» делінген.

Мұндай лекция-концерттерді жүргізуге кез-келген мұғалім емес, соның ішінде өз ісінің білгірі, шебері дегендер де мүмкіндік алады. Неге десеңіз, білу бар да білгенді сол қалпында жұрт көкейіне құйып беру бар. Оқушылар жүрегіне жол тауып, оларды жылы сөзбен баурау үшін, жаттанды жадағай сөз емес, шын өмірден алынған жанды да, дәлелді сөз керек. Жүректен шыққан жылы сөз ғана жүрекке ұялайды.

Жалпы алғанда музыкамен байланыста жүргізілетін барлық байқаулар, лекция-концерттерді жүргізуде ескеретін жағдай, оны қорытындылау. Мәселен, байқаудан соң, әр сыныпты немесе әр оқушының осы шараға қосқан үлесіне қарай бағалап, оларға мақтау айтып, оларды кейінгі сыныптарға үлгі ету – бұлардың бәрі оқушылардың сана-сезіміне тікелей әсер етіп, қуаныш әкеледі. Олардың келесі концертке немесе өнер

байқауына қатысуына деген құлшынысы артады. Одан қалды музыка сабағына деген қызығушылығы одан да арта түсетінін байқалады.

Лекция-концерт оқушыларды өнердің сан қилы салаларымен әнші, күйші, сазгерлер шығармашылығымен, өнер жолдарымен таныстыруға мүмкіндік береді, сондай-ақ алған мағлұматтары мен тыңдаған музыкаларын әрі қарай игеруге жағдай жасайды. Оқушылармен өнер қайраткерлерімен мүмкіндік бар жерде кездесу кештерін ұйымдастыру, осы бағыттағы концерттерге өнер сүйгіш оқушыларды қатыстыру, оларды музыка құдіретін түсінуге, бала жүрегінің нәзік те мейірімді болып қалыптасуына ықпалын тигізеді.

Лекция-концертті өткізуде композитор, әнші өмірінен басқа осы таныс есімдердің өнернамасын басқа қырынан көрсететін, оқушылардың ой-өрісін дамытып, қиялына қанат бітіретін тақырыптарды, мәселен әр аспаптың шығу тарихы, өзіне тән ерекшелігі, музыка тілі, белгілі бір музыкалық жанрдың дамуы және т.б. алуға болады. Мәселен, «Қазақтың бұлбұл қызы» атты лекция-концертті өткізерде:

«Ұйықтап жатқан жүректі ән оятар,

Әннің тәтті оралған мәні оятар», – деген Абайдың сөзін, ән құдіретін, мазмұн мәнін қазақ халқына жеткізіп паш еткен отызыншы жылдардың бірінші жартысында көркемөнеріміздің тарихына қазақтың көрнекті әртісі және асқақ әншісі Күләш Байсейітованың (1912-1957) есімі жазылған үлкен плакаттың ілінгені өте орынды.

Осы лекция-концертті өткізгендегі басты мақсат – қазақтың бұлбұлы Күләш Байсейітованың өнерін мақтан етіп, оқушыларға жеткізуде ұлттық өнерімізді қастерлей, дәріптей отырып, олардың бойында өнерге деген қызығушылықты қалыптастыру, музыкалық талғамдарын дамыту.

Ал М.Жұмабаевтың «Әр адамның сұлулық сезімдері әр түрлі нәрседен оянымпаз болады. Біреудің музыкадан, біреудің сұлу суреттен, енді біреудің поэзиядан әсер алуы мүмкін. Искусствоның әйтеуір бір түрінен ләззат алмайтын, біреуіне құмарланбайтын адам болмайды» - деген сөзін [4] зерделей отырып, мектепте музыкалық іс-шараларға яғни тәрбие сағаттарына, соның ішінде тақырыпқа арналған кешті, кездесулерді, мерейтойларды ұйымдастыру жұмысына біраз әдістемелік нұсқаулар бере отырып, нақтылы іске асырудың бағыт-бағдарын сілтейтін «Наурыз – ұлыстың Ұлы күні» атты лекция-концерттің сценарийі бойынша педагогикалық практика кезінде осы шараны оқушылармен өткізуге мүмкіндік болды.

Бұл лекция-концертте оқушылар өздерінің өте жақсы көретін халық кейіпкерлері – Тазша бала, Алдар көсе, Қожанасырмен кездесіп, қазақтың ойындарын ойнап, айтысқа түсіп, шалықтап ән салып, би билейді. Бұл мерекелік лекция-концерт оқушыларды өз халқының салт-дәстүрін ұмытпауға, туған елін, жерін, халқын, Отанын сүйуге шақырады.

Міне, лекция-концертті өткізудегі осындай жан-жақты жұмыс түрлері мен әдістемелік әдіс-тәсілдері, оның көркемдік ерекшеліктерін терең түсінуге, музыка тыңдауға мүмкіндіктер туғызады. Оқушылардың ән мен күйге, халық композиторларына немесе жалпы өнер адамдарына деген қызығушылығы мен құмарлығы артады [9].

Өткізілетін лекция-концерттердің оқушылар санасына тікелей әсер ететіндей етіп жеткізу, жоғарыда айтылған қасиеттерді бойға сіңіретіндей тәрбие беру осы ретте басты мақсатымыз болып саналады. Яғни ең басты міндет оқушыларға эстетикалық тәрбие беруде оларды сезімталдыққа, әдемілік пен сұлулықты көре, сезіне білуге, иманжүзділікке баулу. Енде-ше дұрыс ұйымдастырылған лекция-концерт жан-жақты адамгершілік қасиеттерді бойына сіңірген, өз ұлттық өнеріміз бен өзге ұлттардың, әлемдік музыка мәдениетінің үлгілерін қатар игерген білікті, ойлы азамат тәрбиелеп шығаруға септігін тигізеді. Сонымен қатар оқушыларды жаңа білімдермен байыта, олардың ақыл-ойын және ақылын, қабілеттерін дамыта отырып, оқушылардың ой-өрісін кеңейтуге, музыкалық қызығушылықтарын қалыптастыруға өз үлестерін қосатыны анық [10].

Олай болса, лекция-концерттің оқушыларды тәрбиелеуде алатын орны ерекше, себебі оқушыларды өздігінен жеке-дербес жұмыс істеуге дағдыландырады, шығармашылық ізденімпаздыққа баулиды, сондықтан мектепте лекция-концерттерді барынша өткізуге аса көңіл бөлген жөн.

Әдебиеттер:

1 Ахметова А.Қ. Мектептегі музыка сабағын оқытудың принциптері мен әдістері. Оқу құралы. – Алматы, Абай ат. ҚазҰПУ, «Ұлағат» баспасы, 2014. – 148 б.

2 Сағымбеков М., Көпбаев А. Мектептерде лекция-концерттерді ұйымдастыру әдістемесі. – Алматы, 1994.

3 Дүйсембінова Р.К. Қазақтың әншілік өнері. – Алматы, 1998. – 17 б.

4 Абай (Ибраһим Құнанбаев). Екі томдық шығармалар жинағы. – Т.2. – Алматы, 1986.

5 Потанин Г.Н. Восточные мотивы в среднем европейском эпосе. – М., 1899.

6 Жұбанов А.Қ. Ән-күй сапары. – А., 1976. – 21б.

7 Сухомлинский А.В. О воспитании //Выдержки из книг и статей. – М.: Политиздат, 1973.

8 Ахметова А.Қ. Музыкалық білім берудегі оқытудың арнайы әдістері. Абай атындағы ҚазҰПУ Хабаршысы. «Көркемөнерден білім беру» сериясы. – Алматы: Абай атындағы ҚазҰПУ, 2015. №2 (43). – 17-21 б.

9 Сағынтаев П., Шәкірбаева А. Бастауыш сыныптарда музыкалық тәрбие беру әдістері. – А., 1996.

10 Ахметова А.Қ. Болашақ музыка мұғалімінің оқушылармен лекция-концертті өткізудің тиімділігі. ПМУ Хабаршы, Педагогикалық сериясы. – №3. – Павлодар: «КЕРЕКУ», С.Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университет, 2017. – 91-100 б.

ӘОЖ 78 (075.8)

МРНТИ 14.35.09

Л.О. Бірімғазина¹

¹Абай атындағы ҚазҰПУ, «Музыкалық білім және хореография» кафедрасының аға оқытушысы, Алматы қ., Қазақстан

СТУДЕНТТЕРДІҢ ДАУЫСЫН ДАМЫТУДАҒЫ ЖАТТЫҒУЛАРДЫҢ МАҢЫЗЫ

Аңдатпа

Бұл мақалада студенттердің дауысын қоюдағы қолданылатын дауыс жаттығулардың маңызы жан-жақты қарастырылған. Жаттығуларды қолданудың негізгі мақсаты: таза айтуға (құрылым) қол жеткізу, арнайы дағдыларды меңгеру, сонымен қатар түрлі вокалдық штрихтармен *legato*, *marcato*, *staccato*/ жұмыс жасау болып табылады.

Педагог дауыс қою сабағында студенттермен дауыс жаттығу кезінде алғашқы 5-7 минуттарда примарлық дыбыстар аймағында өте қарапайым да жеңіл жаттығулар айтқызып, тамақ қыздырған жөн. Содан соң барып диапазонды біртіндеп кеңейтіп, нақты әндік дағдылармен жұмыс жасауға көшу керек. Осындай жұмыстарды жүзеге асыруда педагог студенттердің жас ерекшеліктерін және жеке тұлғалық қасиеттерін ескерген дұрыс.

Бұл жаттығулар студенттердің музыкалық ойлауын, музыкалық қабылдауын дамытуға септігін тигізеді.

Түйін сөздер: дикция, артикуляция, диафрагма, резонатор, кантилена, атака, диапазон, қызығушылық, музыкалық талғам.

Бірімғазина Л.О. ¹

¹старший преподаватель кафедры «Музыкальное образование и хореография» при КазНПУ им. Абая, г. Алматы, Казахстан

ЗНАЧЕНИЕ УПРАЖНЕНИЙ В РАЗВИТИИ ГОЛОСА СТУДЕНТОВ

Аннотация

В данной статье подробно рассматривается значение распевок при постановке голоса у студентов. Основная цель упражнения: добиться чистого строя (структуры), овладеть специальными навыками, а также работать с разными вокальными штрихами *legato*, *marcato*, *staccato*/.

В течение первых 5-7 минут на уроке постановки голоса учитель должен обучить простые и легкие упражнения в области примарных звуков, а также разогреть горло. Затем нужно постепенно расширить диапазон и переходить к работе над конкретными певческими навыками. При выполнении такой работы учитель должен учитывать возрастные и личностные особенности студентов.

Эти упражнения способствуют развивать у студентов музыкальное мышление, музыкальное восприятие, музыкальный интерес и музыкальный вкус.

Ключевые слова: дикция, артикуляция, диафрагма, резонатор, кантилена, атака, диапазон, интерес, музыкальный вкус.

L.O. Brimgazina¹

¹ senior lecturer of department "Music education and choreography", at Abai KazNPU, Almaty, Kazakhstan

SIGNIFICANCE OF EXERCISES IN DEVELOPING THE STUDENTS' VOICE

Abstract

This article discusses in detail the meaning of chants when students voice. The main goal of the exercise: to achieve a clean system (structure), master special skills, and also work with different vocal touches / *legato*, *marcato*, *staccato* /.

During the first 5-7 minutes in the voice lesson, the teacher must teach simple and easy exercises in the field of primary sounds, as well as warm up the throat. Then you need to gradually expand the range and move on to work on specific singing skills. When performing such work, the teacher must take into account the age and personality characteristics of students.

These exercises help students develop musical thinking, musical perception, musical interest, and musical taste.

Keywords: diction, articulation, the diaphragm, resonator, cantilena, attack, diapason, interest, musical taste.

Бірінші күннен бастап студенттердің дауысын қою жұмысы дауыс жаттығуларын айтқызудан басталады, яғни шығармаларды орындау алдында дауысты ән айтуға қыздыру, дыбыстау мүшелерін әнге бейімдеуге арналған жұмыстарды жүзеге асыру. Біз бұл туралы болашақ музыка мұғалімдерін даярлауда вокалды және хор дағдыларын қалыптастыруға арналған мақалада бірнеше рет жазған болатынбыз [1, 95]. Бүгінгі таңда біз келесі мәселелерге тоқталғымыз келеді.

Дауыс жаттығуларын айтқызудың алдына қойған *мақсаттарына* көңіл бөлсек, оларға жататындар:

- студенттің тамағын қыздырып, жұмысқа дайындау;

- арнайы ән айту дағдыларымен жұмыс жасап, шеберлікті шыңдау.

Студенттерге жаттығуларды айтқызуда аса көңіл бөлетін жайттар:

- жаттықтыруды қарапайымнан күрделіге қарай дамыту – басты принцип болып табылады;

- жеке партиясымен жұмыс жасап жаттығу;

- жаттығуларды буындарға, сөздерге немесе жабық ауызбен айтқызу;

- жаттығулардың басқа да түрлерін араластырып айтқызу;

- жаттығуларды примарлық дыбыстардан бастап, бірте-бірте диапазонның барлық регистрлерін қамту;

- түрлі штрихтармен */legato, marcato, staccato/* жұмыс жасау;

- жаттығуларды түрлі динамикалық белгілермен орындай отырып, жылдамдықты ескеру;

- үйретілетін шығармалардың үзінділерін жаттығу ретінде пайдалану [2].

Жұмыс жасау барысында орындаушылық шеберлік мақсаттарына сай жаттығулардың түрлерін де өзгертіп отырған жөн. Сонымен қатар бір репетицияда жаттығулардың санының аса көп болуының қажеті шамалы, керісінше оларды бірнеше мақсатта пайдаланып отырған дұрыс. Мысалы, бір нотамен айтылатын жаттығулар тамақты біртіндеп қыздыруға, демді үнемдеп шығару әдісін жетілдіруге және түрлі дауысты дыбыстарды біркелкі шеңберлеп айтуға көмектеседі. Өз кезегінде, жабық ауызбен яғни сонар «м» дыбысымен жаттығу жасау тамақты қыздырумен қатар жоғарғы бас резонаторының жұмысын әлдеқайда жақсартуға көмектеседі. Бұндай жаттығуларды орындаған кезде таңдай жоғары көтеріліп, көмекейдің пішіні жартылай есінеген кездегідей болуы тиіс, ал мұрын қуысының қабырғаларында және еріндерде діріл пайда болады [3].

Сонымен қатар дыбыс қатарымен бірыңғай төмен не жоғары бағытта айтылуға таңдалған жаттығулар тынысты дұрыс алып, әуенді демдік ауаға тиянақтап айтуға, әрі диапазонын, регистрлерін біркелкі дыбыстауға, сондай-ақ дауыс аумағын үнемі кеңейтіп отыруға пайдалы. Әсіресе, бұл жаттығуларды *legato мен staccato*-ға алма-кезек айтқызылған дұрыс.

Дауысты және дауыссыз дыбыстардың өздеріне тән тембрі мен айтылу ерекшеліктерін ескере отырып, оларды әншінің дауысын, үнін жөндеуде пайдалануға болады. Мысалы, дыбыс болбыр әрі тым ашық болса «ау, да, ле, мо» буындарына, ал тым көмескі болса, «зи, ди, ли, ля» буындарына айтқызылған дұрыс. Ал «ку, гу» буындарына айтқызу тым ашық, «жайдақ-тау» үннен құтылып, таңдайдың белсенді түрде жұмыс жасауына көмектеседі [4].

Негізінен жаттығулар сабақта қайталанып отырады, дегенмен де белгілі бір әндік дағдыларға байланысты жаңа жаттығулар енгізіп тұрған дұрыс. Мысалы, *legato*-да айтылатын жаттығулар дыбыстың

желісін үзбей бір демдік тыныспен ұзақ айтуға, демді үнемді пайдалануға көмегін тигізсе, *staccato*-да айтқызу дауыс шымылдығының жұмысын жақсартады. Сонымен қатар атаканың екпінді болуына, үннің ширақ әрі жинақы шығуына септігін тигізеді.

Ал дыбыстау мүшелерінің жұмысын жақсарту үшін /тіл алды, ерін/ жылдам айтылатын шығармалардан үзінділер, сондай-ақ түрлі жаңылпаштар мен санамақтарды бір нотамен түрлі ырғақтарға өте тез айтқызу дұрыс және пайдалы.

Дауыс қою сабағында студенттермен дауыс жаттығу кезінде алғашқы 5-7 минуттарда примарлық дыбыстар аймағында өте қарапайым да жеңіл жаттығулар айтқызып, тамақ қыздырған жөн. Содан соң барып диапазонды кеңейту мақсатында біртіндеп, нақты әндік дағдылармен жұмыс жасауға көшу керек [5].

Олай болса, осындай жұмыстарды жүзеге асыруда студенттердің жас ерекшеліктерін және жеке тұлғалық қасиеттерін ескере отырып, жұмыс жасау ұстаз үшін аса ұқыптылықты қажет етеді.

Сабақта, ең алдымен, ән айту дағдыларын қалыптастыру жұмыстары жүргізілуі шарт. Міндетті түрде шығарманы айту кезінде студенттердің өзін-өзі ұстауы, дыбысты таза да сауатты айтуы, ырғақтық, нюанстық тұстарын дұрыс орындауы қадағаланады.

Вокалдық техникаларды қалыптастыру үшін студент дыбыс мүшелерінің құрылысын, атқаратын қызметтерін, ән айтуға, сөйлеуге қатысты жасалатын функциясын білуі қажет. Әсіресе, вокалдық техниканы қалыптастырудағы ең маңызды да қажетті рөл атқаратын жұмыстың түрі – күнделікті жаттығуларды үнемі дұрыс жүргізіп отыру яғни дауыс жаттығуларын жасату.

Кез-келген жаттығулардың өзіндік мақсаттары бар: біреулері – дауыстың созылмалдылығын (кантилена) дамытады, екіншісі – дауыстың қозғалғыштығын жақсартады, ал үшіншісі – демдік тынысты бекітіп, қатайтады және т.б. Дауыс жаттығуы үшін сазды ән шумақтарын, немесе күй үзінділерін алуға да болады. Бұндай әдіс-тәсілдерді пайдалану студенттердің музыканы саналы түрде қабылдап, есту, сезіну қабілеттерін дамытып отырады.

Студенттің дауысын қоюда жаттығулардың түрлі екпіндерде болғаны жөн. Мәселен, жай екпіндегі жаттығулар дауыс кантиленасын тәрбиелейді. *Кантилена* итальянша «соза-айту» деген сөз, яғни, буындар бір-бірімен үзбей жалғастырылады. Мысалы: Ақан серінің «Қара торғай» әні өте баяу екпінде созыла айтылады, бұл кантиленді орындауға жатады. Ал кейбір жаттығулар *стаккато* әдісі арқылы айтылады, *стаккато* дауыс шеңберін ұлғайтуға көмектеседі, мысалы, Л.Хамидидің «Бұлбұл» әнін орындауда.

Күй әуендерін орындау барысында асықпай дем алып, ауызды еркін және кеңірек ашып, «ля» буынын тілдің ұшымен жоғары таңдаймен, тіске тіреп жеңіл айтқызу керек. Сонымен қатар «ля», «ляй», «до» және т.б. буындармен де жұмыс жасауға болады. Бұл жағдайда жақ сүйектер еркін қимылдап, көмей, ауыз қуысы бір қалыпта дем алу шарттарын сақтап, дауысты қысылдырмай шығару керек, ал таңдай көтеріңкі болған жөн. Жоғарыда айтылған Ақан серінің «Қара торғайын» айтқанда студенттің дем алуы тереңнен шығып, дауысты дыбыстар өте созыла айтылуы қажет, себебі бұл ән терең мазмұнды, лирикалық баяу орындалауы тиіс.

«Қара торғай, ұштың зорға-ай» деген сөздердегі «к», «ғ» дауыссыз дыбыстары тілдің артқы жуан дауыссыз дыбыстарына жатады. Әннің сөздері еркін де табиғи шығу үшін ауызды кеңірек ашып, қатаң дауысты дыбыс «а» дыбысымен ұштастырылып, «к», «ғ» дауыссыз дыбыстардың еркін шығуына жағдай жасайды. Әннің әр буыны шыққан демге тірей айтылса, ән сөздері құлаққа анық естіліп, резонаторлармен үндетіле айтылады. Ал резонатор дегеніміз – жаңғырық деген ұғымды білдіреді, негізінен бас және кеуде резонаторлар болып бөлінеді.

Бас резонаторына тіс, таңдай, мұрын, шеміршектері, бет сүйектер жатады. Дыбыстар осы мүшелерге соғылып жаңғыра шығады және дыбыстардың тербелісі жиілеп, таза шығуына жағдай жасалынады. Кейбір студенттердің көмейі жоғары орналасқандықтан дыбыс жіңішке шығып, бас резонаторлар арқылы күшейтіледі.

Кеуде резонаторларына кеуде сүйектері жатады. Мұнда дыбыс көлемі ұлғайып, сазды үндермен байытылып, күші көбейеді. Мысалы, қазақтың «Әй, әй бөпем» әнінде көбірек кездесетін «ә» дыбысы қазақ орфографиясында, орфоэпиясында жіңішке езулік дыбысқа жатады. Себебі «ә» дыбысын айтқанда тілдің ұшы алға қарай созылады, ауыз қуысы төмендеп азаяды, езу тартылып, ерін кейін қарай жиырылады. Бұл дыбысты орындағанда «ашық» емес, керісінше «дөңгелете» айту әдісін қолданған жөн. Себебі сонда ғана көмей қысылмай, бұлшық еттер қарыспай, дем шығару және дем алу еркін болады [6].

Тағы да айта кететін жайт, ән айтудағы «дөңгелете» айту әдісін пайдалану а-э; о-ө; ұ-ү; і-е сияқты дауысты дыбыстардың біркелкі шығуына жағдай жасау болып табылады. «О» әрпін үйлестіре езулік, еріндік тіл алды, тіл арты дыбыстарды соза айтса тіл еркін қимылдап, таңдай көтеріңкі болады.

Олай болса, бірнеше жаттығулардың түрлеріне тоқталайық.

Қарын бұлшық еттері мен диафрагма үшін жаттығулар. Бұл жаттығулардың мақсаты қарын бұлшық еттері мен диафрагмасының қозғалысын реттеуге арналған. Жаттығулар үнсіз жасалады, жаттығуларға қатысы жоқ, еркін дем ала беруге болады. Жаттығулар іш пен диафрагманың жағдайына сәйкес екі тәсілмен орындалады. Бірінші тәсіл бойынша – диафрагманы түсіріп, ішті үрлеген сияқты, қарын бұлшық еттерін жаттықтырудан бастаймыз. Қандай да бір жағымсыз немесе ауырсынудан бас тарту яғни қашу үшін, ең алдымен, күш түсірмеу немесе созбау керек. Осы қағидаларды меңгере отырып, мұндай тәсілдерді ұстап тұру яғни созу уақытын бірте-бірте көбейтіп отыруға болады. Бұл үшін ойша есеп жасауды ұсынамыз, яғни саусақтарды бүге отырып санау керек, алдымен беске дейін, содан кейін біртіндеп онға дейін жеткізу керек. Екінші тәсіл бойынша – диафрагманы көтеріп, ішті тарту. Ішті тарту жаттығуларын жасау кезінде, бірінші тәсілге қарама-қарсы қимыл жасау керек яғни өзінің мүмкіндігінше ішке қарай тарту керек. Бұл тәсілді де демді ұзағырақ ұстау, санау есебімен жүргізіледі. Осындай тәсілдерді меңгергеннен кейін, жұмыстың келесі кезеңіне көшіп, жұмыс жасауға, қимылды тыныспен байланыстыруға болады [7].

Артикуляциялық аппаратқа арналған жаттығулар. Дыбыстарды анықтап айту, тілдің шеберлігі. Студенттердің дауысын қоюда тағы бір көңіл аударатын жағдай – артикуляциялық аппарат болып табылады. Әнді орындауда студент әннің сөзін тыңдармандар түсіне-тіндей анық сөйлей білуі тиіс. Осы тұста аса қажет жаттығуларды ұсынып отырмыз:

1-жаттығу. Ауызды тік етіп ашып, сол қалпында біраз ұстап тұру, сосын ауызды жабу. Осылайша бес рет қайталау керек. Бұл жаттығулар дауыс пернелерін, мүшелерді, буындарды, шайнайтын бұлшық еттерді бекітуге көмектеседі.

2-жаттығу. Ауызды ашып, содан кейін қолдың түйілген жұдырығымен иектен ауызды жабуға тырысқандай етіп итеру керек, бұл ауызды жаппауға тырысып, қарсылық көрсетілгендей етіп жасалынады.

3-жаттығу. Жақ сүйектерін оңға солға, алға, артқа бұру. Бұл жаттығу ауызды ашып тұрып та, жауып тұрып та әр жаққа қаратып бірнеше рет қайталанады.

4-жаттығу. Жақ сүйектерінің төменгі жағымен беттің бұлшық еттеріне шайнаған сияқты қимыл жасау. Ауызды кең аша тұрып та, жауып тұрып та шайнау. Бұл жаттығу төменгі жақ сүйектерін жаттықтырып, оның еркін қимылдауына мүмкіндік береді.

5-жаттығу. Екі ұртқа бірдей жел толтырып, ауызды созу. Жаттығу беттің бұлшық еттерін нығайтады, және сергітіп, қабілетін арттырады.

6-жаттығу. Ауыз төңірегіндегі бұлшық еттерді нығайту үшін мына жаттығуларды жасау пайдалы: жұмулы ауызды керу. Үстіңгі ерінді көтеру. Үстіңгі ерінді жоғары көтергенде тіс ашылып көрінеді. Сонда ерін жартылай төртбұрышталады. Ерінді қысып алға созу. Ерінді екі жаққа қарай шеңбер жасап қимылдату қажет. Бұл қимылды да бірнеше рет қайталаған жөн.

7-жаттығу. Тілді жіңішкертіп, ұзартып созу. Созылған тілді оңға, солға қарай бұру. Тілдің ұшын көтеріп, бүгу қажет. Содан кейін тілмен шеңбер жасап, қимылдату. Тілді ерін мен тістің арасында ұстап, бл-бл-бл деген дыбыстарды шығару керек. Да-да-да, ля-ля-ля буындарын айтып жаттығу өте пайдалы. Жаттығу тілді сергектетіп, ауыз қуысының түп жа-ғын нығайтуға көмектеседі [8].

Барлық айтылатын жаттығулар, әндер концертмейстердің музыкалық аспапта сүйемелдеуімен орындалғаны дұрыс. Егерде жаттығулар нота арқылы айтқызылса, студенттердің дыбыстардың деңгейін сезіну қабілеті тәрбиеленеді. Студенттердің табиғи дауысын тәрбиелеу және дамыту көп ізденістерді талап етеді, дауысты тәрбиелеуде бірнеше мүше, оның ішінде нерв жүйелері, ми үлкен рөл атқарады. Студенттер үшін ән айту кезеңі 20 минутқа созылса жеткілікті, бұдан кейін уақытты бірте-бірте ұлғайтуға болады. Студенттерге әнді қатты айқайлап айтқызуға болмайды, сонымен қатар тамағы ауырып жүргендерге де ән айтқызуға болмайды, себебі дауысқа зақым келтіреді.

Студенттердің музыкалық есту қабілеттерін дамытуға және дауыстарының сапалы қалыптасуына арнайы өңделген халық әуендерін, қысқа да нұсқа дыбыс қатарын айтқызып өте дұрыс. Бұндай дағдылар жұмысты жақсы нәтижеге жеткізуге мүмкіндік туғыздырады [4].

Сонымен қорыта келгенде, жоғарыда айтылғандардың барлығы студенттермен жұмыс жасау барысында жаттығуларға аса мән берілетіндігін, олардың әншілер дауысын дамытуда пайдаланудың маңызының зор екенін дәлелдейді: біріншіден, дауыс жаттығуларын пайдалану тәрбиелік тұрғыда әнге деген сүйіспеншілік сезімін, сонымен қатар адами және сыйластық көзқарастарын, екіншіден музыкалық-есту, ойлау қабілеттерін қалыптастырады.

Әдебиеттер:

- 1 Бірімғазина Л.У., Жексембекова М.Ы. Болашақ музыка мұғалімінің вокалды-әншілік дағдыларын қалыптастырудың жолдары // Вестник КазНПУ имени Абая, серия «Художественное образование: искусство теория – методика» №4 (53), 2017. – С. 94-99.
- 2 Малинина Н. Вокальное воспитание детей. – Ленинград, 1967.
- 3 Сафронова О.Л. Распевки. Хрестоматия для вокалистов. – СПб.: «Издательство Лань»; «Издательство ПЛАНЕТА МУЗЫКИ», 2009. – 72 с.
- 4 Нұрманова Ә. А. Балалар дауысының тәрбиесі. – Алматы, 1976.
- 5 Дмитриев Л.Б. Основы вокальной методики. – М.: Музыка, 1968. – 675 с.
- 6 Кожжахметова А.Ш. Болашақ музыка мұғалімдерінің әндік дауыс дағдыларын қазақ тілі фонетикасы негізінде қалыптастыру. Автореф. дис... канд. пед. наук. – Алматы, 2002. – 22 с.
- 7 Морозов Л.Н. Школа классического вокала: Мастер-класс (+DVD). – СПб.: «Издательство Лань»; «Издательство ПЛАНЕТА МУЗЫКИ», 2008. – 48 с.
- 8 Әсімбекова К. Хор жүргізу негіздері. – Алматы, Республикалық баспа кабинеті, 1994. – 80 б.

УДК 378.02

МРНТИ 14.35.07

Какимова Л.Ш.¹, Ахметова Л.К.²

¹ к.п.н., доцент, Институт Искусств, культуры и спорта при КазНПУ им. Абая,
г. Алматы, Казахстан

² студент 1 курса специальности «БВ11102 – Культурно-досуговая работа»
Института Искусств, культуры и спорта при КазНПУ им. Абая,
г. Алматы, Казахстан

СОВРЕМЕННЫЕ ФОРМЫ ОРГАНИЗАЦИИ КУЛЬТУРНО-ДОСУГОВОЙ РАБОТЫ

Аннотация

В статье рассматривается повышенный интерес к организации культурно-досуговой работе с подрастающим поколением, связанный с изменением содержания и структуры самого досуга и требующего глубокого его осмысления и определения новых способов и подходов в его организации. Анализ работ по культурно-досуговой работе показал, что, несмотря на начавшуюся в последнее время тенденцию активизации изучения и освещения традиционных форм и методов культурно-досуговой работы с молодежью и подрастающим поколением, все же остается проблема организации и систематизации научного обоснования. Следовательно, противоречие состоит в том, что, имея богатейший опыт работы и хороший потенциал в разработке культурно-досуговой работы с детьми и молодежью, отсутствует обоснованная модель современных форм организации культурно-досуговой работы, как системы, включающая содержание и методические рекомендации ее реализации.

В контексте данной темы в статье показаны пути решения организации культурно-досуговой работы как творческой деятельности и система мероприятий, осуществляющая эту деятельность в формировании духовно-эмоциональных качеств студенческой молодежи.

Ключевые слова: досуг, творчество, формы организации досуга, функции досуга, принципы.

Л.Ш. Какимова¹, Л.К. Ахметова²

¹ п.з.к., доцент, Абай атындағы ҚазҰПУ, Өнер, мәдениет және спорт институты,
Алматы қ., Қазақстан

² «БВ11102 – Мәдени-тынығу жұмысы» мамандығының 1 курс студенті,
Өнер, мәдениет және спорт институты, Абай атындағы ҚазҰПУ, Алматы қ., Қазақстан

ҚАЗІРГІ ЗАМАНҒЫ МӘДЕНИ-ТЫНЫҒУ ЖҰМЫСЫНЫҢ ҰЙЫМДАСТЫРУ ФОРМАЛАРЫ

Аңдатпа

Мақалада жасөспірімдермен мәдени-тынығу уақытты ұйымдастыруға деген қызығушылықтың артуы талқыланады, бұл мәдени-тынығудың мазмұны мен құрылымының өзгеруіне байланысты және оны ұйымдастырудың жаңа әдістері мен тәсілдерін терең түсінуді және анықтауды қажет етеді. Мәдени-тынығу

жұмыстары бойынша жүргізілген талдау жастар мен өскелең ұрпақтармен мәдени-демалыс жұмыстарының дәстүрлі нысандары мен әдістерін зерделеуді және қамтуды күшейту үрдісіне қарамастан, ғылыми негізді ұйымдастыру және жүйелеу проблемасы болып қалатынын көрсетті. Сондықтан, қарама-қайшылық балалар мен жастардың мәдени-тынығу жұмысын дамытуда бай тәжірибесі мен жақсы әлеуеті бар, мәдени-тынығу ұйымдастырудың заманауи нысандарының, оны жүзеге асырудың мазмұны мен әдістемелік ұсыныстарын қамтитын жүйенің жоқтығында жатыр.

Мақалада осы тақырып аясында мәдени-тынығу жұмысын ұйымдастырудың шығармашылық іс-әрекеті ретінде шешу жолдары және білім алушылардың рухани-эмоционалды қасиеттерін қалыптастыруда осы әрекетті жүзеге асыратын шаралар жүйесі көрсетілген.

Түйін сөздер: мәдени-тынығу, шығармашылық, мәдени-тынығу ұйымдастырудың нысандары, мәдени-тынығудың функциялары, принциптері.

Kakimova L.Sh.¹, Akhmetova L.K.²

¹ *candidate of pedagogical sciences, the associate professor, Institute of Arts, culture and sport at,*

² *KazNPU named after Abai, Almaty, Kazakhstan*

³ *the student of 1 course of speciality «6B11102 – Cultural and leisure work» of Institute of Arts, culture and sport at KAZNPU of Abay, Almaty, Kazakhstan*

MODERN FORMS OF THE ORGANIZATION CULTURAL AND LEISURE WORK

Abstract

The article discusses the increased interest in organizing cultural and leisure work with the younger generation, associated with a change in the content and structure of leisure itself and requiring deep understanding and definition of new ways and approaches in its organization. An analysis of the work on cultural and leisure work showed that, despite the recent tendency to intensify the study and coverage of traditional forms and methods of cultural and leisure work with young people and the younger generation, the problem of organizing and systematizing the scientific basis remains. Therefore, the contradiction lies in the fact that, having rich experience and good potential in developing cultural and leisure work with children and youth, there is no substantiated model of modern forms of organizing cultural and leisure work as a system that includes the content and methodological recommendations for its implementation.

In the context of this topic, the article shows the ways of solving the organization of cultural and leisure work as a creative activity and the system of measures that carries out this activity in the formation of the spiritual and emotional qualities of students.

Key words: cultural leisure, creativity, forms of organization of leisure, leisure functions, principles.

Введение. XXI век – век новых технологий и искусственного интеллекта. Во всех жизнедеятельности человека происходят коренные изменения, меняющие его сознание, культуру. Важно, с каким культурным потенциалом современное общество будет жить в эпоху третьего тысячелетия. Кризис сказывается в адаптации к меняющимся реалиям жизни. Оно проявляется в повседневной жизни в слабой форме социализации, в творчестве с выбором профессиональных ориентиров, в духовном плане – изменении и смене культурных ценностей, в психологии – в потребности общения, самоутверждения, в педагогике – в культуре обучения, поиска истинных знаний, в социологии – в сознательной деятельности, мотивации к самореализации. Все эти и другие факторы влияют на досуг молодежи нового поколения и требуют новых подходов к его практической организации, в поиске эффективных и современных методов и приемов работы.

Основная часть. Вопрос о происхождении современного культурного досуга молодежи обсуждается учеными до сих пор. В этой связи не можем не отметить исследования которые ее раскрывают в различных аспектах жизнедеятельности. Различные противоречия проявляющиеся в бытовых, семейных, порой религиозных, профессиональных направлениях, наблюдающиеся в нестабильности ценностных систем, данная проблема становится одной из приоритетной. Особая острота проявляется в возрастных переломных моментах студенческой молодежи.

Анализ исследований прошлого столетия констатирует о том, что некоторые ученые связывают досуг со «своеобразной формой реализации подобной свободы и полем для самореализации», «самой простой и доступной площадкой для конкретных дел, в котором проявляются собственная

самостоятельность, умение принимать решение и руководить, организовывать» [1]. Зачастую к ним относятся простые методы, формы и приемы работы: молодежная дискотека, конкурсы, досуговые программы, кружки по интересам, клубы, викторины, больше служащие для отдыха и «создание атмосферы хорошего настроения», «развития личностных качеств человека, удовлетворяющие его духовные потребности, физические и другие социальные значимые потребности», - приводят авторы [2].

Досуг как форма реализации свободы выбора для молодежи является «социологическим аспектом современного общества» - указывает Б.С. Грушин [3]. В теоретико-методологическом аспекте исследования социологического анализа молодежного досуга выделяется две формы: организованный и неорганизованный, - продолжает автор. Из анализа первоисточников следует, что первый представляется в деятельности молодежных, подростковых организаций, домов культур, социально-адаптированных и учебно-воспитательных центров, художественных, музыкальных и спортивных кружков и секций, клубов творчества и т.д. [2]. Второй представляет собой «стихийные образования групп молодежи, объединенных по какому-либо признаку», молодежные течения, схожие по интересам, мотивам, увлечениям [2; 4]. Если в первой форме молодежь объединяется для построения «новых социальных отношений, их самореализации, социализации личности и т.п.», по мнению автора [5], то во второй – это, «как правило, адаптация к окружающей социальной действительности через личностные стереотипы и приоритеты вне семейных отношений, родительского авторитета, школьных организаций, педагогического контроля и руководства» [6]. В первом и во втором случае, исследователи указывают на межличностные отношения для самореализации, но подходы к эмоционально-нравственным, культурным явлениям, отмечают они, будут различными [3; 6].

В научно-исследовательской литературе термины «досуг» и «культурно-досуговая работа» нередко становятся идентичными. Но проблема ее организации значительно шире, и, несмотря на значительное количество материалов в интернете, библиотеке, специально освещающих исследований, во многом еще не решена. Прежде всего, нужно иметь в виду, что организация культурно-досуговой работы является сложным процессом, в котором участвуют различные связи (культурные, психологические, физиологические, бытовые, предметные, коммуникативно-информационные и прочее).

Анализируя понятие «досуг» в электронном источнике мы столкнулись на его тождество со словом «свободное время». По типу его использования которые разделяются на «творческий, культурно-потребительский, рекреативный в различных видах развлекательного отдыха (танцы, туризм и прочее)», что зачастую ассоциируется с образом жизни, развлечением, отдыхом, хобби. Так, по мнению А.Д. Жаркова, структура свободного времени состоит из элементов «общественно регулируемой части (коллективное творчество, учеба, занятия физкультурой и спортом, культурное потребление, развлечение и отдых)» и «лично регулируемой (индивидуальное творчество, самообразование, индивидуальное культурное потребление, физкультура и спорт, любительский труд, воспитание детей, товарищеские, дружеские встречи, различные виды развлечений, пассивный отдых, занятия в неформальных объединениях)» [7].

Есть ученые, которые термин «культурно-досуговая работа» связывают с «системой мероприятий по осуществлению видов деятельности, связанной по организации отдыха средствами культуры», целью которой является формирование духовно-эмоциональных качеств человека [8]. Этот взгляд, по нашему мнению, ограничивает такое широкое понятие каким является культурно-досуговая работа.

В обществе наряду с формированием компетенций, решаются вопросы воспитания личностных способностей молодого поколения, которые будут обладать активной жизненной позицией, эмоциональным интеллектом, критическим, творческим мышлением, уметь работать в команде и в сотрудничестве, адаптироваться к изменениям окружающей среды. Поэтому устойчивый интерес направлен на образовательные модели, педагогические инновации, технологии и методы, которые оказываются наиболее эффективными для данной цели. Отсюда важным становится вопрос о самостоятельной деятельности, которая была бы интересной, результативной, отвечала требованиям интересов и потребностей общества. Труды ученых в этом направлении свидетельствуют о разнообразных традиционных формах, каким выступают «домашний досуг (интернет, DVD, MP3, спутниковое телевидение и т.п.); активный досуг; информационный досуг (СМИ, спутниковое и кабельное телевидение, компьютерные игры, программирование и другое)», отмечает Е.М. Клюско [9].

В целом, обилие и разнообразие способов организации молодежного досуга приводит к противоречиям, на которые указывает Г.А. Аванесова и ряд других ученых:

- «неактивность, пассивность, беспомощности и неуверенности молодого поколения, зависимость от источников, от специфики социальной группы, к которой она принадлежит» «в сочетании с ценностными

установками и жизненными планами самой личности в выборе культурно-досуговой организации, жизнедеятельности и мотивации» [10]. Эти замечания весьма ценны для прояснения процессов организации культурно-досуговой работы. Указанные противоречия, по мнению автора, выявили проблемы современного общества, в котором актуальным является симбиоз: культурная политика государства, экономическое финансирование, менталитет нации, правильная и грамотная организация досуга молодежи на уровне правительства, города, района и контроль над неорганизованными формами досуга и построение инновационных подходов к его организации.

Исследователи едины во мнении о том, что «досуг молодого человека, чтобы он стал наиболее эффективным средством самовыражения» надо, прежде всего, разнообразить. Так, к методическим рекомендациям по совершенствованию форм организации досуга молодежи они предлагают заниматься музыкой; рисовать, обратиться к живописи; просмотреть кинофильмы; заняться спортом, боевыми искусствами Востока; увлечься флористикой и т.д.[9; 7].

Особо важно в этом отношении обратить внимание на организацию досуговой работы детей. Поэтому правильно организованный досуг «является педагогической и социальной поддержкой растущих личностей, формирует у них активную, сознательную и созидательную по отношению к окружающему миру позицию», и «несет глубоко социальный смысл (часто педагогический), выполняет культурно-образовательное, развивающее назначение, а также позволяет раскрыть эстетический, духовно-нравственный и физический потенциал личности», - полагают ученые [11].

Научные исследования свидетельствуют, что в основе любого досуга лежит предметно-духовная деятельность [10; 12]. Поэтому необходимо «создать такую среду, которая станет естественной частью его жизни и позволит реализовать свои интересы», - пишет автор [11]. Так, педагогика связывает досуг с вопросами воспитания, психология – с проблемами взаимоотношения и индивидуальности, медицина – с эмоциональной медитацией, расслаблением и прочее.

Так, Л.А. Акимова [12] в своем исследовании разделяет досуг по видам деятельности на интеллектуальную, физическую, социальную, активную. Позднее, ученые пришли к выводу, что с досугом связана понятие «культура». Они указали на нее как на «систему по созданию, хранению, распространению и потреблению духовных ценностей, норм, знаний, а также значений и символов» (по А.Д. Жаркову) и разделили «по разным видам рекреационной, развивающей и развлекательной активности» (по Г.А. Аванесовой) [7; 10]. При этом под «содержанием культурно-досуговой деятельности по Г.А. Аванесовой понимается:

- непосредственные переживания, впечатления и состояния, которые испытывает человек, включенный в конкретный вид досугового занятия и тем самым удовлетворяющий свои потребности;
- осмысление человеком воспринимаемой информации, художественных образов, общего культурного контекста, который в это время находится в фокусе его внимания;
- оценки, которые возникают у человека по поводу качества отдыха, а также услуг, если они ему оказываются в этом процессе» [10].

И это понятие, продолжает ученый, имеет свои функции. Автор классифицирует их на «креативную, терапевтическую; развивающую; компенсаторную; коммуникативную; функцию накопления, хранения и распространения знаний, норм, ценностей, значений; воспроизводство духовного процесса через поддержание его преемственности; социализирующую; гедонистическую (получение наслаждения и удовольствия); функцию регуляции социальных отношений (карнавалы, игры); воспитательную и просветительную; совместное переживание значимых событий общественной жизни» [10].

Словом профессор М.А. Ариарский рассматривает культуру досуга как «сложное и интегральное качество личности, характеризующееся совокупностью самостоятельности мышления и действия, функциональной и интеллектуальной активности, творческих устремлений, дальнейшего саморазвития, в потребности и умение конструктивно использовать свое свободное время в активном отдыхе, удовлетворении и постоянной творческой деятельности» [13]. Отсюда, по высказыванию ученого, досуговая деятельность могут различаться: по форме организации и количеству участников; по социальному составу (детский, взрослый, мужской, женский); по месту проведения (домашний, семейный, общественный); а также по содержанию. Последние подразделяются, в свою очередь, на культурно-художественные; образовательно-развивающие (познавательные и творческие кружки); природно-рекреационные (наблюдения за явлениями природы, общение с животными); оздоровительно-туристические (путешествие, отдых на курортах); спортивно-зрелищные (спортивные игры, соревнования); зрелищно-развлекательные (концерты, театры, игры-викторины)» [11].

Особое внимание ученых останавливается на вопросе детской культурно-досуговой деятельности, что «по своей сути она представляется очень сложным и противоречивым процессом». Так как ведущим видом деятельности дошкольников является игра, формы и методы приемы работы с детьми в основном подбираются подвижные, соревновательные виды. Культурный досуг детей такого возраста подбирается с учетом их возрастных интересов и возможностей. Для детей школьного возраста основополагающим видом деятельности является познавательная-рефлексивная и виды работы и организации такой работы также подбираются от психологофизиологических возможностей, познавательных интересов, вкусовых предпочтений и возвратных приоритетов. К примеру, в юношеский период и период взросления тематика досуговой работы составляет романтического характера и все что с этим периодом связано.

Значительной смысловой нагрузки представляется досуговая деятельность разделенная на принципы и теоретические положения, апробированные на практике. Исследователи выделяют в этом случае «следующие принципы всеобщности и доступности; самодеятельности; индивидуального подхода; систематичности и целенаправленности; преемственности в организации досуга и занимательности» [11]. Следовательно, реализация принципов это и есть разностороннее развитие личности ребенка, где главным атрибутом выступает самореализационная функция.

Если говорить о функциях культурно-досуговой работы, то в исследованиях приводятся такие функции, как творческая, коммуникативная, просветительская, рекреационная, гедонистическая, и прокреативная на предмет эмоциональности. Все вышеперечисленные функции являются приоритетными в досуговой деятельности школьников, выступая не только в их организации, но и в адаптации в социальной среде, приближенной к жизненным позициям» [11].

Таким образом, мы имеем определенные формообразующие элементы, которые составляют весь комплекс культурно-досуговой работы, которую мы отразили в разработанной нами теоретической модели на рисунке №1.

В этой связи нельзя не отметить, что в работах авторов приводится ценное высказывание о том, что «вне форм процесс культурно-досуговой деятельности не может осуществляться». Поэтому пришло время немного остановиться о ее формах и видах. В общественно-научной литературе принято характеризовать отдельные формы культурно-досуговой деятельности в наличии отдыха, развлечений, содержание которых зависит от художественного материала, смысловой направленности, тематического единства и жанровых особенностей. Формы развлечений достаточно многообразны и зависят от поставленных целей и задач, от жанровых особенностей репертуара, от его тематической направленности и смысловой насыщенности: концерты, музыкально-литературные композиции, музыкальные игры и забавы, внесение новой игрушки, инсценировки, игры-драматизации, кукольные спектакли, хореографические и оперные миниатюры. По содержательной направленности в практике досуговой деятельности мы приведем классификацию из исследования М.Б. Зацепиной. Это: 1) театрализованные (все виды театров и театрально-игровой деятельности); 2) познавательные (разнообразные викторины: о жизни и творчестве великих людей, о традициях и обычаях своей страны, экологические и др.); 3) музыкально-литературные концерты; 4) спортивные [14].

Условия, имеющие различные формы работы со старшеклассниками и молодежью в сфере досуга, отмечают ученые [9; 2; 3], выделяются в таких векторах жизнедеятельности, как:

- работа в студиях и кружках КДУ, коллективах художественной самодеятельности (ВИА, эстрадные и хореографические студии и кружки, изостудии, студии молодежной моды, профессиональные студии – журналистские, телевизионные);
- оздоровительные мероприятия, в число которых входит туризм, беседы с врачами-специалистами, профилактические мероприятия, массовые посещения бассейна, тренажерного зала, занятия аэробикой, фитнесклубы);
- конкурсные мероприятия развлекательной и познавательной направленности (блицтурниры, ринги, КВНы, клубы эрудитов);
- вечера отдыха (дискотеки, праздничные вечера, осенний бал);
- камерные формы работы – литературные, художественные и музыкальные салоны и гостиные;




Рисунок №1 – Теоретическая модель культурно-досуговой работы.

- диспут-клубы, ток-шоу, брифинги, научные и нравственные конференции, коммунарские сборы;
- экскурсионная работа – ознакомление с художественными и историческими ценностями, памятниками культуры, местами былой славы;
- встречи с интересными людьми, построенные в различных формах;
- концерты и фестивали, конкурсы с участием творческой молодежи и самодеятельных молодежных коллективов, выставки работ молодых художников, поэтов, начинающих писателей.
- постановка молодежных спектаклей и мюзиклов, шоу с участием молодых исполнителей и коллективов» [1].

Заключая теоретическую часть статьи, следует сказать, что за последнее время уже достаточно обозначилось наличие двух взаимообусловленных тенденций, характеризующих состояние и развитие культурно-досуговой работы. С одной стороны, большой интерес, связанный с теми или иными новациями, а с другой – новый этап традиций, позволяющий по-новому взглянуть и осознать изучаемые явления, среди которых современные формы и методы культурно-досуговой работы.

Как было указано ранее, различные виды и методы культурно-досуговой работы зависят от направленности деятельности. Рассмотрим, например, работу с молодежью, которая является одной из не легких. Психологи отмечают у такого периода личности, особые требования, своеобразные интересы, критерии и потребности. В современной форме культурно-досуговой работы с молодежью, которые мы указали ранее, выступают несколько ее видов, такие как домашний досуг; активный досуг; информационный досуг.

Следует сказать, что в Казахстане доказательством огромной первостепенной государственной значимости молодежного досуга и формирование им социально-ориентированной личности является национальная идея «Мәңгілік Ел» и государственная программа «Рухани жаңғыру». В данных документах, по выражению ученых, «одним из основных инструментов этнопедагогического образования и воспитания, является воспитание патриотизма» [15, с.9]. В качестве ресурсов такого подхода могут рекомендоваться творческие вечера, лекции-концерты, мюзиклы, флеш-мобы и прочее. Исходя из этих

цели, отражающие духовно-личностное развитие и культурный потенциал нации, следует ориентироваться на «основные ее задачи, а именно:

- сохранение и приумножение своей культуры, собственного национального кода;
- сохранение и почитание лучших образцов национальных традиций;
- знание и уважение национального языка;
- здоровый образ жизни и профессиональный успех;
- укрепление национального духа принадлежностью к великой нации» и многое другое [16]. Так,

большое значение в работе с молодежью является активизация познавательного стимула. Ярким примером здесь является организация и проведение молодежного флеш-моба на песню «Қара жорға», участие в городском конкурсе исполнителей патриотической песни имени О.Байдильдаева, проведение культурно-литературных, спортивных соревнований, фестивалей музыки и танца, участие в дифиле и многое другое.

Особую популярность среди студенческой молодежи пользуются конкурсы. В конкурсе на знание традиционной культуры казахского народа «Ханшайым мен Ханзада» студенты демонстрировали свои знания, умения и навыки на знание национальных традиций, обрядов и обычаев. В честь празднования 175-летия Абая они поставили постановку «Құлақтан кіріп, бойды алар...», где исполнялись его песни, фрагменты поэтических отрывков из повести М.Ауезова «Путь Абая».

В заключении хотелось бы сказать, что организация современных форм культурно-досуговой работы с молодежью созвучны с требованиями к формированию культурной нации, конкуретоспособной и адаптированной к реалиям сегодняшнего дня. Подводя итоги, стоит отметить, что в работе отражены лишь некоторые слагаемые такого многогранного понятия, каким является культурно-досуговая работа, и очевидно обращение к дальнейшему изучению данной проблемы, ожидает новых путей и открытий.

Список использованной литературы:

1. Современные формы молодежного досуга [Электрон.ресурс]. – 2019. - URL: <https://mirznanii.com/a/214319-5/sovremennyye-formy-molodezhnogo-dosuga-5> [Дата обращения: 08.11.2019 г.].
2. Ерошенко И.Н. Культурно-досуговая деятельность в современных условиях / И.Н. Ерошенко. – М.: НГИК, 1994. – 32 с.
3. Грушин Б.С. Творческий потенциал свободного времени / Б.С. Грушин. – М.: Профиздат, 1980. – С 5-27.
4. Каменец А.В. Деятельность клубных учреждений в современных условиях / А.В. Каменец: Учебное пособие. – М.: МГУК, 1997. – 41 с.
5. Андреева Г.М. Социальная психология / Г.М. Андреева. – М.: Аспект пресс, 2000. – С.137-303.
6. Демченко А. Некоторые проблемы современного развития культурно-досуговой деятельности и народного творчества // Культурно-досуговая деятельность и народное творчество. – М.: ГИВЦ МК. Р.Ф., 2001. – 49 с.
7. Жарков А. Д. Культурно-досуговая деятельность как самостоятельная отрасль педагогической науки. // Образование и общество, 2007. - №2 – С. 98-104.
8. Культурно-досуговая работа [Электрон.ресурс]. - 2019 - URL: <https://poisk-ru.ru/s49889t1.html>. – [Дата обращения: 19.02.2020].
9. Ключко Е.М. Центры досуга: содержание и формы деятельности // Центры досуга. – М.: НИИ культуры, 2000. – С.31-33.
10. Аванесова, Г.А. Культурно-досуговая деятельность: теория и практика: Учебное пособие для студентов вузов. – М.: Аспект Пресс, 2006. – 235 с.
11. Культурно-досуговая деятельность как эффективное средство развития личности ребенка [Электрон.ресурс]. – 2019 - URL: <https://infourok.ru/statyakulturnodosugovaya-devatelnost-kak-effektivnoe-sredstvo-razvitiya-lichnosti-rebenka-1741365.html>. – [Дата обращения: 19.02.2020].
12. Акимова Л.А. Социология досуга: Учеб. пособие / Л.А. Акимова. – М.: МГУКИ, 2003. – 123 с.
13. Ариарский М.А. Прикладная культурология / М.А. Ариарский. – СПб: Эго, 2001 – 287 с.
14. Зацепина М.Б. Организация культурно-досуговой деятельности дошкольников: Учебно-методическое пособие / М.Б. Зацепина. – М.: Педагогическое общество России, 2006. – 144 с.
15. Жеделов К.О., Абишева О.Т. «Рухани жаңғыру» аясында көркемсурет факультеті түлектерінің жетістіктерімен патриоттыққа тәрбиелеудің маңыздылығы // Абай ат. ҚазҰПУ-ң «Хабаршы» журналы, «Көркемөнердің білім беру: өнер – теориясы – әдістемесі» сериясы. – 2019. – №2 (59). – С. 3-9.
16. Назарбаев Н.А. О национальном сознании в XXI веке // Статья главы государства «Взгляд в будущее: модернизация общественного сознания» [Электрон.ресурс]. – 17 апреля 2017. – URL: http://www.akorda.kz/ru/events/akorda_news/press_conferences/statya-glavy-gosudarstva-vzglyad-v-budushchee-modernizaciya-obshchestvennogo-soznaniya – [Дата обращения 13.11.2019].

ӘОЖ 373.1.02:372.8
МРНТИ 14.25.09

Б.М. Бекмұхамедов¹, А.Молдрахым²

¹ педагогика ғылымдарының докторы, ПББХҒА (МАНПО) корр-мүшесі, РЖА (РАЕ) корр-мүшесі, ғылым мен білім берудегі еңбегі сіңген қызметкері, Абай атындағы ҚазҰПУ, Қазақстан, Алматы қ.,
e-mail: bm_bekmu@mail.ru

² «5В010600 – Музыкалық білім» мамандығының 4 курс студенті, Абай атындағы ҚазҰПУ,
Қазақстан, Алматы қ., e-mail moldrakhym@list.ru

МУЗЫКА АРҚЫЛЫ БАЛАЛАРДЫҢ КОММУНИКАТИВТІК ҚАБІЛЕТТЕРІН ДАМУ ТУРАСЫНДАҒЫ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Аңдатпа

Мақала музыкалық өнердің көмегімен бастауыш сынып оқушыларының коммуникативті қабілеттерін дамыту мәселесіне арналған. «Байланыс» ұғымының кейбір теориялық аспектілеріне талдау келтірілген. Авторлар әлеуметтік функция контекстіндегі коммуникацияның жалпы мәселелерін талқылаумен қатар, бастауыш сынып оқушыларының тұлғалық ерекшеліктерін дамытудағы маңыздылығын атап өтеді. Күнделікті өмірде қажет бастауыш сынып оқушыларының коммуникативтік дағдыларын қалыптастыру мен дамытудың шарты ретінде музыка сабақтарына ерекше мән беріледі. Авторлар психологиялық-педагогикалық әдебиеттердің мәліметтері мен заңдылықтарына сүйене отырып, балалар арасындағы қоршаған ортадағы қарым-қатынас процестерінің ерекшеліктеріне сүйенеді және оларды музыка сабағында пайдалану мүмкіндіктерін анықтайды. Коммуникативтік қатынастардың кейбір ерекшеліктері тек қана тұлға аралық қарым-қатынаста ғана емес, оқушылардың ұжымдық әрекетінде де қарастырылады.

Түйін сөздер: коммуникация, ұжым, тұлға, бастауыш сынып оқушылары, музыка, қарым-қатынастар

Бекмұхамедов Б.М.¹, Молдрахым А.²

¹ доктор педагогических наук, член-корр.МАНПО, член-корр.РАЕ, засл.деятель науки и образования РФ, КазНПУ имени Абая, Казахстан, г. Алматы, e-mail: bm_bekmu@mail.ru

² студент 4 курса специальности «5В010600 – Музыкальное образование», КазНПУ имени Абая, Казахстан, г. Алматы, e-mail: moldrakhym@list.ru

ОСОБЕННОСТИ РАЗВИТИЯ КОММУНИКАТИВНЫХ СПОСОБНОСТЕЙ ДЕТЕЙ СРЕДСТВАМИ МУЗЫКИ

Аннотация

Статья посвящена проблеме развития коммуникативных способностей учащихся начальных классов средствами музыкального искусства. Дается анализ некоторых теоретических аспектов понятия «коммуникация». Авторы, наряду с рассмотрением общих проблем коммуникаций в контексте социального функционирования, отмечают их значимость в развитии свойств личности у учащихся начальных классов. Особое значение придается урокам музыки, как условию формирования и развития коммуникативных умений и навыков учащихся начальных классов, необходимых им в повседневной жизни. Авторы оперируют сведениями и данными психолого-педагогической литературы, опираются на закономерности протекания коммуникативных процессов в межличностной детской среде и выявляют возможности их использования на уроках музыки. Рассматриваются некоторые особенности коммуникативных взаимоотношений как в межличностном плане, так и в условиях учебного коллектива.

Ключевые слова: коммуникация, коллектив, личность, учащиеся начальных классов, музыка, взаимоотношения

B.M. Bekmukhamedov¹, A.Moldrakhym²

¹ doctor of pedagogical Sciences, corresponding member of IANPO, corresponding member of RAE, Honored Worker of Science and Education of the Russian Federation, KazNPU named after Abai, Kazakhstan, Almaty, e-mail: bm_bekmu@mail.ru

² the student of 3 course of specialty "5B010600-Music education" of Institute of Arts, culture and sport of KazNPU named after Abai, Kazakhstan, Almaty, moldrakhym@list.ru

FEATURES OF DEVELOPMENT OF COMMUNICATIVE ABILITIES OF CHILDREN BY MEANS OF MUSIC

Abstract

The article is devoted to the problem of developing communicative abilities of primary school students by means of musical art. The analysis of some theoretical aspects of the concept of "communication" is given. The authors, along with a discussion of the general problems of communications in the context of social functioning, note their importance in the development of personality traits in primary school students. Particular importance is attached to music lessons, as a condition for the formation and development of communicative skills of primary school students, which they need in everyday life. The authors operate on the information and data of psychological and pedagogical literature, rely on the patterns of the flow of communicative processes in an interpersonal children's environment and identify the possibilities of their use in music lessons. Some features of communicative relationships are examined both in an interpersonal relationship and in relation to the student body.

Keywords: communication, collective, personality, primary school students, music, relationships

Адам қоғамының қазіргі заманда даму кезеңі адамның мектептік кезіне, оның тұлғасының қалыптасуына, әлеуметтену ерекшеліктеріне, психикалық және физикалық тұрғыдан саламатты жас буынның сақталуына және қалыптасуына баса аударылатын назармен сипатталады. Сондықтан, педагогикада білім беру мекемелерінің жұмысына деген көзқарас оқудан гөрі, балалардың бойында жалпы адами құндылықтарды дамыту, адамдармен қатынас жасауға үйрету төңірегінде қалыптасып, кең үрдіске айналып отыр. Бұл бастауыш сынып оқушылар арасындағы қарым-қатынастардың маңыздылығын дәріптеуге негіз береді, өйткені олар балалардың тұлғалық қасиеттерінің қалыптасу кепілі болып табылады. Осыдан қорытатынымыз, – педагогтың кәсіби іс-әрекеті – мектеп оқушыларымен үздіксіз жүргізілетін қатынасу процесі, оның тиімділігіне мектептегі тәрбиелеу-білім беру жұмыстың нәтижелері де байланысты болады.

Ұжымдағы қарым-қатынастар аясында педагогикалық қатынасу мәселесін Б.Г. Ананьев [1], А.Л. Бодалев [2], Я.Л. Коломенский [3], М.И. Лисина [4], А.А. Леонтьев [5], Т.А. Репина [6] және басқа белгілі психологтар зерттеген. Психологтар мен педагогтардың бұл мәселені үңіле зерттеуі бала тұлғасының әлеуметтік-психологиялық тұрғыдан қалыптасуында педагогикалық қатынас және қарым-қатынас процесі атқаратын рөлінің ерекшелігіне байланысты.

Бастауыш сынып оқушылар арасындағы қарым-қатынас аспектінің зерттелу маңыздылығының себебі – бастауыш сынып оқушылары, ересек адамдармен және бір-бірімен қатынаса отырып, елігу, еру жолымен мінез-құлық тәсілдерін қағып алады да, соның нәтижесінде аталған мінез-құлықтық сипаттарды және ерекшеліктерді өз ортасында аударады. Бала шағында әдептілік іргесі қаланып, тұлғаның әлеуметтік-психологиялық қасиеттері қалыптасады, сондықтан да, бастауыш сынып оқушының тұлғалық қасиеттерінің зерттелуі оның тұлғалық қасиеттерінің қалыптасуының негізі ретінде ерекше маңызды болып қарастырылады.

Әдетте, бастауыш сынып оқушылары мұғалім талаптары орындап, қоятын бағаларын қабылдайды, оның қылықтарына еліктейді және мұғалімге ұнағысы келеді. Егер сабақта қандай да бір тапсырма берілген болса, балалар оны мұқият орындайды, жұмыстың мақсатына терең ойланып, мән бермейді. Бастауыш сынып оқушылардың тілалғыштығы олардың мінез-құлықтарында да, оқу процесінің өзінде де байқалады – олар өздеріне оқытылатын нәрселерді тиісті етіп қабылдап, дербестікке және тәуелсіздікке дәмеленбейді. Бұл ретте балалардың мұғалімге деген сенімі, ұмтылысы, тілалғыштығы, әдетте, оқытушының тұлғалық қасиеттеріне қарамастан байқалады. Бұл қасиет баланың белгілі бір жасқа тән даму сатысын көрсетеді, оның артық және кем жақтары болады. *Сенгііштік, орындағыштық* сияқты психикалық ерекшеліктер табысты оқудың және тәрбиелеудің алғышарттары болып табылады.

Бұл жастағы балалар асқан әзірлікпен және қызығушылықпен жаңа білімдерді, ептіліктерді және дағдыларды меңгеріп алады. Олар дұрыс және әдемі жазуға, оқуға, санауға ынталы. Бастауыш сынып

оқушының қабылдағыштығы және әсерленгіштігі оған білімдерді шын көңілмен сіңіріп, қабылдауға мүмкіндік береді.

Бастауыш сынып оқушының *сыртқы ортаға* бағыттануы өте күшті болады. Айналадағы бар нәрсе оған зор әсер тигізеді. Орай тисе болғаны, оқушылар қызығатын әр дүниемен қатынас жасайды, белгісіз бір заттарды қолдарына алғыласады, сипат-сыңайларын зерттейді.

Бастауыш сынып оқушылардың оқу табыстарының кілтипаны – олардың елігіштігі. Оқушылар мұғалімнің пайымдарын қайталап, сыныптастарының мысалдарына ұқсас мысалдарын келтіреді және с.с. Мұндай, айталық, сыртқы «көшірмелеудің» өзі балаға материалды игеруге мүмкіндік береді. Алайда, оның кейбір құбылыстар мен оқиғаларды үстіртін қабылдауға себеп болуы әбден мүмкін. Бұл жастағы балалар қандай да бір қиыншылықтар мен күрделіліктерді мүлде ойларына да алмайды.

Бала тұлғасының қалыптасуы практика жүзінде түрлі-түрлі жолдармен іске асады, және, ең бірінші, баланың мектепте оқуға әзірлігі қандай болатынына, екіншіден, – бала қабылдайтын педагогикалық ықпал ету жүйесінің қандай болатынына байланысты болады.

Балалар мектепке оқымақ, жаңа дүниені білмек ниетімен, білімге деген құштарлықтарымен келеді. Бұл ретте білімге құштарлықтары олардың оқуны қоғамдық маңызы бар іс-әрекет деп қабылдайтын көзқарастарына тығыз байланысты болады. Міне, балалардың бұл іске білдіретін ақ ниеті мен ұқыптылығы осыған себеп болады да Л.Б. Митева [7], А.Б. Николаева [8] және басқалар жүргізген зерттеулер білім беру мекемедегі педагогтар мен балалардың ықпалдасуының түрлі аспектерін ашып көрсетеді.

Зерттеулер бастауыш мектеп оқушылары көптеген жағдайларда оқуды жақсы көретінін көрсетеді. Олар сабақты қоңыраудан артық көреді, демалыстарды қысқартқысы келеді, үй тапсырмаларын алмаса, түңіледі. Бұл орайда балалардың оқуға қатысты танымдық қызығушылықтары да, оқу еңбектерінің әлеуметтік тұрғыдан маңызды екенін сезінуі де байқалады.

Оқудың әлеуметтік маңыздылығы бастауыш мектеп оқушыларының бағаларға қатысты көзқарастарынан-ақ жіті байқалады. Олар бағаны жасалған жұмыстың бағасы емес, өздерінің ынта-жігерлерінің өлшемі ретінде көп уақыт бойы қабылдап жүреді.

Бағаға деген бұндай көзқарас кейінде ғайып болады, демек, бұндай көзқарас болған жағдайда, оқу іс-әрекетінің бастапқы әлкеуметтік мәні балалар үшін оның нәтижесінде емес, оқу еңбегінің өзінде болады. Бұл баланың өз іс-әрекетіне деген әлі «өшпей қалған», және балалық шағында оған тән болған көзқарасы.

Оқушылардың 1 сыныпта оқығанның өзінде белгілі бір интеллектуалды белсенділікті, ақыл жұмысын қажет ететін білімдерді сіңіре бастайтындары белгілі. Әсіресе, оқу сабақтарының күрделене түсетін мазмұны балалардың көңілдерін тартады.

Бастауыш мектеп оқушылары зор ақыл күшін талап ететін һәм ой қоздыратын және жаңа білім мен ептілік беретін оқу жұмыстың барлық түрлеріне қызығады деп қорытуға болады. Әдетте бастауыш мектеп жасының аяғына қарай, балалардың көңілі жеке бөлек пәндерге ғана ауа бастайды. Айталық, кейбір оқушыларда бұл айтарлықтай тұрақты қызығушылыққа айналып кетіп, оқушылар пәнге тереңірек қызыға кетеді.

Балалар арасындағы қарым-қатынастардың мұғалім арқылы құрылатыны белгілі: мұғалім оқушылардың тобынан біреуін үлгі ретінде бөліп шығарады, ол оқушылардың бірінің біріне қатысты пайымдарын қалыптастырады, олардың бірлескен іс-әрекеттерін және қатынасуын ұйымдастырады, оқушылар оның талаптарын және бағаларын қабылдап, сіңіреді.

Сонымен, мұғалім 1-2 сынып оқушылар үшін елеулі тұлға, орталарындағы қоғамдық пікірдің иесі болып табылады. Бұл арқылы тәрбиелік ықпал мұғаліммен тікелей іске асырылады, және оның балалар ұжымына сүйенуге әлі қажеті туындамайды.

Тағы айта кетелік, 1-2 сынып оқушылардың бойындағы қажеттіліктер, ұмтылыстар, қызығушылықтары мен сезімдері, ең бірінші кезекте, олардың жаңа қоғамдық күйлерімен байланысты болады. Алайда 3-4 сыныптарға қарай балалар бұл күйлеріне бейімделе келеді де, жаңа міндеттерін игереді, қажетті талаптарға икемделеді. Мектеп оқушы күйін, оның жаңашылдығы мен өзгешелігін тікелей сезінуі алғаш рет балалар бойында мақтаныш сезімін тудырып, еш қосымша шарасыз-ақ қойылатын талаптарға сай боламын деген ниеттерін қоздырса, кейіннен өзінің эмоционалды тартымдылығынан айырылады.

Бұдан бөлек, ересек адам да бұл кезеңде балалар өмірінде өзге бір орынға ие болады. Біріншіден, есейе келе, балалар дербес және үлкендер жәрдеміне тәуелсіз болып өседі. Бірақ, ең бастысы – мектепке түскелі олар жаңа өмір тізгініне түседі, ал ол өмірде өздерінің уайым-қайғылары, қызығушылықтары, құрбы-құрдастарымен жасайтын қарым-қатынастары да молая түседі. Зерттеулерге сәйкес, мектеп оқушыларының тұлғалары әлеуметтік немесе эгоисттік бағытта болуы мүмкін.

Айталық, балалар бұны айыра біледі, үстіне, сыныптастарымен де, сәйкесінше, әлеуметтік немесе эгоисттік тұрғыдан қатынасады. Мәселен, бойларында ұжымдылық ынтасы басым оқушылар құрдастарының арасында абыройлы болады. Ал, эгоисттік, менменшіл, өзімшіл ынтасы басым оқушыларды сипаттағанда, балалар оларды «адам айдауды жақсы көреді», «өзінен әлсіздерді ренжітеді», «басқалармен бөліспейді», «тек өзін ғана жақсы көреді» және т.с.с. деп айтады. Бұл баланың тұлғалық қарым-қатынастар жүйесіндегі алатын орны оның бойындағы басым ынтасына, тұлғалық бағыттылығына байланысты болатынын көрсетеді.

Мұғалімнің міндеті – оқу үрдісін ұйымдастырғанда, тек пәндік білімдердің және оларға лайықты ептіліктердің сіңірілуін қамтып қана қоймай, әлеуметке бағытталған мінез-құлықтық ынтаның қалыптасып, дамуына, орындайтын тапсырмаларға деген жауапкершіліктің қалыптасуына, басқалармен санасуға, басқалардың мүдделерін ойлауға көңіл бөлу керек.

Оқушыны ұжымдық қарым-қатынастар жүйесіне кіріктіру процесі өте күрделі, бір қатарлы емес, кейде қарама-қайшы сипатта да болады. Ең әуелі, ол өте жекешіл, индивидуальды болады. Оқушылар, келешек ұжым мүшелері, бірі-бірінен денсаулық, келбеті, мінездері, жанасымдығы, білімдері, ептіліктері, басқа сипаттары мен қасиеттері жағынан ерекшеленеді. Сондықтан, олар ұжымдық қарым-қатынастар жүйесіне әрқалай кіреді, әріптестерінің бойларынан әртүрлі реакция қоздырады, ұжымға да ықпал етеді.

Тұлғаның ұжым ішіндегі алатын орны елеулі түрде оның жекебас тәжірибесіне байланысты болады. Тап тәжірибенің өзі тұлғаның пайымдау ерекшеліктерінің, құндылық айыру жүйесінің, мінез-құлықның астарында жатыр. Оның ұжымда орныққан пайымдарға, құндылықтарға және мінез-құлық салттарына сәйкес келуі, болмаса, келмеуі мүмкін. Сәйкестік болған жерде тұлғаның қалыптасқан қарым-қатынастар жүйесіне кірігуі едәуір оңайға түседі. Ал, оқушының тәжірибесі мүлде өзгеше (ұжымның әлеуметтік өмір тәжірибесіне қарағанда, тарлау, кемшілдеу, я болмаса, кеңдеу) болған жағдайда, оған өз құрдастарымен қарым-қатынастарды орнату қиынға соғады. Ең ауыр жағдай – ол жекедара әлеуметтік тәжірибенің белгілі бір ұжымда қалыптасқан құндылықтарға қарама-қайшы келуі.

Әрбір адам ұжым ішінде тұрақтануға, өзіне қолайлы орын алуға ұмтылады. Бірақ, бұл екеуінің бірінің қолына келе бермейді – субъективті және объективті себептер кедергі болады. Адамның қай-қайсысы, бойына тумасынан біткен мүмкіндіктеріне байланысты, көзге түсер жетістіктерге жете бермес, ұялшақтықтан құтыла алмас, ұжымның құндылық ұстанымдарына сәйкессіздігіне сын көзбен қарай алмас. Бастауыш мектеп оқушыларында өз-өзін тану және өз-өзін бағалау қабілеттері аса дамымаған, және сол себепті оларға ең қиын болатын нәрсе – ұжымның оларға деген көзқарасын дұрыс бағалау, және мүмкіндіктеріне лайықты, оқушыны қызықты тұстарынан көрсетете алатын, құрдастары тарапынан оған деген ілтипатты тудыра алатын ұжымдағы орнын табу. Бұның субъективті және объективті себептері бар: іс-әрекеттің біркелкілігі және оқушымен ұжымда атқарылатын әлеуметтік рөлдердің тапшылығы; ұжым мүшелері арасындағы қарым-қатынастардың ұйымдық формаларының тарлығы мен біркелкілігі, бірін-бірі қабылдау мәдениеттің аздығы, қатарластардың бойларында ықылас бөлуге тұрарлық қызық, әрі құнды қасиеттерін байқай алмайтындықтары. Психологтар оқушыларды, басқа оқушылармен қарсы салыстырғанда, екі санатқа бөледі: 1/ көпшіл (жанасымды, қатынасшыл), ұжымдық қасиеттері барлар. Олардың көпшіліктен бөлініп өз бетімен өмір сүргісі келмейді, сондықтан өздерін ұжымда ғана байқата алады. Жекешілдер, «ұжымнан тыс түсетіндер». Олар ұжым ішінде тек қажеттіліктеріне қарай жүреді, және, орай болса, одан лезде-ақ шығуға, бөлінуге тырысады.

Біз ұжым ішінде оқушылардың арасында болатын қарым-қатынастарға негізделетін тұлғаның қалыптасу процесінің кейбір тұстарын атап өттік. Алайда, мұғалім әдептік қасиеттердің қалай қалыптасатынын бүтіндей түсінгені лазым, өйткені ондай қасиеттер адамның басқа адамдарға қатысты жауапкершілігімен сипатталады. Оған көмекші болатындар: ұлтжандылықты, отансүйгіштікті, отбасыға, атан-аналарға, табиғатқа, жануарларға және т.б. сүйіспеншілікті дамытатын және сынып ішінде айтылатын мектептік әндер, оның үстіне, анағұрлым салиқалы және терең музыка. Бұл міндет жалпыдан жекелікке қарай бағытталуы тиіс.

Яғни, музыка мұғалімі беретін тақырыптық дәрісінен бастап, мұғалімнің орындауындағы музыкасын тыңдау арқылы – музыка шығармаларының (туындыларының) практикалық игеруіне дейін. Музыка мұғалімі сондай күрделі міндетті – балалардың бойында музыка құралдары арқылы тұлғалық қасиеттерін тәрбиелеуді өз алдына қойып, қиыншылықтардан сескенбей, қойған мақсатына жүйелі түрде және біртіндеп жетуі тиіс.

Осы аталғанның негізінде мынадай қорытынды шығаруға болады: бұл жастағы балалардың бойында жауапкершілікті қалыптастыру үшін, мұғалімнің қатынасуы керек. Нақ мұғалімнің өзі – жауапкершіліктің «материалды формасының» иесі, балаларға қандай да бір іске деген жауаптылықтың үлгісін көрсетеді.

Сонымен қатар, бөлек іс-әрекеттің маңыздылығы да анық болып отыр: музыка мұғалімінің іс-әрекетке шынайы қатынасуы оқушыларға керекті әрекетті орындауға және ұйымдастыру үшін барлық басқа маңызды әрекеттерді игеруге көмектеседі. Келесі сатыларда, оқушылар мұндай әрекеттерді өз бетімен орындай алатын болады. Бірақ, бұл істі игі және табысты ететін басты нәрсе – ұжым ішінде өнегелі, әдептік қарым-қатынастарды және оқушылар арасында өзара сыйластықты орнату. Бұл – әрбір оқушы үшін құндылық болады және олардың бойларында қатынасу қажеттіліктерін қалыптастырады. Демек, тұлғалық қасиеттер – баланың нақты бір қоғам ішіндегі мінез-құлық формаларын сіңіруі, игеруі нәтижесі болып табылады. Өзінің психологиялық табиғаты бойынша олар – өзін-өзі тану мүмкіндіктері сияқты болып келеді, бір бүтіндіктің бөлшектері, сонымен қатар, өзіндік қайталанбас тұлға іспеттес.

Атап өту қажет, – бастауыш сынып оқушылардың бойында өнегелі және тұлғалық қасиеттердің қалыптасуының жоғарыда аталған барлық тұстары бұл жастағы балалардың психикалық бітімінің ерекшелігіне байланысты, олардың қалыптасу кезеңінің табиғи және уақытша ерекшеліктерін есепке ала отырып, келтірілген еді. Бұл, былайша айтқанда, мәселенің бір тұсы ғана, ол, өте маңызды болғанына қарамастан, жалғыз тұсы ғана емес.

Бала бойында айтылған қасиеттердің қалыптасуында, атап айтсақ, оның коммуникативтік қасиеттерінің қалыптасуында ерекше орынды мұғалім өзі көрсететін коммуникативті модельдер алып отыр. Мұғалімнің мінез-құлқында коммуникативтік қатынасу және ықпал етудің қандай моделі басым болса, сынып ішіндегі атмосфера сондай болмақ. Егер педагогтың қандай да бір оқушыға қатысты көзқарасы ол оқушыға беретін субъективті бағасына ғана негізделсе, ондай педагог оқушылар арасында қандай да бір мінез-құлық және қатынас стереотиптерінің пайда болуына түрткі болуы мүмкін (мысалы, мұғалімнің «жеңіл қолымен» оқушыға, мектеп тәмамдағанша, жабысып кеткен «лақап аттардың» мысалдары баршылық). Сондай-ақ, бұнын кесірінен оқушылар арасына жік түсіп, бір-бірінен бөлек топтасып жүруі мүмкін, бұл коммуникативтік қарым-қатынастардың объективті және табиғи жолмен орнауына, әлбетте, оң әсерін тигізбес. Психологиялық зерттеулерге сәйкес, ұжымдағы тұлғааралық қарым-қатынастардың көпдеңгейлік құрылымы бар.

Бірінші деңгей тікелей тәуелділіктегі тұлғааралық қарым-қатынастардың (персоналды қарым-қатынастардың) жиынтығын құрайды. Олар контакт (таныстық) құрудың эмоционалды тартымдылығында немесе жағымсыздығында, ортақтылығында, қиындылығында немесе оңайлығында байқалады.

Екінші деңгей ұжымның құндылықтарымен және ұжымдық іс-әрекеттерімен себептелген тұлғааралық қарым-қатынастардың (серіктестік қатынастардың) жиынтығын құрайды. Бұл деңгейде ұжым мүшелері арасындағы қарым-қатынастар ортақ бір іс-әрекетке қатысушылардың, оқу, спорт, еңбек, демалыс, т.с.с серіктестердің (партнерлердің) арасындағы қарым-қатынастар ретінде байқалады.

Үшінші деңгей ұжымдық іс-әрекеттің нысанына қатысты көзқарасты белгілейтін байланыстар жүйесін құрайды (талпыныстық қарым-қатынастар): талпыныстар (уәждер, мотивтер), ұжымдық іс-әрекет мақсаттары, іс-әрекет нысанына қатысты көзқарас, ұжымдық іс-әрекеттің әлеуметтік мәні.

Ұжым ішінде оңтайлы немесе оңтайсыз (қолайлы, қолайсыз) орынға оқушылар ұжымға кіргелі бері алғашқы уақыттарда ие болады, кейінгі уақытта бұл орын балалардың көпшілігі үшін тұрақтанады. Әлбетте, бұл мәселелер педагог үшін мұндай өз бетімен қалыптасып жатқан ұжымдық қарым-қатынастарға белсенді түрде араласу қажеттігін туғызады. Бұл процессті тиімді басқару үшін, ұжым ішінде өздігінен қалыптасқан қарым-қатынастар жүйесінде оқушының алатын орнына ықпал ететін факторларды бақылау қажет. Ондай факторларға мыналар жатады: мектеп оқушының өзінің ерекшелігі (сабырлық, эмоционалдылық, көпшілдік, оптимизм, ажарлылық және т.б.); оның әдептік бейнесін ерекшелейтін сын-сипаттары (сыныптастарына ықыласпенен қарауы, әділдік және т.б.); физикалық сипаттары (күш, сұлулық, ептілік және т.б.).

Қазіргі мектептерде кең ауқымда музыкалық-эстетикалық кеңістік құрылып, оқушылар музыкаға мектеп арқылы ғана емес, сонымен қатар, қосымша білім беру мекемелерімен, жүйелілік және музыкалық жаттығулардың сабақтық, сабақтан тыс және мектептен тыс түрлерін жіті қадағалау арқылы қатыстырылады [9]. «Музыка – әр адамды тәрбиелеудің маңызды құралдарының бірі», – деп жазатын Д.Д.Шостакович [10]. Музыка қоғамның ізгі болуына септігін тигізеді, қоғам өмірінің этикалық үрдісіне үлесін қосады. Адамдарда эмоционалдық жақтары жоғары дамыған болса, онда қиын жағдайларда ішкі парасатына жүгініп, тиісті шешімдерді табуға мүмкіндік береді [11]. Адамның әлемді қабылдауы аңғарылатын объектінің қасиеттеріне ғана емес, аңғарушының психологиялық ерекшеліктеріне, өмірлік тәжерибесіне, темпераменті-

не, тап осы бір сәттегі күйіне де байланысты болады. Ал, музыка, – нақ болмысты бейнелеу формаларының, оған қоса, тіршілік қарекетінің бірі ретінде, – адамның эмоциялық аясымен етене байланысты болады.

Музыкалық тәрбиенің балалардың дамуы, эмоционалды тұрғыдан жетілуі, музыкалық мәдениетінің, өмірге деген өнерлілік, шығармашылық тұрғыдан көзқарастарының қалыптасуы, және ұжым ішінде қарым-қатынас құра білуі үшін маңызды екендігі Д.Б. Кабалевский, Б.М. Теплов, В.Н. Шацкая еңбектерінде қарастырылған. Бұл тұрғыда Т.В. Чельшева, «Музыка» бағдарламасының авторы, келесідей пікір білдірген: музыканың өміршеңдігі бастауыш мектеп оқушыларын музыка өнеріне баулу қажеттілігімен себептеліп, келесі мақсаттарға бағытталған: мектеп оқушыларының тұлғалық, танымдық, коммуникативтік, әлеуметтік және эстетикалық дамуы. Одан әрі, коммуникативтік мақсаттарға қатысты, былай деп жазады: «Мектеп оқушыларының коммуникативтік дамуы келесіні белгілейді: тыңдай білу, өзге адамдардың пікірін сыйлау; басқа адамның ұстанымын қолдай білу; диалог жүргізу әзірлігі; адамға маңызды өмір және өнер құбылыстарын талқылауға қатысу; құрдастарымен және жасы үлкен адамдармен өнімді ынтымақтастық жасау» [12], яғни, тұлғалық қасиеттерінің негізін қалайтын жекедара адамның барлық ерекшеліктері.

Музыкалық білім беру педагогикасында балалардың тұлғалық қасиеттерін эстетикалық тәрбиелеу арқылы қалыптастыру мәселелерімен Л.В. Моисеева, Л.Г. Дмитриева, Н.М. Черноиваненко, О.А. Апраксина, Т.А. Колышева, Р.А. Тельчарова, Н.В. Соколова, Н.А. Ветлугина және басқалары айналысқан.

Музыкалық тәрбие және білім беру әдебиет көздерін шолып өтсек, оларда музыкалық іс-әрекет барысында коммуникативтік қарым-қатынастардың негізін құрайтын ақпарат жеткізетін тағы екі коммуникация түрі бар екендігі айтылады.

Тұлғалық қасиеттердің даму шарты ретінде оқу процесі тиімдірек болсын деп, музыкалық тәрбиелеудің сабақ және сабақтан тыс уақыттағы заңдылықтарын зерттеу керек. Бұған қатысты, келесі дүниелердің зерттелгені де орынды болар [13]:

– Баланың музыканы қабылдау ерекшеліктері және оның (қабылдаудың) эмоционалдық күйге тигізетін әсері.

– Өз сезімдерін білдіру немесе эмоционалдық әсерлерімен (немесе сезімдерімен) басқа балалармен бөлісу қажеттілігі (талпыныс факторы).

– Баланың өз сезімдерін және эстетикалық әсерлерін білдіретін тәсілдері.

– Сәйкесті сөз орамдарын таңдау.

– Қатынасу формалары, стилі және мәнері (сұрақ-жауап, ойын, диалог, монолог және т.б.).

– Қажетті (эмоционалдық-танымдық) коммуникативтік байланысқа (контактқа) қол жеткізу.

– Бала тұлғасының когнитивтік және рухани-әдептік қасиеттерін дамыту.

Әсілінде, жоғарыда айтқанымыздай, бала өз сезімдерін және эстетикалық әсерлерін білдірткенде, екі түрлі коммуникация жолымен іске асыра алады: вербалды және бейвербалды. Аталған бірінші (вербалды) формасын, тілге жатқан соң, басым деп есептеуге болмайды. Бейвербалды коммуникация аса айқын және орамды білдіру формаларының бірі болуы мүмкін, тіптен, балалардың белсенділігі төмен болса, – бұл байқауымыз өте орынды. Дәлірек айтсақ, бастапқы уақытта бұл қатынасу формасы олар үшін анағұрлым ыңғайлы және қолайлы болады, ал, кейіннен сөйлеу формасына да айналуы мүмкін.

Әдебиеттер:

1. Ананьев Б.Г. *О проблемах современного человекознания*. – Л.: Наука, 1977. – 380 с
2. Бодалев А.Л. *Проблемы гуманизации межличностного общения и основные направления их психологического изучения // Вопросы психологии*. – 1989. – №6.
3. Коломенский Я.Л. *Психология педагогического взаимодействия*. – М.: Изд-во МГУ, 2001. – 286 с.
4. Лисина М.И. *Влияние общения со взрослыми на развитие ребенка первого полугодия жизни // Развитие общения у дошкольников*. – М., 1974.
5. Леонтьев А.А. *Основы психолингвистики*. – М., 1997. – 287 с.
6. Ретина Т.А. *Отношения между сверстниками в группе детского сада*. – М.: Педагогика, 1978. – 241 с.
7. Митева Л.Б. *Соотношение уровней общения дошкольников со взрослыми и сверстниками: Автореф. дис. канд. пед. наук*. – М., 1984. – 20 с.
8. Николаева А.Б. *Экспериментальные методы исследования личности в коллективе*. – Даугавпилс, 1985. – 186 с.
9. Петрова Н.Ю. *Значимость уроков изобразительного искусства в формировании коммуникативной компетентности младших школьников // Вестник КазНПУ. Сер. «Художественное образование: искусство – теория – методика»*. – Алматы, 2016, № 3. – С.139.

10. Развитие музыкального вкуса у детей младшего школьного возраста на уроках музыки // Краткий курс музыки House. – М., 2005.

11. Сұлтанмахмұт Торайғыровтың педагогикалық көзқарастары. (1893-1920). – Павлодар, ПГУ им.С.Торайғырова, НПФ «ЭКО», 2003. – 235 с.

12. Чельшева Т.В., Кузнецова В.В. Музыка. 1 кл.: Учебник. – М., Академкнига, 2013.

13. Бекмухамедов Б.М. Творческий потенциал театральной педагогики в исполнительской деятельности педагога-музыканта // Вестник КазНПУ имени Абая. Серия «Художественное образование: искусство – теория – методика». – Алматы, 2017. – № 3 (52). – С.79,80,82.

ӘОЖ 378.02.37.016

МРНТИ 14.35.09

Б.М. Бекмухамедов¹, М.Мұхади²

¹педагогика ғылымдарының докторы, ПББХҒА (МАНПО) корр-мүшесі, РЖА (РАЕ) корр-мүшесі, РФ ғылым мен білім берудегі еңбегі сіңген қызметкері, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Қазақстан Республикасы, Алматы, e-mail: bm_bekmu@mail.ru

²студент, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Қазақстан Республикасы, Алматы, e-mail: muhadieva79@mail.ru

МУЗЫКА САБАҚТАРЫНДА ФОРТЕПИАНОЛЫҚ ПЬЕСАЛАРДЫҢ ЭМОЦИОНАЛДЫҚ-БЕЙНЕЛІК ӘСЕРІ

Аңдатпа

Мақалада фортепиано шығармаларының студенттерге жалпы музыкалық білім беру процесінде эмоционалды түрде әсер етуі мәселелері қарастырылады.

Авторлар музыкалық бейненің музыкалық сана мен белсенділіктегі функцияларын ашады. Музыкалық білімнің адамның бейнелік сферасының қалыптасуына, оның көркемдік және тұлғалық дамуына әсер ету жолдары анықталған. Авторлар музыкалық қабылдау мен ойлаудың бейнелік-эмоционалды бірлігі заңын, оқудағы сана мен белсенділіктің біртұтас заңдылығын музыкалық білім беру процесінде қиялды ойлауды дамытудың негізі ретінде қарастырды. Музыкалық сабақтарда бастауыш сынып оқушыларының эмоционалды-бейнелі ойлауын дамыту әдісі ретінде қабылдау мен ойлаудың қатарларын қалыптастырып нығайтатын музыка мен сурет өнерінің көркемдік интеграциясы ұсынылады. Музыкалық-дыбыстық, музыкалық-интонациялық образдың көрнекі бейнемен интеграциясы көркем және концептуалды көріністердің кеңеюі аясында, студенттер әртүрлі қабылдаған және түсінетін музыканың мазмұны мен мағыналарының аймағы ретінде қарастырылады. Мысалдар ретінде А.Ф. Гедикенің және Д.Б. Кабалевскийдің фортепианолық туындылары қолданылды.

Түйін сөздер: бейне, эмоциялар, бастауыш сынып оқушылары, музыка, фортепиано, сабақ, әсер

Б.М. Бекмухамедов¹, М.Мұхади²

¹доктор педагогических наук, член-корр.МАНПО, член-корр.РАЕ, засл. деятель науки и образования РФ, Казахский национальный педагогический университет имени Абая, Казахстан, г. Алматы, e-mail: bm_bekmu@mail.ru

²студент, Казахский национальный педагогический университет имени Абая, Казахстан, г. Алматы, e-mail: muhadieva79@mail.ru

ЭМОЦИОНАЛЬНО-ОБРАЗНОЕ ВОЗДЕЙСТВИЕ ФОРТЕПИАННЫХ ПЬЕС НА УРОКАХ МУЗЫКИ

Аннотация

В статье рассматриваются проблемы эмоционально-образного воздействия фортепианных произведений на учащихся в процессе общего музыкального образования.

Авторы раскрывают функции музыкального образа в музыкальном сознании и деятельности. Определяются особенности воздействия музыкального образования на формирование образной сферы

человека, его художественное и личностное развитие. Основами развития образного мышления в процессе музыкального воспитания, авторы считают закон образно-эмоционального единства в музыкальном восприятии и мышлении, закон единства сознания и деятельности в обучении. В качестве метода развития эмоционально-образного мышления учащихся младших классов на уроках музыки предлагается художественная интеграция музыки и рисунка, в процессе восприятия которых происходит формирование ассоциированного ряда в мышлении. Интеграция музыкально-звукового, музыкально-интонационного образа с визуальным, рассматривается в контексте расширения художественно-понятийных представлений, как области смыслов и значений музыки, по-разному воспринимаемой и понимаемой учащимися. В качестве примеров были использованы фортепианные произведения А.Ф. Гедике и Д.Б. Кабалева.

Ключевые слова: образ, эмоции, учащиеся начальных классов, музыка, фортепиано, урок, воздействие

В.М. Bekmukhamedov¹, М.Мухаді²

¹doctor of Pedagogical Sciences, corresponding member of IANPO, corresponding member of RAE, Honored Worker of Science and Education of the Russian Federation, Kazakh National Pedagogical University named after Abai, Kazakhstan, Almaty, e-mail: bm_bekmu@mail.ru

²student, Kazakh National Pedagogical University named after Abay, Kazakhstan, Almaty, e-mail: muhadieva79@mail.ru

EMOTIONALLY IMPACT OF PIANO PLAYS IN MUSIC LESSONS

Abstract

The article discusses the problems of the emotionally-shaped impact of piano works on students in the process of general musical education.

The authors reveal the functions of a musical image in musical consciousness and activity. The features of the impact of musical education on the formation of the figurative sphere of a person, his artistic and personal development are determined. The authors consider the law of figurative-emotional unity in musical perception and thinking, the law of unity of consciousness and activity in learning to be the foundations of the development of imaginative thinking in the process of musical education. As a method for the development of emotional-figurative thinking of elementary school students at music lessons, an artistic integration of music and drawing is proposed, in the process of perception of which the formation of an associated series of thinking takes place. The integration of a musical-sound, musical-intonational image with a visual one is considered in the context of the expansion of artistic and conceptual representations, as an area of meanings and meanings of music, differently perceived and understood by students. As examples, the piano works of A.F. Gedike and D. B. Kabalevsky were used.

Keywords: image, emotions, elementary school students, music, piano, lesson, impact

Музыка – мәдениетіміздің ажырамас бөлігі. Ол адамның ой-санасы жасайтын образдарды ғана емес, сонымен бірге адамдардың тарихы мен адамгершілік құндылықтары туралы баяндайды. Музыканың ерекше және өзгеше құбылыс ретінде адамға эмоционалды әсер ететіні белгілі [1]. Біз музыканың эмоционалды әсерін белгілі бір дәрежеде жануарлармен болған мысалдардан көре аламыз. Алайда, тек эмоционалды түстерге тән адам ғана, музыканы саналы түрде сезінеді және оның соншалықты бай психологиялық әсерлердің палитрасын ұтымды қолдана алады.

Табиғатта әмбебап бола отырып, музыка кез-келген тапсырманы оңай жеңе алады. Ол біздің көңіл-күйімізді басқарады, аурудан кейін күш-қуат береді, депрессия мен қайғы-қасіреттің салдарын жеңуге көмектеседі. Балалардың дамуында музыка ерекше рөл атқарады, өйткені ол болашақ тұлғаның негізін салуға қатыса алады [2]. Есту, сөйлеу, жанашырлық, зейін, ақыл – музыка тікелей әсер ететін бірнеше компоненттер.

Музыканың құдіреті ғасырлар бойы белгілі болған. Ежелгі дәуірден бері әлемнің әр түкпірінен аналар өз сәбилеріне арнап бесік жырын айтады. Өндер халықты жұмыстағы ұзақ кештерге, ал жауынгерлік гимндер жауынгерлерді жеңіске шақырды. Қарапайым қоғамдарды зерттеу көрсеткендей, абстрактілі ойлау, эмпатия және сұлулық сезімі үшін жауап беретін мидың сол бөлігінің тез дамуына әкелген музыканы жариялау және тыңдау мүмкіндігі.

Осы саладағы зерттеулер көрсеткендей, музыканың эмоционалды әсерінің табиғаты әр түрлі адамдарда жақсы анықталған психологиялық заңдылықтарға ие. Музыканың тыңдаушыларға әсер ететін эмоционалды әсерін мамандар ұзақ уақыт бойы зерттеп келген. Американдық музыка теоретигі Джеральд

Левинсон, өзінің экспрессивтілігімен, музыкалық тіл қарым-қатынастың бірдей белгілері, сонымен қатар қарапайым, тұжырымдамалық тіл деп санайды.

Өздеріңіз білетіндей, біздің барлық эмоцияларымызды сөзбен білдіру мүмкін емес – адамның эмоцияларының спектрі соншалықты кең, сондықтан біз көбінесе оларға анықтама бере алмаймыз. Бірақ біз оны бастан өткере аламыз. Міне, өнер өзін-өзі көрсетудің тәсілі ретінде құтқаруға келеді. Музыкамен арт-терапия – бұл бұрыннан дәлелденген әдіс.

Сонымен бірге музыка әлдеқайда күшті эмоционалды зарядқа ие. Музыканың адамның жүйке жүйесіне әсері эксперименталды ғана емес, іс жүзінде де дәлелденді. Мұңды әуеннің ішкі күйде қалай көрінетіні бәрімізге белгілі: адамның тыңдауына дейін күйіне байланысты депрессия, депрессия, апатия деген сезім бар. Бақытты болу мотивтері сонымен бірге әл-ауқатты эмоционалды ғана емес, сонымен бірге физикалық деңгейде де жақсарта алады. Бірақ сіздер білетіндей, барлық адамдар әртүрлі, және әр адамның жеке-жеке қолайлы музыканың көмегімен көңіл-күйді жақсартудың көптеген әдістері болуы мүмкін. Кейде қызықты жағдайдан аман қалу үшін жеткілікті уақыт қажет болады, ол әуен тыңдаумен бірге көңіл-күйді көтереді, содан кейін қайтадан пішінге – көтеріңкі күйде, сүйікті оптимистік тректің дыбыстарына дейін жетеді.

Сонымен қатар, тиісті эксперименттер көрсеткендей, музыкалық тілдің барлық элементтері эмоционалды әсер етудің айтарлықтай әлеуетіне ие: әуен, үйлесімділік, ырғақ, тембр, көлем, текстура, темп және т.б.

Музыканың адамның психикалық және физикалық жағдайына айтарлықтай әсер ететіндігін алғашқылардың бірі болып грек ғалымы және философы Пифагор айтқан. Ямвлихтың «Пифагорейлік өмір сүру туралы» еңбегінен көрініп отырғандай, егер біреу «әдемі ырғақ пен әндерді тыңдайтын болса, онда мұндай адам музыкалық білімін адамгершілік пен құмарлықтардан арылатын және ақыл-ой күштерінің бастапқы үйлесімі болатын әуендер мен ырғақтардан бастайды» [3]. XII ғасырдағы армян емшісі Мхитар Гераци музыкалық терапияның маңызды оң рөлін атап өтті.

XIX ғасырда француз психиатры Эскироль психиатриялық мекемелерде музыкалық терапияны қолдана бастады. Музыкалық терапия Бірінші дүниежүзілік соғыстан кейін одан әрі тарала бастады. 1930 жылдары әскери дәрігерлердің тәжірибесін неміс терапевтері асқазан жарасын емдеуде, Швейцария – жұмсақ туберкулезді емдеуде қолданды. Австриялық акушерлер музыканы анестезирленген босануды қолданады. Музыканы және дыбысты анестезия ретінде пайдалану стоматологиялық және хирургиялық тәжірибеде қолданыла бастады. Мұның бәрі Екінші дүниежүзілік соғыстан кейін музыкалық терапияның дамуына негіз болды.

XX ғасырдың екінші жартысында музыкалық қабылдау процесінде организмде болатын физиологиялық реакцияларды зерттеудегі техникалық мүмкіндіктер едәуір артты. Музыка барлық өмірлік физиологиялық жүйелердің жұмысына, әртүрлі физиологиялық процестердің қарқындылығына, тыныс алу мен жүрек-тамыр жүйесіне, қан айналымына, тіпті белгілі бір гормоналды және биохимиялық өзгерістерге әкелетіні көрсетілді.

Бірақ музыка балаларға қалай эмоционалды әсер етеді? Ересектер мен балаларға бұл әсердің өзіндік ерекшеліктері бар ма екен және олар неден тұрады?

Қазіргі музыкалық психологтар бұл әсерді тексерудің тиімді әдістерін ойлап тапты. [4, 47-56 б.; 5].

Қазіргі уақытта музыканың эмоционалды әсерін түсіндірудің екі тәсілі бар: «танымдық», яғни, «когнитивтік» [6,78 б.] және «эмотивистік». Танымдық ғалымдар музыка тек эмоцияларды жасанды түрде «модельдей алады» дейді. Алайда эмотивистер музыка тыңдаушыларда пайда болатын эмоционалды реакциялардың шынайы екенін айтады.

Өнер ретінде музыка барлық әрекеттердің бірлігі нәтижесінде туады және өмір сүреді. Олардың арасындағы байланыс музыкалық бейнелер арқылы жүреді [7, 12 б.]. Музыкалық әсер мен шығармашылық қиялдың әсерінен композитордың ойында музыкалық образ пайда болады, ол кейін музыкалық шығармада енеді [8].

Музыкалық бейне – бұл сезім, ойлар, бір немесе бірнеше адамның іс-әрекеті, табиғаттың кез - келген көрінісі, адамдардың өмірініңдегі оқиғалар – сазды шығарманың негізгі идеясы. Жалпы, бір образға негізделген музыка, музыкада сирек кездеседі [9]. Кішкентай пьесаны немесе кішкене фрагменттерді бейнелі мазмұн бойынша біркелкі деп санауға болады.

Пьесалар шағын көлемді болса да, оның бейнесінде таңқаларлық жағдайлар көп кездеседі. Композитор өзінің бүкіл жан дүниесін, ойын, қиялын барлық күшін бір кішкентай шығармаға жұмылдырады. Музыкалық бейнелер жүйесі ең алдымен адам өмірінің тәжірибесіне әсер етеді, тыңдаушылардың санасы мен жүрегіне белгілі бір ойлар мен сезімдерді оятады. Музыканың көркемдеуші құралдары: әуен, динамика, ырғақ, лад және т.б. Осы көркемдеуші құралдар арқылы біз әуеннің мән-мағынасын, әуен қандай тақырыпқа

арналып тұрғанын және осындай көркемдеуші құралдар арқылы ғана біз әуеннің образын аша аламыз. В.Сухомлинский «Әлемде тек қажет және пайдалы ғана емес, сонымен қатар әдемілікте бар. Адамның өмірі қуанышқа толы, өйткені ол жапырақтардың сыбырлауы мен шегірткенің әнін, көктемгі өзеннің сыбырлауын, қарлы борандар мен дауылдардың, түннің үнсіздігіне құлақ асып, тыныштықты естіп жүздеген және мыңдаған жылдар бойы өмірдің керемет музыкасын тыңдайды» – деген болатын [10, 115 б.]. Өмірдегі оқиғалардың, табиғат құбылыстарының немесе адам жанының қозғалыстарының дамуында сирек бір ғана сызық, бір көңіл-күй болады, сондықтан музыканың дамуы бейнелі байлыққа, әртүрлі мотивтердің, жағдайлар мен тәжірибелердің араласуына негізделген.

Әдетте, пьесаның ұзақтығы оның бейнелік құрылымының ерекшелігімен тығыз байланысты: кішігірім пьесалар әдетте бір бейнелі сфераға жақын, ал үлкендері ұзақ және күрделі бейнелік дамуды қажет етеді. Бұл табиғи: әр түрлі өнер түрлеріндегі барлық негізгі жанрлар, әдетте, күрделі өмір мазмұнын бейнелеумен байланысты; кейіпкерлер мен оқиғалардың көп саны оларға тән, ал кішкентайлары әдетте белгілі бір құбылысқа немесе тәжірибеге ауысады. Бұл, әрине, үлкен шығармалар үлкен тереңдік пен маңыздылықпен ерекшеленеді дегенді білдірмейді, көбінесе тіпті басқа мағынада: кішкентай пьеса, тіпті жеке мотив те кейде адамдарға әсерін одан да күшті және тереңірек айта алады.

Музыкалық шығарманың ұзақтығы мен оның бейнелік құрылымының арасында терең байланыс бар, ол тіпті шығармалар атауларында кездеседі, мысалы, «Соғыс және бейбітшілік», «Спартак», «Александр Невский» кең көлемде (опера, балет, кантата) кең ауқымды көріністі ұсынады. Шағын көлемді, бірақ шығармалардың бейнесінде таңқаларлық жағдайларды орыс композиторлары жазған. Глинка, Мусоргский, Лядов, Рахманинов, Скрябин, Прокофьев, Шостакович және басқа да көрнекті композиторлар музыкалық бейнелер жиынтығын жасаған.

Музыкалық образ әрдайым нәзік лирикалық сезімдерді бейнелеумен байланысты емес. Өнердің басқа түрлеріндегідей, образдар тек лирикалық ғана емес, кейде күрт драмалық, қақтығыстарды, қайшылықтар мен күйзелістерді білдіреді. Өмірдің үлкен мазмұнының көрінісі эпикалық образдарды тудырады, олар әсіресе күрделі және көп қырлы. Музыкалық образ – бұл музыкалық интонацияда айтылатын тірі, жалпыланған шындық идеясы. Көркем образ – бұл шындықтың сипатталған құбылысын барынша ашу үшін өнер туындысының авторы жасайтын сурет. Көркем образдарда адамның рухани әлемінің әр түрлі қырлары, оның қоршаған өмірдің алуан түрлі құбылыстарына қатынасы ашылады.

Баланың бойында музыкалық қабілет жас кезінен басталады. Мектеп жасына жеткен бала психологиялық түйсіну мен музыканы көз алдына елестетуді біршама меңгеріп шығады [11; 12]. Оның бойында музыкаға деген өзіндік ой саналық және сезімдік тұрғыдағы қарым-қатынас қалыптасады.

Музыкалық тілдің бай мүмкіндіктерін пайдалана отырып, композитор белгілі бір шығармашылық идеяларды, сол немесе басқа өмірлік мазмұнды қамтитын музыкалық образ жасайды.

Музыкалық сана құрылымының ең негізгі және орталық бөлігі - дыбыс бейнесі. Кез келген процесте дыбыс – бұл басты бейне болып табылады. Сондықтан музыкалық санада музыкалық образ арқылы музыкалық қабылдау, бағалау, әрекет, кез-келген сезімталдық, рух процесінде ешқандай құбылыс болмайды. Сондықтан өнер адамы (сазгер, ақын) көркем бейнені, көркем сурет пен көрінісітер арқылы жеткізеді.

Музыкалық образға тән қасиет – жалпылау. Автор музыкалық бейнені қалыптастырады, содан кейін орындаушы жасаған музыкалық-интонациялық процесс көркем образға ендіреді. Олардың өзара әрекеті қабылдау, санаға, субъектінің қабылдаушы органдарының қасиеттеріне байланысты, бұл тұрғыда олар модальді, яғни субъективті болады.

Музыкалық образ музыкалық өнерді әлеуметтік және мәдени болмыстың көрінісі мен танымының барлық басқа түрлерінен ерекшелейді. Сондықтан музыканттардың музыкалық сурет – музыканың жүрегі, ал музыкалық өнер – музыкалық образдармен адамның ойлауының көрінісі екендігі туралы баяндайды. Қазіргі кезеңде заманауи музыкалық бейненің ерекшелігі мен қасиеттеріне әсер ететін көптеген зерттеу материалдары музыкалық теория мен практика арқылы жинақталған.

Ал біздің бүгінгі алып отырған пьесаларымыз А.Ф. Гедикенің «Пьеса №17, a-moll, op.6» және Д.Б. Кабалевскийдің «Клоуны» атты бастауыш сынып балаларына арналған шығармалар. Біздің алып отырған пьесаларымыз көркем сурет, қиялдау, яғни образдарға байланысты болғандықтан, балалардың ішкі жан дүниесіне өте жақын. Біздің ойымызша бұл шығармалар образдық бейнелік әлеуетіне қарасақ балалардың өздерінің жастарына байланысты образдық қасиеттері өте айқын бейнеленген. Яғни бұл бір жағынан үрей, екінші жағынан көңілді екеуі бір-біріне қарама-қайшы келеді. Сондықтан да біз балаларға салыстырмалы түрде қабылдауға ыңғайлы болады деп, біз осы шығармаларды алып отырмыз. Басқа шығармалар алатын болсақ, оларда жоқ емес, бар, бірақ кейбір шығармалар, біздің ойымызша, балалар-

дың қабілетіне кішкене күрделірек сияқты. Біздің алып отырған шығармалардың образын балалар бірден-ақ түсінбеуі де мүмкін. Сондықтан да біз түсінікті болу үшін балаларға сурет арқылы көрнекіліктермен көрсететін болсақ, соған қарап түсінеді деп үміттенеміз. Сабақ үрдісі қызықты болу үшін оқушының шығармашылық ойлау қабілетін арттыру, оқушылар сабаққа жақсы араласып, сабақта әртүрлі оқыту әдістерін қолдану, оқытушы үшін маңызды мәселелер.

Балаларға бірнеше сурет көрсетіп, сол суреттердің қайсысы біздің шығармалардың образына келетінін сұраймыз. Біреуі қараңғы орманды елестететін болса (1 сурет), ал кейбіреулері басқа нәрсені елестетеді (2,3,4 суреттер). Мысалы, келесі төрт суретті қарастырсақ:



1 сурет – «Желсіз түнде жарық ай»



2 сурет – «Украин халық биі»



3 сурет – «Клоун»



4 сурет – «Бесік жыры»

Бірақ көбі ормандағы қараңғы суретті таңдады. Кейбіреулері қорқады сондай эмоциямен күресу, жеңу мақсатында өткізсек балаларда азда болса қорқыштарын жеңу мүмкін.

Шығармаларды талдауға келетін болсақ, біз оны екі тұрғыдан қарастырдық:

- форма
- ырғақ

А.Гедикенің «№17 Пьеса ор. б» пьесасы – ол балардың қабылдауына жақын «қарапайым үш бөлімді форма», яғни, «А», «В», «А» буындардан тұратын структура. Форма жағынан балаларға жеңіл, ыңғайлы. Үндестік пен (тональность) эмоциялардың арасында тікелей байланыс жүйесі табылса, бірінші мен үшінші буындары а-толл-де, яғни, үрейлі, қорқынышты болатын болса, ортасы, - «В» буыны А-dur, көңілді, күн сәулесі бар сияқты бейне.

Келесі элементінде адамның сыртынан қарап тұрған сияқты көзге көрінбейтін, жасырын бейне болып тұрады. Көзге көрінбейтін дүние әлбетте қорқынышты болып тұрады. Егер де көзбен көретін болса, оның не екенін көргеннен кейін қорқынышы сейіледі. «В» буынында біз екі бейне алып отырмыз. Бұл жердің образы кенеттен жарық сәуле пайда болып, алдыңнан жол табылған сияқты күйге бөлейді. Яғни, бұл жерде олар бір-біріне қарама-қайшы болып тұр. Бірақ өткен шақты қайта еске түсіріп, қайтадан бастапқы образға келеді.

Д.Кабалевскийдің «Клоуны» пьесасы көңілді, қуанышқа бөлейді. Бастапқы кезде біз балаларға шығарманың атын айтпай, оны тыңдатқызып, образға келетін бірнеше суреттер көрсетеміз. Яғни, балалар

көрнекіліктерге қарау арқылы пьесаның не туралы екенін бірден түсініп, қабылдайды. Жалпы пьеса а-молл жазылған бірақ А-dur да аяқталып тұр. Әуені ойнақы, жаңылпаш секілді жеңіл, жігерлі дыбыстардың сүйемелдеуімен жасалған. Қарапайым үш бөлімді. Шағын болғанмен ортаңғы бөлімінде (6 сурет) кішкене өзгеріске ұшырайды. Мұндай жерлерді балаларға екі клоунның бір-бірімен ұрысып, кейін қайта татуласқанымен ұштастырып түсіндірсек болады (5, 7 суреттер).



5 сурет – «А» буыны



6 сурет – «В» буыны



7 сурет – «А» буыны

Келесі А.Ф. Гедике пьесасында шығарманың ортаңғы бөлімнің бейнелік структурасын айта кететін болсақ А-dur-дан басталаннан кейін біз көңілді, қуанышты қалыптарын көрсетіп отырмыз. Тек бұл шығармаларда ғана емес, басқа шығармаларды да осылай түсіндірсек, балалардың түсінуі жеңіл болар еді. Яғни визуалдық тәсілмен түсіндірсек балалардың 100%-ы түсінеді.

Шығарманың ырғақты ерекшеліктеріне тоқталсақ, ырғақ көркемдік құрал ретінде музыкалық образдарды айқындауда маңызы бар. Ырғақты балаларға таяқшалармен, яғни визуалдық тәсілдермен түсіндіреміз. Бұл жерде негізгі жігер беретін бірінші тактының ырғағы балалардың бойында көңілді емес, лирикалық образға жатпайтын керсінше үрейге, мазасыздық образға келетін сияқты. Оның қалай өзгергенін динамикасы жағынан алып көрсетуімізге болады. Ең біріншісін қарасақ – қарапайым. Ешқандай үрей, қорқыныш жоқ. Келесіде эмоционалдық түрі жағынан кішкене өзгерген. Үшіншіден, мазмұны бар динамикалық жағынан өзгеріп, жаңбырдың белгілері бар образ. Осылай динамикасы жағынан күшейтіп, фондарын өзгертетін болсақ, балалардың біразы күйзеліс жағдайына түсуі мүмкін. Шығарманың динамикасына қарасақ, «f» көрсетілген жерді «P» ойнасақ, әлбетте қорқынышты болмауы мүмкін. Ал «f» ойнасақ әрине балалар күйзеліс жағдайына ұшырайды. Балаларға түсінікті түрде біз осылай визуалды суреттер, мысалдар көрсететін болсақ, балалар сонда ғана тез түсінетініне біздің көзіміз жетті.

Қорыта келгенде, шығарманың бейнелік әлеуетін түсіндіру үшін екі деңгейін алып отырмыз: **форма және ырғақ**.

Бастауыш мектептерде музыка сабағын оқуға жүйесіне көптеген өзгерістер, жаңалықтар енгізіліп, авторлық бағдарламалар, әдістемелік жинақтар шығармашылық ізденіспен дамып келеді.

Музыка пәні мұғалімдерінің міндеті-шәкірттерін музыка өнерінің сарқылмас қазынасының ең асылдарын ала білуге тәрбиелеу. Көркем образды бейнелеудегі жетістікке жету үшін оқушының музыкалық қабілетін, ақыл-ойын, музыкаға деген эмоционалды реакциясын және дыбыс шығару техникасын жетілдіріп отыру қажет. Ол пьесаның мазмұны мен образдары қызықты болу керек сонда ғана, шығарманың көркемдік бейнесін дәлірек түсінеді.

Балалардың қабылдау психологиясының ерекшелігіне байланысты барлық деңгейлер визуалдық тәсілдер арқылы жеткізілуі тиіс. Осындай тәсілдер және мысалдар арқылы біз кез келген шығарманың мазмұнын, идеясын аша аламыз. Және де шығармалар оқушыларды ойлай білуге, музыка әуені арқылы берілетін музыкалық бейнелерді қиялдап сезініп, жан дүниесімен түсініп білу қабілетін, ырғақты сезінуге үйретеді.

Әдебиеттер:

1. Зубарева Н.Д. Развитие образного мышления на уроках музыки (из опыта работы)// http://www.lycee6.ru/wp_li6/wp-doc/razv.obr.mish_zub519.pdf

2. Козлов Н.И. Особенности развития музыкального мышления как проблема подготовки будущих учителей музыки // <https://monographies.ru/ru/book/section?id=6356>
3. <http://logswenet/fcn.php?36>.
4. Hunter P. G., Schellenburg E. G., Schimmack U. "Feelings and perceptions of happiness and sadness induced by music: Similarities, differences, and mixed emotions". // *Psychology of Aesthetics, Creativity, and the Arts*. 2010. Vol. 4: p. 47–56.
5. Larsen, J. T.; Stastny B. J. *It's a bittersweet symphony: Simultaneously mixed emotional responses to music with conflicting cues*. // *Emotion*. 2011.
6. Бекмухамедов Б.М., Турлыбаев А., Камитова С. К вопросу взаимосвязи познавательных и креативных способностей учащихся на уроках музыки // *Вестник КазНПУ имени Абая. Серия «Художественное образование: искусство – теория – методика»*. – Алматы, 2017. - № 3 (52). – 194 с.
7. Морозова Н.В. О развитии образного мышления школьников в процессе музыкального образования // *Музыкальное искусство и образование*. – 2017. – № 4.
8. Ли Хай. *Воспитание музыкального мышления у детей старшего школьного возраста средствами ансамблевого музицирования в классе фортепиано*. – дисс. ... к.п.н. – М., 2017. – 125 с.
9. Томилова Т.В. *Музыкальное восприятие и образное мышление детей младшего возраста: Методическая разработка*. – Карпогоры, 2015. – 13 с.
10. Сухомлинский В.А. *Как воспитать настоящего человека: (Этика коммунистического воспитания)*. Педагогическое. – М.: Педагогика 1990. – 288 с.
11. Нарикбаева Л.М. *Исследовательское обучение в современном школьном образовании* // *Вестник КазНПУ имени Абая. Серия «Художественное образование: искусство - теория - методика»*. – Алматы, 2015. – № 2.
12. Расторгуева Е. *Развитие образного мышления дошкольников в процессе инструментальной подготовки (в условиях детского сада с эстетическим уклоном)* // Автореф. бакалаврской работы направления «Педагогическое образование», профиля «Музыка» Института искусств. – Саратов, 2016. – 13 с.

ӘОЖ 378.02
МРНТИ 14.35.07

С.Б. Бәрібаев¹

¹ Абай атындағы ҚазҰПУ-нің Өнер, мәдениет және спорт институтының
«Музыкалық білім және хореография» кафедрасының доценті,
Алматы қ., Қазақстан

МУЗЫКА МҰҒАЛІМІН ДАЯРЛАУДА БАЯН (СЫРНАЙ) АСПАБЫН ОҚЫТУДАҒЫ ҚОЙЫЛАТЫН НЕГІЗГІ ТАЛАПТАР

Аңдатпа

Мақалада баян(сырнай) аспабын педагогикалық университеттердің музыкалық факультеттерінде студенттерді оқытудың негізгі талаптары және практикалық дәріс беру кезінде орындалу жағымен автор өзінің жеке ой-пікірімен, үйрету жолдары туралы түсінік берген.

Оқу процесінде кездесетін кейбір техникалық қиындықтарды керекті жаттығулар, дұрыс аппликатура таңдай біліп, динамикалық белгілерді пайдалану арқылы музыкалық шығарманың мазмұны мен мағынасын дұрыс жеткізе үйретудегі қойылатын мәселелер жағы қарастырылған. Сонымен қатар музыка мектеп оқушыларымен, студенттердің жас ерекшеліктерін көрсете отырып, оқу бағдарламаларының орындалу айырмашылығына назар аударылған. Бастапқы кезде әрбір студенттің аспапты дұрыс меңгеру дағдыларын, керекті репертуар таңдап, оны үйрету әдістері көрсетіліп, аралық бақылау, емтиханда орындалатын шығармалардың студенттерге лайықтылығын қарастыра отырып, олардың ой-өрісін өсіру жағы туралы мағлұмат берілген. Студенттерді оқытуда педагогтік салада көп жылдар бойы еңбек етіп атқарып келе жатқан майталман ұстаздардың жазған ғылыми еңбектері, олардың жазған ғылыми-әдістемелік оқу құралдары туралы қысқаша мәлімет қаралған. Қазіргі кездегі Қазақстандағы жоғары оқу жүйесіндегі

музыкалық білім беру саласының болашағы туралы автордың өз көзқарасы, кездесетін қиындықтарды дұрыс жолмен шешу жағы көрсетілген.

Кілт сөздер: баян (сырнай) аспабы, талаптары, аярылығы, бағдарламасы, оқу жинағы, оқу процесі, әдістер, тәрбие.

Барыбаев С.Б.¹

¹ доцент кафедры «Музыкального образования и хореографии»
Института искусств, культуры и спорта КазНПУ им.Абая,
г. Алматы, Казахстан

ОСНОВНЫЕ ТРЕБОВАНИЯ, ПОСТАВЛЕННЫЕ ПРИ ПОДГОТОВКЕ И ОБУЧЕНИИ УЧИТЕЛЯ МУЗЫКИ ПО ИНСТРУМЕНТУ БАЯН (СЫРНАЙ)

Аннотация

В данной статье рассматриваются основные требования в подготовке и обучении студентов музыкальных факультетов, педагогических университетов на инструменте баян (сырнай), а так же автор делится своими личными мнениями в практической работе над выполнением поставленных задач. Рассматриваются задачи преодоления технических трудностей путем применения техническими упражнениями, верным подбором аппликатуры, динамических знаков в процессе учебы над правильным освоением и раскрытием содержания и значения исполняемых музыкальных произведений. Так же в статье уделяется внимание выполнению учебной программы и учитывается разница в возрасте между учениками музыкальной школы и студентов. В статье дается рекомендации в начальном периоде обучения к каждому студенту для правильном владения инструмента, правильном подбором учебным репертуаром, при сдачи рубежных и контрольных экзаменов. Так же приведены примеры деятельности педагогов и их научные труды в накоплении педагогического репертуара для обучения подрастающего поколения учащихся и студентов. Рассматривается система обучения высшего образования в Казахстане, будущее музыкального образования, правильного пути решения, также встречающиеся трудности при обучении студентов.

Ключевые слова: баян, требования, программа, подготовка, учебное пособие, учебный процесс, методы, воспитание.

S.B. Baribaev¹

¹ Associate professor, the Department of Musical Education and Choreography of the Institute of Arts, Culture, and Sport of the Kazakh National Pedagogical University named after Abay, Almaty, Kazakhstan

MAIN REQUIREMENTS SET FOR THE TRAINING AND PRE-SERVICE TRAINING OF THE ACCORDION (SYRNAI) MUSICAL INSTRUMENT TEACHER

Abstract

This article reviews main requirements for the teaching under the pre-service training of the students playing an accordion (syrnai) at the departments of music of the pedagogical universities. Also the author shares his personal opinion on the practice tasks to achieve the goals. This article reviews issues on overcoming technical challenges by using technical tasks, by correct choice of application, by dynamic signs of the teaching process to acquire the skills and cover content and meaning of the musical works. Also the article pays attention to steps on completing the curriculum program, to an age difference between students of children's musical schools and musical colleges, and to focusing on each students needs at the start of the teaching process for proper playing on the musical instrument and for appropriate selection of repertoire for passing milestone tests. In addition, the article draws examples on the music teachers and their works in compiling a repertoire for teaching the young generation of students. The article reviews the system of the higher education in Kazakhstan, future developments of the musical education, suggestions on overcoming challenges in teaching music students.

Keywords: accordion, music, requirements, program, preparation, learning materials, learning process, future, methods, education.

Қазіргі жоғарғы педагогикалық оқу орындарының музыка факультеттерінде жалпы мектептердегі ән-күй мұғалімін даярлау сапасын арттыру мақсатында білімдіде білікті болашақ маман даярлаудың жаңа жүйесінде: студенттерді неге оқыту, қалай оқыту, қандай талаптар қойылатыны ең басты мәселенің бірі деуге болады. Сондықтан музыкалық-педагогика факультеттерінің алдына бүгінгі таңда қойылып отырған келесі міндеттердің бірі, жан-жақты даярлығы бар музыка сабағының мамандарын даярлау. Музыка мамандарын даярлауда оқу процесі бойынша өтілетін көптеген пәндерден, студенттер негізгі музыкалық аспап баян-аккордеон, домбыра, фортепиано, қобыз мамандықтарынан дәріс алады. Солардың ішінде баян-аккордеон аспабында оқытудың тәсілдері арнайы бекітілген оқу жоспары мен типтік бағдарламаға кірген оқу пәні ретінде жүргізіледі. Қазіргі таңда баян-аккордеон аспабы Республикамыздың түкпір-түкпірінде кең таралғаны айқын. Атап айтсақ, баян (сырнай) аспабы ежелден бері қазақтың музыкалық дәстүріне кеңінен қолданылып келе жатыр. Осы аспапты сол заманның көрнекті дәстүрлі халық сазгерлері: Шашубай Қошқарбаев, Нартай Бекежанов, Майра Шамсутдинова және басқалары өз өнерлерімен халық алдында үлкен беделге ие болған. Бертін келе барлық облыс, қала, райондарда музыкалық мектептер ашылып, баян-аккордеон аспабында оқыту жүйесі үлкен жолға қойыла бастады. Қазіргі кезде барлық облыстардың музыкалық колледждерінде баян-аккордеон аспабынан дәріс беріледі. 1960 жылдардың басында Алматы мемлекеттік консерваториясында баян-аккордеон классы ашылып, оған Москва мемлекеттік Гнесин атындағы музыкалық-педагогикалық институтының түлегі Ф.В. Легкунец дәріс бере бастады. Сондай-ақ қазіргі кезде Астана өнер университетінде, педагогикалық университеттермен, педагогикалық, мәдени-ағарту колледждерінің музыка бөлімдерінде баян-аккордеон аспабында шәкірттер дайындайды. Қазіргі таңда баян-аккордеон аспабында орындаушылық және оқыту жүйесі жоғары кәсіпқой деңгейге жетіп, үлкен сатыға көтерілді. Атақты педагогтар, баянист, профессорлар П.А. Говрушко, А.И. Алексеевтер зерттеп жазған еңбектері: «Прогрессивная школа игры на баяне», «Методика преподавания игры на баяне» және т.б. оқулықтарға жүгіне отырып, баян-аккордеон аспабын оқыту дағдыларын студенттермен жұмыс жасау кезінде үйреншікті формалармен, методтармен шектелмей, болашақ педагогтар даярлайтын жаңа шешім табуға мүмкіндік іздестіру қажет [1]. Бүгінде жоғарғы оқу орындарының музыка факультеттерінде ән-күй мұғалімін дайындау сапасын көтеру ісі ең басты мәселелерінің бірі. Ол мамандардың іскерлігінің болашағы баян (сырнай) аспабын дұрыс меңгере білуінде деп айтуға болады. Практика жүзінде музыка факультетіне түсушілердің көбі дерлік музыка мектептерін бітірмеген ауыл балалары екенін былай қойғанда, олардың жас мөлшеріне сай орындаушылықты меңгеруге тежеу болатын, буындары қатып кеткен ересек жастар екенін айтып өткеніміз жөн. Ендеше, нота сауатын танымайтын студенттің оқып, білім алуында қарқынды өсіп, дамуына оқытушыдан алдыңғы қатарлы педагогикалық әдістемелерді қолданып отыруы бүгінгі оқыту талабына қойылған негізгі принципі болу қажет.

Баян (сырнай) аспабын болашақ музыка мамандығын таңдаған студенттер сабақ барысында оқып-үйрену кезінде оларға мынадай талаптар қойылады: оқу процессінде өтілетін шығармалардың мазмұнын ашу, формасы мен эстетикалық дәрежесін көрсету, шағын шығармаларды өздігінше нотамен оқи білу шарттары. Сонымен қатар студент жақсы концертмейтерлік шеберлікке ие болуы керек, мұнда музыкалық репертуарды оқу кезінде «шығармалардың музыкалық жағдайларына сәйкес саусақтар мен аудармаларды дұрыс қолдану» қарастырылады [2, с. 68]. Осыған байланысты айта кетерлік өзгешеліктің бірі, қазіргі кезде арнайы музыкалық мектептерде кәсіби баянисттерді даярлаудың оқуы ерте 8-9 жасынан басталады. Мұнда мұғалім оқушының техникалық және физиологиялық мүмкіндігіне байланысты оның орындаушылық дағдыларын бірте-бірте дамытады. Осыған орай мектеп оқушыларын аспапқа үйретуге бөлінген сағат мөлшерінің, жоғарғы оқу орнымен салыстырғанда көптігінде есепке алуымыз керек. Мысалы: арнайы музыка мектептерінде аспапқа оқуға апталық берілген 4-сағат мөлшері болса, жоғарғы музыкалық мамандарды оқыту аптасына 1-сағат мөлшерінде. Осы айырмашылыққа қарамастан студенттерді аспапқа үйрету және дұрыс өсу жолына лайықтап керекті репертуар таңдау педагогтан үлкен жауапкершілікті талап етеді. Алғашқы кезде студент баянды қолына алып, үйрене бастағанда көптеген қиыншылықты сезіне бастайды. Бұл оның жасөспірім сияқты кейбір орындауға қиын жерлерді саусақ жүрдектерінің әлсіреп, қатаюымен байланысты, кей жағдайда шығарманы жаттап алу да біраз қиындықтарды туғызады. Сондықтан алғашқы қадамдарынан бастап орындаушылық әдістер мен дағдылардың қажеттілігін саналы түрде түсініп, оны тезірек шешіп, музыкалық шығарманың мазмұны мен мағынасын дұрыс түсінуге тырысады. Оқуда ең шешуші факторлардың бірі студенттің талабы мен профессионализмге талпынысында. Осыған орай ересек адамдардың басқа жастағы адамдарға қарағанда музыкалық әдістерді еске сақтап, оны игеруінде, өзіндік спецификалық өзгешеліктер бар екенін көрсетеді, ал бұл педагогқа орындаушы музыкантты қалыптастыруда дұрыс жол табуға мүмкіндік береді. Сабақтың барысы мен бағыттылығы студенттердің психологиясын,

музыкалық, педагогтік қабілеттерін, жеке басының қасиеттерін танып білу қажеттілігінен туады. Сондықтан әрбір студентке дербес түрде келу баян классында оқу-тәрбиелеу жұмысын жоспарлау мен құруды ғылыми негізделген, оптималды амалдар мен нұсқалар тауып, жаңа шешім ойластыруға мүмкіндік береді. Аспапты жаңадан қолға алып, қысқа мерзім ішіне ойнаудың музыкалық мәнерлік әдістері мен тәсілдерін, профессионал орындаушы дағдыларын қысқа мерзім ішінде игеруге тиіс ересек студенттерді үйрету әдістемесінің ерекшелігі осымен аяқталады. Дайындықсыз келген студенттердің бірінші оқу курсы баян аспабын ойнай білу, үйретудің алғашқы кезеңі болып табылады. Ол келешек мұғалімді тиісті жүйеде қалыптастыруда бастапқы және маңызды міндетін атқарады. Сондықтан осындай қойылатын сұрақтарды шешу қажет:

1) Музыкалық-теориялық ілімінің негіздерін меңгеру. Мұнда баянның шығу тарихын, оның теориялық негіздерін біліп, дыбыс шығару спецификасының ерекшеліктерін түсіну, баянның түйме басқыш құрылысын және арналған ноталық графикалық ерекшеліктерін білу, сонымен қатар музыкалық сауаттылықты тереңдету дағдыларын қалыптастыру.

2) Орындаушылық қимыл-әрекеттердің тәсілдерінің негіздерін игеру. Саусақ, қолдың дұрыс қойылуы, орындаушылық дұрыс отыру.

3) Бастапқы оқудың ең қиын да күрделі шағы-орындаушылық дағдыларды игеру, оған мыналар кіреді:

а) клавиатураны меңгеру;

б) аппликатуралық жүйенің түр-түрін жаттау;

в) көркем образды әуен, саз үнін жеткізе білу;

г) орындаушылық әдістердің негіздерін жаттау, аспапта ойнағанда қол жүрісінің координациясын түсіну, саусақтар жүрдектілігінің қимылдық іс-әрекетінің дамуы.

4) Орындаудың амалдарымен, әдістерін игерумен қатар, шығарманың мазмұн, мағынасын аша отырып, музыканы мәнерлеп орындаудың түрлі тәсірлерін үйрену.

Музыкалық шығарманы орындау дегеніміз-аспапта ойнаудың әдіс-амалдары арқылы көркем образдың сырын ашып беру. Оқудың дәйектілігі дегеніміздің өзі осы амал-әдістердің жүйелі түрде біртіндеп жиналуында. Бұл бастапқы дайындықтың негізгі принциптерінің бірі. Жан-жақты ойластырылған және теңестірілген репертуардың негізі осы принципке байланысты деп есептейміз. Өкінішке орай, ұстаздардың оқу репертуарын тым күрделендіріп немесе төмендетіп жіберетін қатесіде осы принципті дұрыс сақтамағандықтың салдарынан туады.

Аспапты үйретуде бастапқы дайындықтың негізгі кезеңдерін осылай сипаттауға болады:

1) Орындаушының дұрыс отыруы мен аспапты дұрыс ұстауын қадағалау, осы дағдыларды күнделікті орындау.

2) Ноталық сауаттылықты арттыру бағытында күнделікті жұмыс атқарып, тез арада ұзақтығын, ноталардың дұрыс орналасуын, скрипка, бас кілтіннің айырмашылығын және ритмикалық санауларды дұрыс білу.

3) Музыкалық аспаптың үнін шығару тәсілдері нон легато, стаккато әдістерін игеріп, аппликатураның негіздерімен танысу, көрікпен жұмыс жасау дағдысын игеру.

4) Сол қол саусақтарын түймешіктерге икемді ұстап үйрену. Сүйемелдеудің дұрыс жолдарын жеткізу.

5) Жаттығуларды оң қолмен секіртпелі және арпеджиолық тәсілмен жүгізуді және оларды ауыстыру әдістерін меңгеру.

6) Динамикалық атауларының негіздерін білу: форте, пиано, меццофорте, крещендо, дименуэндо т.б. түрлері.

7) Оң қолдың ойнау қимылдарын жетелдету (гамма, арпеджио, аккорд) бірлік, сегіздік, он алтылық жылдамдықта 2-3 октава көлемінде орындалу.

8) Шағын пьесаларды, мектептегі оқу бағдарламасында орындалатын жеңіл әндерді екі қолмен ойнау дағдыларымен жұмыс жүргізу. Шамамен айтқанда 1-ші курс студенттерінің игеретін дағдыларының тізімі осындай.

Оларды игерудегі қойылған дұрыс талаптар жоғары музыкалық дайындықтың дәрежесін көрсетеді. Жоғарыдағы аталған міндеттерді студенттердің байыта ұғынуы, оқу-тәрбиелік жұмысының ұтымды ұйымдастырылуында. Негізгі музыкалық аспап классының оқытушысы тәрбие жұмысын түрлі формаларда жүргізуі қажет. Тәрбие жұмысының тиімді формасының бірі – класс жиналыстары. Онда оқытушы қоғамдық немесе мәдени өмірден қысқаша мәлімет беріп, пікір алмасады, класс студенттерінің жұмысына жан-жақты шолу жасайды (әсіресе ағымдық, аралық, қорытынды бақылаулық нәтижелері мен кемшілітері) туралы, түрлі концерттерге бару, аудио-бейне хабарлары мен таспа жазылымдарын тындау, сабақ уақытында кейбір шығармаларды оқытушының өзінің орындап беруі – осының бәрі студентті музыкалық зеректілікке ынталандырады, музыкалық ой-өрісін кенейтеді.

Педагогтік тәжірибе көрсеткендей, студенттің дамуына оқыту мен тәрбиенің негізі болып табылатын репертуарды тандап алудың тигізетін ықпалы зор. Студенттің оқу жоспары оның шамасына сай, оның жеке басының қасиеттерін жеделірек айқындап, анықтап әрі қарай дамуына жол ашатындай етіп жасаынуы тиіс. Оқытушының алдында тұрған мақсат неғұрлым студенттің қасиеттерін дамыту, бойында бар кемшіліктерінен арылу, әрбір студенттің ерекшеліктерін еске ала отырып жеке жұмыс жоспарын құру. Осының бәрі бүгінгі таңда музыка-педагогика факультеттерінің алдына қойылып отырған мақсат. Тек музыкалық қана емес, сонымен бірге мәдени ой-өрісі кең музыка сабағының білікті мамандарын даярлау міндетін шешуде зор ықпалын тигізбек. Қазіргі таңда студенттердің оқу бағдарламаларының қорын көбейту барысында педагогикалық салада көп жылдар еңбек атқарып жүрген оқытушылардың еңбектерін айтып өту керек. Бұл салада Қазақстандағы белгілі баян (сырнай) аспабының ұстаздары жемісті еңбектер атқарып, бірнеше оқу құралдарын шығарды. Солардың арасынан Д.Туяқбаев, А.Гайсиннің «Прогрессивная школа игры на баяне» [3], Б.Мұстафиннің жетекшілігімен жазылған «Сырнай, баян үйренудің бастапқы курсы» [4], С.Бәрібаевтың «Баянға арналған пьесалар» [5] т.б. оқулықтары мен оқу-әдістемелік оқу құралдарын атауға болады. Жоғарыда аталғандарды қорытындылай отырып, оқыту жүйесінің сапасын арттыру үшін болашақта, жоғары оқу орнының музыка сабағын өтуге берілген сағат санатының мөлшерін көбейтсе, студенттің орындаушылық шеберлігінің өсуі жақсы деңгейге артуы сөзсіз.

Әдебиеттер:

1. Алексеев В. Методика преподавания игры на баяне. – М., 1976.
2. Барыбаев С.Б., Барыбаева А.С. Формирование концертмейстерских навыков у будущего учителя музыки // Абай ат. ҚазҰПУ-ң «Хабаршы» журналы, «Көркемөнерден білім беру: өнер – теориясы – әдістемесі» сериясы. – 2016. – №2 (47). – С.68-71.
3. Гайсин А., Туяқбаев Д. Прогрессивная школа игры на баяне. – А., 1988.
4. Мұстафин Б.А. Сырнай-баян үйренудің бастапқы курсы. – Талдықорған, 2000.
5. Бәрібаев С. Баянға арналған пьесалар. – А., 2009.

ӘОЖ 378
МРНТИ 14.35.05

Қ.Б. Намазова¹

¹ профессор, Абай атындағы ҚазҰПУ, Өнер, мәдениет және спорт институты,
Алматы қ., Қазақстан

МУЗЫКАЛЫҚ БІЛІМ БЕРУ МӘДЕНИЕТТІҢ МАҢЫЗДЫ ТАРМАҒЫ ДӘСТҮРЛІ МУЗЫКАЛЫҚ МҰРАНЫ САҚТАУ

Андатпа

Музыкалық білім – қоғамдағы рухани құндылықтарды таратудың ерекше саласы. Қазіргі кезеңде Қазақстандағы музыкалық білімнің негізгі мәселелерінің бірі – дәстүрлі музыкалық мұраны сақтау. Мақалада әртістерді жан-жақты даярлау дәстүрлі этникалық мұраға бағытталған. Осыған байланысты осы салада жаңа оқыту бағдарламалары жасалды. Әңгіме жалпы мәдени үдерістер мен мәдени дамудың негізі ретіндегі түсінік аясында ұлттық білімнің дамуы туралы.

Музыкалық білім – бұл адамның іс-әрекетінің ең күрделі түрлерінің бірі, оны жүзеге асыруды және жалпы тұлғалық дамудың жоғары дәрежесін талап етеді, ал психикалық процестердің үздіксіз жұмысы – ерік, көңіл, қабылдау сезімі, ойлау, есте сақтау, қиял т.б.

Музыкалық білім өскелең ұрпақтың музыкалық дүниетанымын қалыптастыруға, олардың идеялық сенімін қалыптастыруға мүмкіндік береді және патриотизм мен интернационализм сияқты азаматтық сезімдердің белсенді дамуына ықпал етеді. Мақалада көтерілген өзекті тақырып дәстүрлі музыкалық мұраны сақтау мәселесінің шешімін табуға жаңа мүмкіндіктер ашатынына сенімдіміз.

Түйін сөздер: музыка, қобыз, руханият, сарын, тәлім, рухани құндылықтар.

К.Б. Намазова¹

¹ профессор, Институт Искусств, культуры и спорта при КазНПУ имени Абая,
г. Алматы, Казахстан

МУЗЫКАЛЬНОЕ ОБРАЗОВАНИЕ КАК ВАЖНЫЙ РАЗДЕЛ КУЛЬТУРЫ В СОХРАНЕНИИ ТРАДИЦИОННОГО МУЗЫКАЛЬНОГО НАСЛЕДИЯ

Аннотация

Музыкальное образование является уникальной сферой распространения духовных ценностей в обществе. На современном этапе одним из главных проблем музыкального образования в Казахстане является сохранение традиционного музыкального наследия. В статье говорится, о том, что всесторонняя подготовка исполнителей ориентировано на традиционное этническое наследие. В связи с этим и разработаны новые учебные программы в этой области. Речь идет о развитии национального образования в рамках общекультурных процессов и понимания как основы культурного развития.

Музыкальное образование представляет собой один из сложнейших видов человеческой деятельности, которой требует для своей реализации и высокой степени личностное развитие в целом, и отлаженную работу психических процессов – воли, внимания, ощущений восприятия, мышления, памяти, воображения и т.д.

Музыкальное образование позволяет воспитывать музыкальное мировоззрение подрастающего поколения, а так же формировать у них идейную убежденность и способствует активному развитию таких гражданских чувств как патриотизм и интернационализм. Убеждены, что поднятая в статье актуальная тема откроет новые горизонты для поиска решения в вопросе сохранения традиционного музыкального наследия.

Ключевые слова: музыка, кобыз, духовность, воспитание, духовные ценности.

К.В. Namazova¹

¹ Professor, Institute of the Arts, culture and sports in KazNPU named after Abai,
Almaty, Kazakhstan

MUSICAL EDUCATION AS AN IMPORTANT SECTION OF CULTURE IN PRESERVING THE TRADITIONAL MUSICAL HERITAGE

Abstract

Musical education is a unique sphere of distribution of spiritual values in society. At the present stage, one of the main problems of music education in Kazakhstan is the preservation of traditional musical heritage. The article says that the comprehensive training of performers is focused on the traditional ethnic heritage. In this regard, new training programs in this area have been developed. It is about the development of national education in the framework of general cultural processes and understanding as the basis of cultural development.

Musical education is one of the most difficult types of human activity, which requires for its realization and a high degree of personal development in general, and the smooth work of mental processes - will, attention, sensation of perception, thinking, memory, imagination, etc.

Musical education allows you to educate the musical worldview of the younger generation, as well as to form their ideological conviction and promotes the active development of such civic feelings as patriotism and internationalism. We are convinced that the urgent topic raised in the article will open new horizons for finding a solution to the issue of preserving the traditional musical heritage.

Keywords: music, kobyz, spirituality, education, spiritual values.

Бүгінгі бербұрыс дәуіріндегі ірі өзгерістерді талап ететін білім салаларының бірі – «Музыкалық білім беру» – саласы, яғни мәдениеттің маңызды тармағы, дәстүрлі мұраны сақтау [1].

Ұзақ жылдар бойы мектептегі музыка пәнінің мақсат-міндеті, оқушыларға тәрбие беру, яғни эстетикалық категория аясында қарастырылып келген. Музыка пәнінің осы бағыт-бағдарын қызықтаған мамандарымыз орта мектеп бағдарламаларына оны эстетикалық тәрбие берудің құралы ретінде енгізіп, сипаттарына мән бере қоймаған. Бұл күрделі мәдени-эстетикалық құбылыстық-әдістемелік арқау тартылып, бағыт-бағдары да айқындала қоймады. Мұның бәрі бірер күнде шешілетін мәселе емес, десек те бүгінгі «Музыкалық білім беру» – саласы өз орнын алып отыр. Тарихилық музыка өнерінің елеулі бір ерекшелігі – оның

тарихи таным мен тарихи процеске де қатысы зор. Демек, орта мектеп бағдарламаларына осы тұрғыдан зер салып, жалаң әдістемелік тәсілдерінің мазмұнын мазмұнын байыта түскен абзал. Сонда ғана біз кешегі кеңес дәуірінің ықпалынан шығып, өз халқымыздың төл мұрасына бет бұрамыз. Осыған орай, жаңа ұрпақтың бойына халқымыздың ғасырлар бойы дамып, жетіліп келген мәдени музыкалық мұрасын егіп, олардың өз елі, өз Отанына деген сүйіспеншілігін, ынта ықыласын барынша арттыра түскен ләзім. Мұндай іс бір ғана халық мұрасын бағалау, мақтау, марапаттаумен жүзеге аса қоймайды. Мектеп оқушылары халық мұрасының көркем де тарихи үлгілерінің ел тағдырымен байланысын сезініп, оны тыңдап, түсініп, бағалай білгенде ғана іс нәтижелі болмақ.

Еліміз егемендік алған жылдар ішінде халқымыздың жан-жақты өркендеу үстіндегі руханиятына айтарлықтай үлес қосып келе жатқан қазақ ұлт аспаптарының бірі – ежелгі Қорқыт атадан бастау алатын қобыздың орны да, жөні де бөлек. Ғасырлар бойы тасада қалыңқырап, кенжелеу дамыған қобыз аспабының бағы жанған жылдар бедерінде оның Жаппас Қаламбаев, Дәулет Мықтыбаев, Гүлнәфис Баязитова, Фатима Балғаева сынды майталман орындаушы-шеберлер өсіп шықты (бәрі ұстаз). Жалпы, қазақ музыкалық ұлт аспаптарының қай-қайсының да бағын ашқан аты шулы мэтр, академик Ахмет Жұбанов [1] бастаған білікті, сауатты ұлт жанашырлары екенін де айта кеткен жөн. Олардың еңбегінің нәтижесі ұлан-ғайыр. Соның бірі-қазақ музыка өнерінің сән-салтанатына айналған қобыз сарыны, қасиетті қыл қобыз. Және қазір байтақ елімізде қобызбен күй орындаушы хас шеберлер, оларға тәлім беруші ұлағатты ұстаздар мен шәкірттер қаншама?!

Ал, музыкалық білім беру, осындай рухани құндылықтарды қоғамға таратудың бірегей саласы болып табылады. Қазіргі кезеңде Қазақстанда «музыкалық білім берудегі» басты мәселелердің бірі – дәстүрлі музыкалық мұраны сақтау болып саналады. Орындаушыларды жан-жақты даярлау Ұлттық білім беруді дамыту барысында жалпы мәдени үрдістер аясында қоғам мәдени тұрғыда даму негізі ретінде түсінілетін дәстүрлі этникалық мұраға бет бұрып, осы салада жаңа оқу бағдарламалары әзірленуде. «Ұлттық сана - сезімнің жоғары деңгейін қалыптастыру, деп есептейді мақала авторлары [2, 64]. Этникалық сәйкестендіру деңгейінде қазақ халқының тарихын, тілін, салт-дәстүрлерін, өзіндік ерекшеліктерін, сондай-ақ қазақ халқының ұлттық мүдделерін, ұлттық құндылықтары мен құндылықтық бағдарларын саналы түрде қабылдау, маңызды құрамдас бөлігі болып табылады. Ол қазақ халқының ұлттық мәдениетінің мәнін терең зерттеуді талап етеді».

Қазақтың дәстүрлі және қазіргі музыкалық мәдениетінде қобыздың орны ерекше. Осы ежелгі аспаптың саздарында қазақтың мыңжылдық өмір тарихы, мұң-зары, ой-сырлары жатыр. Этика және эстетика тұрғысынан алғанда, халықтың өз төл мәдени дәстүр-ғұрыптарын тереңірек танып-зерттеуі бүгінгі мәдениетті байытып, келешек ұрпақтардың рухани дамуына зор ықпалын тигізері анық. Ұзақ уақыт барысында қияға самғаудан ұмытылуға дейінгі алуан түрлі даму кезеңдерін басынан кешірген қобыз аспабы және оның әуен-әуезі өзіндік ерекшелігін ешқашан жоғалтқан емес. Ал қазір, үшінші мыңжылдықтың басында халықтың сан ғасырлық бай рухани мұрасы мен тәжірибесін жаңғырту аясында бұл аспапқа деген қызығушылық артып келеді, өйткені, «біздің өміріміздің барлық салаларында, соның ішінде рухани салада өткен, бүгінгі және келешек уақыттар ажырамас байланыста тұр» [3].

Ән, әуен, шешендік өнер әрдайым қазақ халқының рухани тіршілігінің өзегі болып табылады. Қазақ өнері жайлы айтар сөз, ашылмаған сыр көп. Бүгінгі өркетанудың негізгі міндеті тани алмаған мәдениетімізбен танысу, ұлттық өнерімізді үңіле зерттеу. XVIII-ші ғасырда қобыз үнін әкелген Қорқыт қобызының құдіреті шексіз кеңістікті, өлшемсіз уақытты, батырдың өткір қылышын, арулардың сынғырлаған үнін, бақсының қырылдаған дауысын және жыраулардың аяусыз өткір шындығын көз алдына әкеледі.

«Өнер – адамзаттың ажары да, ары да», «Мемлекеттің тарихын жауындай білгің келсе, оның мәдениетін, оқы» – деп халық даналығы айтқандай, қазақ ұлттық мәдениетінің алуан түрінде музыкаға ерекше орын бөлінген. Оның ішінде қасиетті үні көбінесе жаманды жасырып, жақсыны асырып қоршаған әлемнің бояуларын жанды құбылысқа айналдырып, үйіріп әкететіндігін айтсаңшы. Бұл өзге өнердің қолынан келе қоймас! Қазақ халқының көркем ойлау жүйесіндегі рухани қадыр-қасиеттерге жақсылық пен жамандақ тартыстарына, ерлік пен батырлық істерге бірлік пен ынтымақ, сұлулық, шипалық сырларына бөленетіндігі. Қобыз қалай үн қатса, қазақ жаны соған құлақ түріп жақсылық пен ізгілікке ұмтыла түскені жайында көне заманнан бүгінге келіп жеткен әуендер сыр шертеді.

Шексіз далада өмір сүрген бабаларымыздың ұрпаққа деген өсиетін үлгісін өнер арқылы қобыз үнімен тербеткен ұлы халқымыздың көрегендігін қазақ сахарасындағы туған өлең-жырларын, әуендерін нотаға түсіріп, кейінгі ұрпаққа мұра ету – қасиетті іс. Халық ер-намысын, шеберлігін ұрпақтан-ұрпаққа жалғастырып қобыздың дауысы мен әуенін ырғақпен үйлестіре тамылжытқан ұстаз жинақтаған ноталар – ғажап

ауадай қажет дүние. Халық дәстүр мен музыка өнері шапағатын берер осындай қиын да әсем еңбекке нұр құйылып, құт дари бермек.

Жалпы, мәдениет ақпарат өндіру болып табылады, яғни адамның кез келген материалдық не рухани өнімінде, өнер шығармасында белгілі бір нәрсе туралы хабар ретіндегі ақпарат қамтылады. Сондықтан, біздің түсінігімізде «музыка мәдениеті» және «музыкалық ақпарат» сөз тіркестері бір-бірінен ажырамас, тығыз байланысты ұғымдар ретінде түсініледі. Ал ақпарат қоғамның мәдени дамуында аса маңызды рөл атқарады, себебі өркениет жаңа ақпаратты өндіру, тұтыну және тарату арқылы дамиды. Бұл орайда музыка мәдениетінің құрамдас бөлігі болып табылатын музыкалық шығарма музыкалық ақпаратты қамтитыны белгілі, яғни музыка мәдениеті алуан түрлі музыкалық ақпараттар жиынтығын құрайды.

Шығармашылық үдеріс – аса күрделі психологиялық-әлеуметтік құбылыс, яғни бұл жерде өнерпаздың көркем ақпаратты өндіруі оның автор ретінде өзін-өзі танытуы, өзінің өнерпаздық келбетін ашып көрсетуі түрінде көрініс табады. Музыкалық шығарма орындау және қабылдау кезінде ғана толық ақпарат болып табылады. Сондықтан да орындаушылық өнерді шығармашылық акт деп қабылдау өте орынды. Және де бұл тұрғыда коммуникация құралының, яғни орындаушының шығарманы тыңдарманға жеткізу құралы болып табылатын аспаптың да маңызы зор.

Қазақ ұлтының байырғы, төл мәдениетіне жататын бай тарихи-мәдени мұрасының ішінде ерекше орынды иеленетін қобыз аспабының тарихына, рөлі мен маңызына арналған бірқатар ғылыми еңбектер бар болғанымен, бүгінгі күні осы аспапты меңгерудің әдіс-тәсілдері, оларды жетілдіру жолдары мәселесі кем қамтылып отыр. Музыка саласындағы шеберліктің шыңына шын дарын иесі ғана шыға алады. Ал дарынды бір де бір оқу стандарты сипаттап бере алмайды. Сондықтан дарындарды тәрбиелеуде әрбір тәлімгер музыкант өзіндік қасиетін танытып, өз сара жолын іздейді. Бұл орайда Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университетінің ұстаздары өздерінің жеке тәжірибесіне, шеберлігіне сүйеніп, студенттерді орындаушылық өнерге баулу, болашақ ұстаздардың шеберлігін шыңдау саласында дәстүрлі әдіс-тәсілдерді заман талабына сай жетілдіріп, қолдануда және әлі де ізденіс үстінде. Қазіргі заман талабына сай әр мұғалім өз білімін жетілдіріп, ескі бір сарынды сабақтардан гөрі, жаңа талапқа сай инновациялық технологияларды өз сабақтарында күнделікті пайдаланса сабақ тартымды да, мәнді, қонымды, тиімді болары сөзсіз. Бұл жөнінде ҚР «Білім туралы Заңының 8-бабында» «Білім беру жүйесінің басты міндеттерінің бірі – оқытудың жаңа технологияларын енгізу, білім беруді ақпараттандыру, халықаралық ғаламдық коммуникациялық желілерге шығу» деп атап көрсеткен. Елбасымыз Н.Ә. Назарбаев жолдауында айтқандай: «Болашақта өркениетті дамыған елдердің қатарына ену үшін заман талабына сай білім қажет. Қазақстанды дамыған 50 елдің қатарына жеткізетін, терезесін тең ететін – білім. Сондықтан, қазіргі даму кезеңі білім беру жүйесінің алдында оқыту үрдісінің тенологияландыру мәселесін қойып отыр. Оқытудың әртүрлі технологиялары сарапталып, жаңашыл педагогтардың іс-тәжірибесі зерттеліп, мектеп өміріне енуде.

Ізденіс – жұмыстардың өзектілігі-мақсаттары мен міндеттері болып табылады. Негізгі мақсаты – қобыз-прима класында болашақ кәсіби мамандарды даярлау ерекшеліктерін, қобызшы шеберлігін ұштау амалдарын, осы істің негізгі бағыттарын, оқыту жолдарын, қолданылатын әдіс-амалдар мен тәсілдерді тәлімгер ұстаздың мол тәжірибесі арқылы ашып көрсете алады.

Мақсатқа жету үшін мынадай міндеттер алға қойылады:

- Бәсекеге қабілетті маман дайындау, ол үшін қыл қобыз және қобыз-прима аспаптарының тарихына қысқаша шолу жасау

- қыл қобыз және қобыз-приманың өзіндік ерекшеліктерін ашып көрсету

- (құрылысы, дыбыс шығаруы, орындаушының аспапты ұстау мәнері);

- қобыз-прима репертуарын қалыптастыру мәселесін қарастыру;

- қыл қобыз және қобыз-примада шебер орындаушыларды саралау;

- қобыз-примада шебер орындаушылардың аспапты меңгерту әдіс- тәсілдерінің қалыптасуы мен дамуын талдау;

- жоғары оқу орнында оқытылатын академиялық пәндердің қобыз-прима аспабында ойнау шеберлігін қалыптастырудағы маңызын талдап, ашып көрсету;

- А.Қ. Жұбановтың сым қобызға арналған шығармаларын, Ф.Ж. Балғаеваның үш ішекті сым қобызда және Қ.Намазованың төрт ішекті қобыз-примада орындауына салыстырмалы талдау жасау;

- Көнеден келе жатқан қобыз өнеріне қазіргі заман талабына сай ХХ ғасырдың басында өзгеріс енгізіліп, қыл қобыз аспабы негізінде жасап шығарылған үш ішекті сым қобыз және оны жетілдіру нәтижесінде жасап шығарылған төрт ішекті қобыз-прима аспаптарында орындаушылық шеберлікті қалыптастыру мен дамыту мәселесін зерттеудің келешек үшін маңызы зор.

Қобыз-примада шығармаларды асқан шеберлікпен орындауымен ерекшеленген Қазақстанның халық әртісі, қазіргі қобыз мектебінің негізін қалаушылардың бірі, қобызға арналған шығармалардың алғашқы орындаушысы болған Фатима Жұмағұлқызы Балғаева «Қобыз үйрену мектебі» және «Техникалық жаттығулар» атты әдістемелік еңбектері және тәжірибелік жұмысы арқылы өз шәкірттерінің орындаушылық шеберлікті жоғары деңгейде меңгеруіне жол ашты [3; 4].

Жеке орындаушылық шеберлігінің арқасында өз өнерімен көптеген халықтардың алдында ұлттық мәдениетіміз бен қасиетімізді паш етті. Қобыз-прима аспабында шебер орындаушылықты қалыптастыру және дамытуға зор үлесін қосқан профессор Фатима Жұмағұлқызы Балғаеваның дидактикалық еңбектері мен берген тәлім-тәрбиесі, жұмыс барысында қолданатын әдістемелері көптеген сахна саңлақтарын даярлауға негіз болды. Профессор Ф.Ж. Балғаеваның орындаушылық және тәлімгерлік тәжірибесі жастарға – үлгі-өнеге.

«Классикалық музыка энциклопедиясы»

CD-ROM-де 300-ге жуық композиторлардың өмірбаяндары көрсетілген. Мұнда XIX-XX ғасырлардағы атақты орындаушылар, классикалық музыка жанры және ең танымал шығармалар туралы ақпарат, сондай-ақ музыкалық аспаптардың құрылысы туралы мәліметтер бар. Слайдтар мен репродукциялар, бейне және аудиофрагменттер, түрлі елдердің музыкалық мәдениеті тарихына экскурсиялар музыкалық классиканың үлкен әлемін ашады. Диск алынған нәтижелерді жылдам, ыңғайлы және бейтарап өңдеу викторинасын қамтиды [5].

«Өнертарихы»

Туындылар, объектілер, тұлғалар, процестер, өнертарихы құбылыстарын бейнелейтін ақпараттық Нысандар жиынтығы болып табылады, 844 дыбыстық фрагменттен тұрады. Мультимедиа-компоненттерді (мәтін, дыбыс, бейне, анимация және т.б.), өзараәрекет пен компьютерлік үлгілеудің интерактивті түрлерін синтездеу ақпаратты көру, есту және эмоциялық деңгейде қабылдау мүмкіндігін қамтамасыз етеді, бұл оқушының материалды жақсы меңгеруіне қолжеткізуге мүмкіндік береді. Баланың музыкалық мәдениетінің әркомпонентін қалыптастыру музыка мұғалімінің педагогикалық қызметінің пәні болып табылады [12].

Интерактивті ақпараттық бағдарламалар

Тек смартфон, компьютермен ғана емес, сондай-ақ, теледидардан көрсетілетін түрлі балаларға арналған бағдарламалар да көп [6].



Рисунок 1 - Пианино 3.0 бағдарламасымен жұмыс істеу бойынша «Тutorial»




Рисунок 2 - Пианино бағдарламасы – «Водопад»



Рисунок 3 - Пианино бағдарламасы – «Аккордтар»




Рисунок 4 – «Band in a Box» - дыбыстарды синтездеу бағдарламасы



Редактор MIDI-файлов

Рисунок 5 - Midi – цифровой интерфейс музыкальный инструментов

Сондай-ақ, жаңаша технологиялар мен түрлі бағдарламаларды кодана отырып, дауыс жазу, ән жазу, компьютерлік бағдарлама арқылы нота түсіру, жаңадан аспап үйреніп жатқандарға тез үйрену үшін сенсорлық клавиштер, сарқырама пианиноларды пайдаланып музыкалық қабілетті тез оятуға болады. Мысалы: Virtual Piano, Perfect Piano, Vocal Jam, The Voice, StarMaker, Smule, Band in a Box, TS-MIDI-Editor тағы да басқа бағдарламалар (рис. 1, 2, 3, 4, 5) [7].

Сонымен қатар, бүгінгі білім беру саласындағы инновациялық технологияның техникалық жаңалықтарының ішіндегі айрықша орын алатын интерактивті тақталар, олар педагогтардың оқу үрдісін көрнекі, анық етеді, сондай-ақ кері байланысты сапалы жүзеге асырады. Интерактивті тақта барлық курсты оқыту үшін таптырмайтын құрал, бұл визуалды ресурс оқытушының жаңа материалдарды білім алушыларға

өте тартымды, әсерлі және тез жеткізуіне көмектеседі. Бұл тақта ақпараттарды әртүрлі мультимедиялық ресурстардың көмегімен жеткізуге мүмкіндік береді: қиын мәселелерді жеңіл түсіндіріп, кестелерді, музыкалық туындыларды тыңдауға ұтымды да өте ыңғайлы.

Тәжірибеде қолданып келе жатқан мультимедиялық бағдарламалар жайында айтатын болсақ, жиі қолданылып жүрген бағдарламалар қатарына ActivStudio, Final, Sibelius, Microsoft Power Point және т.б. бағдарламаларын жатқызуға болады. Оның келесідей мүмкіншіліктері бар.

Activ Studio бағдарламасының көмегімен презентация жылдам құрып, практикалық сабақтарды жүргізе аламыз, оны дәстүрлі және интерактивті тақта ретінде қолданып, жазу жазып, сызу сыза аламыз, файл беттерін флипчарт түрінде сақтап, оны кез келген топтарда ашып көрсете аламыз, сабақ жоспарының флипчартына суреттерді қойып, фильмдер мен дыбыстарды қосып, музыканы тыңдата аламыз, оқу жоспарларын орындау барысында сабақтың құрылысының орындалуы тез, әрі жылдам және уақыт үнемделетінін байқаймыз және т.б.

Final бағдарламасы – бұл музыкалық бағдарлама. Ол арқылы ноталықстанда тікелей жұмыс жасауға болады. Композиторлар үшін өте қолайлы. Сабақ барысында (лекциялық сабақтар, концертмейстерлік кластарда) музыкалық сауаттылықты, ән үйрену, музыка тыңдау және т.б. көптеген іс-әрекеттерді орындауға қолайлы және ұтымды болып танылады. Бұл бағдарлама арқылы хор, оркестр, ансамбль партитураларын енгізуге және тыңдауға болады.

Sibelius бағдарламасы – бұл да музыкалық бағдарлама. Бұл бағдарлама арқылы ноталықстанның бар мүмкіндіктерін пайдалана отырып, нота енгізудің үлкен мүмкіншіліктеріне ие. Лабораториялық, практикалық сабақтарда, концертмейстерлік кластарда атқарылатын іс-әрекеттерді әнді сүйемелдеу, дауыс жаттығуларын жасау, ноталарды енгізіп айту, музыкалық сауаттылықты меңгеруіне, бейне түсірілімдерді көруге, жалпы енгізілген музыкалық шығармаларды және т.б. іс-әрекеттерді орындауға кең мүмкіндіктері бар. Сонымен қатар хор, оркестр, ансамбль партитураларын енгізуге және тыңдауға, енгізілген ноталарды баспадан шығаруға болады. Ең бастысы енгізілген нота қай аспапқа лайықты енгізілсе, сол аспаптың тембрі, яғни дыбыстық бояуын сақтай отырып, оның үнін өңдеулер арқылы ести аламыз. Ол да болса, білім алушының музыкалық аспаптардың дыбыстық бояуын еркін ажырата алуға үйретеді.

Бүгінгі таңда мұғалімнің тапсырмасы түрінде қолданылатын оқушының өзіндік жұмысындағы ең кең таралған әдістердің бірі *PowerPoint* бағдарламасында белгілі бір тақырыпқа презентация, рефераттар, баяндамалар және т.б. дайындау. Бұл жұмыс формалары заманауи ақпараттық технологияларды қолданусыз мүмкін болмайды.

Microsoft Power Point бағдарламасы арнайы презентацияларды өткізуге және оны сабақ барысында слайд түрінде қолдануға негізделген мүмкіндіктері өте көп бағдарлама, мәселен, презентацияларды құрып, өткізуге, лекциялық материалдарға арнайы эффектілер қосуға, негізгі кезеңдерді көрсетуге, көрсеткіштерді қосуға, қосымша ақпараттарды (бейне, дыбыстар, суреттер, тыңдауға арналған музыка) енгізуге және т.б. мүмкіндік береді.

Оқушының PowerPoint бағдарламасын қолдану арқылы жасаған презентациясы интернет ақпараттық жүйесіндегі ғылыми-зерттеу жұмысының бірі, мұнда материалдың сапасы да, жұмыс нәтижесінің, өнімнің, берілген тақырыптағы презентация сапасы қаралады, талданады, синтез жүреді, оны қолдануы мен көрнекілігі бағаланады.

Сонымен, музыка маманы ең алдымен өзі білім алу үрдісінің белсенді қатысушысы болып табылады. Музыка сабағында жаңа ақпараттық технологияларды қолдана отырып, бұл өнер мен қарым-қатынас сабағы екенін ұмытуға болмайды. Міне, сондықтан оны компьютермен қарым-қатынаста «ауыстырмау», сабақты «құрғатпау», оны техникалық практикаға айналдырмау маңызды. Жаңа әдістемемен әуестенген дана мұғалім бұл құралдарды тек қана балалардың шығармашылық және музыкалық қабілеттерін ашуға, дамытуға және іске асыруға көмектесуі үшін пайдаланады. Ал бұл үшін мұғалімнің үлкен шығармашылық жұмысы қажет [8,9].

Қорыта келгенде, тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйіні, айтылған мәселелерге орай, музыка пәні мұғалімі қазіргі білім беруді ақпараттандыру және оқу үрдісіне жаңа инновациялық технологияларды енгізу жағдайында жас ұрпақтың музыкалық-эстетикалық тәлім-тәрбиесінің айрықша міндеттерін шешуді мақсат етуі тиіс деген ой туындайды. Бұл жерде, сан алуан альтернативтік электрондық оқулықтардың пайда болуы, музыкалық тәрбие жөніндегі оқу фильмдері мен мектеп оқу телебағдарламаларының көптеп жарыққа шығуы музыка пәні мұғалімінің жоғары деңгейдегі кәсібилігін қажет етеді.

Әрине, кәсіби шеберлігі шыңдалған мұғалімдерді даярлау ісі – бұрыннан келе жатқан күрделі мәселелердің бірі. Бүгінгі таңда білім саласының алдында жүйеленіп, дайындалып берген білімді, дағдыларды

менгеретін, қайталайтын ғана емес, шығармашылық бағытта жұмыс істейтін, тың жаңалықтар ашатын, біртума ойлау қабілетімен ерекшеленетін жеке тұлға қалыптастыру міндеті тұр. Демек білім беру үрдісінде инновациялық технологияны тиімді пайдалану міндеттерін жүзеге асыру үшін кәсіби маман өскелең ұрпақтың табиғи мүмкіндіктерін, қабілетін дамытып, дүниежүзілік деңгейдегі жоғары мәдениет пен қажетті білім қорын жинақтаған, өз алдына жауапты шешімдер қабылдай алатын, әр істе белсенді шығармашылық әрекет жасайтын жеке тұлғаны тәрбиелеуге аса назар аударуы тиіс.

Осылайша, қазіргі уақыттағы топтық оқытудағы ең тиімді инновациялық технологиялардың бірі ұзақ мерзімде орындауға арналған жобалы жұмыс әдісі. Жобалық әдіс көмегімен сабақта бірнеше мақсатқа қол жеткізуге болады: баланы шығармашылыққа баулу, өтілген материалды пысықтау, сабақта мереке атмосферасын қалыптастыру және кабинетті балалардың жұмыстарымен байыту [10].

Музыка сабағында жаңа ақпараттық технологияларды қолдана отырып, бұл өнермен тілдесу сабағы екенін естен шығаруға болмайды. Сондықтан да оны «компьютермен» тілдесуге айналдырып, сабақтан «құрғақ» ойын, техникалық практикум жасауға болмайды. Бұл үшін информатика сабағы бар. Жаңа әдіспен бірге ойлы ұстаз аталған құралдарды тақырыпты ашуға пайдаланады, балалардың шығармашылық және музыкалық қабілеттерін ашады және дамытады. Ал бұл ұстаздың өзінің көлемді шығармашылық жұмысын талап етеді.

Әдебиеттер:

1. Ералиева М. Оқытудың қазіргі технологиялары / М. Ералиева // *Бастауыш мектеп*. – 2006.
2. Бөрібаев Б, Балапанов Е. Жаңа ақпараттық технологиялар. – Алматы, 2001.
3. Селевко Г.К. *Современные образовательные технологии*. – Москва 1998.
4. Сарбасов Қ., Омарбеков Е.. *Ақпараттық технологиялар арқылы оқытудың үздік жұмыстарын ұйымдастыру* // *Бастауыш мектеп* № 4. – 2006. – 11-12 б.
5. Ажгіалиева У.А., Балажанова Қ.М. *Музыкалық педагогикадағы халықтық салт-дәстүрлер оқу әдістемелік құрал*. – Павлодар, 2007. – 59 б.
6. *Коррекционная педагогика в начальном образовании: Учеб.пособие для студ. средних пед. учеб. заведений* / Г.Ф. Кумарина, М.Э. Вайнер, Ю.Н. Вьюнкова и др. / Под ред. Г.Ф. Кумариной. – М.: Академия, 2003. – 320 с.
7. Музыкальная школа: <https://music-education.ru/kak-nauchit-sya-improvizirovat-na-fortepiano-priyomy-improvizatsii/>
8. Көшімбетова С. *Инновациялық технологияны білім сапасын көтеру деп айдалану мүмкіндіктері*. – А.: Білім, 2008.
9. Жүнісбек Ә. *Жаңа технология негізі – сапалы білім*. — // *Қазақстан мектебі*, №4, 2008.
10. Нағымжанова Қ. *Инновациялық технологияның құрылымы*. – А.: Өркен, 2007.

ӘОЖ 377.5:371.83

МҒТАР 14.33.17

Ж.А. Уразбаева¹

¹ Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті
Қазақстан, Түркістан қ., e-mail: tuminka-0190@mail.ru

ҚАЗАҚ БИ ҚОЙЫЛЫМЫНЫҢ ӘДІСТЕМЕСІ ЖӘНЕ ТӘЖІРИБЕЛІК ЖҰМЫСТЫ ҰЙЫМДАСТЫРУ ЖОЛДАРЫ

Аңдатпа

Орта кәсіптік оқу орындарында білім беру және даярлау. Оқу үрдісінде дидактикалық іс-әрекетсіз терең теориялық мазмұнсыз оқушылардың танымдық белсенділігін арттыру мәселесі Қазақстан Республикасының қазіргі заманғы концептуалды тәсілдерді ескермей дамуына мүмкіндік береді. Оқытудың мақсаты студенттерге білім, дағды, дағды беру ғана емес, сонымен қатар олардың қасиеттерін дамыту болып табылады. Осындай қасиеттердің бірі тиімді білім беру және танымдық қызмет арқылы білім алу мен танымдық қызметті тұрақтандыруға бағытталған танымдық іс-әрекет болып табылады.

Хореографиялық бейненің жасалуында басқа да құрамды бөліктердің мазмұнын төмендетпестен, хореографиялық мәтін, ол туындайтын музыкалық материал аса маңызды рөл ойнайды деп айтуға болады. Кейіпкердің бейнесі би мәтінінде ғана емес, сонымен қатар бидің бүкіл композициясында ашылады. Белгілі бір кейіпкерге тән "сөз", лексика ғана емес, сонымен қатар оның пластикалық тілінің де интонациясы маңызды болып табылады

Түйін сөздер: қазіргі заманғы мектеп, жүйе, оқыту, жеке тұлға, өмір салты, танымдық қызмет, принцип

Уразбаева Ж. А.

*Международный казахско-турецкий университет им. Ходжа Ахмета Ясави
(г. Туркестан, Казахстан) e-mail: muminka-0190@mail.ru*

ПРОФЕССИОНАЛЬНОЕ РАЗВИТИЕ ПРОФЕССИОНАЛЬНОГО РАЗВИТИЯ СТУДЕНТОВ

Аннотация

Образование и подготовка в средних профессиональных учебных заведениях. Проблема повышения познавательной активности учащихся без глубокого теоретического содержания без дидактической деятельности в процессе обучения позволит Республике Казахстан развиваться без учета современных концептуальных подходов. Целью обучения является не только предоставление студентам знаний, навыков, но и развитие их качеств. Одним из таких качеств является когнитивная деятельность, направленная на стабилизацию любознательности и познавательной деятельности посредством эффективной образовательной и познавательной деятельности.

В создании хореографического изображения можно сказать, что без снижения содержания других составных частей хореографический текст, возникающий из него музыкальный материал играет важную роль. Образ героя открывается не только в танцевальном тексте, но и во всей композиции танца. Характерный для определенного персонажа "слова", не только лексика, но и интонация его пластика являются важными

Ключевые слова: современная школа, система, обучение, личность, образ жизни, познавательная деятельность, принцип

Urazbayeva Zh.A.

*International Kazakh-Turkish University named after Khoja Ahmed Yasavi
Kazakhstan, Turkestan city, e-mail: muminka-0190@mail.ru*

PROFESSIONAL RESPONSIBILITY PROFESSIONAL RAZVITATION STUDENTOV

Abstract

Education and training in secondary vocational institutions. The problem of positivistic activeness of the outbreaks without the illogical theoretical conclusions without the Didactic activity in the process of obučeniye let the Republic of Kazakhstan develop without the modern conceptual approaches. The aim of the training is not only to give students knowledge, skills, skills, but also to develop their qualities. One of these qualities is the cognitive activity aimed at stabilizing the curiosity and cognitive activity through effective educational and cognitive activities.

In creating a choreographic image, we can say that without reducing the content of other components, the choreographic text and the musical material that arises from it plays an important role. The image of the hero is revealed not only in the dance text, but also in the entire composition of the dance. Characteristic of a certain character "words", not only the vocabulary, but also the intonation of his plastic language are important

Key words: Modern school, system, teaching, personality, lifestyle, cognitive activity, principle

Кіріспе

Жалпы сюжетті билердің қойылымын жүзеге асыру күрделі жұмыс. Себебі ол биді қоюшыдан хореография өнерін меңгерумен қатар, театр режиссерінің де қызмет элементтерін меңгеруді талап етеді. Себебі сюжеттік билер драматургия заңдарының негізінде құрылады. Кейіпкердің бейнесін жасауда балетмейстердің психологиялық білімінің болуы маңызды. Ол адамдардың әр түрлі мінез-құлқын түсініп қана қоймай, қиялында дұрыс жасап, содан кейін хореографиялық шығарма кейіпкерлерінің сахнадағы мінез-құлқын сомдауға мүмкіндік береді. Шынайы көркем бейнені жасау үшін жоғары білім болуы қажет.

Атап айтқанда, хореографиялық өнердің технологиясын жетік меңгеріп қана қоймай, сонымен қатар музыкалық шығармаға талдау жасап, оның формасын, стилін, сипатын, әрбір кейіпкердің музыкалық сипаттамасын білу, хореографиялық бейненің дамуын музыкалық форманың дамуымен байланыстырып, кейіпкерлердің ұлттық ерекшеліктерін көрсету үшін хореографиялық фольклорды білу қажет. Аталған би композициясын жүзеге асыру барысында сыған халқының тұрмыс-тіршілігі теориялық тұрғыдан зерттеліп, фольклоры сараланды.

Хореографиялық бейне қандай құрамды бөліктерден құралады, балетмейстер хореографиялық өнерде сахналық бейнені жасауда қандай мәнерлеу құралдарын пайдаланады?

Бұл жерде драма театрдың режиссерімен салыстырғанда оның құзіреттілігі көп. Себебі, драмалық режиссерден айырмашылығы балетмейстер хореографиялық мәтінді өзі шығарады. Ол кейіпкерлердің мінез-құлықтарын анықтауға ықпал жасайтын, шығарманың идеясын аша түсетін мәтін жасай алады. Бір жағынан, идея хореографиялық бейнені жасауда негізгі рөл атқарады, екінші жағынан – ол сахналық бейне арқылы ашылады.

Балетмейстер кейіпкердің бейнесімен жұмыс жасай отырып оның тарихы мен өмір жолын ойластыру қажет. Кейіпкердің сахнада болатын ғана емес, сонымен қатар оған дейін және одан кейін болатын өмірін көрсете білуі тиіс. Автор кейіпкерінің мінез-құлқын шынайы, табиғи қылғанда ғана көркемдік нәтижеге қол жеткізеді. Өмірде әр түрлі адамдар белгілі бір жағдайға әр түрлі реакция көрсетеді. Біреуі болып жатқан оқиғаларға үнсіз қарап тұрса, екіншісі өзінің қатынасын белсенді түрде көрсетеді. Біреуі іштей толғанса, екіншісі өзінің сезімін эмоциямен әрі айқын білдіреді. Кейіпкердің мінезі әр түрлі сипатта көрініс беруі мүмкін. Бірақ көрермен әрқашанда оның белгілі бір іс-әрекетінің не себептен туындағанын түсіну керек. Бұл белгілі бір жағдайларда бірте-бірте ашыла түсетін тұтас бейне болуы қажет. Балетмейстер шығармадан әртіс кейіпкерінің мінез-құлқын аша түсетіндей жағдайларды тауып алғаны жөн. Кейіпкердің мінез-құлқы оның бейнесін, сол арқылы шығарманың идеясын аша түседі [1, с.86].

Хореографиялық бейнені жасауда би тілі негізгі рөл атқарады десек те болады. Хореограф шығарған би мәтіні белгілі бір көрініс кейіпкеріне тән болуы тиіс. Балетмейстер неғұрлым сай сөз, өз ойын неғұрлым түсінікті жеткізе алатын хореографиялық бейне ойлап табады. Көрермен нақ пластика, би тілі арқылы балетмейстердің ойын қабылдайды. Хореографиялық бейненің жасалуында басқа да құрамды бөліктердің мазмұнын төмендетпестен, хореографиялық мәтін, ол туындайтын музыкалық материал аса маңызды рөл ойнайды деп айтуға болады. Кейіпкердің бейнесі би мәтінінде ғана емес, сонымен қатар бидің бүкіл композициясында ашылады. Белгілі бір кейіпкерге тән "сөз", лексика ғана емес, сонымен қатар оның пластикалық тілінің де интонациясы маңызды болып табылады. Ым-ишара, қалыптар, кейіпкерге тән қимылдар сияқты майда элементтерге өте ұқыпты болуы қажет. Олар кейіпкерге қандай да бір дербес сипат береді. Кейіпкердің сыртқы келбеті де, яғни костюм, грим, өзін ұстау мәнері де маңызды рөл атқарады. Сыған биіне арналып ең жарқын деген костюмдер таңдалынып алынды. [2, с.45]

Хореографиялық тіл жайлы сөз қозғай отырып берілген кейіпкердің хореографиялық лексикасы қандай ұлттың би тілінде құрылатынын анық білу қажет. Сондықтан балетмейстер хореографиялық бейнені ашатын би мәтінін ұлттық хореография, ұлттық биді негізге ала отырып жасауы тиіс. Хореографиялық бейненің шынайылығы ұлттық бидің, өмірдің, өзара қарым-қатынастың шынайылығына сүйенеді. Егер балетмейстер осының барлығын хореографиялық бейнемен шынайы көрсете білсе, онда шығарма көрерменге түсінікті болады әрі көркемдік құндылыққа айналады.

Кез-келген хореографиялық шығарма драматургия заңдарының негізінде құрылады. Хореографиялық бейне де аталған заңдарсыз жасалына алмайды. Сахналық бейненің өзінің экспозициясы, байламы, шарықтау шегінің алдындағы баспалдақтар, шарықтау шегі (кульминация), шешімі болуы тиіс. [3, с.25].

Драматургиялық шығарма құрылымының негізгі заңы сюжетті және белгілі бір тақырыбы бар, адамның көңіл-күйін көрсететін кез-келген сюжетсіз билер үшін міндетті болып табылады. "Ана сағынышы" қазақ биі де драматургия заңдары бойынша құрылды. Атап айтқанда,

1. Экспозиция айқын, түсінікті немесе керісінше шала-шарпы, түсініксіз, созылмалы болуы мүмкін. Байламы (завязка) - нақты және жарқын немесе бұлыңғыр, күңгірт, назар аударылмайтындай болуы мүмкін. Ананың алданышы, бесік жанындағы би.

2. Көріністің шиеленісі (развитие действия) – шарықтау шегінің алдындағы бірқатар баспалдақ, шиеленісе түсетін, күшті немесе солғын, дами қойматын болып жатады. Ойын баласы мен ананың биі.

3. Кульминация (шарықтау шегі) байлам сияқты жарқын, есте қалатын, бидің нағыз шыңы болады немесе сылбыр, көрерменге ықпал ету күші жоқ болады. Ер жігіт пен басшы жігіттің арасындағы тартыс.

4. Шешімі (развязка) – бидің бүкіл әрекетімен алдын-ала дайын болуы керек, бірақ аяқ астынан, күрт шешімі табыла кетеді. Кейбір жағдайларда биден алған бүкіл әсерді жойып жібереді. Анасымен кездескен мәңгүрттің, анасына деген қияметі.

Композиция заңдарын жөнді пайдалана білу балетмейстердің шығармашылық қызметіндегі ең қиын, күрделі кезеңдердің бірі. Бес компоненттің әрқайсысына тоқталып өтейік.

Экспозиция. Оның міндеті көрініске кіріспе ретінде болу. Мұнда көрермендер қатысушылармен танысады. Музыканы тыңдап және бишілердің бақылай отырып олардың алдында белгілі бір дәуірде өмір сүріп жатқан белгілі бір ұлт мүшелері тұрғандығын түсінеді. Бидің жанры түсінікті болады.

Байламы (завязка). Сахнаға шығып және белгілі бір сурет бойынша (тік сызық, жартылай шеңбер, диагональ бойынша және т.б.) орналасқан орындаушылар биді бастайды. Олар күрделі қимылдар жасайды, көрерменге әрі қарай не болатыны, бидің қалайша дамитыны қызықтырады.

Көріністің шиеленісі (развитие действия). Бидің дамуы хореографиялық шығарманың мақсатына және мазмұнына байланысты. Бірақ баспалдақпен жоғарыға көтеріле беру міндетті емес. Алдын-ала ойластырылған құлдырау да болуы мүмкін. Осындай құлдыраудан кейін одан да жоғары баспалдаққа көтерілу мүмкіндігі бар.

Кульминация (шарықтау шегі) жайлы. Кульминация – музыкалық-хореографиялық көріністің шыңы. Мәтін-қимылдар, қажетті ракрустағы қалыптар, ым-ишаралар (жесты), мимика және сурет логикалық құрылымымен осы шыңға әкеледі. Кульминация жоғарыда аталған барлық элементтерді қолданып та, мәтін немесе тек суреттің көмегімен де құрылуы мүмкін.

Шешімі (развязка). Шешім би көріністерінің барысында туындайды. Ол ойды аяқтап, анық нүкте қою керек. Кейде бидің күрт тоқтауын немесе үзіліп кетуін шешім деп жатады. Бірақ бұл позиция дұрыс емес. Шешім шығарманың экспозициясынан бастап кульминациясына дейін логикалық даму түрінде болады. Егер осы бөліктердің бірі болмаса би аяқталған болып саналмайды [4, с.74].

Сонымен би драматургиясының заңы бес бөлімнен тұрады. Оларды білу және дұрыс пайдалану екі түрлі нәрсе. Оны практикалық жұмыс барысында, би шығарып, оны талдаудың нәтижесінде үйренуге болады.

Би композициясы мен балеттің бірінші компоненті драматургия. Ал екінші компоненті музыка болып табылады. Музыка және би көп жағдайда ортақ заңмен өмір сүреді. Егер би уақыт пен кеңістікте өмір сүрсе, ал музыка тек уақытқа ғана бағынады. Би мен музыканың қосындысы адамзатқа классикалық балет сияқты тамаша өнерді сыйлады. Музыка да драматургия заңымен жасалуы тиіс, яғни экспозициясы, байламы, шиеленісі, шарықтау шегі және шешімі болуы керек. Балетмейстер музыканы тыңдай отырып қиялында хореографиялық бейнелерді жасайды. Әуелі, оның көз алдында оның жалпы сұлбасы содан кейін бейненің жалпы бөлшектері пайда болады. Оны тірілту үшін балетмейстер хореографиялық тілмен сөйлеуге мүмкіндік беруі тиіс. Бұл үшін ол би мәтінін шығарады. Балетмейстер бейнені шынайы сахналық сипата болатындай етіп құрастырады. Қиял адамның барлық психикалық құбылыстарымен ұштасып жататын процесс. Мәселен, алға қойған мақсатты жоспарлап, жүзеге асырудың жолдарын іздестіру қиялсыз мүмкін емес. Бұл - қиялдың ерікпен байланысына жақсы мысал. Ақын-жазушылар қиялы арқылы өзінің келешек кейіпкерлерін "көреді", олардың мінез-құлықтарын "елес етеді", сөзін "естиді". Ойлау мен қиял бір-бірімен тығыз байланысты. Жан қуаттарының осы екеуі де мәселені шешуге, сұраққа жауап беруге қатысады. Бірақ қиялда мәселені шешудің өзіндік ерекшелігі болады. Қиял – мәселені суреттеу, жанды көрініс арқылы шешсе, ойлау оны тірі суретсіз жалпылай, ұғым, пікір, тұжырым түрінде шешеді.

Хореографиялық бейне сахнада толық, жарқын көрініс беруі үшін балетмейстер актерлерге шығарманың көрінісіне, сюжетіне, идеясына сәйкес міндеттер қояды. Орындаушымен жұмыс жасау барысында балетмейстер кейіпкердің мінезі мен әдеттері жайлы айтып қоймай, көрсету арқылы қимылдың стилі мен сипатын аша білуі тиіс. Мәнерлі көрсету өте маңызды болып табылады. Орындаушының шеберлігі көп жағдайда балетмейстердің ойластырғанын анықтауға мүмкіндік туғызады. Актер жұмысының бірінші кезеңінде толығымен балетмейстердің иелігінде болады (міндет қоюда, би лексикасын, орындау мәнерін, стилін үйренуде). Бірақ кейіннен балетмейстердің қойған міндетін дамытады, толықтырады және аша түседі. Осылайша, балетмейстер мен актердің біріккен еңбегінің барысында ойластырылған бейне толық жүзеге асырылады деп айтуға болады. Кейде балетмейстер сахнаға өте майда элементтерді, күнделікті тұрмыстағы нәрселерді көптеп қосып жібереді. Бұл ең басты нәрсені көлеңкелеп шығарманың көркемдік құндылығын жояды.

Бидің суреті дегеніміз – бишінің немесе бишілер тобының сахна алаңында қозғалуы және еденде көзге көрінбейтін із арқылы түрлі қозғалыс формалары мен фигураларын салу. Халықта да, сахнада геометрия-

лық фигураларсыз би жоқ. Шеңбер, эллипстер, параллель сызықтар, диагональдар, тік төртбұрыштар, үшбұрыштар, шиыршықтар – міне осылардың барлығын сыған биінің суретінде қолданамыз.

Қорытынды. Адамдардың күнделікті еңбек процесіндегі іс-әрекеттері, қоршаған дүниеден алған сезім-әсерлері би қимыл-қозғалыстары мен ишараларына негіз болған. Табиғат құбылыстарын, аңшылық және соғыс көріністерін белгілі жүйеге түскен ырғақты қимыл – бимен бейнелеу көне дәуірде өмір талабынан туды. Келе-келе би қимылдарының мәнерлеу мүмкіндігі мен тәжірибенің молаюына орай жеке би өнері қалыптасты. Көне мәдениеттер ордасы болған билеу мәдениеті шеберліктің биігіне жетті. Би музыкамен тығыз байланысты. Көптеген халықтың билері ұрмалы музыкалық аспаптардың ырғақты үнімен орындалады. Би хореографиясы жинақы образдар арқылы болмысты бейнелеп, адамның ішкі жан дүниесін көрсетеді. Экономикалық, әлеуметтік, тарихи географиялық, т.б. факторлардың әсерімен де әр халықтың өзіне ғана тән би дәстүрлері, өзіндік хореография тілі, пластикалық бейнелілігі, қимыл-әрекетті музыкамен байланыстыру тәсілдері пайда болды. Солардың негізінде бал билері мен кәсіби сахна биі қалыптаса бастады. Шығыс елдерінің билері бет-пішіннің нәзік құбылуы және қол қимылы секілді дәстүрлі ишараларымен ерекшеленеді.

Әдебиеттер:

1. Назарбаев Н.Ә. "Қазақстанның болашағы – қоғамның идеялық бірлігінде". – Астана: Ақорда, 2014.
2. Краткая художественная энциклопедия искусств стран и народов мира. "Советская энциклопедия", 3 том / Под ред. В.В. Иоганн. 1971.
3. Деметр Н., Бессонов Н. История цыган: Новый взгляд. – Воронеж, 2000.
4. Марушиакова Е.; Попов В. Цыганите в България. София, 1993. – Б. 33.; Clebert Jean-Paul. Les Tziganes. P., 1961. – P. 101.
5. Папазян В.М. Армянские боша: цыганский этнографический очерк. Этнографическое обозрение. М., 1901, кн. 49, № 2.
6. Цыганы. Природа и Землеведение. –СПб., 1864. Т. 3. – № 3. – Б. 76-77.
7. Великая реформа. – М., 1911. т. 3.
8. Ром-Лебедев И. От цыганского хора к театру "Ромэн". – М., 1990.
9. Щербакова Т. Цыганское музыкальное исполнительство и творчество в России. – М., 1984.

III БӨЛІМ. СӘНДІК ҚОЛӨНЕР

РАЗДЕЛ III. ДЕКОРАТИВНО-ПРИКЛАДНОЕ ИСКУССТВО

ӘОЖ 745.749.
МРНТИ 18.31.51

М.С. Кургамбеков¹, Г.Б. Кемалова²

¹педагогика ғылымдарының кандидаты, профессор; ²аға оқытушы, магистр
К.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті
Қазақстан, Ақтөбе қ., e-mail: gul_kemalova@mail.ru

ҚОЛӨНЕР БҰЙЫМДАРЫН ЖАСАУДАҒЫ ОЮ-ӨРНЕКТЕРДІҢ МАҢЫЗЫ ЖӘНЕ РӨЛІ

Аңдатпа

Мақалада сан қырлы ұлттық өнеріміздің бір саласы – ою-өрнек туралы айтылған. Үңіле білгенге бұл өнердің тылсым сырлары жетерлік. Ою-өрнек – ұлтымыздың мәдени дамуының шежіресі, халықтың өткен тарихы – рухани, мәдени-материалдық өмірінің айнасы. Жаныңа ләззат сыйлайтын эстетикалық мәні зор бұл өнердің адам баласына берері мол. Қазақ ою-өрнегі – қазақ халқының ауыз әдебиеті сияқты мәдени шежіресі. Мақсат, болашақ ұрпақтарымызға ұмыт болып бара жатқан осы өнерді таныстырып қана қоймай, оны қолөнер, сурет, сәулет өнері ендіре отырып, осы өнерді қайта жаңғырту, оған жаңа мазмұн беретінін жеткізгіміз келеді.

Кілт сөздер: ою-өрнек, қолөнер, шебер, ағаш, металл, сүйек, мәдениет, ұлттық, тарих, эстетика.

Кургамбеков М.С.¹, Кемалова Г.Б.²

¹кандидат педагогических наук, профессор; ²старший преподаватель, магистр
Актюбинский региональный государственный университет имени К.Жубанова
Казахстан, г. Актюбе, e-mail: gul_kemalova@mail.ru

РОЛЬ И ЗНАЧЕНИЕ ОРНАМЕНТОВ В ИЗГОТОВЛЕНИИ РЕМЕСЛЕННЫХ ИЗДЕЛИЙ

Аннотация

В статье рассказывается об одном из направлений нашего многогранного национального искусства – орнаменте. Тайны этого искусства достаточно, чтобы понять. Орнамент – это летопись культурного развития нации, история прошлого народа – зеркало духовной, культурно-материальной жизни. Это эстетически приятное искусство может многое предложить человечеству. Казахский орнамент является культурной летописью казахского народа, а также устной литературой. Цель состоит не только в том, чтобы представить это забытое искусство будущим поколениям, но и в том, чтобы возродить это искусство и придать ему новое значение, внедрив его в области ремесел, живописи, архитектуры и производства.

Ключевые слова: орнамент, ремесло, ремесленник, дерево, металл, кость, культура, национальность, история, эстетика.

M.S. Kurgambekov¹, G.B. Kemalova²

¹Candidate of Pedagogics, Associate Professor; ²Senior teacher, master
K.Zhubanov Aktobe Regional State University
Kazakhstan, Aktobe c., e-mail: gul_kemalova@mail.ru

THE ROLE AND SIGNIFICANCE OF ORNAMENTS IN THE MANUFACTURE OF HANDICRAFTS

Abstract

The article tells about one of the directions of our multifaceted national art – ornament. The secrets of this art are enough to understand. The ornament is a chronicle of the cultural development of the nation, the history of the past of the people – a mirror of spiritual, cultural and material life. This aesthetically pleasing art has much to offer

humanity. Kazakh ornament is a cultural chronicle of the Kazakh people, as well as oral literature. The purpose is not only to present this forgotten art to future generations, but also to revive this art and give it a new meaning by introducing it to the fields of crafts, painting, architecture and manufacturing.

Keywords: ornament, craft, craftsman, wood, metal, bone, culture, nationality, history, aesthetics.

Бүгінгі таңда мәдени мұра мәселесі мемлекеттік саясат пәні болып табылуда. Н.А. Назарбаевтың пікірінше, «Мәдени мұра» атты арнайы орта жеделдік бағдарламасының бірінші кезектегі мақсаттарының бірі – «халықтың орасан мәдени мұрасын зерттеудің тұтас жүйесін құрастыру, оның ішіне қазіргі заманғы ұлттық мәдениет, фольклор, салт-дәстүрлер де енгізілуі тиіс» [1]. Халықтардың мәдени игілігіндегі құндылықтарын тарихи тұрғыдан іске асыру көзқарасы тарапынан – мәдени мұра сияқты маңызды құрамдасты бөлектеу қажет. Бұл уақыт талкегінен өткен және кейінгі ұрпақтарға ерекше құрметті, құнды болып берілетін материалдық мәдениеттің бөлігі болып табылады. Ұлттық игілік әлеуметтік маңызды – яғни ұлтты дағдарысты күндері біріктіру құралы ретіндегі қызметтің орнын алуы тиіс. Адамзаттың мәдени мұрасын сақтау – бұл біздің шақтағы және кейінгі ұрпақтардың өмірлік маңызды ісі болып табылып, ұлт үшін жүзеге асырылуы тиіс. Осы өзекті ғылыми мәселе, декоративтік (әрі қарай сәндік(-қолданбалы өнердің қызметі мен орнын анықтау – өткен өмір мәдениетінің құбылыстарын жаңадан ұғынудың қазіргі заманның күрделі жағдайында маңызды және өзекті мәселе болып табылуда. Осы аталған зерттеу жұмысы Қазақстан елінің сәндік-қолданбалы өнерінің семиотикасына, халықтық әшекей семантикасына, дәстүрлі халық өнерінің мәдениеттің ұлттық өзіндік тіршілігін бейнелеуге арналған [2].

Сонымен Қазақтың қолөнерінде қазақ даласының жарты миллион жылдық тарихы бар. Қазақ даласында алғашқы адамдар осыншама уақыт бұрын пайда болған. Осы уақыттан бері мал өсіріп, тері өңдеген, құс өсіріп, аң аулаған, соқа салып, егін еккен адамдар қолөнердің түр-түрін ойлап тапты, бұйымдарға өзінің арман-ойын, қиял жемістерін ойып бедерледі. Мұражай әйнектерінен жылтыраған пәлен ғасыр бұрынғы әшекей бұйымдардың өрнектері зер салып қараған кісіге сол дәуірдегі адамдардың өмір салтынан, тұрмысынан, эстетикалық талғамынан хабар береді. Ендеше, қолөнер тарихы – қазақтану тарихы деудің де жаны бар. Қазақ оюы мен қолөнерін зерттеуде еңбегі сіңген Дәркембай Шоқпарұлының аталмыш салада ғылыми ізденістері көптеп саналады. Оның ұзақ жылдарғы зерттеуінен туындаған «Қазақтың қолөнері» альбомы – осы бағыт барысынан жөн айтар, жол сілтер үлкен көмекші құралдың бірі [3]. Қол өнер ғасырлар бойы дамып, қалыптасып келе жатқан халық шығармашылықтың сарқылмас қайнар көзі, халық мәдениетінің айнасы. Ол талай ғасырлар кезеңінен өтіп түрленіп, жаңарып келіп, атадан балаға мұра ретінде бізге жеткен дәстүрлі де қасиетті өнер. Қандай халықтың қолөнері болса да оның тарихымен, қоғамдық құрылысы, әдет-ғұрып, салт-санасымен астасып қатар өркендейді. Қолөнер адам баласын әсемдікке, нәзіктікке деген ұмтылысын, сол бағытта табиғатты өзінше таңбалап бедерлеуін, сұлулықты іздеуге деген құштарлығын танытады. Ол арқылы үлкен рухани-эстетикалық тәлім алып, өнер әлеміне қанат қағасындар. Қазақ шеберлері ағаш, металл, тері, былғары, тарамыс, қайыс, жүн, жіп, ши, қамыс, киіз, мата, тас, бояу, сүйек, мүйіз материалдарын көп қолданады.

Ал бұл материалдарды өндеп, әшекейлеу үшін ою, қашау, құю, шеку, нақыш салу, өрнектеу, бояу, бұрау, ширату, кесу, тесу, илеу, өру, тоқу, иіру, бедерлеу, тігу, сыру, шабу, қақтау, ыстау, лажылау, дәнекерлеу, құрсаулау т.б. тәсілдер қолданылады. Көптеген халықаралық форумдар мен көрмелерде, байқауларда қазақтың қолөнер бұйымдары басқа халықтар қолөнер туындыларынан шоқтығы биік түсіп жатпаса, кем түспейді. Қазақтың қолөнер тарихы – жастарға эстетикалық тәрбие беруде маңызы зор ғылым.

Туған халқының материалдық мәдениетін қолөнер арқылы зерттеп-біліп, оның бүгінгі тұрмысымен біте қайнасып жатқан тұстарын қолмен ұстап, көзбен көріп, сезінуден артық қандай тағылым бар? Ою-өрнек – өнердің өте көне әрі күрделі түрі.

Қазақ халқының ою-өрнектерінің тарихын қазақ ғалымдарының ғылыми түрде саралай бастағанына небәрі елу жылдың жүзі болыпты. Төл өнерімізді зерттеуге Еуропа ғалымдары мен жиһангездері елеулі үлес қосты. Мысалға айтсақ, В.Вопсалов, А.Хедона, саятшы Дженкинсон, Р.Карутц, С.Дудин, В.Радлов, М.В.Рындин т.б. Олар қазақтың ою-өрнектерін ғылыми тұрғыдан талдап, шығу тегіне сипаттама беруге тырысқанымен олардың жасаған тұжырымының бәрінде қазақ ою-өрнектерінің ішкі ұлттық табиғатын, мазмұнын аша алмаған еді. Бұл орайда қазақ ою-өрнегін алғашқы рет зерттеген қазақ ғалымы Т.Бәсенов былай дейді: «Қазақ ою-өрнегін зерттеуде әр уақыттың, әр саланың ғалымдары көп еңбек етті. Бірақ бұл зерттеулер халық ою-өрнегінің жұмбақ тілін жете түсіне, шынайы сырына үңіле алмады. Олар өз ойларын халқымыздың өнер кілтін ашатын тума тілде емес, шетелдік жат тілде, өзге халыққа деген астамшылық көзқараспен саралады. Өнерін зерттеп отырған халықтың тілімен зерттеушінің ойы мен тілінің үндестік

таппауы көптеген бұрмалаушылыққа, тіпті елеулі ағаттықтарға әкеп соқтырды». Осыған қарағанда осы өнердің зерттелмеген қырлары мен қайта қарастырылатын мәселелері бар екенін аңғартады. Әрине, тәуелсіздік алғаннан бері халқымыздың жанашыр ғалымдары көп еңбектер жасай бастады. Мысалы, ою-өрнекті зерттеген ғалымдардың еңбектерін біріктіріп «Қазақ ою-өрнектері» атты жаңа энциклопедия жарық көрді. Оның авторы М.Ш. Өмірбекова (Алматы кітап 2003) [4].

Бауыржан Момышұлы:

«Өткенді еске алып, ойға толам,
Сұрыптап тезге салып, көп ойланам,
Ой түбіне жете алмай титықтасам,
Қолыма қайшы алып, ою оям».

Шынында да қазақ тұрмысында ою-өрнектің араласпайтын саласын табу қиын, қисса-жырлар мен дастандарда, батырлардың ат-әбзелдерін немесе арулардың киімдері мен күймесін суреттегенде тыңдаушының көз алдынан ғажайып нақыштар өтері анық.

Халқымыздың рухани байлығының қайнар көзі болып табылатын осынау құндылық бүгінде азаматтығымыздың нысаны – көк байрағымызды да көріктендіріп тұр. Көп жағдайда халықтың тілін, мәдениетін білмесек те қолөнерімен бейнеленген оюларға қарап, қай халықтың қазынасы екенін танып білеміз. Өйткені ою-өрнек әр халықтың таңбасы, сол елдің бейнелеу өнерінің көнеден келе жатқан мәдениеті. Ал осындай құндылықтың маңызын бірі білсе, бірі білмейді.

Ағашқа ою салу өнері, әсіресе, солтүстік аудандардан бастап, бүкіл Қазақстан аумағына кеңінен таралған. Стилистикалық тұрғыда ол қазақтың халықтық қолөнерінің басқа да барлық түрлерімен, ең бастысы, киізден және былғарыдан оюлап көркем бұйымдар жасаумен тығыз байланысты.

Киізден оюлап жасалған дүниелер, өрмелер мен тоқымалар кестелеу және халық өнерінің басқа да түрлері тәрізді ою-өрнек салынған ағаш бұйымдары киіз үй жиһазының сәнін келтіріп, үйге қажетті тұтыну аспаптарын толықтырған, сөйтіп, өнер туындысына айналған. Қазақтардың ағашты өңдеп, пайдалануы ең алдымен, оның көшпенді өмір салтының қажетін өтеуге байланысты болған. Киіз үйдің сүйегі мен есігі, босағасы, керегесі ағаштан жасалған. Киіз үйдің сүйегіне әдетте ою салынбаған, ал есік пен жиналмалы босағаларға ою ойылып, олар түрлі бояулармен әшекейленіп отырған. Кейде, әсіресе, салтанатты ордалардың ағаштары сүйекпен, алтын, күміс, мыс-жезбен оюлап безендірілген. Көшпенді өмір салтына қарамастан қазақтардың ағаштан жасалған үй жиһазы болған, мысалы төсек, сандық, адалбақан, кебеже т.с.с. Ағаш сандықтың да, мысалы, азық-түлік, киім-кешек, төсек-орын салатын түр-түрі болған. Сондай-ақ, теңдер мен көрпе-жастық, кілемдер мен текемет-сырмақтарды жинайтын жұкаяқтар болған. Ас бұйымдарынан ағаш табақ, астау, шара, тостаған, қымыз құятын тегене мен әшекейлі ожау, шынықап, келі-келсап, піспек, қасыққа дейін бәрі ағаштан ойылған. Оларға және ою-өрнек салынып, сырланып, немесе сүйек, металдармен өрнектеліп безендірілетін болған. Ағашқа ойылған оюлардың композициясы мен үлгісі де қазақтың халықтық қолданбалы қолөнеріндегі тәрізді қарапайымдылығы және көрнектілігімен ерекшеленеді. Жалпы түс пен өрнектердің теңдігі, жекелеген бөлшектердің жиі-жиі қайталанып отыруы да қазақы үлгі. Солардың арасында ең көбірек кездесетіні – қошқар мүйіз, екі басы тұйықталып келетін иір қайырма, S образды белгілер мен шенберлер, төртбұрыштар, ромбтар, жапырақ формалы иірме орамдар, т.с.с. Ою салынған бұйымдардың әшекейлік шешімі олардың үлкен-кішілі көлеміне қарамастан, оюдың жекелеген бөліктері мен элементтерінің бәрі жалпы сәннің жарасым тұтастығына бағынған. Қазақ оюшылары оюдың түрлі тәсілдерін меңгерген, тесіп ою, бедерлеп ою, жанап қырлап ою, жалпақ ою, т.с.с. Кейде олар оюдың негізгі жүйелерін қосымша өңдеп отырған.

Ағаштың ою салынатын беті алдын-ала арнайы өңдеуден өтеді, оған салынған оюдың өзі кірігіп жапсырылатын металл кесіндісінің қалыңдығына қарай ұңғыланады. Қазақ шеберлері қайыңның қатты безінен қымыз ішетін тостаған, саптаяқтар ойған. Қымыз құятын ожаулардың өзі де әр алуан қалыпта жасалған. Салтанатқа ұсталатын ыдыс-аяқтарға күмістелген өрнектермен қоса ірі асыл тастар салынып зерленетін болған. Қымыз құятын үлкен шаралар мен ет тартатын табақтар әдетте әшекейленбеген. Оның тек сирек қолданылатын кейбір түрлері ғана томпақ бедерлі, немесе түймебасты күміс шегелермен әшекейленген. Күмістің өзі кейде қарайтылып, безендірілген. Ою салынған дүниелермен қатар станокта жонылған ыдыс-аяқтар кеңінен қолданылған. Оларға әдетте әшекей, ою салынбайтын болған. Ағаштан түйін түйіп, ою ойған қазақ шеберлері қолөнер туындыларының ең басты құндылығы олардың алуан түрлі ою өрнек үлгілерін кеңінен қолдану арқылы сол көркем шығармаларында көшпенділер өмір-тірлігінің мәні, дүниенің жұмбақ сырлы жаратылысы жөнінде ой түйген халық түйсігін поэтикалық тұрғыда тұлғаландырып отырғандығында. Бұл көркем туындылар жанды дүниенің суретін бейнемелеу жөніндегі исламның қатаң

қағидасы шеберлердің шығармашылық еркіндігіне шек қойып, оларды бейнелеу өнеріндегі шарттылық пен схематизмге мәжбүр еткендігінің сөзсіз айғағы. Алайда халықтық хас шеберлер тапсырыс берушілердің қалауына орай, әрі қолдағы материалдарға икемделіп, белгілі бір қалыппен шектелген ою-өрнек өнерінің өзінде де дүние, тіршілік туралы өз тұжырымдарын төтенше қолтаңбаларымен қалдырды. Тіпті өздеріне ғана тән, өзгелер қайталай алмайтын орнаментация жүйесін жасады. Табиғаттың бай қазынасы: темір, ағаш, бас, балшық, тері, жүн, аң мүйіздерін ата бабаларымыз кеңінен игерді. Өз істеріне жаратты. Тек, пайдаланып қоймай, жасаған бұйымдарына әр түрлі көркем әшекейлер мен оюлар, адамдар мен жануарлардың бейнелерін әсем безендіріп, өрнектей білді.

Қазақ даласынан табылған көне байлықтар, әшекейлі сәндік бұйымдар, аттың айыл, тұрман әбзелдері, тіпті тас дәуірінің соңғы кезеңінің мүліктері екенін білдіреді. Одан халқымыздың ою, өрнек өнерінің тамырының тереңінен алынатын, сүйектен өрнектеп, әшекейлеп бұйым жасаудың өте ертеден ақ келе жатқанын дәлелдейді. Сүйектен ойып өрнек салушыларды қазақтар «шебер» деп атаған. Шеберлердің есімі көпке әйгілі болып, қалаған заттарын жасатуға, жұрт күншілік жерлерден келіп жататын көрінеді. Сүйек пен ағаш бұйымдарының бетін, аттың қамыт, сайман, ер тұрманын, музыкалық аспаптарды безендіреді. Халық арасында сүйектен бұйым жасайтын шеберлердің жұмысы аса зор қолданысқа ие болған. Сүйекпен өрнектелген ағаш бұйымдары өте ауқатты үйлерден ғана кездесті. Ал, оның есесіне, ағаштан ойып, шебер көркемделіп істелетін нақыштар күнделікті үй, тұрмысы бұйымдарында, қазақ жерінің барлық бөлігінде дерлік ұшырасады. Ағаштан ою жасау, яғни, ағаштан түйме түйю де халқымыздың ертеден келе жатқан дәстүрі өнерінің бірі. Тіпті, киіз үйдің ағаш бұйымдарының бәрі жерлік үйдің сәндік жихаздарына сай көркемделген десек артық айтқандық емес. Ағашқа оюлар оюдың көркемдік мәнері үйге көрік берерліктей нәзік нақышталған. Басқа да бұйымдардағы ою, өрнектің түр түсі жағынан ұқсас, тіпті, толықтырып тұрушы әсем де, сәнді келеді. Ағаштан ою оятын шеберлерді халық «ағаш ұстасы» деп атайды. Халық арасынан шыққан сүйектен бұйым жасайтын шеберлер де, ағаш ұсталары да ер адамдар болған. Ағаштан ойылар оюдың да әдіс, тәсілдеріне байланысты түрлері болған. Халық шеберлері ағаштан ойып әр түрлі ыдыстар да дайындайтын. Астау, тостаған, ожаулардың алуан түрлерін жасаған. Соның бірі қайыңнан ойылып істелген қымыз ішетін тостақ.

Қорыта келе, қазақ халқының ою өрнек өнері ерекше бай, оның ашық та, анық бояулары, салтанатты, сәнді оюлары ерекше көз тартады. Айшықты сырмақ, текеметтері, мәнерлі өрнекті ағаш төсек, сандықтары, әр түрлі тақтадан тұратын алашалары, түскиіздерінің бояулары мен өрнектері үйлесіп, үндестік туып, бояулар симфониясын құрайды. Талай ғасырлар бойы даламен сырласып, көшіп, қонып жүрген халық табиғаттан сұлулық тани біліп, бояуларды табиғатпен астастыра қолданды [5]. Ақ отаудың киізіне басылған қызыл ою халқымыздың ақжарқын бейнесіндей, сәнді де, көңілді рай танытады. Аты беймәлім көптеген халық шеберлерінің қолтаңбалары ғасырдан ғасырға мұра болып таралып келеді. Оны әрбір ұрпақ өкілдері көркемдік жағынан қолданылар орынына, формасына қарай сәндік бояудың, әшекей мен ою, өрнектің соны үлгілерімен байытып отыр.

Әдебиеттер:

1. *Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы.*
2. *Жиенбекова А.А. Қазақтардың сәндік қолданбалы өнері. Оқу құралы/ А.А. Жиенбекова. – Алматы: «Эверо» баспасы, 2018 ж.*
3. *Шоқпарұлы Д., Дәркембайұлы Д. «Қазақтың қолданбалы қолөнері». – Алматы, 2007 ж.*
4. *М.Ш. Өмірбекова Энциклопедия «Қазақтың ою - өрнектері». – Алматы, 2003 ж.*
5. *Тасмағамбетова А.Р. Қазақ ұлттық киімі мен қолөнер тарихы: Оқу құралы. – Алматы, 2019 ж.*

IV БӨЛІМ. ӨНЕРТАНУ

РАЗДЕЛ IV. ИСКУССТВОВЕДЕНИЕ

ӘОЖ 78
МРНТИ 18.41.01

Р.Б. Жансерік¹, Ш.Ә.Ақбаева²

магистрант, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университет,
Қазақстан, Алматы қ., e-mail: [rustem 0797@mail.ru](mailto:rustem0797@mail.ru)
педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент,
Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университет, Қазақстан, Алматы қ.,
e-mail: akbaeva_sholpan@mail.ru

XX ҒАСЫР БАСЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ МУЗЫКА ӨНЕРІНДЕГІ ЭТНОМӘДЕНИ ДӘСТҮРЛЕРДІҢ РӨЛІ МЕН МАҢЫЗЫ

Аңдатпа

Ұсынылып отырған мақалада, автор музыка өнері және этномәдени дәстүрлерінің байланысын көрсетеді. Этномәдени дәстүр жалпы білім беру жастарға шығармашылығын дамытатын мүмкіндіктер, ұлттымыздың бай мәдениеті, ұлттық болмыс, тарихы, тілі, ұлттық құндылықтар туралы білім береді. Отанын сүйетін, жан-жақты адамгершілігі мол, рухы биік, жаһандық өркениеттің халықтарына төзімді жеке тұлғаны тәрбиелеудегі мүмкіндік туғызады. Қазақ музыка өнерімен этномәдени дәстүрдің тығыз байланысы арқылы этномәдени білімді жолға қоюдың жолы оқу процесіне жаңа педагогикалық технологияларды пайдалана отырып, авторлық бағдарламалар жасап, арнайы пән ретінде енгізудегі тың нәтижелерге қол жеткізуі.

Түйін сөздер: антология, фольклор, философия, гамма, тон, символ.

Жансерік Р.Б.¹, Ақбаева Ш.А.²

¹магистрант, Казахский национальный педагогический университет имени Абая, Казахстан, г. Алматы,
e-mail: rustem0797@mail.ru

²кандидат педагогических наук, доцент, Казахский национальный педагогический университет имени Абая,
Казахстан, г. Алматы, e-mail: akbaeva_sholpan@mail.ru

РОЛЬ И ЗНАЧЕНИЕ ЭТНОКУЛЬТУРНЫХ ТРАДИЦИЙ В КАЗАХСКОМ МУЗЫКАЛЬНОМ ИСКУССТВЕ НАЧАЛА XX ВЕКА

Аннотация

В предлагаемой статье автор отражает связь музыкального искусства и этнокультурных традиций. Этнокультурные традиции общеобразовательное обучение дает молодежи знания о возможностях развития творчества, богатой культуре нашей нации, национальной бытии, истории, языка, национальных ценностях. Способствует воспитанию личности, любящей родину, обладающей разносторонним нравственным, высоким духом, устойчивой к народам глобальной цивилизации. В качестве специального предмета, создавая авторские программы, используя новейшие педагогические технологии в учебном процессе, можно наладить этнокультурные знания через тесное взаимодействие с казахским музыкальным искусством и этнокультурными традициями.

Ключевые слова: антология, фольклор, философия, гамма, тон, символ.

R.B. Zhanserik¹, Sh.A. Akbaeva²

Master student, Kazakh National Pedagogical University named after Abai, Kazakhstan, Almaty, e-mail:

rustem0797@mail.ru

Candidate of pedagogical Sciences, associate Professor, Kazakh National Pedagogical University named after Abai, Kazakhstan, Almaty, e-mail: akbaeva_sholpan@mail.ru

THE ROLE AND SIGNIFICANCE OF ETHNIC AND CULTURAL TRADITIONS IN THE KAZAKH MUSICAL ART OF THE EARLY TWENTIETH CENTURY

Abstract

In this article, the author reflects the connection between musical art and ethno-cultural traditions. Ethno-cultural traditions General education provides young people with knowledge about the possibilities of developing creativity, the rich culture of our nation, national life, history, language, and national values. It contributes to the upbringing of a person who loves the Motherland, has a versatile moral, high spirit, and is resistant to the peoples of the global civilization. As a special subject, creating author's programs, using the latest pedagogical technologies in the educational process, it is possible to establish ethno-cultural knowledge through close interaction with the Kazakh musical art and ethno-cultural traditions.

Keywords: anthology, folklore, philosophy, gamma, tone, symbol.

Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласында «замана сынынан сүрінбей өткен озық дәстүрлерді табысты жаңғырудың маңызды алғышарттарына айналдыра білу қажет. Егер жаңғыру елдің ұлттық-рухани тамырынан нәр ала аламаса, ол адасуға бастайды».[1]

Өнертану өнерді зерттейтін ғылымның бір саласы. Ол музыка, бейнелеу өнері, театр, әдебиет өнерлерімен және этика, эстетика, философия мәдениеттану ғылымдарымен біте қайнасып, дамып, жетіліп келеді.

Қай уақытта да қай ұлттың болсын көзі ашық, көкірегі ояу, ұлтжанды азаматтарын толғандырып жүрген өзекжарды мәселелердің бірі – ұлттық білім беру. «Әрбір ұлттың баласы өз ұлтының арасында өз ұлты үшін қызмет қылатын болғандықтан, баланы сол ұлт тәрбиесімен тәрбиеленуі тиіс» деп Мағжан Жұмабаев ұлт тәрбиесінің бағытын көрсетіп берген. Қай кезде де ұлт өмірін өркендетуші саналы да, салауатты, ұлтжанды рухы биік, ақыл парасаты мол, мәдени – ғылыми өрісі кең ұрпақ тәрбиелеу – қоғам алдындағы басты міндет және де қоғамдық қажеттілік

Талантты композитор немесе музыкант, суретші сияқты, өз шығармаларында оның энергетикасын көрсететін белгілі бір ассоциативті символдық қатар ұсынады. Кескіндеме сияқты, музыканың өз түсі бар. Бейнелеу өнері, музыка сияқты, өз жасаушының сезімдерін, эмоцияларын, көңіл-күйін білдіреді. Тіпті музыканттардың өздері, олардың өнері мен музыкалық шығармалары бүкіл әлемдегі көптеген суретшілердің жұмыстарының тақырыбына айналды. Классикалық академиялық кескіндемеде белгілі бір ережелер бар: алдыңғы жоспарда картинаның басты нысаны орналасқан, әрі қарай екінші дәрежелі объектілер жүреді және фон сызылады. Сондай-ақ музыкада да, - әуендердің дыбысы белгілі бір тактіден, музыкалық өлшемнен, бірнеше басты нотадан басталады, содан кейін дыбыс көлемді болады, оркестр ойнай бастайды. Сол құбылысты біз аккомпанементке жеке ән айту кезінде байқаймыз: солисттің дауысы хормен немесе аспаптық сүйемелдеумен толықтырылады.

Тағы бір маңызды сипаттама музыка мен бейнелеу өнерін жақындастырады. Бұл контраст. Өйткені кескіндемеде түсі, масштабы, ал қазіргі бейнелеу өнерінде пішіндер салыстырылады. Музыкада бұл қарқындарды, жоғары және төмен ноталарды, қатты және тыныш дыбысты салыстыру. Суретшілердің бояулары сияқты әуендер суық және жылы, ашық және күлкілі. Ал гамма, тон, реңк, нюанс сияқты бейнелеу өнерінің сипаттамалары бүгінгі таңда сыншылар музыкалық шығармаларды түсіндіруде қолданылады. [2]

Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың «Ұлы даланың жеті қыры» мақаласында

Бұл жоба аясында бізге «Дала фольклорының антологиясын» жасау керек. Мұнда Ұлы дала мұрагерлерінің өткен мыңжылдықтағы халық ауыз әдебиетінің тандаулы үлгілері – ертегілері, аңыз-әфсаналары, қиссалары мен эпостары жинақталады. Сонымен қатар қазақтың қобыз, домбыра, сыбызғы, сазсырнай және басқа да дәстүрлі музыкалық аспаптарымен орындауға арналған маңызды туындылар топтамасын – «Ұлы даланың көне сарындары» жинағын басып шығару қажет.

Ұлы Даланың фольклоры мен әуендері заманауи цифрлық форматта «жаңа тыныс» алуға тиіс. Бұл жобаларды жүзеге асыру үшін көшпенділердің бай мұрасын жүйелеуге қабілетті ғана емес, сондай-ақ оның өзектілігін арттыра алатын отандық және шетелдік кәсіби мамандарды тарту маңызды.

Біздің мәдениетіміздің негізгі сюжеттерінде, кейіпкерлері мен сарындарында шекара болмайды, сол себепті оны жүйелі зерттеп, бүкіл Орталық Еуразия кеңістігі мен барша әлемде дәріптеуге тиіспіз. Ауызша және музыкалық дәстүрді жаңғырту қазіргі заманғы аудиторияға жақын әрі түсінікті форматта болуы керек. Атап айтқанда, көнерген сөздер мен мәтіндерді суреттерімен қоса беруге, айқын видеоматериалдар формасында ұсынуға болады. Музыкалық дыбыстар мен әуендер табиғи аспаптармен ғана емес, олардың заманауи электронды нұсқалары арқылы да шығарылады. [3]

Құрманғазы Сағырбайұлы (1818-1889) – кеменгер күйші композитор, қазақ аспаптық музыкасының классигі. Бөкей Ордасының аумағындағы Жиделі деген жерде дүниеге келген. Кедей ортаның тумасы, жастайынан Құрманғазы музыкалық қабілеттерін көрсете бастады. Домбыраның алғашқы тәлімгері Ханбазар, ал басты ұстазы – күйші Ұзақ болатын. Күйші кәсіби жолына түсе отырып, Құрманғазы өзінің халықтың тағдырына деген сезімін, оның азаттық қозғалысына деген жігері мен адалдығы көрініс тапқан өз шығармаларын жасайды.

Ұлы күйшінің бүкіл өмірі әлеуметтік әділеттілік үшін күресте және билік басындағылардың озбырлығына қарсы өтті. Қудалау оны халық аңыздары бойынша еңсесін түсіре алмады, Құрманғазы күйшінің алғашқы шығармаларының бірі – «Кішкентай». Бұл күй көтеріліс басшысы Исатайға арналған. Оның шығарған «Ақбай», «Ақсақ киік», «Көбік шашқан», «Түрмеден қашқан», «Адай» деген күйлерінде нұрлы болашақ, халық үміті, үстем тапқа деген ыза-кек шебер суреттеледі [1, 125 б.].

«Сарыарқа» күйінде халықтардың бостандыққа, туған жерге және шексіз далаға деген ұмтылысының мотивтерін естуге болады.

Құрманғазының 60-тан астам күйі сақталған. Оның қазақ мәдениетіне қосқан үлесі өте зор.

Дәулеткерей Шығайұлы (1820-1887) – ұлы күйші – композитор, домбыра музыкасының лирикалық бағытының негізін қалаушы, ақсүйектер шеңберінен шыққан. Оның көзқарастарының қалыптасуына 1836-38 жылдардағы Бөкей Ордасындағы көтеріліс ықпал етті. Ол Орынборда білім алған қазақ жастарымен байланыс орнатты. Бөкей ордасын басқару жөніндегі Уақытша Кеңестің төрағасы Ващенконың қолдауымен Сұлтан ру билеушісі болып сайланды.

Дәулеткерей жас кезінен бастап ерекше музыкалық талантымен, нәзік қабылдауымен және кең ой-өрісімен ерекшеленді. Күйші тек Орынборда ғана болған жоқ, 1859 жылы құрметті құрметті қазақтар депутатының құрамында ол Санкт-Петербургке шығып, жол бойында Мәскеуге Нижний Новгород арқылы өтіп, олардың көрікті жерлерімен танысты. Бұл оның далада күйші-композитор ретінде кеңінен танымал болған жылдары болды.

Дәулеткерей музыкасы композицияның шеберлігімен, нәзік формасымен және терең эмоционалды жүктемесімен таң қалдырады. Композитор «Қос – алқа», «Қыз-Ақжелен», «Құдаша», «Жеңгем сүйер», «Ақбала – қыз», «Жұмабике» қай жерлерде нәзік психологиялық әйел портреттерін жасады. Композитордың керемет эмоционалды тәжірибелері мен ойлары оның «Қоңыр», «Топан», «Жігер» күйлерінде айтылады. Сондай-ақ «Салық өлген» деген терең қайғылы туындылар да бар.

Новатор ретінде Дәулеткерей Қазақ музыкасының матасын бұзбай, кейбір күйлерде орыс әскери марштарының музыкалық тақырыптары мен түркімен музыкасының элементтерін қолданды. Композитордың 40-қа жуық күйі белгілі.

Тәттімбет Қазанғанұлы (1815-1862) – көрнекті күйші-композитор, XIX ғасырдың классикалық домбыра музыкасының негізін қалаушылардың бірі, шертпе стилінің күйлерін орындаушы және авторы. Тәттімбет қазіргі Қарағанды облысы Қарқаралы ауданының аумағында дүниеге келген [2, 247 б.].

Ол домбыра тарту өнерін ата-бабаларынан және талантты күйшілерден алған. Балада тәрбиеленген ежелгі мәдениетке деген сүйіспеншілік оның музыкалық қызығушылығына да әсер етті: оны күй-аңыздар, XIII-XVIII ғасырларда құрылған эпикалық күйлер қызықтырды. Тәттімбеттің көптеген күйлері – бұл аспаптық музыканың дәстүрлі жанрларының дамуы, ол дәстүрлі сюжеттердің классикалық үлгілерін

құрастырды: «Қосбасар» (бұл цикл көптеген кескіндерді біріктіреді, кейде баяу, қайғылы сипаттамалары бар және т.б.), «Терісқақпай», «Алшағыр» т.б.

Тәттімбеттің «Саржайлау», «Сылкылдақ», «Балкылдақ», «Көкейкесті» күйлері қазақ аспаптық музыкасының үздік туындыларына жатады.

Тәттімбет табиғаттың тамаша музыкалық суреттерінің, лирикалық шығармалардың, күй-ойдың авторы. Оның күйлерінде сұлулық көрініске ұмтылу, өмірдің сұлулығы мен үйлесімділігі, үміт күту, тағдырдың тауқыметі, өмірдің қайшылықтары бейнеленген. Кейбір шығармаларда әлеуметтік уәждер де естіледі. Мысалы, «Бес төре» күйінде халықтың билігін айыптайды. 1855 жылы ол Санкт-Петербургке сапар шегеді, онда аңыз бойынша ол домбырада ойнаған. 30-дан астам күйлері сақталған.

Ықылас Дүкенұлы (1843-1916) – күйші-композитор, қобызшы. Оның талантын шабыттандырған әкесі болды. Қобыз музыкасының саласы осы уақытта қысқарды. XIX ғасырдың ортасында қобызды музыкант-тармен қатар психотерапияға ретінде бақсы-тәуіптер қолдана бастады. Ол кезде қобыз музыкасының көлемі азая бастады.

Ықыластың еңбегі – оның Қорқыт музыкасынан бастау алып, қобыздың бай музыкалық дәстүрін қайта жандандыруы болды. Ықылас халық арасында кеңінен танымал аңыздар мен «Жезкиік», «Қамбар», «Қазан», «Шыңырау» эпикалық ертегілері көрініс тапқан күйлерді шығарды. Дәстүрлі жанр аспапты музыка, тәуелсіздік тамыры орта ғасырларда қалыптасқан аспаптық музыканың дәстүрлі жанрында оны «Қоныр» және «Кертолғау» күйлері құрды. Оның өмірге деген терең сезімдері «Ықыластын күйі» композициясынан көрінеді.

«Жарым патша» күйінде композитор жетіспейтін шенеуніктер мен биліктерді мазалаған. Қобыздағы ойын техникасын байытып, ықылас ғасырлар бойы қалыптасқан қобыз музыкасының қағидаларын сақтап қалды.

Біржан-сал Қожағұлұлы (1834-1897) – қазақ халқының көрнекті композиторы, әнші және ақын. Көкшетау облысы аумағында өте кедей отбасында дүниеге келген.

Шамамен 20-дан бастап ол далада үлкен танымалдыққа ие әндер жаза бастады. Оның композиторлық дарынының қалыптасуына жас Абаймен 1865 жылы болған кездесу әсер етті.

Біржан сал әлеуметтік мәселелерді, адамгершілік ұғымдарын, жеке тұлғалардың тағдырын қозғады. Біржан салдың махаббат лирикасына арналған бірқатар әндері бар. Әннің керемет мысалдарына оның «Біржан сал, Айтбай, Ғашығым және басқалары кіреді. Біржан өзінің әнімен шындықты қолдады, өтірік пен озбырлықты жоққа шығарды. Оның Жанбота, Адамсақ әндері билік басындағылардың әрекеттеріне наразылығын білдірді. Ол талантты ақын болатын. Әсіресе, оның Сара есімді қызбен айтысы көпшілікке кеңінен танымал. Біржан салдың айналасында оның өнерін қолға алған талантты жастар топтастырылды. 40-қа жуық ән сақталған[4, 120 б.].

Ақан-сері Қорамсаұлы (1843-1913) – көрнекті композитор. Көкшетау облысында туған. Жас кезінен музыкамен және поэзиямен әуестенді. Оның мерекелері мен жарыстарына үнемі қатысуы оның атына сері префиксі берілуіне себеп болды. 16-17 жастан бастап шығармашылықпен айналысады. Оның көрнекті туындылары – «Құлагер», «Маңмаңгер», «Мақпал», «Балқадияш», «Сырымбет» және т.б. шығармалары музыкалық қазыналар арасында лайықты орын алды. Ақан сері ақындық шығармашылықпен айналысты. Онда әділдік идеалдары бейнеленген, қатыгездік пен сатқындық айыпталды.

Аталған әндерден басқа, халық композиторларының алтыншы «Майданақоныр», Үкілі Ыбырай «Гәкку» әндері, Дина Нұрпейісованың «Көңіл Ашар» күйі қазақ музыкалық классикасының тамаша үлгілерін көрсетеді.

Қорытынды. Қорытындылай келе, XIX ғасырдың екінші жартысындағы Қазақстан мәдениеті әлемдік мәдени процестің бір бөлігі ретінде дамыды, көшпелі өмірдің ерекшелігіне, ұлттық өнердің өзіндік дәстүрлеріне негізделген, байырғы халық шығармашылығы мен мәдени шығармашылық интеллигенция өкілдерінің жеке стиліне ие болған өзіндік ерекшеліктері бар.

Құрманғазы, Дәулеткерей, Тәттімбет, Қазанғап, Дина, Біржан, Ақан, Жаяу Мұса, Естай, Ыбырай, Нартай, Мәди, Мұхит, Абай, Кенен Әзірбаевтың есімдері қазақ халқының ғана емес, әлемдік музыка мәдениетінің тарихына енді. Музыкалық-мәнерлі құралдардың шеңбері мен бейнелі құрылымымен, стильдің жарқын даралығымен ерекшеленетін олардың шығармашылығы қазақ музыкалық мәдениетінің мақтанышы мен классикасын құрайды.

Жоғары өнерді қалыптастыра отырып және қарапайым адамдарды «Құдайдың құпиясына» - музыкаға ие бола отырып, олар өмір бойы қоғамда үлкен махаббат пен құрметке ие болды және әрқашан жалпыға ортақ көңіл мен тартылыс орталығында болды. Ең үздік халық жоғары атақтарды - сала мен сері иеленді.

19 ғасырдың кәсіби музыканттарының шығармашылық қызметі, әдетте, тек орындаушылық немесе композиторлық саламен шектелмеген, көркем формалардың барлық алуан түрлілігін - поэтикалық импровизацияны, шешендік өнерді, қайратты вокалдық техниканы, музыкалық аспапты виртуоздық игеруді, театр және цирк іс-қимылының элементтерін қамтиды, бұл қазақ даласындағы әртістерді Батыс Еуропаның орта ғасырлық музыканттары-жонглерлер, трубадуралар, рувердар, мейстер және миннизингерлерге жақындастырады.

Әдебиеттер:

1. Сатпаева Ш.К., Адибаев. Х.А. *Казахская литература. – Алматы: «Рауан», 1993.*
2. Жубанов А.. *Жизнь и творчество казахских народных композиторов, – Алма-Ата, 1992 год.*
3. *Материалы юбилейной сессии Национальной академии наук РК, Казахстанская правда*
4. Асафьев. Б.В. *О казахской народной музыке, 1957 г.*

УДК 7.071.1

МРНТИ 18.07.28

Нарикбаева Л.М.¹, Бейсенгали Б.²

¹ *Казахский национальный педагогический университет имени Абая,
г. Алматы, Республика Казахстан*

² *Казахский национальный педагогический университет имени Абая,
г. Алматы, Республика Казахстан*

ВЗАИМОДЕЙСТВИЕ ЭМОЦИОНАЛЬНОГО ИНТЕЛЛЕКТА И ХУДОЖЕСТВЕННОГО ТВОРЧЕСТВА В МУЗЫКЕ И ЖИВОПИСИ

Аннотация

В статье рассматривается взаимодействие музыки и живописи, способствующее выявлению эмоционального интеллекта зрителя. Вкратце дана характеристика понятию эмоции и определены ее роль в двух видах искусства. Представлены способы передачи эмоции посредством музыки. Также, указан эмоциональный посыл, заложенный в художественных произведениях. Самыми важными и яркими средствами музыкальной выразительности являются лад, ритм, темп, композиция. На основе этих терминологии были выявлены качества, характерные для живописи. Таким образом, выявлены общие черты, присущее как к музыке, так и к живописи. Были выбраны и раскрыты эмоциональный посыл художников в художественных картинах, к которым были подобраны подходящие музыкальные произведения. В результате чего, были определены взаимосвязь художественных картин и музыкальных произведениях. Тем самым, были указаны эмоции (эмоциональный интеллект), посредством которого могут влиять на зрителей.

Ключевые слова: взаимодействие, эмоциональный интеллект, эмоциональный посыл, художественные произведения, терминология, музыкальные произведения.

Л.М. Нарикбаева¹, Б.Бейсенгали²

¹ *Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті,
Алматы қ., Қазақстан Республикасы*

² *Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті,
Алматы қ., Қазақстан Республикасы*

ЭМОЦИОНАЛДЫ ИНТЕЛЛЕКТ МУЗЫКА МЕН КЕСКІНДЕМЕДЕГІ КӨРКЕМДІК ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ФАКТОРЫ РЕТІНДЕ

Аңдатпа

Мақалада әр адамда эмоционалды интеллектінің тууына ықпал етуші фактор ретінде музыка мен кескіндеменің байланысы көрсетіледі. Эмоция және оның өнердің екі саласындағы рөлі жайында қысқаша мағлұмат беріледі. Эмоцияның музыка арқылы берілуі жайында айтылады. Сондай-ақ, оның көркем

білімдегі рөлі туралы да қаралады. Лад, ырғақ, темп, композиция – музыкалық мәнерліліктің негізгі құралдары және тәсілдері. Осы құралдар негізінде олардың кескіндемедегі анықтамалары қарастырылды. Соның негізінде, олардың музыкаға да, кескіндемеге де қатысты ортақ ерекшеліктері анықталды. Суретшілердің эмоционалды деп танылған кескіндемелері қаралып, оларға сәйкес музыкалық шығармалар таңдалып алынды. Нәтижесінде, кескіндеме картиналары мен музыкалық шығармалардың ортақ белгілері анықталды. Сонымен қатар, олардың көрермендерде анықталуы мүмкін деп танылған эмоционалды белгілері анықталды.

Түйін сөздер: байланыс, эмоционалды интеллект, эмоционалды ой, көркем шығармалар, терминология, музыкалық шығармалар.

L.M. Narikbayeva¹, Beisengali Balaussa²

*¹ Kazakh national pedagogical university named after Abai,
Almaty, Republic of Kazakhstan*

*² Kazakh national pedagogical university named after Abai,
Almaty, Republic of Kazakhstan*

EMOTIONAL INTELLIGENCE AS A FACTOR OF ARTISTIC CREATIVITY IN MUSIC AND PAINTING

Abstract

The article examines the interaction of music and painting, which helps to identify the emotional intelligence of the viewer. The concept of emotion is briefly characterized and its role in two types of art is defined. The methods of transmitting emotions through music are presented. Also, the emotional message embedded in the works of art is indicated. The most important and striking means of musical expression are fret, rhythm, tempo, and composition. On the basis of previous terminologies, the qualities characteristic of painting were identified. Thus, the common features inherent in both music and painting are revealed. The emotional message of artists in art paintings was selected and revealed, and suitable musical compositions were selected for them. As a result, the relationship between art paintings and musical works was determined. Thus, emotions (emotional intelligence) were indicated, through which they can influence the audience.

Keywords: interaction, emotional intelligence, emotional message, artwork, terminologies, musical compositions.

От эмоций напрямую зависит восприятие человеком окружающего мира. Эмоции оказывают существенное влияние на жизнь человека. Человек, который испытывает положительные эмоции, вроде радости и счастья, смотрит на мир и окружающих людей в положительном ключе. А страдающие от тяжелых переживаний и негативных эмоции оценивают окружение только в темных тонах.

«Эмоциональный интеллект (ЭИ, англ. emotional intelligence, EI) – сумма навыков и способностей человека распознавать эмоции, понимать намерения, мотивацию и желания других людей в целях решения практических задач» [1].

Одна из причин обращения представителей творческих профессий к эмоциональному интеллекту является интерес к художественному мышлению. В изучении эмоционального интеллекта, его роли и места в структуре художественного мышления наука видит один из путей познания не только природы художественного творчества, через эмоции осуществляющего художественную коммуникацию, но и природу творчества, его универсальных механизмов.

Искусство есть форма творчества, которая образует жизнь человека яркими красками, наполняя ее насыщенными, смысловыми моментами. О роли эмоций в искусстве мы рассмотрим в двух сферах творчества – музыке и живописи. Также, попытаемся определить их взаимосвязь.

О взаимосвязи музыки и живописи можно говорить вечно. Взглянув на картину, человек обретает способность внутренним голосом услышать определенную музыку, воспроизводимую в подсознании. Тем самым, зрительный образ переходит в музыкальный, который способствует появлению живописных образов. Следовательно, музыке присваивается качество видимости, а живописи – свойство слышимости. Как отметил композитор Д.Б. Кабалевский, живописной музыкой можно считать ту музыку, которая отчетливо передает чувства композитора от художественной картины [2].

Использования множества такой единой терминологии как лад, ритм, темп, композиция, цветовая гамма, тон, этюд также указывают на взаимосвязь в живописи и музыке. Но, самой главной чертой живописи и музыки является передача зрителю и слушателю своих душевных переживаний их творцов. Итак, рассмотрим по порядку, взаимосвязь терминологии, несущей единую основу творчества в музыке и живописи.

Лад. В музыке существует два настроения – это лады, которых называют мажор и минор. Они отвечают за композиции, настроение автора сочинения, которое он старается передать слушателям. Мажорный лад – тот лад, который отвечает за жизнерадостные эмоции: яркость, светлость, насыщенность. Минорный лад отвечает за грусть, печаль, горе.

В живописи лад заменяется словом настроение, напрямую связанное с эмоцией картин. Каждый человек по-разному воспринимает картину. Эмоции в этом случае у каждого свои. Причиной этому могут быть и то, что они могут появляться на пережитом опыте, ассоциациях. Необходимо учитывать еще и тот факт, что каждый по-разному воспринимают окружающий мир. Однако, мы бы сказали, что и здесь лежит общая закономерность восприятия картин на основе одинакового ментального, жизненного опыта людей [3].

Ритм. Ритм есть важное выразительное средство. Ритм выстраивает составные элементы в некоторый порядок (ноты, темы, краски, голоса), благодаря чему происходит эмоциональный отклик у слушателя или зрителя на музыкальную живопись. Из-за длительности в музыке ритм открывается постепенно. В живописи также – чем дольше наблюдает человек, тем больше сможет увидеть содержание картины. Следовательно, композиция холста, цвет, положение героев – это все ритм.

Темп. Вторым по значимости аспектом в вопросе эмоциональной окраски музыки является темп. Его часто путают с ритмом. Ритм – это регулярная последовательность звуков и пауз между ними, а Темп – это та скорость, с которой эти звуки проигрываются [4]. По одной из версии ученых, музыкальный темп вызывает у людей ассоциации со скоростью человеческой речи. Когда человек пребывает в состоянии радости или восторженности, его речь, как правило, ускоряется, а в состоянии грусти или подавленности замедляется.

В живописи темп равняется скорости выполнения работы за короткий промежуток времени. Особенно, это качество свойственно импрессионистам. Ведь, для них важно запечатлеть впечатления от окружающего мира без каких-либо изменений. Поэтому, импрессионисты работают на природе (пленэре). Наглядным примером может стать художественное полотно «Впечатление. Восход солнца» нидерландского художника-импрессиониста Винсента Ван Гога, который он нарисовал всего за десять минут.

Композиция. Композиция в музыке – это предметное сопоставление, распределение и выражение с определенной интонацией звуков. В живописи она передает нам настроение, заложенное на картине за счет цвета, света, теней, форм, также посредством главных действующих предметов или лиц. Сложно представить живопись без цветовой гаммы и палитра. Как и в музыке, цветовая гамма определяет основные цветовые решения произведения (холодные-теплые, светлые-темные). В музыке это звукоряд, в котором первые и последние ноты совпадают по названию, но находятся друг от друга на расстояния октавы [5].

В живописи это цвета, имеющие качества яркости, светлоту и насыщенности. Умело обращаясь с ними, можно с помощью цвета делать акцент на нужное место, направив взгляд зрителя на него.

Выбирать художнику цвет для центрального элемента нужно очень аккуратно, учитывая все три компонента, так как он должен привлечь внимание. Светлота способствует главному содержанию, доминируя среди соседних оттенков. Яркость и насыщенность следует сделать выше, так как и они играют не менее важную роль. Теплых и холодных тонов следует использовать, когда хочется передать особый колорит. Еще их сочетание говорит о тонком вкусе и мастерстве художника [6].

Цветовая гамма. Цвет – фундаментальная часть живописи. Понимая, как оттенки прекрасно сочетаются друг с другом, можно передать нужную атмосферу. Смотря на картину, некоторые из них вызывают умиротворение, спокойствие или другие приятные ощущения. Эти чувства возникли не от сюжета, как от правильно подобранной цветовой гаммы. Ведь, любой колорит мыслительно мы сопоставляем с определенными вещами, событиями, чувствами.

Основу составляют три колорита, путем смещения из которого можно выявить другие второстепенные цвета. Экспериментировать краской в живописи необходимо, ведь это сэкономит многим художникам время и даст понять, как можно получить определенные цвета. Теплые тона используют для

передачи блаженства, выражают отношение, любовь. Холодные тона – утешают, передают умиротворение и жизненную энергию.

Связь колорита с музыкой определяется обладанием некоторых музыкантов музыкально-цветовой синестезией, то есть цветным слухом. Это редкий вид синестезии – синопсия. В медицинских и музыкально-терминологических словарях, синопсия характеризуется как возникновение цветowych элементов при прослушивании композиции [7]. Появление цветового слуха определяется тремя факторами: эмбриологический, физиологический, психологический. Тем не менее, обретение цветового слуха у каждого проходит индивидуально.

К примеру, А.Н. Скрябин видел только тональности C dur, F dur, G dur, а остальные он определил с помощью квинтового круга. При этом, он видел эти звуки в виде красного, оранжево-розового. Этих цветов другой композитор Н.А. Римский-Корсаков видел белым, ярко-зеленым, светло-коричневым. Также, А.Н. Скрябин был первым человеком в истории, кто применял в музыке сочетание цвета и света, введя, тем самым, понятие «светомызыка». Цветовой слух наблюдался и у других музыкантов: А.А. Кенель, О.Мессиян, А.Шенберг, Б.В. Асафьев и многие другие.

Помимо выше перечисленных, и в музыке, и в живописи есть понятия «тон», «этюд». К живописи применима также как в музыке категория «гармония», а в живописи — «колорит».

Существует огромное количество живописных произведений, где изображены музыкальные инструменты с давних времен до современности. Это обусловлено тесной связью музыки и живописи, давая представление о развитии музыки и музыкальных инструментов того времени, которые имеют определенный символический смысл. В начале XX века появилось понятие «музыкальная живопись», которое имело цели как педагогические (эффективность и перспективность методики рисования музыки в педагогике) так и научные (вопрос отражения музыки в рисунках: от мелодии, гармонии, лада, то есть отдельных средств музыкальной выразительности до разностилевых, разнохарактерных сочинений).

Далее, приведя несколько примеров, определим, сумеет ли классическая музыка раскрыть скрытый замысел живописных картин и выясним какое эмоциональное впечатление производит сочинение двух видов искусства – музыки и живописи.

Картина «Девятый вал» известного российского художника-мариниста Ивана Айвазовского стала одной из успешных картин художника, признанная шедевром с первых дней выставки в 1850 году. На картине изображено море после сильного ночного шторма, сквозь который просвечивается луч света. Если сравнить с картинами других художников-маринистов, волны Айвазовского нестрашные, не менее 3 метров. Настоящие ведь волны достигают 20-30 метров. Теплые тона картины делают море не таким суровым как в реальности [8]. Тем самым, наверное, художнику хотелось смягчить трагизм, давая надежду на спасение моряков. Его оптимизм проявляется и в других его работах. Мужество героев, их сила воли, смысл борьбы до последнего, действия, одежда – все прорисовано детально. Вид восходящего солнца обнадеживает человека. Не используя специальных красок, художнику удалось изобразить небо таким ярким, что показывает его умелость обладания световым эффектом. Художнику удалось тонко передать сюжет всей картины зрителю: всю мощь, силу, величие и непередаваемую красоту морской стихии. Ощущая страх и чувствуя себя на их месте, зритель невольно начинает переживать за героев.

Борьба за жизнь, встреча лицом к лицу со смертью в данной картине заставили нас вспомнить фразу немецкого композитора Людвиг ван Бетховена в главном мотиве первой части пятой симфонии: «Так судьба стучится в дверь». Развивающаяся, стреляющиеся к вершине начало, контрастно медленная, певучая часть мелодии в середине, дающая светлую надежду на спасение, однако звонкой кульминацией сцена продолжения борьбы и торжество победы в финале – точь в точь отражает всю историю картины Айвазовского. Это произведение Бетховена как ничто другое подходит к картине «Девятый вал» Айвазовского, так как в них одинаково отражается человеческий путь преодоления, где судьба оказывается в руках человека.

В XIX веке были популярны картины, создаваемые за счет широких, густых мазков, наложенные друг на друга. Смешивая разные оттенки, художники-импрессионисты того времени добивались удивительной естественности таких картин. Если взять для примера картину известного импрессиониста Клода Моне «Впечатление. Восход солнца», то создается впечатление, что воздух вибрирует, а солнце вот-вот поднимется с горизонта и озарит всем светом. Движение – это то, что интересовало художников того времени. Картина была написана после утренней прогулки всего за несколько минут. Чтобы рассматривать картину художников-импрессионистов, картину рекомендуется смотреть на расстоянии 1-2 метров. На близком расстоянии картина смотрится незаконченным, можно увидеть хаотичные пятна.

На дальнем расстоянии можно увидеть, как все краски сливаются друг с другом, образуя целостную картину [9].

Мелодичное, приятное на слух произведение Иоганна Пахельбеля «Канон в ре мажоре» может хорошо передать впечатление художника Клода Моне после утренней прогулки. Можно было выбрать и другое музыкальное произведение, однако среди бесчисленно серых оттенков изображено холодным апельсиновым оттенком солнце. А, солнце – свет, надежда, новая жизнь. На картине изображено не только впечатление художника, но и люди в парусниках. Значит, впечатление на картине ассоциируется со светом, любовью, началом новой жизни.

Таким образом, на основе выше приведенных примеров, далеко неполных с точки зрения сопоставления, эмоциональных основ произведений живописи и музыки, мы пришли к выводу, что музыка и живопись не просто взаимодействует, а прекрасно дополняют друг друга. Без сомнения, любой вид искусства, в том числе и музыка, и живопись найдет адекватный отклик у зрителей. Однако, это не будет столь эмоциональным как представляется взаимосвязь эмоциональной характеристики произведения и замысла художника.

Итак, восприятие картины на фоне музыки неосознанно заставляет зрителя видеть то, что скрыто с глаз, воспринимать картину не только зрительно, но и душевно. Слушая музыкальные произведения, невольно в голове начинается появляться образы, тем самым рисуя в подсознании картину, подходящую по структуре музыкального произведения или на основе пережитого опыта.

Ну, и конечно, широкое применение описанной нами терминологии в искусствоведении, как лад, ритм, темп, композиция, цветовая гамма также оказали существенное влияние на их взаимосвязь в теории и практики в данном направлении исследований.

Литературы:

1. Salovey, P., & Mayer, J. D. (1994). *Some final thoughts about personality and intelligence*. In R.J. Sternberg & P. Ruzgis (Eds.), *Personality and intelligence* (pp. 303- 318). Cambridge, U.K.: Cambridge University Press.

2. *Есть в красках отзвуки и звуки. Музыкальная живопись и живописная музыка [Электронный ресурс]*. – Режим доступа: <https://iskusstvo-zvuka.livejournal.com> - [Дата обращения 14.01.20г.]

3. Способин И.В. *Элементарная теория музыки*. – Государственное музыкальное издательство. – М., 1963, 203 с.

4. *Что такое ритм в музыке? [Электронный ресурс]*. – Режим доступа: <https://soundtimes.ru> - [Дата обращения 15.01.20 г.]

5. *Есть в красках отзвуки и звуки. Музыкальная живопись и живописная музыка [Электронный ресурс]*. – Режим доступа: <https://iskusstvo-zvuka.livejournal.com> - [Дата обращения 14.01.20 г.]

6. *Гармония цвета: создаем настроение картины красками [Электронный ресурс]*. – Режим доступа: <http://www.viktoria-latka.com> - [Дата обращения 24.01.20 г.]

7. Трофимова И.А. *Музыкальная графика как проявление синестезии // Проблема комплексности изучения художественного творчества*. – Казань: Изд-во КГУ, 1980. – С.113-119.

8. «Девятый вал» Айвазовского. *Почему это шедевр [Электронный ресурс]*. – Режим доступа: <https://arts-dnevnik.ru> - [Дата обращения 15.02.20 г.]

9. *Зарождение импрессионизма: Клод Моне и его шедевр «Впечатление. Восход солнца» [Электронный ресурс]*. – Режим доступа: <https://www.livemaster.ru> - [Дата обращения 18.02.20 г.]

ӘОЖ 7
МРНТИ 17.00.00

Қ.О. Жеделов ¹, А.Б. Бөлеген ²

¹педагогика ғ.д., профессор

²магистрант, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті,
Қазақстан, Алматы қ., E-mail: Aikumis.bolatovna@gmail.com

«РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ»: СЫР ӨңІРІНДЕГІ ТАРИХИ-МӘДЕНИ КИЕЛІ ОРЫНДАР

Аңдатпа

Бастауын орта ғасырлық кезеңнен алған, өзіндік архитектуралық ерекшелігі бар мешіттер мен мұнаралар Орта Азия және Қазақстан сәулетіндегі көркемдік өнерге ғылыми қызығушылық туғызып отырған қазақ халқының ерекше сәулеттік туындылары Сыр өңіріндегі тарихи-мәдени киелі аймақтарды байыта түсері сөзсіз. Сыр өңірінің әр аймағында сәулеттік көркемдік өнерден айтылмаған сыр, жазылмаған шежіре жатқандығының куәсі. Осы себептен, қазақ халқының ұлттық рухының көсегесі көгерсін десек, осынау жәдігерлерімізді бүгінгі ұрпақ санасына сіңіріп, болашаққа аманаттау жауапты іс. Бұл орайда «Сыр – Алаштың анасы» атты экспедицияның жалпақ әлемге аймақтың сүбелі тарихын тарту етуді көздеген жобада: сыр өңірінің жеті ауданы мен Қызылорда қаласындағы тарихи, мәдени мұраларды, көрнекті жерлері мен өндіріс ошақтарындағы көркемдік өнерге көңіл бөлуде. Қаратаудан бастап Барсакелмес қорығына дейінгі аралықты толық қамтыған. «Сыр – Алаштың анасы» атты экспедицияның жасаған жұмыстарын негізінде Сыр өңіріндегі тарихи киелі мәдени артефакт орындардың тұрғызылу тарихы, ескерткіштердегі көркемдік өнердің «архетиптік нұсқадан» жетілдіру тәсілдерінің ерекшеліктері себепші болды.

Түйін сөздер: Артефакт, архетип, археология, пантеон, қорым, Сыр – Алаштың анасы, мәдениет, сәулет өнері, рухани жаңғыру.

Жеделов Қ.О.¹, Бөлеген А.Б.²

¹д.пед.наук, профессор

²магистрант, Казахский национальный педагогический университет имени Абая,
Казахстан, г. Алматы, e-mail: Aikumis.bolatovna@gmail.com

«РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ»: ИСТОРИКО-КУЛЬТУРНЫЕ СВЯЩЕННЫЕ МЕСТА ЗЕМЛИ СЫРА

Аннотация

Мечети и минареты со своими архитектурными особенностями, которые восходят к средневековью, несомненно, обогатят исторические и культурные памятники Сырдарьинской области. Это свидетельствует о том, что в каждом регионе Сырдарьинской области есть негласная и неписанная генеалогия архитектурного искусства. По этой причине, если мы хотим, чтобы национальный дух казахского народа процветал, важно внедрить эти артефакты в умы сегодняшнего поколения и доверить их будущему. В связи с этим, проект экспедиции «Сыр - Мать Алаша» направлен на то, чтобы представить миру богатую историю региона: семи районов Сырского края и города Кызылорды, ориентируясь на историко-культурное наследие, достопримечательности и искусство. Он охватывает все расстояние от Каратау до заповедника Барсакельмес. На основе работы экспедиции «Сыр - мать Алаша» была изложена история возведения исторических и сакральных артефактов в Сырском крае, особенности способов совершенствования искусства в памятниках из «архетипической версии».

Ключевые слова: Артефакт, архетип, археология, пантеон, кладбища, земля Сыра - мать Алаша, культура, архитектурное искусство, модернизация.

Zhedelov K.O.¹, Bolegen A.B.²

¹ D.Sc. in Pedagogic Sciences, professor

² master student, Abay Kazakh National Pedagogical University,
Kazakhstan, Almaty, e-mail: Aikumis.bolatovna@gmail.com

“**RUKHANI ZHANGYRU**”: THE SACRED PLACES OF THE SYR ELY

Abstract

Mosques and towers with their own architectural features, which date back to the Middle Ages, will undoubtedly enrich the historical and cultural sanctuaries of the Syr region, the unique architectural works of the Kazakh people, which are of scientific interest in the architecture of Central Asia and Kazakhstan. It is a testimony to the fact that in every region of the Syr Darya region there is an unspoken and unwritten genealogy of architectural art. For this reason, if we want the national spirit of the Kazakh people to flourish, it is important to inculcate these artifacts in the minds of today's generation and entrust them to the future. In this regard, the project of the expedition "Syr - Mother of Alash" aims to present the rich history of the region to the world: the seven districts of the Syr region and the city of Kyzylorda, focusing on historical and cultural heritage, attractions and art. It covers the entire distance from Karatau to Barsakelmes Nature Reserve. On the basis of the work of the expedition "Syr - the mother of Alash" was the history of the construction of historical and sacred artifacts in the Syr region, the peculiarities of ways to improve the art in the monuments from the "archetypal version".

Keywords: Artifact, archetype, archeology, pantheon, cemetery, Syr eli is the mother of Alash, culture, architectural art, modernization.

Кіріспе. Ғалымдар Сыр жерінде 1000-ға жуық тарихи-мәдени ескерткіштердің бар екенін айтады. Мұндай мол ескерткіш еліміздің өзге өңірлерінде кездесе бермейді. Өкінішке қарай, қайсыбір жылдарда соның ішінде кейбіріне ғана ғалымдар зерттеу жүргізе алса, қалғаны сол күйінше жұмбақ болып қалғандай. «Сыр – Алаштың анасы» атты экспедиция зерттеушілері сол орындарға арнайы ат басын бұрып, бірқатар мәліметтерді жинақтағанымен, одан кейін ол орындарда ешқандай жұмыстар жүзеге аса қойған жоқ – деп айтуда [7, 22-23 б.]. Кезінде саны аздау ұлттардың тарихына көңіл бөлмей, оларды мәдениеті мен дәстүрін халықтың жадынан өшіруге құлықты болған большевиктер аталмыш жәдігерлердің жермен-жексен қирауын қалағаны жасырын еместігі ақпаратта жиі айтылады. Соған қарамастан, қаншама құнды дүниелердің бүгінгі күнге дейін жетіп отырғаны көңілге медеу. Ендігі кезекте соларды жаңғыртып, бабалардың бүгінгі ұрпаққа аманатына адалдық таныту біздің парызымыз болса керек-ті.

Кейбірі адам қолымен жасалған жердің бетіндегі сан алуан ғажайыпты көруге әбден болады. Сан алуан ғажайып, адамзат баласы үшін бағалы байлықтың бірі болып табылады. Дүниежүзіндегі дүйім ел сол игіліктерді тамашалауға әуес. Бұл мәдени мұралар талай қиындықты бастан өткізді. Тіпті, түрлі себептермен жер бетінен жоғалып кеткені де бар. Оған түрлі себептер баршылық. Оларды сақтап қалуға кезінде адам санасы жетпеді. Сан алуан соғыстар олардың еріксізден қирап, жермен-жексен болуына алып келді. Сондай-ақ, түрлі тосын әрекеттер де олардың көзден ғайып болуына итермеледі. Қазіргі таңда мәдени артефакттар арқылы олардың кейбірінің атын естіп, тарихшылар сол ескерткіштер жайында артында жазып қалдырғаны болмаса, ондай мәдени мұралардың орнын да таба алмай қалып жатқанымыз өтірік емес.

Ашығын айтайық, күні бүгінге дейін сол мұраларды сақтау бағытында көптеген олқылықтар орын алып келгені де рас. Біздің түп-тамырымызды таразылап беретін талай қалашықтарды шетелдік тарихшы, археологтар келіп зерттеп, қазақ халқы үшін маңызды дүниелер тістегеннің аузында, көрінгеннің қолында кеткені рас.

Еліміз егемендік алғаннан бері қабылданған мемлекеттік бағдарламалар: 2004 жылы «Мәдени мұра», 2013 жылы «Халық – тарих толқынында» және «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласының негізінде қазақ мәдениетіндегі тарихи ескерткіштерді өзіміз реттей алатын мүмкіндік туды. Өткенімізді өшірмеуге бірден-бір дәнекер тарихи «архетиптік нұсқадан» айырылмай дүниелер көзден таса қалып қоймаса деген тілегімізге жол ашылды. Әйтпесе, кейінгі ұрпаққа қандай дүниелерді көрсетеміз? Даңғайыр даланың сан алуан ескерткіштері ескерусіз қалып жатса, олардың да жермен-жексен жойылып кетпесіне кім кепіл? Ұлан-ғайыр даламызда жатқан ескерткіштер біздің еңсемізді өзгелер алдында еңселі етері сөзсіз. Сондықтан түпсіз терең тарихтың бір бөлшегіне айналған мәдени мұралар туралы ізденістер осы тақырыпты таңдап алуға себепші болды.

Сыр даласындағы тарихи-мәдени ескерткіштер – ұлттық мұра ретінде

Сыр даласында қаншама тарихи мұра бар. Қазақ жерінің оңтүстік өңірінде орын тепкен өлкенің топырағын түртіп қалсаңыз, сан алуан мұралар жайында мол «архетиптік нұсқадан» мағлұмат алуға әбден болады. Бұл қазақ жеріндегі жергілікті аймақтың тарихында алатын орны ерекше екенін тағы бір мәрте аңғартып, түпсіз терең тарихтың көркемдік төріне қарай тарта түседі. Ұлт өміріндегі әрбір шежіренің түп-төркінін зерделеп көрсеңіз, сол оқиғаға қатысты деректер Сыр өңірі бойынан молынан табыла кетеді.

Қазақ жеріндегі қалың қатпарлы Қаратаудың соңғы сілемдері Сыр өңіріне жетіп жығылатынын адамдар біле бермейді. Қазақ даласының оңтүстік өлкесін бойлап жатқан тау қашаннан да ұлтымыз үшін ұлық тұтқан киелі мекеннің бірі. Бағзы заманнан байтақ даламыздың көркін кіргізіп, ажарына әр берген, елге нәр берген. Ғалымдар бұл таудың жердің бетінде пайда болғанына қаншама миллион жыл өткенін айтады. Қаратау адам баласымен бірге жасап келеді, әлі де талай ұрпаққа құпиясын аша жатар... Бұрынғы замандарда өмір сүрген адамдар осы таудың баурайын мекен еткен деген деректер бар. Оның айқын куәсі – тасқа қашалып салынған суреттер. Мұндай тарихи орындар 400 шақырымға созылып жатқан Қаратау қойнауында өте көп. Ғалымдар оларды қола дәуірі мен орта ғасыр аралығында бейнеленген деп жорамал жасап жүр. Жаңақорған ауданы тұсындағы Қатынқамал үңгірі жайында көпшілік жақсы біле бермейді. Бұл жер – тарихи орын. Жаугершілік заманда қалың елге пана болған деседі. Алайда, оның құпиясы әлі толық ашылған жоқ. Үңгір қалай пайда болды? Ел айтатын әфсана түрліше сөйлейді. Ғылым тілімен дәйек кем. Қазірге дейін Қаратау қойнауында жатқан 50-ге жуық қамал бар екен. Көбісі әлі зерттеле қоймаған. Жаратылыстың сұлулығы мұнда да жетіп жатыр. Оны қолмен қашап жасаған мүсіншінің туындысы дерсіз. Дегенмен, оның барлығы он сегіз мың ғаламның төл туындысы деп айтып жазып жүр зерттеушілер [1, 18 б.].

Қазақтың даласы әулиелерге, батырларға, би-шешендерге, сахабаларға бай өлке. Сол өлкенің бірі Оқшы ата кешенінде Асан қайғы атамыздан бастап Есабыз, Бала би, Ғайып ата, Қыш ата, Мұстафа Шоқайдың атасы Торғай датқа жатыр [5, 243 б.]. Топ мүшелері киелі жерде болып, абыз-әулиелердің мазарлары салынған.

Оқшы ата мазараты Түркістаннан бұрын қаланған ертеректегі үлкен пантеон болған[1-сур]. Қасиетті орын Шиелі ауданы Бәйгекұм елді мекенінің жанында орналасқан. Өз заманында Оқшы ата қару-жарақ дайындайтын ұста әрі ерекше дарынға ие қасиетті адам болған екен. Азан шақырған есімі Ибраһим, кей деректерде Көгентүп делінеді. X ғасырға жататын бұл мазарат аймақтағы ерекше маңызға ие жердің бірі.

Күмбезі, құрылысы жағынан Қарасопы, Асан ата мазарларына ұқсас, бірақ көлемі жағынан шағындау. Мазардың ұзындығы – 7,15м, ені – 7,10 м, маңдайшасының биіктігі – 4,80 м, қабырғасының биіктігі – 3,30 м, күмбез биіктігі – 3,35 м. Іргетасы күйдірілген кірпіштен 0,8 метрге тереңдетіліп салынған. Қабырғасының қалыңдығы 1,1-1,2 м шамасында [8, 65 б.].

Сыр өңірінің Шиелі, Жаңақорғаннан ауданынан кейін тарихи маңызы бар Сырлытам, Мүлкәлан әулие, Қалжан ахун мешіт-медресесіне ат барып көркемдік сәулет өнерінің куәсі боласын. Қызылқұм жеріндегі Сырлытам кесенесі көне тарихтың куәсін қойнына жасырған ескерткіштің үлкені. Қарахан кесенесінен кейінгі Сыр еліндегі ортағасырлық сәулет ескерткішіне жатады. Тарихқа шегінсек, Хазар теңізінің жағалауын Қанды, Кердері, Дай ұрпақтары, кейінірек түрікмендер мен қарақалпақтар мекендеген. Кейбір дерек көздерінде Қамбар батыр мен Алпамыс батыр да (Бәміш) Сыр бойында туған делінеді. Қорқыт ата жырларындағы Қазан Салар, Бәміш, т.б. кейіпкерлер тарихта болған, Сыр бойында өмір сүрген адамдар. Баршын қыздың атымен аталған Баршындария Жетікөлден басталған көрінеді. Қазіргі Сырлытам ескерткіші осы Баршын қыздың құрметіне салынған-мыс.

Сыр елінде екі Сырлытам бар. Бірі Қармақшы ауданында, екіншісі Сырдария ауданының Іңкәрдария ауылынан 29 шақырым жерде орналасқан [2-сур]. Көрнектірегі де осы. Сырлытам аталып кеткен Баршын қыз мазарының тарихы сонау XIII ғасырдан басталады.

Ескерткіш портал күмбезді, шаршы үлгімен, қызыл кірпіштен тұрғызылған. Биіктігі 10 метр шамасында. Құмтөбе басына орнатылған Сырлытамның беті шығысқа қарап тұр. Сырлытам кесенесі ағашсыз салынған екен. Күмбездің бағаналары мен олардың арасына салынған бейнелер қазақтың ою-өрнегіне ұқсайды. Кірпіштері өте жұқа, шертсең, сыңғырлап тұр. Мазардың іші мен сыртындағы бейнелер мен белгілер бұл бейіттің қызға арналған ескерткіш екенін дәлелдей түседі [4, 7-9 б.]. Ескерткіштің маңдайшасында «Ғамал Жай лахат» деген жазу болған. Бүгінде ол жазудан жұрнақ қана қалған. Бұл мазардың құнды сәулет ескерткіші екенін жете түсінбеген кейбіреулер түрлі нақыштарды бұзып әкеткен. Күмбез жанында төртқұлақты бейіт бар. Сырлытам мазарының ішінде сегіз қабір жатыр. Олар жайында: «Бәмсінің 7 қарындасы болған, сегізіншісі – әйелі Баршын (Бәнү-шешек) болуға тиіс», – деп жазады түркітанушы, профессор Әуелбек Қоңыратбаев. 19-шы ғасырдың ғұламасы, ағартушы Қалжан ахун Бөлекбайұлының медресесі

Тереңөзек кентіне жақын жерде орналасқан. Өзі ғалым әрі діни ағартушы болған ол араб, парсы тілдерін жетік меңгеріп, Хиуа мен Бұхарада (Көкілташ медресесі) жоғары білім алып, ағартушылық қызметтермен айналысқан. Ислам дінін насихаттаумен шектелмей, өз шәкірттерін Шығыстың ғылыми және рухани бай мұрасымен де таныстырған. Ол халық арасында ақын және қоғам қайраткері ретінде де белгілі. Оның бастамасы бойынша 1916 жылы медресе тұрғызылды. Бұл жерде медреседен өзге ішкі кірпіштен тұрғызылған Қалжан ахунның өзі тұрған үйінің де орны бар.

Ұлттық мәдениетіміздің бір тармағы ата-баба мұраларынан сыр шертетін, олардың қалдырған өнегесін кейінгі ұрпаққа танытар тарихи-мәдени ескерткіштер екені анық. Қазіргі таңда халықтың ұлттық санасы оянып, тарихи тұлғалардың танылуына, архитектуралық, археологиялық ескерткіштер мен тарихи-мәдени мұраның бай дүниесіне ұмтылысы күн санап өсіп келе жатыр. Зұлмат замандарды, жойқын соғыстарды басынан кешіріп, бүгінгі күнге қабырғасы сөгілмей жеткен Сыр өңірі көне дәуірлерден мәдениет ошағының ордасындай болғаны ақиқат. Бұл сөздің шындығына сапар барысында көз жеткіздік. Ел аңызында Сыр өңіріндегі шаһарлы мекенжайлардың көптігі соншалық, Шыназдан шыққан лақ шатырдан шатырға секіріп отырып, Арал теңізіне дейін жетеді деген әфсана бар. Бұл теңудің тегін айтылмасы белгілі [3,288 б.]. Дегенмен, түсірілім тобының зерттеулері нәтижесінде Сырдария өзенінің оң және сол қанатында қала мәдениетінің қалыптасқандығына көзіміз жетті.

Ал Таң ауылындағы Әбжәли ишан мешіті жуырда ғана қайта жаңғыртудан өтіп, ел игілігіне беріліпті [3-сур]. Ауыл қарияларының айтуы бойынша, мешітті Әбжәли ишанның өзі сол кездегі Қызылорда темір жол вокзалы ғимаратын тұрғызған ақмешіттік Нұрмұхаммед деген ұстаға қалатқан екен. Мешіт сол маңда өмір сүріп, бүкіл ғұмырын балаларды мұсылмандыққа оқытуға арнаған, жергілікті халықтың діни сауатын ашуға көп еңбек сіңірген Әбжәли молданың атымен аталады.

Мешіт жоспары төртбұрышты, күмбезді. Жалпы өлшемдері 11,90x8,30 м, биіктігі 6,5 м, әр мұнарасының биіктігі – 15 метр. Күмбесінің диаметрі – 2,5 метр. Мешіт ғимаратының ауданы – 150 ш.м.. Намазхана бөлмесі – 90 ш.м.. Имамның бөлмесі – 32 ш.м. Дәліз – 28 ш.м.. Мешіт кіре-беріс бөлмеден, михрабы бар намаз оқу залынан және осы зал арқылы кіретін шағын бөлмеден тұрады. Кіре-беріс бөлменің жоспары төртбұрышты, бір терезесі бар. Сыйыну залының пішіні шаршы тәрізді болып келген, оңтүстік-батыс қабырғасында михраб қуысы бар. Залдың ортасында жабын өрнектелген ағаш үш бағана тірелген. Жарық түсу үшін қаптал қабырғаларында екі терезеден салынған. Жамағат сыймдылығы – 50 адамға лайықталған. Мешіт ғимаратының қаспеттері «кірпіш» стилінде салынған, ғимарат цоколь, карниз, бай өрнектелген фронттардан тұрады. Қаспеттерде өрнектелген жауырыншалар бар. Осы жерлерде цоколь мен карниз бекітілген. Қаптал қаспетте ағаш жақтаулары бар үш терезе орнатылған, ойықтары аркамен көмкерілген. Мешіт күйдірілген кірпіш қабырғалардан және ағаш бағаналардан тұрады. Солтүстік және шығыс бұрыштарынан 50 см қашықтықта азан шақыруға арналған мұнара салынған. Шамасы бұл кейін тұрғызылған болу керек. Мұнараның төменгі жағынан диаметрі 2 м, биіктігі 12,5 м.

Сыр еліндегі тарихи ескерткіштер дегенде ең бірінші болып ойымызға Қорқыт ата кесенесі ойға келеді. Қорқыт ата мазары – тарихи сәулет өнері ескерткіші. Шамамен 9-10 ғасырларда қазіргі Қызылорда облысы, Қармақшы ауданы, Қорқыт станциясынан 3 км жерде Қорқыт әулиеге тұрғызылған [4-сур]. Қорқыт ата дананың қабірі қай жерде екенін тап басып айту мүмкін емес. Оның мазары туралы көнекөз адамдардың әрқайсысы әр түрлі айтады. Неғұрлым анығы хәм атақтысы – Сырдарияның төменгі ағысындағы Қармақшы қыстағының маңындағы мазар. Осы мазар ұзыннан созылған сегіз қырлы үлгіде, төбесі күмбезделіп салынған. Бұрыштары оюлармен өрнектелген. Мазарға жалауы бар ұзын сырғауыл қойылған. Өкінішке орай, Сырдарияның ағынды суы бұл күмбез бен қабір басындағы белгіні баяғыда шайып жіберген. Қазір сол жерге жаңа күмбез салынған. Қорқыты ата күмбезді мазарынан әр кез қобыз күйі естіліп тұрған деседі. Оның жаңа кесенесі төрт қобыз бір-біріне сүйеніп тұрғандай етіп биікке салынған, одан қобыздың сырлы әуені шығып жатқандай болады [9, 92 б.]. Халық арасында Қорқыт ата қобыз бен күйдің атасы саналады. Ол өзі ойлап тапқан қобызбен күй тартып, ажалды жолатпаған екен. Қорқытты ел шежіресінде мәңгілік өмір жыршысы, бақсылардың атасы, ұлы сазгер ретінде қастерлейді.


Қармақшы ауданында орналасқан қазіргі Қорқыт ата кешені – облыстың туристік картасына енген бірден-бір үлкен нысан [5-сур]. Және түркі халықтарына ортақ Қорқыт ата мазары да Сыр өңірінің тарихи мұрасының сүбелі бөлігі [2]. Кешен аумағында орнатылған қобыз ескерткіші төрт элементтен тұрады. Әрбір стела әр тарапқа қаратып тұрғызылған құлпытастарға ұқсайды. Жоғары жағы кеңейе келіп, шөміш пішінінде түйісетін стелалар қобыз бейнесін көрсетеді. Оның түйісер түбіндегі орталық тесігінде 40 металл түтік бар. Олар жел соққан кезде қобыз сарынымен үндес дыбыс шығарады. Аңыздарда айтылған тәрізді Қорқыт ата мазарында соққан желге үн қосатын қобыз қойылған.

Кешендегі ерекше ескерткіштің бірі – қошқар мүсіні. Қошқар ежелгі арии мен қазақ мифологиясында Көктәңірінің олжасы мен теріс күштерден қорғаушы символ болып саналады. Сондықтан мүсін қошқар бейнесі мен сақ грифінің – гриф басы, арқасындағы қанаты, аяғы сфинкске ұқсас жиынтығы күрделі сипаттамадан тұрады.

Ал кешендегі амфитеатр көне Рим дәуіріндегі архитектуралық құрылыс үлгісінде салынған. Ол түрлі ойындар мен сайыстарды тамашалайтын орын. Амфитеатрдың ортасында дөңгелек алаң бар. Көрермендерге арналған орындар тұйық шеңберленіп келіп, сатылап көтеріле береді. Бүкіл түркі тілдес елдер арасында өтетін «Қорқыт және Ұлы дала сазы» атты өнер фестивалі дәстүрлі түрде екі жылда бір рет кешеннің амфитеатрында өтеді [10].

Сонымен қатар, антикалық ескерткіштер Қызылқұм аймағындағы Бұланды, Шірік Рабат сияқты аймақтарға ғалымдар назарын бұрып отырған, археологиялық қазба жұмыстары жүргізіліп жатқан ескерткіштер болашақта туризм саласын дамытудағы өз мәртебесіне ие болады деп сенеміз. Қазіргі уақытта «Сыр – Алаштың анасы» экспедициясы Қармақшы топырағындағы Жетіасар мәдениеті жөніндегі мәліметтер базасын да кеңейткен. Осы арқылы біз басқан асарлардың ең үлкені республикалық маңызға ие тарихи-мәдени нысан саналатын Алтын асардың ежелгі тұрғындары жау шапқыншылығынан қаланы тастап кетуге мәжбүр болған деседі. Қаралы асар, Жалпақ асар, Құрайлы асар, Базар асар және Томпақ асар, Шірік Рабат атанған қалашықтар және Бәбіш мола кешені, Баланды, Сеңгір там қылуетінің тарихи маңызы жөнінде ертеректе аймақты зерттеуге келген орыс ғалымдары И.Левина мен С.Толстовтың еңбектерінде кеңінен зерттелген. Сол бір кезеңде, қазба жұмыстары мен құндылықтар Ресей асқан... Сол жәдігерлер Қазақ мемлекетінің музейлерінде сақталса көне тарихтың көркемдік өнерінен мол сыр шертері анық. Сыр өңірі Сақ-апасиактар астанасы Шірік Рабат, Оғыз тайпаларының астанасы – Жанкент, Хорезмнің шеткі аймақтарын басқаруда орталыққа айналған Жент, Ақорда астанасы Сығанақ сынды қалаларымен атағы алысқа жеткен [6]. Осындай қала құрылыстарын, сәулет ескерткіштерін сақтау, қамқорлыққа алу келешек ұрпақ үшін маңызды екені анық. Олардың бүгінгі сақталу деңгейі, қорғалу аймағының ескерілмеуі, тіпті бұзылып кетуі кімді болса да аландатады деген үміттеміз.

Қорытынды. Бастауын ежелден алған, өзіндік архитектуралық ерекшелігі бар қазақ мавзолейлері, мешіттері және мұнаралары Орта Азия және Қазақстан архитектурасында ғылыми қызығушылық туғызып отырған қазақ халқының ерекше архитектуралық туындылары Сырдың қасиетті жерлерінің географиясын байыта түсері сөзсіз [8, 47 б.]. Ежелгі дәуірлерден өркеніет ізі өшпеген Сырдың бойы әр төбесі қасиетті жер болып табылады. Сыр бойының қасиетті жерлерін зерттеу Сыр халқын, оқушылар мен жастарды отан сүйгіштікке тәрбиелеу және өлкеміздің тарихын мақтан ету, мұраларымызды қастерлеуге игі әсерін тигізеді. Ежелгі Римнің көне ескерткіштеріне, Египеттегі Пирамидаларға, грек мәдениетінің адамзат дамуына қосқан сүбелі мұраларына таң қаламыз, таңдай қағамыз ғой. Бұл реттен қазақ даласы да құр алақан дей алмаймыз. Бір ғана Сыр топырағының өзінде тарихтың тұмарындай болған жауһарлы жәдігерлер жетерлік екендігінде күмән жоқ. Оны өзіміз танып қана қоймай, әлемге таныту біздің қазақстан мемлекетінің соның ішінде аймақтық өлкетану, мәдениеттану, өнертанушылардың қолдағы ісі. Әйтпесе, бабалар жүріп өткен «артефакт» даңғыл жолды құм басып, құпиясын ішіне бүгіп жата берері хақ. Сондықтан аманатқа адалдық танытар кез келді деп есептейміз.



1-сурет. Оқшы ата кесенесі.



2-сурет. Сырлытам кесенесі.



3-сурет. Әбжәлі шан мешіті.



4-сурет. Қорқыт ата мазары. IX-X ғғ.



5-сурет. Қорқыт ата кешені.

Әдебиеттер:

1. Байпаков К.М. По следам древних городов Казахстана//Алма-Ата, 1990 – С.18
2. Әзілхан Тәжекеев. «Сыр бойы Ұлы даламыздың ең алғаш қалалық өркениеттің пайда болған өлкесі» [ғаламтор көзі]. https://www.inform.kz/kz/syr-boyy-uly-dalamyzda-en-algash-kalalyk-orkeniet-payda-bolgan-olke-azilhan-tazhekeev_a3030707

3. Қ. Маханбетов. «Сыр өңірі тарихы». – Алматы: «Атамұра», 1998. – 288 бет.
4. Тынышбек Дайрабай, Молдабек Ахметов. «Сыр еліндегі ескерткіштер». – Алматы: «Киізкітап», 2014. – 7-9 б.
5. «Қазақстан»: Ұлттық энциклопедия // Бас редактор Ә. Нысанбаев. – Алматы: «Қазақ энциклопедиясы» Бас редакциясы, 1998. – 243 бет.
6. «Сыр бойы» Қызылорда облыстық газеті №140-141. (Археологические исследование на городище Жанкент, Казалинского района Кызылординской области. 2016 г.).
7. Қазақстан Республикасының тарихи және мәдени ескерткіштерінің жинағы. Қызылорда облысы. – Алматы: Аруна, 2011. – 22-23 беттер.
8. Пищулина К.А. Монография Юго-Восточный Казахстан в середине XIV в. Начало XVI в. – Алма Ата, 1977. – С.47.
9. Отырар. Энциклопедия. – Алматы: «Арыс» баспасы, 2005. – 92 бет.
10. Қобыздың үні сарнаған Қорқыт ата кесенесі [ғаламтор көзі]. https://el.kz/news/cities/kobizdin_uni_sarnagan_korkit_ata_kesenesi/

ӘОЖ 7.74.745/749
МРНТИ 11.25.41

Ш.Ә. Ақбаева¹, Ұ.С. Шаймұрат²

¹Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің
«Өнер, мәдениет және спорт» институтының «көркем білім» кафедрасының доценті, п.ғ.к.
Алматы қ., Қазақстан

²Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің «Өнер, мәдениет және спорт»
институтының 6М041600- «Өнертану» мамандығының 2-курс магистранты. Алматы қ., Қазақстан

ЕЖЕЛГІ ДӘУІР ҚЫШ ӨНЕРІНІҢ ӨРНЕКТЕРІНІҢ ӨЗІНДІК ЕРЕКШЕЛІГІ ЖӘНЕ ТҮРЛЕРІ

Аңдатпа

Мақалада қыш өнерінің құрамдас бөліктерінің бірі ретінде, сондай-ақ Қазақстанның сәндік-қолданбалы өнерінің дербес бірлігі ретінде ежелгі геометриялық өрнектердің қалыптасуы қарастырылған. Ғасырлар бойы қыш өнері адам қоғамының ажырамас бөлігі болып табылады. Халықтық сәндік-қолданбалы өнеріндегі геометриялық өрнектер қола ғасырларда дамып, біздің ұрпаққа ата-бабаларымыздың көпғасырлық білімі мен шеберлігімен берілген. Сондай ақ қола дәуір қыш бұйымдарға көркемделген өрнек түрлерімен салу түрлерін жүйелеу мәселесі мақалада қарастырылған. Олардың барлығына ырғақты түсіну, бейнелеу өнерінде ырғақтың ролі мен мәнін дүниетанымдық фактор ретінде нығайту тән.

Кілттік сөздер: көркем қыш, сәндік-қолданбалы өнер, дәстүр, қола дәуір, өрнек, мәдениет, архетип.

Ақбаева Ш.А.¹, Шаймұрат У.С.²

¹кандидат педагогических наук, доцент кафедры «Художественное образование» института искусства, культуры и спорта Казахского национального педагогического университета имени Абая.

г. Алматы., Казахстан

²магистрант 2 курса специальности: 6М041600– «Искусствоведение» института "искусства, культуры и спорта" Казахского национального педагогического университета имени Абая.

г. Алматы., Казахстан

ОСОБЕННОСТИ И ВИДЫ ОРНАМЕНТОВ КЕРАМИЧЕСКОГО ИСКУССТВА В ДРЕВНОСТИ

Аннотация

В статье рассматривается процесс формирования керамики как одной из составляющих частей, но и также как самостоятельная единица декоративно-прикладного искусства Казахстана. Испокон веков керамика была и является неотделимой частью человеческого общества. Народное декоративно-прикладное искусство это то, что нашему поколению передалось с многовековыми знаниями и мастерством

наших предков. А также в статье рассматривается проблема систематизации художественных изделий из керамики бронзового века. Для всех их характерно понимание ритма, укрепление роли и значения ритма в изобразительном искусстве как мировоззренческого фактора.

Ключевые слова: художественной керамики, декоративно-прикладного искусства, традиции, эпохи бронзы, орнамент, культура, архетип.

Akbaeva Sh.A.¹, Shaimurat U.S.²

¹candidate of pedagogical sciences, assistant professor of "art education" of the Institute of Art, Culture and Sport of the Kazakh National Teachers' University named Abaya. Almaty, Kazakhstan

²master 2 specialty: 6M041600 - "Art Studies" of the Institute of Art, Culture and Sport of the Kazakh National Teachers' University Abaya. Almaty, Kazakhstan

FEATURES AND TYPES OF ORNAMENTS OF CERAMIC ART IN ANCIENT TIMES

Abstract

The article considers the process of formation of ceramics as one of the constituent parts, but also as an independent unit of decorative and applied art of Kazakhstan. From time immemorial, ceramics has been and is an inseparable part of human society. Folk arts and crafts is something that our generation passed on with centuries-old knowledge and skill of our ancestors. The article also deals with the problem of systematization of artistic products made of bronze age ceramics. All of them are characterized by an understanding of rhythm, strengthening the role and significance of rhythm in the visual arts as a worldview factor.

Key words: artistic ceramics, decorative and applied art, traditions, bronze age, ornament, culture, the archetype.

Ежелгі Қазақстанның қыш өнерінің өрнектері, өнертанымдық жағынан алғанда Қазақстан көркемөнер дамуы тарихының ең аз зерттелген тұстарының бірі. Оны түсінудің ерекшелігі мен қиындығы мынада — дәл осы тарихи-мәдени қабаттар Қазақстан бейнелеу өнерінің бастаулары өзгеше бір архетиптері болып табылып, ұлттық-мәдени мұраның ежелгі қазынасын құрайды. (1-сурет) Бейнелеу өнерінің бастапқы феномені ою-өрнектер, сондай-ақ Қазақстан аумағын мекендеген адамдардың көркем ойлау белсенділігінің алғашқы көріністері бола тұра, олар байырғы дүниетанымдық және көркемдік мақсаттардың ерекшелігін талдау үшін негіз болып табылады.

Сонымен қатар, ежелгі Қазақстан көркемөнерінің негізгі тарихи- мәдени кезеңдері мен көркем ою-өрнек түрлері жан-жақғы, алуан түрлі әрі геометриялық көп қырлы феноменді қалыптастырады. Олардың ішкі бірлігі мен даму қарқынын объективті айқындау, олардың көркем көріністерінің күрделі конгломератын жете түсіну ұлттық сананың, өзін-өзі ұқсастырудың қарқынды процесіне өздерінің баға жетпес үлестерін қосады. Көркемдік және дүниетанымдық құндылықтардың, эстетикалық ерекшеліктердің сабақтас түйінін бірізді, жүйелі анықтау ежелгі Қазақстан өнерінің тарихи-мәдени ерекшеліктерінің тұжырымдамасын қалыптастыруға арналған, Қазақстанның кейінгі барлық көркем мәдениеті дамуының қайнар көзі әрі дем берушісі болып табылатын алғышарт жасайды.



1- Неолит адамының қыш ыдысы. Железинка пос. Павлодар облысы.

Әртүрлі ғалымдардың, соның ішінде археологтар мен этнографтардың, фольклористер мен дінтанушылардың және басқалардың зерттеулері Орталық Азияны мәдениеттің ең ежелгі әрі маңызды ошақтарының бірі ретіндегі, тіпті адамзат өркениеті пайда болған аймақтардың бірі ретіндегі түсінікті қалыптастырды [1]. Кеңестік және шетелдік ғалымдардың бірқатар монографиялары Орталық Азия аймағын бейнелеу өнерінің шығуымен байланыстырады. Бұл контексте Қазақстан аумағындағы ежелгі өнер ескерткіштерін зерттеу болашағынан зор үміт күттіретін жұмыс болып табылады. Ол геральдикалар мен көркем түрлердің, сәулетшілік түрлердің шығуы, мифологиялық, діни жүйелердің бейнелеу пішіндерінің көрініс табуы жайлы мәселелерді толық шешпесе де, жаңаша ұғынуға мүмкіндік береді.

Адамзат үшін мәдениеттің алғашқы жалғыз ошағының пайда болу идеясы Қазақстан аумағында өнердің, петроглификаның, зергерлік өнердің, пластика мен қыштың пайда болуы мен дамуы жайлы мәселелер осы кезеңдегі өнердің өзіндік сипатын қалыптастыруда едәуір рөл ойнайды [2].

Қазақстанның барлық аймақтарындағы жартасқа салынған суреттердің көне жиынтықтары, Бегазы–Дәндібай, Андронов мәдениетінің ескерткіштері, ұсақ пластиканы қамтитын көркемөнер қабаттарының алуан түрлілігі, ою өнерлерінің болғандығын айғақтайтын археологиялық олжалар назар аударуды қажет етеді [2].

Ежелгі Қазақстан өнерінің тарихи-мәдени өзіндік ерекшелігі төмендегі жағдаяттар арқылы анықталуы мүмкін:

– Қазақстан аумағы бейнелеу өнерінің әбден жетілген түрлері мен айқын көріністерінің алуан түрлілігін білдіретін оның ең ежелгі ошақтарының бірі болып табылады. Осылайша ежелгі кезден бері Қазақстанның бейнелеу өнеріндегі көркем формалар мәселесі оң шешімін тауып келе жатыр;

– ежелгі Қазақстан өнері шығармаларын өнертанымдық тұрғыдан зерттеу шығармаларды жасаудың жете зерттелген және өңделген формальды принциптерін айқындауға мүмкіндік берді. Алуан түрлі, бірақ анық көрсетілген композициялық шешімнің принциптері Композиция құру әдістері жете зерттеліп, тұтастай дерлік қағидаға айналдырылған: көлбеу бойы – қайталанулар қатары; тік бойы; диагональ бойы; шеңберге ұмтылған композициялар, симметриялық кесте [3].

Тепе-теңдікті сақтауды Қазақстанның ежелгі өнерінің принципі ретінде қарастыруға болады. Мысалы, композицияның ішінде айқын көрінген динамикада жалпы шешім статикаға ұмтылады, нәтижесінде ішкі статикадағы сыртқы динамика шеңберінде бейнеленген сюжетті, мотивті, көріністі тұрақтандырады. Пайда болуы жағынан имманентті, күдіретті әлем үндестігі идеясы осы тепе-теңдікті ұстауда өз көрінісін табады. Әлемнің бастапқы үндестігі идеясын ежелгі өнерде жүзеге асыруда композициялық симметрия принципі пайдаланылады.

Нәтижесінде бұлардың бәрі Қазақстанның болашағы барлық бірегей көркем мәдениетінің дамуына түрткі болып, аталмыш дәуірдегі Қазақстан өнерінің тарихи-мәдени өзіндік ерекшеліктерінің тұжырымдамасын қалыптастыруға мүмкіндік жасады.




2-сурет. Қола дәуірінің қыш ыдыстарының өрнектері. Бегазы қорғаны. Орталық Қазақстан.

Қазақстанның барлық аймақтарындағы қышқа салынған ою-өрнектердің жиынтықтарын тоғыстыратын көркемөнер қабаттарының алуан түрін, сондай-ақ көне дәуірдегі Қазақстан өнерінің негізгі ерекшеліктерін анықтауда, оларды жүйелеу, байланысу жолдарын, кейінгі кезеңдердегі Қазақстан көркем мәдениеті дамуындағы рольдерінің маңызы зор. (2-сурет). Ежелгі Қазақстан өнерінің тарихи-мәдени өзіндік ерекшелігі тұжырымдамасы мен оның мәнін, қазақтардың көркем мәдениетінің сабақтас дамуын анықтау, дәуірдің әрбір мәдени қабаттарының көркем және дүниетанымдық ерекшеліктерін айқындауға, олардың арасындағы типологиялық және этномәдени бірлікті, жүйелі зерттелген материалдағы негізгі мәселелерді табуға тұтастай негізделген. Осылайша белгілі бір мәдени құбылыстар үшін көркем және дүниетанымдық ерекшеліктерді жүйелі анықтау біршама шешімін тапқан әрекет болып табылады.

Аталған мақсатты анықтай отырып, қола дәуірі материалдық мәдениетінің қыш өнерінің ою-өрнектерін осы тұрғыдан қарастырамыз. (3-сурет). Тұрмыстық және көркем мәдениет заттары Бегазы –Дәндібай, Андронов мәдениеті кезеңінен, яғни, б.д.д. II-мыңжылдықтан бастап сақталған. Еуразияның кең байтақ аумағынан табылған бұл заттар формальды- пластикалық принциптердің бірлігімен ерекшеленеді. Қола дәуіріндегі көптеген молаларда көп мөлшердегі өрнектелген қыштар сақталған [2].

Күйдірілмеген қышқа ұсақ ирек тісті штамптың көмегімен өрнек салудың оңай тәсілдері арқылы шеберлер ыдыс декорының алуан түріне қол жеткізді. Оларды айыратын жалпы белгілер мыналар: симметриялық пішінге бейім болу; элементтер орналасуының ырғақтылығы статикалықтан гөрі динамикалық; пропорциялардың тепе-теңдігі және контурлердің жатықтығы.



3-сурет. Қола дәуір ескерткіштерінің картасы.

Ежелгі Қазақстан өнерінің тарихи-мәдени өзіндік ерекшелігі біртұтас концепциясын қалыптастыру үшін ою-өрнектегі біріктіретін ортақ белгілердің, тіпті осы дәуірдегі көркем феномендердің әрқайсысының жүйелі дамуы принциптері болуы маңызды [3].

Олардың барлығына ырғақты түсіну, бейнелеу өнерінде ырғақтың ролі мен мәнін дүниетанымдық фактор ретінде нығайту тән. Сондай-ақ үйлесімділікке деген ұмтылыс, дәлірек айтсақ, үндестік идеясын әлемге имманентті түрде тән құбылыс ретінде үнемі нығайту сипаты ортақ болып табылады.

Қазақтардың адам, табиғат, ғарыш жайындағы дүниетанымдарының ерекше жүйесі қолданбалы өнердің алуан түрінде, бірінші кезекте оның тарихындағы әртүрлі хронологиялық кезеңдердің іздерін қамтыған қазақтың ою-өрнегінің өзгеше өрі тамаша жүйесінде көрініс табады.

Қазақстан көркем мәдениеті ерекшелігінің қалыптасуы дәуірлер мен мәдени феномендер дискреттілігінің алмасуы негізінде жүріп жатты және ерте кезден бүгінгі күнге дейін қазақтың бейнелеу өнері феноменіне көркемдік сезімнің бірлігін, дүниетанымның ерекше әдісі мен көркем ойлаудың өзіндік жүйесін берген рухани менталдық формаларға енгізілді. Қортындылай келсек қола дәуір мен орта

ғасырлардағы қыш өрнектері рухани өнердің ою-өрнек сапасына әсер еткен. Нақтылай айтқанда қазақтың көркемөнер дәстүрлерінің бастауын тек қана біздің тікелей ата бабаларымыз – ежелгі түркілерден ғана емес ханнулардан, яғни солардың бейнелеу өнерінің тамырларын басу арқылы, сонымен қоса сарматтық – массагеттік, сақ – савроматтық және де басқа ерте темір ғасырындағы этномәдени сілемдерден, мән-мәтінінде сабақтастық ұғымы жатқан қола ғасырының тарихи-мәдени жалпылама қойнауларынан іздестіру қажет.

Жалпы алғанда қола дәуіріндегі ыдыстардың ернеулері үзік, қисық, тұзу сызықтарды үшбұрышты етіп келтіріп, мойныны көлденең жолақтармен безендірілген. Қола ғасырының соңғы кезеңінде далалық аймақтар ыдыстарының сыртын өрнектеуі қарапайым күйге ауысады. Меандралық өрнектер жойылып, өрнектерді бөліктерге бөлу азаяды. Бірақ батырып салынған үшбұрыш, ромба тәріздес өрнектер сол калпында сақталған.

Жоғарыда айтылып кеткен қыш бұйымдардың көркемдеу жолы әртүрлі келгенімен дәуір арасында өрнек мәнерлері қайталанып отырылған. Археологиялық жәдігерлердің тарихын зерделеп көргенімізде қыш бұйымдарды өрнектеп көркемдеу мәнерін әр қырынан талдағанымызда, бірнеше көркемдеу әдісін байқадық:

- қарапайым сомдалып жасалуы (өрнексіз);
- заттың ернеуінен түбіне дейін бірнеше өрнектерді іспеттеп (зигзак, ирек, меандр, батырма үшбұрыш, ойма сызық) салуы;
- үш өрнек жиындығын ернеуінен иығына дейін көркемделуі;
- зигзак өрнегін ернеуінен қарнына дейін безендіруі;
- қарапайым сызықтармен тек мойнын өрнектеуі;
- жаппай зигзак өрнегін заттың бойына тігінен сызып түсіруі;
- өн бойы мен түбінде шұқып салған ұсақ сызықшамен көркемдеуі
- өрнектелген бұйымға бояу жағуы;
- өрнексіз құмыраның ернеу, мойын немесе иық, қарын бөлігіне бұрама белдеу жапсыруы;
- штрих сызықтармен белгіленген өрнекті қиғаштап түсіруі;
- қалыптағы мөр өрнекті басып көркемдеуі.

Қыш бұйымдарға көркемделген өрнек түрлерімен салу түрлерін жүйелеп көргенімізде айталықтай мән жәй ашылды. Ежелгі көшпенділердің бейнелеу өнері көп жағдайларда «қаһармандық ырғақтар» және көшпенділер қоғамының қозғалмалы жағдайларының уақытына сай келетін оның үйреншікті кейіпкелері – жылдам аяқты жануарлар, жыртқыш аңдар мен құстардың кескіндерінде көрсетілді. Сондықтан қазақ даласындағы савромат-сақтық және сармат-массагеттік ескерткіштерінде шеңберге бүгілген, немесе мысық тұқымдас жыртқыштар, қасқырлар мен басқа да аңдардың дене бөлшектерінің бұратылған кескіндері салтанатты-рәсімдік киімдерді, ат әбзелдерін, қару-жарақтар мен тұтыну бұйымдарын, кейде тіпті адамдардың өзін таңба түрінде өрнектеу басым болғандығын көрсетеді. Қиялды поэтикалық түсініктер жыртқыштардың бейнесін кескіндеу, әсіресе, адам терілерін шанышқылап әшекей салу кейіпкердің, жорық аттарының ептілігі мен жылдамдығын сыйқырлап күшейткендей көрсетеді немесе оның қару-жарақтары мен басқа да бұйымдарының киелі де қасиетті маңызын білдіреді.

Әдебиеттер:

1. Столяр А.Д. *Происхождение изобразительного искусства в свете открытий памятников Евразии.* – М., 1985 г.
2. Агапов П., Кадырбаев М. *Сокровища древнего Казахстана.* – Алма-Ата: «Жалын», 1979. – 252 с.
3. *Қазақ өнерінің тарихы. 3 томдық. (Ежелгі дәуір, I-том).* – Алматы: «Өнер», 2007. – 352 б.

ӘОЖ 76
МРНТИ 18.31.41

Д.Т. Тебеген¹, Е.Қ. Рысымбетов²

¹магистрант, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті,
Қазақстан, Алматы қ., e-mail: addeastardsn@gmail.com

²Ғылыми жетекшісі, Өнертану (PhD) докторы

ГРАФИКА ӨНЕРІ: ТАРИХИ-МӘДЕНИ ДӘСТҮР ЖӘНЕ ҚАЗІРГІ СИПАТЫ

Аңдатпа

Мақалада әлем өркениеті кеңістігіндегі антикалық («Эгей өнері», «Ежелгі Грекия өнері», «Ежелгі Рим өнері»), орта ғасырлар, Қайта Өркендеу дәуірлеріндегі, XIX-XX ғасырлардағы графикалық өнердің қалыптасуы кезеңдері жүйелене баяндалған. Графикалық өнердің тарихи-мәдени дамуы желісіндегі миниатюралық, портреттік, нобайлық стильдермен салынған классикалық графика үлгілерінің көркемдік-эстетикалық сипатына бағалаулар жасалған. XX ғасырдың екінші жартысы мен қазіргі ХХІ ғасырдың басындағы қазақстандық график-суретшілердің қазақ фольклорындағы ертегілер, мысалдар, эпостық жырлар, кинофильмдер сюжеттеріне сабақтас жасаған графикалық өнер туындыларының тарихи-философиялық, эстетикалық-поэтикалық ерекшеліктері саралана бағаланған. Графикалық өнер туындыларының жалпы көркемөнер тарихындағы эстетикалық-көркемдік маңызы дәлелденген.

Түйін сөздер: графикалық өнер, графикалық сызықтар, штрихтар, дақтар, түстер, жарық, портреттік миниатюра, нобай поэтикасы.

Тебеген Д.Т.¹, Рысымбетов Е.Қ.²

¹магистрант, Казахский национальный педагогический университет им. Абая,
Казахстан, г. Алматы, e-mail: addeastardsn@gmail.com

²Научный руководитель, доктор искусствоведения (PhD)

ИСКУССТВО ГРАФИКИ: ИСТОРИКО-КУЛЬТУРНЫЕ ТРАДИЦИИ И СОВРЕМЕННОСТЬ

Аннотация

В статье систематизированы этапы формирования графического искусства в эпоху Возрождения, XIX-XX веков, античного искусства на пространстве мировой цивилизации («Эгейское искусство», «искусство Древней Греции», «искусство Древнего Рима»), средних веков, эпохи Возрождения. Выполнены оценки художественно-эстетического характера моделей классической графики, построенных миниатюрным, портретным, эскизным стилями в сети историко-культурного развития искусства графики. Проанализированы историко-философские, эстетико-поэтические особенности произведений графического искусства, связанных с сюжетами сказок, примеров, эпосов, кинофильмов в казахском фольклоре казахстанских художников-графиков во второй половине XX и начале XXI века. Доказано эстетико-художественное значение произведений графического искусства в общей художественной истории.

Ключевые слова: графическое искусство, графические линии, штрихи, пятна, цвета, свет, портретная миниатюра, эскиз поэтика.

D.T. Tebegen¹, E.K. Rysymbetov²

¹master's student, Kazakh national pedagogical University. Abaya,
Kazakhstan, Almaty, e-mail: addeastardsn@gmail.com

²Scientific supervisor, doctor of art history (PhD)

GRAPHIC ART: HISTORICAL AND CULTURAL TRADITIONS AND MODERNITY

Abstract

The article systematizes the stages of formation of graphic art in the Renaissance, XIX-XX centuries, ancient art in the space of world civilization ("Aegean art", "art of Ancient Greece", "art of Ancient Rome"), the middle ages, the Renaissance. The assessment of the artistic and aesthetic character of the models of classical graphics, built in miniature, portrait, and sketch styles in the network of historical and cultural development of graphic art.

Analyzed historical-philosophical, aesthetic and poetic features of graphic arts related subjects of fairy tales, examples of epic films in Kazakh folklore, Kazakh artists in the second half of the twentieth and early twenty-first century. The aesthetic and artistic significance of works of graphic art in the General art history is proved.

Keywords: graphic art, graphic lines, strokes, spots, colors, light, portrait miniature, sketch poetics.

Кіріспе. Әлем өркениеті тарихындағы көркемөнер салаларына (сөз өнері, бейнелеу өнері, әуез өнері, мүсін өнері, сәулет өнері) ортақ ерекшелік – көркемдік-эстетикалық дүниетаным бірлігі. Көркем ойлау дүниетанымы аясында адамдарды қоршаған жаратылыстағы табиғат құбылыстары мен саналы ақыл-ой иелері адамдар тұлғаларының біртұтастық сипатын көркем бейлелілікпен жинақтау – көркемөнер туындыларында тіршілік қозғалыстар әлеміндегі үндестіктер мен қайшылықтар бірлігіндегі мәдени-философиялық ойлылығымен, психологиялық сыршылдығымен ерекшелінеді.

Көркемөнердің бір саласы: «Бейнелеу өнері – дүниені көзбен көріп, түйсіну негізінде бейнелейтін пластикалық өнердің бір саласы. Бейнелеу өнеріне негізінен, кескіндеме, мүсін, графика жатады. Бейнелеу өнерінің белгілері архитектура, безендіру және қолданбалы өнерде көрініс табуы мүмкін. ...Сондықтан, шартты түрде оларды да бейнелеу өнері қатарына жатқызады. Бұл өнердің де негізінде адам, табиғат және заттық әлемді тұтастықта, бірлікте қарастыру жатыр» [1, 140 б.].

Нәтижелер. Әлемдік көркемөнердегі графикалық сызықтармен, штрихтармен, дақтармен салынатын өнер дәстүрінің бастауы антикалық дәуірлерден басталады. Антикалық дәуірлердегі өркениеттік жетістіктері дамыған Грекиядағы, Римдегі, Мысырдағы және орта ғасырлардағы графикалық өнердің бастаулары кейінгі дәстүрлерге жалғасты. Атап айтқанда, Қайта Өркендеу дәуіріндегі көрнекті суретшілердің (Альберти, *Леонардо да Винчи*, Боттичелли, Тициан, *Микеланджело*, *Рафаэль*, т.б.) кескіндеме және графикалық бейнелеулерді қатарлас қолдануы әлемге танымал көрнекті туындыларын жасауға негіз болды. Графикалық өнердің бастапқы негіздері бойынша кейінгі ғасырларда миниатюралық-графикалық, портреттік, сонымен бірге нобайлық үлгілердегі туындылар кеңінен қолданылды.

XIX-XXI ғасырлар белестерінде Еуропа және Азия елдерінің, оның ішінде Қазақстанның көркемөнері тарихында графикалық өнердің өркендеуі жаңашыл ізденістермен жалғасты. Әсіресе, қазақ көркемөнерінің тарихындағы ғалым Ш.Ш. Уәлихановтың қазақ графикалық өнерінің негізін салған нобайлық суреттері отандық өнердің алғашқы озық үлгілері болып бағаланылады. XX ғасырдың екінші жартысындағы Қазақстандағы график суретшілер қазақ фольклорындағы ертегілердің, мысалдардың, эпостық жырлардың сюжеттері бойынша графикалық туындыларын сәтті ұсына білді. Сонымен бірге, қазақ фольклоры мен эпосының, көркем шығармаларының сюжеттері мен кейіпкерлерін бейнелеген графикалық туындылар да көркемөнер поэтикасына тән тұтастық заңдылығын дәлелдеп келеді.

Талқылау. Бейнелеу өнерінің көпғасырлық қалыптасуы, дамуы тарихында адамзаттың ежелгі дәуірлерінде осы саладағы алғашқы үлгілерді жартастарға ойылып бедерленген сызықтармен, штрихтармен, қара (қоңыр) дақтармен салғандығы мәлім. Бұл – «Графика (грек. graphike, grapho – жазамын) – бейнелеу өнерінің бір жанры» [1, 181 б.]. Адамзат ұрпақтарының саналы ақыл-ой иелері болып қалыптасуының өткен мыңжылдықтардағы ерекшеліктерін бейнелеу өнері дәстүрінің бастау үлгілері болып саналатын осы графикалық бейнелеулерден аңғарамыз. Графикалық сызықтардың, штрихтардың, дақтардың поэтикалық көркем жинақтаушылық мағыналарына ғарыштық-ғаламдық кеңістіктегі жанды, жансыз заттардың басты елеулі белгілері, құбылыстары іріктеліп жинақталады. Адамдар мен оларды қоршаған жаратылыс, табиғат құбылыстары біртұтас тіршілік қозғалысы жүйесіне көркем ойлау аясында тұтастандырылады. Бұл – графикалық сызықтармен, штрихтармен, дақтармен бейнелеудегі суретшінің көркем жинақтаушылық дүниетанымымен қорытылатын шығармашылық шешілім құбылысы.

Графикалық сызықтардың логикалық астарлары арқылы ғарыштық кеңістік әлеміндегі тіршілік қозғалыстарындағы үйлесімділік пен қарама-қайшылықтардың қатарластығы да, қақтығыстары да, өзара бірліктегі сипаты да өрнектеледі. Бұл – жаратылыстану, техникалық, қоғамдық-гуманитарлық ғылымдар салалары қарастырылатын ғылыми және мәдени шығармашылық атаулығы ортақ болмыстанудың өзекті мәселесі. Мәдени-философиялық анықтама бойынша: «Болмыс – бүкіл әлемнің тұтастығын, дүние мен адамның бірлігін, тіршіліктің мәнісін білдіретін философиялық категория. ...Қарапайым санада болмыстың баламалары ретінде әлем, ғарыш, дүние, табиғат, өмір тәрізді жалпы ұғымдар қолданылады. Адамзат өзінің және қоршаған дүниенің бар екендігіне сенеді. Қазақтың дәстүрлі дүниетанымында дүние қаншама аумалы-төкпелі, өткінші болғанымен оның негізінде тұрақтылық бар екендігі баяндалады. ...Болмысты ой елегінен өткізу – адам мен дүние туралы пайымдаудың басты алғы шарттарының бірі» [2, 61-62 бб.].

Графикалық бейнелу туындыларында тіршілік қозғалыстары ортасындағы адамның уақыт пен кеңістік жүйесіндегі болмыстары-бітімдері жекелік пен жалпылық тұтастығы поэтикасы мен жинақталады. Табиғаттағы адамдар ортасының материалдық және рухани игіліктерді жүзеге асырудағы қызметінің ғарыштық кеңістіктегі дәрежесі пайдалылығы және зияндылығы тұрғысында байыпталады. Адамдардың ғарыштық уақыт пен кеңістіктегі өршіл рухты күрескерлігі, тауқыметтер, қасіреттер кездесе де ұрпақтардың мәңгілік бақытты тұрмысы үшін ұмтылатын оптимистік ұстанымдары, т.б. – бәрі де графикалық бейнелеу өнері туындыларының поэтикалық-философиялық ауқымында жинақталып өрледі. Графикалық туындылардағы сызықтардың саналуан қолданыстары мен болмыстың сыртқы және ішкі психологиялық-философиялық мағыналар астарларын, мегзеулерін жинақтап жеткізудің суреткерлік-ойшылдық негіздері әлем өркениетіндегі өнері тарихы кезеңдерінде [3, 9-358 бб.]; [4, 12-298 бб.] қалыптасты. Әлемдік көркемөнердің кескіндеме, графика, сәулет, мүсін, өнері салаларының пайда болуын қалыптасуын, дамуын танытатын антикалық кезеңдеріндегі («Эгей өнері», «Ежелгі Грекия өнері», «Ежелгі Рим өнері») графикалық бейнелеу өнері дәстүрінің ықпалды көркемдік сипатын аңғарамыз. Әсіресе, біздің эрамыздан бұрынғы II мыңжылдықта дәуірлеген «Эгей өнері» мұраларының біздің қазақ көркемөнері салаларының түпкі бастаулары екендігін тарихнама-дерекнама көрсеткіштері айғақтайды. Зерттеуші Б.Ривкиннің ғалымдар пікірлеріне сүйене айтқан ғылыми пікірлері халықнамалық-өнернамалық жанашыл методологиясымен маңызды:

«Қазіргі заманғы көптеген ғалымдардың пікірінше, Шығыс Жерорта теңізі өңіріндегі гректер келместен едәуір бұрын түрлі тілде сөйлеген талай дүркін халық өткен. Тіпті, сонау неолиттің алғашқы мәдениеті гүлденген шағында, біздің эрамыздан бұрынғы V-IV мыңжылдықтарда Балқан түбегін, Кіші Азия жағалауы мен Эгей теңізі аралдарын эгейліктер деп аталатын ел мекендеген. Олардың тілінің қазіргі Европаның, Иранның, Үндістанның күллі халқын түгел дерлік қамтитын үндіевропалық тілдердің үлкен семьясымен және эгейліктермен орын алмасқан тайпалар тілдерімен туыстығы жоқ деген пікір бар. Бұл тайпаларға, ең алдымен, кейін Кіші Азия территориясында қоныс теуіп, сонда біздің эрамыздан бұрынғы II мыңжылдықта аса қуатты Хетт патшалығын құрған хетт-лувиялықтар, сондай-ақ гректердің тура алдында ғана өмір сүріп, біздің эрамыздан бұрынғы III мыңжылдықта Грекия құрлықтарын мекендеген пеласстар кіреді. ...Өткен ғасырдың 70-жылдарынан бастап ғалымдар жүргізіп жатқан қазба жұмыстарының арқасында Шығыс Жерорта теңізінің бұрын белгісіз болып келген құл иеленуші мемлекеттері анықталды. Кіші Азия жағасынан ұлы грек ақыны Гомер жырлаған аңызға айналған Троя үйінділері, Крид аралынан бай қалалар мен сарайлар, Пелопоннес түбегінен грек билеушілерінің мықты қорғандары табылды. Криттегі Киосс сарайы мен Оңтүстік Грекиядағы Пилос сарайынан археологтар құпия жазуы бар жүздеген қыш тақташалар ашты. Олардың ең ертеректегі сызба буынды «А таңбалы жазуы» деп аталатын түрі әлі оқылған жоқ, ал таяуда зерттеушілер «Б» жазуы тақташаларының кілтін тапты» [3, 10 б.]. Бұл – крит-микены мәдениеті аталып жүрген эгей өркениеті туралы деректер. Әлем көркемөнерінің жетекші саласы графикалық бейнелеу өнері сызбалары бойынша қалалардың, қамалдардың әр алуан өрнектер арқылы материалдық және рухани мәдениеттер салаларының өркендеу жетістіктері жүзеге асырылып келеді. Сондықтан, графикалық бейнелеу өнерінің адамзат өркениетінің барлық кезеңдерінде де ықпалды сипатының айқындығын атап айтамыз.

Адамзат өркениетіндегі көркемдік-эстетикалық дүниетанымының нақты тәжірибелік қолданыстағы үлгісі – «Миниатюра (франц. miniature, итал. miniatura, лат. minium – ертедегі қолжазбаларды көркемдеу үшін қолданылған қызғыш түсті бояу) – көркемдік әдістің айрықша нәзіктігімен ерекшеленетін көлемі шағын бейнелеу өнері шығармасы» [1, 449 б.]. Көркемөнердің сөз өнері музыка өнері салаларында да қолданылатын терминдік мәні бар «Миниатюра кескіндемелік немесе графикалық бейнелеу болып негізгі екі түрге бөлінеді» [1, 450 б.]. Әуелгі кезеңдерінде майлы бояу, лак, темпера қолданылуымен миниатюралық суреттер, жапсырмалар ежелгі өркениет орталықтарындағы кітапханалардың қолжазба кітаптарын әшекейлеуді жүзеге асырған. Ежелгі Египет өнеріндегі папирусқа қаламұшты пайдаланып бояумен өрнектелген «Өлілер кітабы», Гомер «Илиадасы» өрнектелген Милан, Амбриозиан кітапханасы (4-6-ғғ.), византиялық стильдегі «Париж палитрасы» әшекейленген, Париж Ұлттық кітапханасы (10-ғ.) қолжазбаларының миниатюралық әшекейленуі кейінгі дәуірлерде жалғасты. Орта ғасырлардағы арабтық миниатюралық мектептер (Сирия, Ирак, Иран, Ауғанстан, Орта Азия, Әзербайжан миниатюрасы аясындағы Герат мектебі, Тебриз мектебі, Испан мектебі, т.б.) бағыттары – табиғаттың көркем көріністерін, адамдар мен аңдар, жануарлар тіршілігін сабақтастыра бейнеледі. Портреттік миниатюралар гуашь, акварель бояуларымен пергаментке, қатырма қағазға, піл сүйегіне, металға, фарфорға салынды.

Миниатюралық кескіндеменің портреттік жанрдағы үлгісі кітаптарды безендіруге байланысты Қайта Өркендеу (Ренессанс) дәуірінде қалыптасты. Еуропаның бірқатар елдерінде (Германия, Англия, Франция, Швейцария, Ресей, т.б.) портреттік миниатюралық әшекейлеу дәстүрі айрықша өркендеді. Бейнелеу

өнерінің бұл саласы дагерротип пен фотография саласы белсенді қолданысқа түсуіне байланысты XIX ғасырдың ортасынан бастап айрықша назарға алынуынан қалыс бола бастады.

Орта Азия мен Қазақстан жеріндегі діни-исламдық оқу-ағарту жүйесінің XIX-XX ғасырлардағы дамуында мектеп-медреселердегі кітапханалардағы қолжазба кітаптарды безендіруде миниатюралық графикалық эшекейлеулер белсенді қолданды. Араб халифаттары кезеңдерінде білім алу, ғылым игеру орталықтарының, кейбір қалалардағы кітап базарларының болуына байланысты миниатюралық-графикалық безендірулермен дайындалған кітаптардың таралуы халықтың белсенді ықыласты көңіл-күйін танытты.

Антикалық көркемөнердегі озық үлгілердің жана дәуірлік көзқарастарымен жаңғыра түлеуімен тың стильдік өрнектердің әлемдік классикалық негіздерін қалыптастырған Қайта Өркендеу (XII-XVI ғғ.) кезеңін айрықша назарға аламыз. Бұл кезеңдегі Леонардо да Винчидің (Leonardo da Vinci, 1452-1519), Микеланджело Буонароттидің (Michelangelo Buonarroti, 1475-1564), Рафаэль Сантидің (Raffaello Santi, 1483-1520) және т.б. кейінгі көрнекті суретшілердің (Пабло Руис-и-Пикассо (Pablo Ruiz y Picasso, 1881-1973) бейнелеу өнеріндегі туындылары – әлем халықтары көркемөнері үшін көркемдік негізділігімен маңызды мұралар.

Әлем өркениетіндегі графикалық бейнелеу өнеріндегі осы классикалық үрдістердің қазақ бейнелеу өнеріне ұласуында Шоқан Уәлихановтың (1835-1865) шығармашылығын айрықша бағалаймыз. Өнертанушы зерттеушілер Ә.Т. Төлебиев, Б.А. Әлмұхамбетов қазақ бейнелеу өнерінің антикалық, кейінгі ғасырлар белестеріндегі жалғасуын жүйелей келе Шоқан Уәлихановтың суретшілік өнерін сөз арқауындағы Қайта Өркендеу дәуірі тұлғаларымен сабақтастыра бағалайды: «Қазақ бейнелеу өнері өзінің бастауын көне тас, қола, темір дәуірлеріндегі жартас суреттерінен, одан қалды сақ-скиф, ғұндар және түрік қағанаты заманынан алады. Ал нағыз кескіндемелік профессионалдык бейнелеу өнері XIX ғасырдағы ұлы бабамыз-Шоқан Уәлихановтан басталады.

...Шоқан адам мінез-құлқын дөп басып бере алатын психолог, жоғары шеберліктегі суретші. Оның көптеген портреттік еңбектері ішкі психологиялық сезімге құрылған озық туындылар» [3, 241 б.]. Зерттеушілер Шоқан Уәлихановтың кескіндемелік және графикалық тұтастықпен салынған бейнелеу туындыларындағы («Би Сартай», «Сұлтан Мамырхан Рүстемов», «Ханқожа Уәлиханов», «Тезек төре», «Потаниннің портреті», «Қазақтың бейнесі», «Қырғыздардың ат баптауы», т.б.) суретшілік шеберлігіне тән ерекшеліктерін саралап бағалаған: «Суретшінің сурет техникасын, ілім заңдылықтарын жете білетіні еңбектерінен білініп тұр. Оның адам денесінің арақатынас өлшемдерін (пропорциясын, канондық өлшемдерін) жете түсінетіні, сурет құрылысын құрудың, композициялық орналастырудың асқан шебері екендігін байқау қиын емес. Суретшінің шеберлігі оның техникасына көп байланысты, мысалы сызықтардың үйлесімді түсі, нәзік те әсем із қалдыруы және жарық пен көлеңкенің жарасылымдылығы. ...Шоқан суреттерін мұқият қарар болсаң, ұлы суретшілерге тән әдіс-тәсілін байқайсың. Оның көптеген суреттері Қайта Өркендеу дәуірі суретшілерінің туындысына ұқсайды, солардың техникасы мен әдістерін қайталайды. Бұл Шоқанның ұлы суретшілер Леонардо да Винчи, Рафаэль Сантидің графикалық суреттермен таныс болғанын дәлелдейді. Әсіресе, оның долбарлық суреттері (наброскілері) Леонардо да Винчи эскиз суреттеріне өте ұқсайды.

Шоқанның шоқтығы биік жұмыстарының бірі – осы долбар суреттері. Суретшінің шеберлігі, ұлылығы оның көп картиналар жазуымен есептелінбейді, біреу де болса бірегейлігінде. Кезінде Пикассо тамаша иірімді графикалық сызықпен сызған (долбар сурет) көгершін суретімен аты әлемге әйгіленді. Оның сол суреті бейбітшілік символы болып дүниенің түкпір-түкпіріне тарады. Пикассоның туындысындағы сызықты толқын ізімен туындаған тартымды суреттер Шоқанда жетерлік. Соның бірі – «1856 жылы Құлжада қытай жайсаңдарын қабылдауымыз» атты топтама портреттік шығарма. Мұнда суретші жай сызықтық долбар суретпен ғана қытай елшілігінің адамдарының түр-түсін, мінез-құлқын, көңіл-күйін дөп басып бейнелей білген. Сонымен қоса картинада қуақы күлкіге құрылған көңіл де байқалады» [3, 242-243 бб.].

Қазақстандағы графикалық бейнелеу өнерінің қазіргі заманғы өзіндік қалыптасу даму ерекшеліктері бар. Шығармашылық бағыттарда еңбек етіп келе жатқан суретшілердің XX ғасырдағы және қазіргі XXI ғасырдағы дамуында графикалық бейнелеу өнерінің линогравюра саласындағы туындылардың өркендеуі де айрықша байқалады. XX ғасырдың 50-80-жылдары Қазақстандағы графикалық бейнелеу өнеріндегі гравюралық тәсілмен өнімді еңбек еткен суретшілердің шығармашылық жетістіктерін даралап айтамыз. Бұл кезеңде графикалық бейнелеуде суретшілердің портреттік туындылары айрықша өрістеді. Суретші Н.Крутильниковтың Жамбыл Жабаевтың портретін (1954 ж.), Антощенко-Оленевтің жазушы-публицист А.Тұрманжановтың (1962 ж.), Ә.Жанкелдиннің (1962 ж.), Ф.Дзержинскийдің (1962 ж.) портреттерін бейнелеуінде тарихи тұлғалар әлеуметтік ортадағы, тіршілік әлеміндегі өзіндік даралық болмыстарымен, мінез-құлық психологиясы ерекшеліктерімен бейнеленді. Суретшінің «Жаңа құрылыстың оттары жарқын

жанып тұр» атты линогравюрасында адамдар көрінбесе де, салынған жаңа құрылыс келбеті арқылы өмір философиясының мағыналы болмысы айрықша сезіледі. Зерттеуші А.И. Қарғабекованың пікірі арқылы графикалық өнер туындысын жасаушының шығармашылық зертханасына тән көркемдік шешім сипатын сезіне түсеміз:

«Образдың жоғарғы мәнерлілігіне, оның эмоционалдық қанықтығына талпыныс Антонщенко-Оленевке Поль Гогеннің, Анри Матистің, Винсент ван Гогтың, Поль Сезанның және т.б. атақты суретшілердің мәнерлі портреттерін жасауға көмектесті. Оларда Антощенко-Оленевтің шығармашылығына тән барлық қасиеттер ашылған: композиция құрудың шеберлігі, образ ашудың психологиялық тереңдігі, парақ жазықтығын белсенді әрі мақсатты қолдану, сондай-ақ штрих экспрессиясы, силуэттің бірден көзге шалынуы, қайшылықтардың шиеленісінде» [5, 79 б.]. Зерттеушінің «Қазақ графикасының негізгі даму бағыттары» атты еңбегінде осы Антощенко-Оленевтің шығысқа арналған парақты («Ескі Хиуа», «Қонаққа», «Базардан», «Сүйікті немере», т.б.) линогравюралық топтамасындағы туындылардың ықшам, мәнерлі композициясы, түстік дақтардың сәндік мәнерлілігі, силуэтті жалпылау ізденістері аталады. Сонымен бірге, суретші К.Барановтың тақырыптық линогравюралары («Ағаш тілетін зауыт», «Механикалық цех», «Шахта ауласында», «Болат тарату»), балаларға арналған кітаптарды (М.Ошоровтың «Солтүстік ертегілері» кітабы) безендірудегі сызықтардың нәзіктігі мен әуезділігін, штрихтардың дәлдігі мен жеңілдігін жасаудағы шеберлігіне бағалау берілген. Зерттеуші еңбегінде шығармашылық туындыларымен бағаланған суретшілер (К.Барановтың, С.Кукурузовтың, Р.Великанов, Ә.Исмайылов, т.б.) туындыларына жасалған бағалау ойларынан Қазақстандағы графикалық бейнелеу өнері саласындағы жаңашылдықты аңғарамыз. Қазақстандағы графикалық бейнелеу өнерінің ХХ ғасырдың 50-60-жылдары дамуындағы жаңа толқын суретшілердің (Н.Александров, А.Дячкин, И.Квачко, Х.Рахимов, Ю. және Б.Ненаховтар, Р.Сахи, Е.Сидоркин, Н.Гаев, Ш.Кенжебаев, т.б.) ізденістерін де сипаттайды. Осы арада зерттеушінің ХХ ғасыр кезеңдеріндегі Қазақстандағы графикалық бейнелеу өнері игерген жетістіктерге жасаған тұжырымдары да көркемдік дәстүрді жаңашылдықпен дамытуды анық байқатады:

«50-60-жылдардағы Қазақстан графика өнерінде суретшілердің жеке-дара шығармашылық қолтанбаларының үлкен ерекшелігін, тақырыпты қамтудағы кеңдігін, жаңа әдістер мен мәнерлі құралдардың ізденісін, кескіндемелік техниканың әр түрлі пішіндерін қолдануын байқауға болады» [5, 87 б.].

Зерттеушінің пікірі аясында ХХ ғасырдың екінші жартысы мен қазіргі ХХІ ғасырдың басындағы бейнелеу өнері дамуы үдерісіндегі мынадай ерекшеліктерді саралап айтамыз: біріншісі – суретшілердің көпғасырлық қалыптасу жолы бар графикалық бейнелеу өнерін классикалық көркемдік дәстүрін шеберлікпен техникасын игергендігі; екіншісі – графикалық туындыларда образдардың тұлғалауды Ұлы Дала рухымен сабақтастыра бейнелеуді жүзеге асырғандықтары; үшіншісі – графикалық бейнелеу туындылары арқауында фольклор, этнография, халықтық тұлғалар бейнеленілуінің кеңінен өрістетілгендігі осы аталған ерекшеліктердің график-суретшілер туындыларындағы бейнеленілуіндегі ұлттық және жалпыадамзаттық гуманизм тұтастығының болмысы жаңа буын ұрпақтарға ұсынылды.

ХХ ғасырдың екінші жартысы мен қазіргі ХХІ ғасырдың басындағы Қазақстандағы бейнелеу өнері тарихнамасында миниатюралық бейнелеу кітапты безендіру графикасы саласы бойынша жақсы дамып келеді. Қазақстанның бейнелеу өнеріндегі танымал суретші Е.М. Сидоркиннің 1970-1980 жылдардағы туындылары қазақ фольклорындағы ертегілер, мысалдар, эпостар тақырыптарындағы кітаптарға салған миниатюралық-психологиялық портреттерді салуы – кітап графикасындағы көрнекті туындылар. Атап айтқанда, «Алпамыс батыр» эпосына арналған автолитографияларында суретшінің монументальдылық бағыттылығы айқын көрінді. Эпос батыр тұлғасының тұтас кеңістікті қамтып тұрғаны, батырдың тұлпары Байшұбармен бірге тұтасқан жағдайда суреттелген. Батыр мен тұлпары – Ұлы Даланың айбында, сұсты болмысын жинақтап бейнеленумен көрінген тұлғалық көрсеткіштер. Е.М. Сидоркин – қазақ және әлем ақын-жазушылары шығармаларындағы кейіпкерлер тұлғаларының графикалық-миниатюралық бейнелерін жаңашыл сарынмен жаңғыртушы суретші. Мысалы, Мұхтар Әуезовтің «Абай жолы», М.Салтыков-Щедриннің «Бір қаланың тарихы» шығармаларындағы, «Сәкен Сейфуллинді оқығанда» топтамасындағы, «Көңілді өтірікшілер», «Батырлар жыры», «Қазақ эпосы», т.б. кітаптарындағы миниатюралары – графикалық сызықтармен, штрихтармен жұмыс істеудің көркем ойлаумен қамтылған көрсеткіштері қатарында танылды. График суретшінің автолитографияларына түстерді қолдану шешімдері кейіпкерлердің мінездерін танытуға ықпал еткенін көреміз. График суретші эпостық-фольклорлық және әдеби шығармалардың ішкі көркемдік-идеялық әлеміндегі нәзік иірімдерді психологиялық сипатымен бере білген шеберлігімен ерекшелінеді.

Зерттеуші А.И. Қарғабекова «Қазақ графикасының негізгі даму бағыттары» атты аталған еңбегінде классик ақын-жазушылардың кітаптарына жасаған автолигрофиялық топтамаларындағы кейіпкерлердің мәтіндердегі мінез-құлық психологияларына тән даралықтарын да, қоғамдық-әлеуметтік орта мен жеке адам психологиясындағы қайшылықтар әлемін де суретшінің бейнелеулеріне берген бағалауларынан осы саладағы өнер дәстүрінің шынайы маңыздылығын сезінеміз:

«Бұл жұмыстар бір жағынан графиктің шеберлігіне таңданыс тудырса, екіншіден қиын шақтарды басынан кешірген адамдардың өмірі мен тарихқа аяушылық шақырады. Жазушының әдеби шығармаларына тереңдеп ене алған суретші осындай эмоционалдық күйзелісті берген. Ол кейіннен суретші өз басынан кешіргендей сол жылдардағы тарих парақтарын дәйекті, ашық етіп жасайды. Жазушы шығармаларына арналған Е.Сидоркиннің иллюстрациялары Қазақстандағы графика өнерінің әнұранына айналды» [5, 89 б.].

XX ғасырдың 70-80-жылдарындағы Қазақстандағы графикалық бейнелеу өнері туындыларын жасаушы суретшілер қазақтың фольклорлық эпостық сюжеттері бойынша графикалық эскиздер жасауды да дамытты. Бұл салада график суретшілер Қ.Қожықовтың, Х.Абаевтың, И.Исабаевтың шығармашылығын айтамыз. Суретші Қ.Қожықовтың «Алдар Көсе» (1965 ж.) фильміне жасаған графикалық эскиздер топтамасы («Тойлы ауыл», «Түркістанның қақпасы», «Шығайбайдың отауы») да нағыз шығармашылық ізденісті байқатты. «Қыз Жібек» лиро-эпостық жыры бойынша түсірілген көркем фильмге де ол графикалық эскиздер топтамасын («Төлегеннің жасағы», «Қыз Жібектің күймесі», т.б.) (1972 ж.) жасады. Суретшінің фольклорлық сюжеттері бойынша кинотуындылар түсірілімдеріне негіз болған графикалық эскиздерінен кейіпкерлер мінездерін, қозғалыстар динамикасын экспрессиялық тәсілді шеберлікпен қолданғанын көреміз. Эскиздердегі графикалық сызықтар ұлттық нақышты оюлардың және олардың тұлпарларының, кейіпкерлердің (Төлеген мен досы Шегенің, т.б.) тұлғанымен байланысты өрнектелген. Суретші дала тұрмысын, әлеуметтік ортасын, жеке тұлғалар психологиясын полифониялық (көпдауыстылық, көпүнділік, көпбояулылық) тұтастығымен, кешенділігімен бейнелеуде көгілдір, ақшыл, көк, сары, жасыл, т.б. түстер тоғысқан дала кеңістігінің мол бояулы келбетін сызықтар мағыналарымен жинақтап жеткізе білген.

Суретші Қ.Қожықов шығармашылық ғұмыранамасы кезеңдерінде (1940-1950 жж.) кинофильмдер үшін дайындаған графикалық эскиздері («Ұлы сүргін жылдары», «Қыз Жібек», «Ер Тарғын», «Қобыланды батыр» және т.б.) Қазақстандағы миниатюралық графикалық эскиздер жасаудың жаңашылдық бағыт пен дамуына әсер етті. Яғни, эскиздерде штрихтардың, сызықтардың мағыналы астарларын шеберлікпен жасап, акварельді жеңіл жағуы арқылы графикалық бейнелеудегі лиризмді дамыту мүмкіндігін байқатты.

Қазақ фольклорындағы сюжеттер бойынша графикалық иллюстрациялар жасау дәстүрін танымал график суретші Х.Абаевтың туындылары да жалғастырды. Қазақтың батырлық-қаһармандық жырларындағы басты кейіпкерлерді бейнелеген графикалық-иллюстрациялық туындылары өнертанушылар тарапынан жоғары бағаланды. Суретшінің «Қамбар батыр» (1981 жылы шыққан «Дорогое наследие» топтамасындағы иллюстрациялар) туындысы да халықтық көркем ойлау дүниетанымының эстетикалық көркемдік шешіммен игерген суретші шеберлігін танытты. Қазақстандағы графикалық бейнелеу өнерін дамыту үдерісінде халық тарихындағы батырлар тұлғаларын көркемөнер салалары (сөз өнері, бейнелеу өнері, әуез өнері, мүсін өнері) туындыларында бейнелеу дәстүрінің XX ғасырдың 70-80-жылдарында өрістегені мәлім. Көрнекті жазушылармыздың тарихи тақырыптағы эпикалық шығармалар жазуы да осы үрдістің өркендеуіне әсер еткендігі ақиқат. Атап айтқанда, қазақ мемлекететгілігі қалыптасуының, дамуының көркем тарихнамалық жүйесін, халқымыздың Ұлы Даламыздың жатжүрттық басқыншылардан, шапқыншылардан қорғаудағы дана хандарымыздың, би-шешендеріміздің, қолбасшы қаһарман батырларымыздың тарихи-әдеби тұлғалары бейнеленген тарихи романдардың жарық көргені жаңа буын ұрпақтарға әсер еткендігі мәлім. Бұл орайда, көрнекті жазушы Ілия Есенберлиннің «Көшпенділер» роман-трилогиясының (Бірінші кітап – «Алмас қылыш», екінші кітап – «Жанталас», үшінші кітап – «Қаһар»), Әнуар Әлімжановтың «Жаушы», «Махамбеттің жебесі», Софы Сматаевтың «Елім-ай» роман-трилогиясы, Мұхтар Мағауиннің «Аласапыран» роман-дилогиясы, Әбіш Кекілбаевтың «Үркер», «Елең-алаң» романдары, т.б. – бәрі де көркемөнер салаларындағы шығармашылық тұлғалардың азаматтық-отаншылдық рухани ояну-серпілу сезімдерімен шабыттана еңбек етулеріне жаңа серпін бергендігі анық.

XX ғасырдың 70-80-жылдарындағы қазақтың қаһармандық эпос жырларының жарияланған жинақтарындағы батырлардың графикалық тәсілмен бейнелену үлгілерінің орын алғандығы – көркемөнер тұтастығының жарқын көрсеткіштері. Мысалы, «Ақсауыт» атты батырлар жыры жинағының екі томын құрайтын кітаптардағы суретші-график Ә.Смағұловтың суреттері эпос кейіпкерлерін көркемдік қиялмен сомдаудың үлгілері болуымен маңызды. Әр кітаптың алғашқы беттеріндегі графикалық сызықтардың мағыналық ауқымында бейнеленген Ұлы Дала байырғы адамдарының (ақылшы дана Абыз-Ата, оның жанындағы

Еланасы, ұзатылып бара жатқан қыз және оны қолтықтаған қыз жолдасы); аспанда қанат қаққан аққулардың, аспан кеңістігінің тұтаса өрілуі арқылы ел қорғаған батырлардың тілекшілері туған үйі, Отан, ата-бабалық дәстүр ұлағаты мегзеулі мағынмен берілген. Ал бірінші, екінші томдардағы батырлық дастандардағы (Бірінші том – «Қобыланды батыр», «Алпамыс батыр», «Ер Тарғын», «Қамбар батыр»; Екінші том – «Қарадөң батыр және ұрпақтары», «Қарабек батыр», «Ақжонасұлы Еркенес», «Манашұлы Тұяқбай», «Шынтасұлы Төрехан», «Арқалық батыр») басты кейіпкерлердің графикалық бейнелермен жасалған тұлғалары да ұрпақтар санасына Отанды, халықты, Ұлы Даланы қорғаудағы қаһармандық-патриоттық сезім қуатын дарытатындай эстетикалық әсерлілігімен байқалады. Суретші аталған батырлардың бес қаруын тағынған, сауытын дулығасын киген, тұлпарына мінген тұрпаттарындағы іс-қимылдары мен көңіл-күй психологиясын графикалық сызықтар оралымдары мағыналарымен танытуға тырысқан. Батырлар дастандарының идеялық-композициялық сипатындағы ерекшелікке де мән берілгендігін байқаймыз. Мысалы, Қобыланды, Алпамыс батырлардың кең далада тұлпарларымен жеке дара шауып келе жатқанын бейнелеген. Ал, «Ер Тарғын» жырының кейіпкерлері Тарғын мен Ақжүністің қатарласа шауып келе жатқандығын бейнелеуі де жыр мазмұнына сәйкестікті көрсетеді. «Қамбар батыр» дастанының басты кейіпкері Қамбар – эпикалық туындының идеялық желісі аясында тоқсан үйлі тобырын-халқын аң аулауымен асыраушы батыр. Суретші жырдың кейіпкерін жолбарыспен жекпе-жек шайқасы сәті үстінде бейнелеген. Адам мен аң шайқасы сәтіндегі жойқын күш иелері бейнеленуінің тіршілік үшін арпалыс психологиясы аңғарылады. «Ақсауыт» жинағының екінші томындағы батырларды шабуылдаушыларды шайқасқа бастап бара жатқаны («Ер Қосай»), батырдың шайқас алдындағы серіктерімен бірге тұрғаны («Қарадөң батыр және ұрпақтары»), жаудың батырымен жекпе-жек («Қарабек батыр»), шабуылдап-шауып келе жатқан атының үстінде жауға қарай садақ тарту («Ақжонасұлы Еркенес»), жау әскері ортасындағы жалғыз батырдың шайқасуы («Манашұлы Тұяқбай»), қырық тоғызында егіз (бір ұл, бір қыз) тапқан Сәуле ханым («Шынтасұлы Төрехан»), төбе басында найзасына сүйеніп, ойға батқан батыр («Арқалық батыр») бейнеленген. Иллюстрациялық графиканың көркем жинақтаушылық тәсілімен жасалған осы бейнелеулер арқылы өмір шындығы мен халықтық көркем ойлау тоғысындағы суретші шеберлігін байқаймыз.

Қазақстандағы графикалық бейнелеу дәстүрін дамытушылардың туындылары алуан салалы тақырыптарды игеруімен ерекшеленіп отыр. Өнертанушылардың назарын аудартқан график-суретшілердің кейінгі толқын өкілдерінің кейінгі толқын туындыларында тіршілік қозғалысындағы адам мен әлеуметтік-тұрмыстық орта кеңістігі арасындағы өмір шындығына тән психологиялық байланыстар қамтылды. График-суретші А.Дячкиннің туындылары («Космос», «Тың жерлер», «Индустриялық пейзаждар», «Үлкен жер мен суды жаулап алу»), «Парашютистер» (1979 ж.) топтамасындағы («Нысанаға дәл түсу») «Бүгінгі Маңғышлақ» (1978 ж.) топтамасындағы, «Қазақстан Магниткасы бойынша», «Мыс қорытқыш», «Жаңа қала», «Камчатка туралы естеліктер» (1979 ж.) топтамасындағы «Авачиндік қойнау», «Шекара маңайындағы» топтамасындағы «Үрей» – офорттық туындыларында экспрессиялық және динамикалық тұтастықтағы бейнеліліктер көрушіні айрықша әсерлендіреді. Сызықтардың, штрихтардың тура және толқынды болып сызылуының мағыналық сарындарынан тіршілік қозғалыстарының саналуандығы, адамдардың өмірді мағыналы өткізудегі белсенді жасампаздық іс-әрекеттері, т.б. – көпсарынды, көпбояулы үндестіктер мен қайшылықтар әлемі заңдылықтары аясында бейнеленген.

XX ғасырдың 80-жылдарындағы Қазақстанның графикалық бейнелеу өнері саласындағы жаңа толқын өкілдерінің (К.Кәметов, А.Гурьев, Б.Пак, Т.Ордабеков, Қ.Зәкіров, А.Бисембинова, Г.Баянов, Ү.Әжиев, т.б.) туындыларында қазақтың сөз өнері тұлғалары шығармалары желісіндегі кейіпкерлер, ұлттық-этнографиялық дәстүрлі жиындар, ата-ана мен перзенттер қатынастары, т.б. – өзекті тақырыптар шығармашылық ізденістер жетістіктерін жүзеге асырды.

Қорытынды. Қазіргі Қазақстандағы графикалық бейнелеу өнері – көркемөнердің ежелгі дәуірлерде негізі қаланған классикалық дәстүрлерін көркемдік-эстетикалық таныммен жалғастырған рухани құндылықтарымыз. Фольклорлық-мифологиялық, әдеби-тарихи дүниетаным негіздерін графикалық сызықтарды, штрихтарды, дақтарды саналуан өрнектерімен бейнелей отырып, адамдардың ғарыштық-ғаламдық кеңістіктегі ақыл-ой жетістіктерін игеруін даралап бейнелеуге айрықша мән беріліп отыр. Ғарыштық кеңістіктегі жеке адам мен топтық-әлеуметтік орта тұтастығы, әралуан мінезді адамдардың өзара үйлесіммен және қайшылықты тартыстарымен өтетін ғұмырнамасы, әке мен ана махаббаты, баланың ата-баба рухына тағзымы, тіршіліктегі биіктіктер, тереңдіктер, самғаулар мен құлаулар, мөлдірлік пен бұлыңғырлық, т.б. қасиеттер мен құбылыстар графикалық бейнелеулердегі сызықтардың, штрихтардың, дақтардың орналасуларындағы философиялық-психологиялық астарларына көмкерілген көркем шындықпен қамтылады. Бұл – графикалық бейнелеу өнерінің қазіргі заманғы жаңашыл ізденістер дамуының көрсеткіштері.

Қорыта айтқанда графиканың қалыптасуы мен дамуының тарихнамасындағы жетістіктері қазіргі заманғы Қазақстан көркемөнеріндегі инновациялық бағдарларға тарихи-мәдени негіз болуын жалғастырып келеді. Бұл – Тәуелсіз Қазақстан Республикасының рухани жаңғырудағы жаңа тарихындағы отандық көркемөнеріміздің жаңа жетістіктеріне ұласатын тарихи дәстүріміз.

Әдебиеттер:

1. Қазақ мәдениеті: Энциклопедиялық анықтамалық. – Алматы: «Аруна Ltd.» ЖШС, 2005. – 656 б.
2. Мәдени-философиялық энциклопедия / Құраст. Т.Ғабитов, А.Құлсариева, Ә.Әлімжанова және т.б. – Алматы: Раритет, 2007. – 336 б.
3. Ривкин Б.И. Өнердің ықшам тарихы: Антик өнері. – Алматы: «Өнер» баспасы, 1988. – 360 б.
4. Төлебиев Ә.Т., Әлмұхамбетов Б.А. Өнер тарихы: Жалпы білім беретін орта мектептің оқушыларына және студенттерге арналған оқу құралы. – Алматы: «Арман-ПВ», 2009. – 304 б.
5. Қазақ өнерінің тарихы. 3 томдық (XX ғасырдың екінші жартысы, III том, 2-кітап). – Алматы: «Өнер», 2009. – 480 б.

ӘОЖ 654.197
МРНТИ 19.61.45

М.К. Бакеева¹

¹докторант, Т.Қ. Жүргенов атындағы Қазақ Ұлттық өнер академиясы,
Қазақстан, Алматы қ., e-mail: m.bakeyeva@mail.ru

ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ТҰҢҒЫШ МӘДЕНИЕТ БАҒЫТЫНДАҒЫ ТЕЛЕАРНАНЫҢ ДАМУ ҮДЕРІСІ

Аңдатпа

Мақала отандық телевизиясындағы алғашқы мәдениет телеарнасының даму үрдісі туралы. Мәдениет телеарнасында ұлттық форматта ұйымдастырылған алғашқы хабарлар. Алғашқы телеөнер майталмандары және мәдени бағдарламаларды жаңғыртуда еңбек еткен қайраткерлер. Қазақстан тәуелсіздігін алғаннан кейінгі жылдардағы жанаша бағытта түсірілген мәдени телебағдарламалар. Бүгінгі күні көгілдір экраннан берілетін бағдарламалардың ішіндегі, ұлттық менталитетімізге жақын, соған баулып, рухани тәрбие беретін бағдарлама бар ма? деген сұраққа жауап.

Түйін сөздер: телевидение, режиссура, бағдарламалар, өнер, көрермен, теледидар, ұлттық, эфир, мәдениет.

Бакеева М.К.¹

¹докторант, Казахская национальная академия искусств имени Т.К. Жүргенова,
Казахстан, г. Алматы., e-mail: m.bakeyeva@mail.ru

ПРОЦЕСС РАЗВИТИЯ ПЕРВОГО ТЕЛЕКАНАЛА О КУЛЬТУРЕ В КАЗАХСТАНЕ

Аннотация

Статья о тенденциях развития первого телеканала о культуре на отечественном телевидении. На телеканале культуры имеются первые передачи, организованные в национальном формате; первые деятели искусства и деятели культуры, внесшие вклад в возрождение программ о культуре; телепередачи о культуре, снятые по новому направлению в годы после обретения независимости Казахстана; Есть ли в настоящее время программы, которые будут передаваться с голубого экрана, близки к нашему национальному менталитету, прививать ему духовную культуру?;

Ключевые слова: телевидение, режиссура, программы, искусство, зритель, телевизор, национальность, эфир, культура.

M.K. Bakeyeva¹

¹doctoral student of The Kazakh national Academy of Arts named after T.K. Zhurgenov
Kazakhstan, Almaty, e-mail: m.bakeyeva@mail.ru

DEVELOPMENT OF THE FIRST CULTURAL CHANNEL IN KAZAKHSTAN

Abstract

An article on the trends of the first TV channel on culture on national television. On the TV channel of culture there are the first programs organized in the national format; the first artists and cultural workers who contributed to the revival of programs about culture; TV programs about culture, filmed on a new direction in the years after the independence of Kazakhstan; Are there currently programs that will be transmitted from the blue screen, close to our national mentality, to instill spiritual culture?

Key words: TV, directing ,programs,art, viewer, TV, nationality, TV air, culture.

Мақала авторы Қазақстандағы тұңғыш эфирге шыққан, контенті толықтай мәдениетке, өнерге, салт-дәстүрге арналған телеарнаның қысқа экрандық ғұмырын зерттейді. Автор телеарнаның тарихы мен даму динамикасын, сонымен қатар, Қазақстан Республикасының халқына берген пайдалы да, ұтымды тұстарын зерттеп, эфирлік дүниелерін зерделеп, бағдарлама мазмұндарына анализ жасау мен эстетикалық тұстарын қарастырады. Қазақ телевизия тарихы сан-алуан трансформацияларға ұшыраған жағдайда, түпкі тамыр - мәдениетке негізделген, толықтай бір саланы қамтитын арнаның ашылуы қаншалықты қажет болды? Автор осы және өзге де мәселелерді қозғай отырып, қазақ телевизиясының перспективаларына шолу жасайды.

Қазақ телевизиясы 70 жылға тақаған сәтіне қарамастан жаңа бастауларды даму бағытынан тыс қалдырған емес. Осыған дәлел ұлттық эфир кеңістігіндегі артып келе жатқан арналардың сан-алуандылығы. Мәселен, "Балапан", "Қазспорт", "Тамаша", "Хабар 24", "Домбыра" және тағы басқа арналар. Телевизия түрлі сатылардан, уақыт сынағынан, технологиялық прогрестерден өткенімен, өзінің ең маңызды миссиясынан айырылған емес. Яғни, аудио-визуалды өнердің түрленуінен бөлек, оны идеологиялық құрал, тіпті қоғамдық толқыныстарды реттеуші фактор қызметі, қазақ телевизиясы үдерісіне үлкен үлес қосуда. Осыған дәлел отандық экран кеңістігіндегі түрлі бағыттардағы арналардың өсуі мен болмысына, жанрына сай контенттермен толығуында. "Ақпарат ғасырында БАҚ саласының жаңа бағыттары қалыптасуда. Сондықтан қазақ тележурналистикасының сан алуан функциясын, қоғамдағы ролін, теориясы мен тәжірибесін, тележүргізуші мен кейіпкердің сөйлеу кезіндегі стиль мәселесін қайта түлетуінің, экрандағы көркемдеп-бейнелеуші құралдары толықтырып, бейнелерді түрлендіріп көрсетуін телеэкран проблемаларымен бірлікте айқындау қажеттілігі туындап отыр". [1, 3]

Үш жылдық санаулы ғұмыр кешкен, дегенмен, қоғамды салтына, дәстүріне, әдебиетіне қайта аңғарту мақсатында құрылған жаңа форматтағы арна көрермендерге жол тартты. Контент қалыптастыруда ең алдымен қанға сінген дәстүр мен мәдениетке, әдебиет пен өркениетке шөлдеген халықтың жылдар сұрап, сусындаған талаптарына сай жасалды. Одан кейін кәсіби, әрі заманауи білімге бай жастарды тарту, жаңа арнаның басты стратегиясы болды. Экономикалық саясатты негізге ала отырып, еліміздің дамуын мәдени бағытта жалғастыру мақсатында отандық телевизияда ойып алар өзіндік орны бар "Мәдениет" арнасы дүниеге келді. Бұл игі бастаманың түбінде Елбасымыздың сарабал, салихалы саясаты болды. Бұл саясаттың түбінде елімізге, қоғамға қажет маңызды идеялар жатты. Алғашқы болып қолдаған және тың идеяны жүзеге асыруға бел буған сол кездегі Ақпарат министрі Асқар Жұмағалиев болды. "Мәдениет" телеарнасы ел тәуелсіздігін нығайтуға және мемлекеттік тілді дамытуға өз үлесін қоса алады." – Асқар Жұмағалиев. [2] Бұйырған санаулы уақыт ішінде, өзіне артылған маңызды мақсатты кәсіби деңгейде орындап шыға алды деуге толық негіз бар. Сол аз уақыт ішінде арнаның "Легенды и мифы оперного" бағдарламасының К.Байсеитоваға арнаған саны "Тэффи – 2012" жүлдесімен марапатталғаны соның айқын дәлелі [3].

Ұлттық құрылымның негізгі дінгегтерінің бірі – ол мәдениет. Мәдениеті жойылған халық тілі, ділі, діні, тұрмыс-салты жоғалғандай күй кешеді. Керісінше, елдің тұрақтылығын сақтап, ұрпақ сабақтастығын жалғастыруда сол елдің мәдениеті шешуші рөл атқарады. "Мәдениет дегеніміз – (латын тілінде culture – өңдеу, тәрбиелеу, білім беру, даму, сыйлау) – адамдардың өмірі мен қызметін ұйымдастыру қалпымен түрлерінен, сонымен қатар олардың жасаған материалдық және рухани құндылықтарынан көрінетін қоғам мен адам дамуының белгілі бір дәрежедегі тарихи деңгейі" [4, 5 б.].

Эфирге 2011 жылдың 26-ы қыркүйегінде шығуы "Қазақстан" ҰТА толықтай мемлекеттік тілге көшуімен тұспа тұс келді. Сол жылы "Қазақстан" ҰТА сондай-ақ, балаларға арналған тұңғыш телеарнаның

1 жылдығын атаған болатын. Тұспа тұс келген медиа кеңістіктегі оқиғалар елдің дамуының экран арқылы жүзеге асып келген ұлттық саясаттың тек кейбір аспектілерінің бөлшегі ғана. Мәдени жаңалықтарға бай елдің арналары арнайы бағдарламалар даярлағанымен, толықтай көрермен сұранысын қамти ала алмады. Телеарналардың басым көпшілігі мәдени контентке қатысты берген бағдарламаларының басымы тек кинофильмдер мен әншілердің концерттерімен қамтылды. Алайда оның өзі шектеулі эфир уақыт көлемінде жүзеге асты. Арнайы мәдениет саласына негізделген телеарнаның ашылуы сол кезде көрермендерге жол тарту сәті әбден пісіп жетілген сезілді. Сан алуан арналардың ішінде өзіндік белестерге жетіп, биіктен көрінетіні жаңадан құрылған арна ұжымына қойылған мақсат және арман болды. Арнаның директоры қызметіне телевизия саласының майталманы, көптеген авторлық тележобалардың авторы, әрі продюсері, музыка өнерінің маманы Сағатбек Қалиев мырза тағайындалды. "Бізде қазір теледидар бетін атыс-шабыс, шетелдің арзанқол фильмдері басып кетті. Мәдени өмір туралы, оны айтасыз, өзіміздің мәдениет қайраткерлерінің өмірі туралы көрерменге ақпарат ұсыну қалып барады. Шетелдік әртістердің өмірбаянын білетін жұрт өзіміздің өнер қайраткерлерінің өмірін мүлдем білмейді. Жаңадан ашылғалы отырған "Мәдениет" арнасы осы олқылықтың орнын толтырады деп сенеміз. Арнаның сапасы жүре келе көрермен көңілінен шығады деп ойлаймын." – деп, Егемен Қазақстан баспасына өзінің алғашқы пікірлерімен бөлісті. [5] Телеарнаның бас редакторы бүгінде Дана Нұржігіт жүргізетін "Дара жол" бағдарламасының продюсері және де отандық әншілердің, солардың ішінде Айгүл Иманбаева, Қыдырәлі Болманов, Ұлытау тобының және т.б. концерттік продюсері Назгүл Сарыбай. Бас режиссері Бақытас Санитасов отандық арналарда "Жаным менің", "Тасөткел", "Қаламгер" секілді сериалдардың режиссері. Арнаның контентін құруда жас, сонымен қатар тәжірибелі мамандар қажет болды. ХХІ ғасырдың заманауи технологияларын жетік меңгерген, алайда, қазақ мәдениетінен білімі терең, телевизиялық кәсіптің қыр-сырымен жақын таныс кадрлер жұмылдырылады. Сондай мамандарға режиссерлер: А.Тұрсынбекова, Б.Құдықбаева, Ж.Еримова, Ұ.Төлеуова, Т.Құрманжанова; редакторлар: Д.Дариябек, Т.Слаббек, С.Жұмаділова, Ф.Борисова кірді. Арна келесі жобаларды ұсынды: "Мәдениет жаңалықтары", "Неслучайные встречи", "Көкжиек", "Алтын көмбе", "Өркениет", "Раскрытая партитура", "Легенды и мифы Оперного", "Қыл қалам", "Кітапхана", "Ғасырлар пернесі", "Әлі есімде" және тағы басқа жобалар. [6]

Мәдениет арнасы ішкі өнімдерін түсіруден бөлек бағдарламаларында түрлі архив материалдарын қолданды. Бұл архивті материалдар "Қазақстан" ҰТА бейнеқорынан алынды. "Қазақстан" телеарнасының шекпенінен шыққан телеарна болғандықтан, онда жасалған дүниенің бәрін пайдалана аламыз. Ал өз қолымыздан шыққан өнімдерді әлі де көбейте түсеміз." [7] Арна түсірілімдері студиялық, ЖТС және жылжымалы телекомплексстердің көмегімен жүзеге асты. ЖТС көмегімен арнаның концерттік бағдарламалары түсірілсе, студиялық түсірілімдерге "Алтын көмбе", "Өркениет", "Әлі есімде", "Кітапхана", "Сол жылдар" бағдарламалары кірді. Қазақ халқы өркениеті мен әлеуметін қамтып, ел ішіндегі өзекті мәселелерді тілге тиек еткен бағдарламаларға жоғарыда келтірілген, студиялық "Өркениет" және "Кітапхана" ток-шоулары болды. Жүргізушілер шақырылған қонақтармен қызу пікір-таласқа түсіп, елдіге, қоғамдағы рухани дүниелерге қатысты сұрақтарға жауап іздеді. Ал, "Мәдениет жаңалықтары", "Неслучайные встречи", "Легенды и мифы Оперного", "Әлі есімде", "Қыл қалам" сынды бағдарламалар көрермендерді өнер майталмандарының өмір баяны мен шығармашылық туындылары, сонымен қатар, ел ішіндегі мәдени құбылыстарға шолу жасап, таныстыруға бағытталды. Арна санаулы ғұмырында көрермендерге жаңа контент ұсынумен қатар, жас шәкірттерді де тәрбиелеп, телевизия саласын кәсіби деңгейдегі мамандармен толықтырды. Ұлттық телевизиялық қорды жаңа видео түсірілімдер мен соңғы уақытқа актуалды дүниелермен толықтырды. Алайда, арнаның тым қысқа уақыт ғұмыр кешуі жауаптардан гөрі көп сұрақтар туғызуда. Дегенмен, арнаның аты жоғалғанымен заты жоғалған жоқ. Бүгінде "Kazakh-TV" спутниктік арна желісінде эфирге шығып жатыр. Алғашында тек кабельдік жүйемен таратылса, бүгінде спутниктік желі арқылы республикамыздың шалғай аудандарына дейін таратылып келеді. Заманауи құбылстармен, жаһандық үдерістермен қатар дамып, контенттік трансформацияға ілінген "Мәдениет" арнасы жаңа деммен, жаңа талаптарға сай дамуын жалғастыруда. Болашақта арна қайта жаңғырып, халыққа алғаш танылып, үйреншікті "Мәдениет" атауын қайтарып, көрермендер сүйікті арнасына оралуы үлкен үмітпен күтулуде.

Әдебиеттер:

1. Тұрсын Қ. Қазақ тележурналистикасы: қалыптасу, даму проблемалары. – Алматы: "Білім" баспасы, 2006. – 352 бет.
2. https://www.inform.kz/kz/madeniet-telearnasy-ashyldy_a2407750
3. https://tengrinews.kz/picture_art/kazahstanskiy-film-poluchil-priz-festivalya-tefi-sodrujestvo-220510/

4. Нағымұлы Ш. Мәдениеттану: оқулық. - «Фолиант» баспасы. – Астана, 2007. – 312 бет.
5. <https://egemen.kz/article/15224-madeniet-%E2%80%93-memlekettinh-madenietin-tanytatyn-telearna-bolmaq>
6. [https://kk.m.wikipedia.org/wiki/%D0%9C%D3%99%D0%B4%D0%B5%D0%BD%D0%B8%D0%B5%D1%82_\(%D1%82%D0%B5%D0%BB%D0%B5%D0%B0%D1%80%D0%BD%D0%B0\)](https://kk.m.wikipedia.org/wiki/%D0%9C%D3%99%D0%B4%D0%B5%D0%BD%D0%B8%D0%B5%D1%82_(%D1%82%D0%B5%D0%BB%D0%B5%D0%B0%D1%80%D0%BD%D0%B0))
7. <https://turkystan.kz/article/57339-sa-atbek-aliev-m-deniet-telearnasyny-direktory-biz-li-zimizdi-tanu-stindemiz>

ӘОЖ 377.5:371.83

МҒТАР 14.33.17

А.Б. Накбаева¹

¹Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті,
аға оқытушы, (Түркістан қаласы) e-mail: almira_0983@mail.ru

ТАМҒАЛЫ НЕМЕСЕ ТАҢБАЛЫ ДЕП АТАЛАТЫН ПЕТРОГЛИФТЕР

Аннотация

Мақалада Тамғалы немесе Таңбалы деп аталатын петроглифтер Жетісу өңіріндегі ең ескі тарихи мұралардың бірі. Тас кешен 2004 жылы халықаралық дәрежеге ие еліміздегі ескерткіштердің қатарына қосылды. Шатқалдағы тастың бетіне түскен керемет суреттердің алғаш табылған уақыты – 1957 жылдың 19-қыркүйегі. Оның тарих бетіне шығуы А.Г.Максимовтың жетекшілігімен жүргізілген КСР Ғылым Академиясы Тарих және археология институтының Оңтүстік Қазақстан археологиялық экспедициясының Жетісу отрядына тікелей байланысты. Бұл орын ашыла сала, әлемдік ғалымдардың назарын аудартып, 2004 жылы ЮНЕСКО-ның дүниежүзілік мәдени мұрасының қатарына кірді.

Өткен жүз жылдықта зерттеушілер шатқалға келіп, бірнеше экспедициялар ұйымдастырып, ескі заманның адамдары жайлы көптеген жаңа дүниелер тапты. Ауданы 3800 гектардан асатын қорықтың жыл санауы біздің ғасырмен алғанда, XIII-XIV ғасырдың орта шебі мен XIX-XX ғасырдың аралықтарына жатады.

Онда елді-мекендер, қорымдар, тастан қашалып тұрғызылған орындар, жалпы саны бес мыңға жететін петроглифтер, құрбандық шалынатын діни орындар бізге жеткен қайталанбас тарихи құнды ескерткіштердің алып кешені бар.

Түйін сөздер: бейнелеу өнері, тамғалы немесе таңбалы тастар, петроглифтер, композиция, сурет, дизайн, ою өрнек, меренос жүндер

Накбаева А.Б.¹

¹Международный казахско-турецкий университет им. Ходжа Ахмета Ясауи
г. Туркестан, Казахстан

ПЕТРОГЛИФЫ, НАЗЫВАЕМЫЕ ТАМҒАЛЫ ИЛИ ТАМҒАЛЫ

Аннотация

В книге известного ученого Н.Амрекулова обнажаются механизмы и тупики развития современной мирозастемы и особенно-Казахстана. Каменный комплекс в 2004 году вошел в число памятников страны, имеющих международный статус. 19 сентября 1957 года в ущелье был найден первый фрагмент чудесных картин, опущенных на поверхность камня. Его выход на страницу истории напрямую связан с семиреченским отрядом Южно-Казахстанской археологической экспедиции Института истории и археологии Академии наук ССР под руководством С.Г. Максимова. Это место открылось, привлекая внимание мировых ученых и в 2004 году вошло в число всемирного культурного наследия ЮНЕСКО.

В прошлом столетии исследователи посетили ущелье, организовали несколько экспедиций и нашли много нового о людях старого времени. Считывание года заповедника площадью более 3800 гектаров относится к середине XIII-XIV века и к промежуткам XIX-XX веков.

В нем находятся населенные пункты, некрополь, каменные места, петроглифы общей численностью до пяти тысяч человек, культовые места, уникальные исторические памятники, которые дошли до нас.

Ключевые слова: изобразительное искусство, тамгалы или знаковые камни, петроглифы, композиция, рисунок, дизайн, орнамент, меренос шерсти

Nakbaeva A.B.¹

*¹International Kazakh-Turkish University named after Khoja Ahmed Yasavi
Turkestan city, Kazakhstan*

PETROGLYPHS CALLED TAMGALY OR TAMGALY

Absrtact

The book of the famous scientist N. amrekulov reveals the mechanisms and dead ends of the development of the modern world system, and especially of Kazakhstan. In 2004, the stone complex became one of the country's monuments with international status. on September 19, 1957, the first fragment of wonderful paintings was found in the gorge, lowered to the surface of the stone. Its appearance on the history page is directly related to the Semirechensk detachment of the South Kazakhstan archaeological expedition of the Institute of history and archaeology Of the Academy of Sciences of the SSR under the leadership of S.G. Maksimov. This place opened, attracting the attention of world scientists and in 2004 was included in the UNESCO world cultural heritage list.

In the last century, researchers visited the gorge, organized several expeditions, and found a lot about the people of the old time. Reading the year of the reserve with an area of more than 3800 hectares belongs to the middle of the XIII-XIV century and to the intervals of the XIX-XX centuries.

It contains settlements, necropolis, stone sites, petroglyphs with a total population of up to five thousand people, places of worship, unique historical monuments that have come down to us.

Keyword: Fine arts, left or symbolic stones, petroglyphs, composition, pattern, Design, ornament, Merino wool

Кіріспе. Осынша ғасырлар бойы бұл мекенде адамдардың ғұмыр кешкендігіне тұрғын үйлердің орны, олардың мал қораларының ізі, ыдыс сынықтары мен темір, сүйектен жасалған көптеген бұйымдары анық айғақ болады. Жалпы, Тамғалыдағы петроглифтерді ең құнды тарихи мұра ретінде санауға негіз бар. Таста салынған суреттердің барлығы да пикетаж техникасымен түскен, тек кейбірі тас пен темірдің көмегімен ойылған екен. Бағзы замандағы тас қашаушылар өз суреттеріне мүлде бояу қолданбаған. Ол суреттер орта, кейінгі қола дәуірі, ерте сақ, ерте темір, ерте түрік, жаңа заман дәуірлері секілді түрлі ғасырларға жатқызылады. Ғалымдар мұндағы петроглифтердің ішіндегі ең кереметі орта қола дәуірінде салынғанын анықтап отыр. Олардың эстетикалық мәдени құндылықтары жоғары. Петроглифтерде күнбасты құдайлар, шоқпар ұстағандар, қасқыр бетпердесін киген садақшылар, қару ұстаған жауынгерлер, мал мен адамды құрбандыққа шалған суреттер, босанып жатқан әйелдер, эротикалық көріністер, арба мен түрлі символдар, жабайы аңдар, жылқы мен түйе, қабан, қасқыр, түлкі, бұғы секілді белгілерді табасыз. Бұл сол кезеңде өмір сүрген адамдардың ойының кеңдігін, қиялының ұшқырлығын көрсететіні анық.

Зерттеу әдістері. Нұрсұлу Мырзабекованың зерттеу барысында Шындығында жартасқа бәдізделген «күн басты» пішіндер жекелеген және көп пішінді композиция түрінде берілген. Уфологтар осы аймақты мекен еткен көне түркі жұрты жатжұрттықтармен байланысқа түскен деген пікірде. Соның әсері түркі суретшілерінің осындай кейіпте тасқа суреттер қашауына түрткі болған. «Түркілердің адамзат дамуының алғашқы кезеңінде бірінші болып, темір өндіріп, оны өндеп, тұрмыстық құралдар жасауына да сол көктен түскендердің ықпалы болуы әбден мүмкін» деседі уфологтар. «Тасқа шекілген спиралға ұқсас таңбаларға қарап отырып Құс жолын байқауға болады. Қазіргі құс жолына байланысты жасалған картамен әлгі суреттердің арасында қатты ұқсастық бар. Демек, аспан әлемін зерттеуді түркілер бірінші қолға алған», - дейді АҚШ зерттеушісі Джозеф П. Скиппер. Енді осы «тамғалы тас» деген атқа ие болған кешенге байланысты бұған дейін айтылып, қатталған деректерге көз салайық.

1957 жылы Ш.Уәлиханов атындағы Тарих, археология және этнология институтының экспедициясы «Қазақстанның археологиялық картасы» бағдарламасы аясындағы барлау жұмыстарының барысында ашылған. Қола дәуіріне тән бейнелер мен сюжеттер негізінен «күн басты» және «дәстүрлі киім» үлгісі сипатында. Таңбалы археологиялық кешені Орта Азияда кең тараған антроморфты бейне күн шапақты бет перде киген пішіндердің көптігімен ерекшеленеді.

Суреттердің толық бір топтамасы антроморфты бейнеде жануарлар кейіпіндегі бет-перде киіп, аң терісін жамылған. Дәстүрлі және ғұрыптық үлгідегі киіну салтының бейнеленуі Орта Азия бойынша мерзімделу шеңбері б.з.б. 3-мыңжылдықтың басы мен 2-мыңжылдықтың ортасына сәйкес келеді. Олар сонымен бірге ерте темір дәуірінің афанасьев, окунев мәдениеттеріне жақындығымен, Солтүстік және Орта Азияның далалық аймақтарының мәдениеттерімен (андрон мәдениеті, қарасұқ мәдениеті, т.б.) ұқсастығымен ерекшеленеді. Таңбалы археологиялық кешенінде қола және ерте темір дәуірлеріне, ортағасырлар мен «жана заманға жататын қоныстар, қорымдар, құрбандық орындары және петроглифтер» сияқты 100-ге тарта ескерткіш орындары бар. Шағын аумаққа шоғырланған ескерткіштер осы өңірді мекендеген көптеген көне тайпалардың 3 мыңжылдық тарихын қамтиды. Кешеннің негізгі өзегі шатқалдағы 3000-ға жуық петроглифтер. Кей зерттеушілер петроглифтердің ең көнелері б.з.б. 2-мыңжылдықтың ортасында, кейбірі ерте темір дәуірінің басында, сондай-ақ қола дәуірінде пайда болған деген тұжырымдар айтады. Бұл суреттер осы тауды киелі санап, мәдени ғұрыптық орынға айналдырған қауымдарға тәу ету, ғұрыптық жоралғылар өткізу кезінде алыстан көрінуі үшін таң атқаннан күн батқанға дейін күн сәулесі түсетін жартастардың ұшар биігіне салынған.

Тамғалы археологиялық кешені – 2004 жылы өткен ЮНЕСКО-ның Бүкіләлемдік мәдени-археологиялық және табиғи мұра комитетінің 28-ші сессиясында ЮНЕСКО-ның комитет мүшелерінің бірауыздан қолдауымен Бүкіләлемдік мәдени мұра тізіміне енгізілген Орта Азиядағы жартастағы өнердің бірінші ескерткіші. Міне, нақты деректер осылай сыр шертеді. Ал Ресей уфологтары мен АҚШ зерттеушісі жоғарыдағыдай пікір айтады. Әрине, көне заман суретшілері қиялында көрініс тауып, тасқа қашалған бейнелер анықтап қараған адамға скафандр киген ұшқыштарға ұқсайтыны рас. Осыған қарап уфологтар айтқан пікірде жан бар ма деп те қаласың. Сондай-ақ оқымыстылар Тамғалы кешенінен басқа, Алтайдан табылған, зерттеу бойынша 4-5 мың жыл бұрын тасқа қашалған скафандр киген пішіндер мен бұдан үш мың жыл бұрын Тибет тауларындағы жартастарға салынған ұшатын тәрелкеге ұқсас суреттер және бұдан мың жарым жыл бұрын Америка құрлығында өмір сүрген мая тайпасы адамдары жерленген табыттардағы ғарыш кемесіне ұқсас сызбалар, сондай-ақ Сахарадан табылған бес мың жылдық тарихы бар көне суреттегі скафандр киген адам пішіндес суреттердің барлығының түбі бір деседі.



Интернет көзі: <http://atalarmirasi.org/3-bayyrghy-suretter-petroglifter-simvoldyq-belgiler>

Зерттеу нәтижелері. Тамғалы шатқалы Алматыдан солтүстік-батысқа қарай 170 шақырым жерде, Шу-Іле тауларының оңтүстік-шығыс беткейінде орын тепкен. Ілгеріде айтылған петроглифтер өте кең алқапты, шамамен 3x10 шақырымды құрайды. Ерекше, маңызды бөлігі болып, 250 мен 500 метрді алып жатқан, құрамына екі мың тасқа қашалған сурет кіретін алқап саналады. Бұл орын әсемдігімен, кең көлемде ерте замандағы адамдардың тыныс-тіршілігін, таным-түсінігін толық ашып білуге жетелейтін құнды әлемдік маңызды орындардың біріне айналған.




Интернет көзі: <http://atalarmirasi.org/3-bayyrghy-suretter-petroglifter-simvoldyq-belgiler>

Жалпы, Қазақстанда петроглифтер ертеден пайда болған және еліміздің бірнеше өңірлерінде кезде-седі. Біздің жерімізде қалған қырма суреттер жайында, қимақтардың сол суреттерді ерекше қастерлеп, табынатындарын XI ғасырда әл-Бруни айтып кеткен. Бергін келе, XIX ғасырда петроглифтік өнер Жетісу мен Қазақстанның оңтүстік бөлігінде кең таралды. Өткен ғасырдың орта шебінде еліміздің шығысындағы Тарбағатай, Нарын, Қалба, Сауыр тауларында «картиналардың көрмесі» ашылып, келушілерді қарсы алды. Бұл өңір мұндай суреттерге бай болса да, оны зерттеуді ешкім нақты қолға ала қойған жоқ. Тамғалының Таңбалы деп аталуына тікелей жергілікті жұртшылықтың тигізген әсері бар. Себебі, ондағы таңбалардың көптігіне байланысты халық Таңбалы деген атау таққан. Жартылай шөлейтті жердің табиғаты көрген көзге керемет әсер қалдырады. Қалың бұта бойлай өсіп, көктем мезгілінде гүлмен көмкеріледі. Тамғалыдағы тамаша қырма суреттерден бөлек сирек кездесетін өсімдіктер мен жабайы аңдар жетерлік. Атап айтқанда, қасқыр, түлкі, қоян, жылан, құстардан бүркіт, сұңқарды көруге болады. Алайда, келген адам әсем табиғаттан гөрі, ашық аспан астындағы суреттердің галереясына қаттырақ қызығатынын мойындау керек. Мемлекет деңгейінде қорғалып келе жатқан Тамғалыға он энциклопедия арналған, сонымен қатар «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасының аясында «Мультимедиялық энциклопедия коллекциясына» енгізілді.

Біз жоғарыда айтып кеткен алғаш петроглифтерді тапқан А.Г. Максимовтың жетекшілігіндегі экспедицияның құрамындағы А.А. Попов осы тарихи құнды жерді алғаш суретке түсіріп алған еді. Содан кейін зерттеушілер Қарақұдық аталатын шатқалдағы зираттарды зерттеуден өткізді. Максимов осы орынды ашқан ғалымдардың бірі реінде күнделік жазып, кейін келе ол кітап болып жарыққа шықты. «Тамғалы шатқалындағы қырма суреттер» деген атау алып, көлемді, тарихқа үлкен үлес қосқан дүние көпшіліктің қолына тиді.

1977-1978 жылдары Максимов бастаған экспедиция тағы да Тамғалыға ат басын тіреп, зерттеу жүргізді. Олар бұл жолы нақты жоспармен келді. Петроглифтерден құрылған басты орындардың кестесін құрды. Ал 80-жылдардың соңына қарай, Тамғалы шатқалы, көптеген зерттеулерден кейін үлкен танымалдыққа ие болды, шетелдік ғалымдар мен зерттеушілердің зор қызығушылығын тудырды. 1990-1994 жылдары Тамғалыны зерттегендер тасқа түскен суреттерді сақтауды көздеп, олардың қорын құрды. Осылайша, «Тамғалы шатқалының қырма суреттері консервациясы» аталыммен мемлекеттік жоба қабылданды. Онда далалық көріністері бар үш мыңға тарта суреттер берілді. Біздің заманымызға дейінгі II мыңжылдықтың орта тұсына жатқызылатын суреттер де сол жобаға енгізілді. Солардың бірі ретінде Күнбасты құдайды ерекше атап өтуге болады. Максимов бастаған ғалымдар мұнда кездескен күнбасты алыптарды антропоморфты құдайдың анық бейнесі болуы мүмкін деген пікір қалдырды. Тасқа түскен қырма суреттерде көне құдайлардың бейнесі түскен дөңгелек, доға жазбалар кездескен. Тамғалы шатқалын біздің жерді мекендеген халықтар киелі жер деп санап, салттық рәсімдер жүргізіп, тәңірге табынатын, ата-бабаның рухына тағзым етілетін орынға айналдырған. Ашық аспан астында керемет табиғи галерея қалыптасқан. Бағзы тасқа қашаушылар тастың тегістігін, күнге шыдамдылығын жіті зерттеп барып қана сурет салғаны белгілі болды. Күннің түсуінің жылжуына байланысты ол петроглифтердің де түсі сан құбылған. Топтастырылған суреттерден композицияларының күрделілігі аңғарылады. Тағы да бұл шатқалдардағы акустиканың мықтылығы ғалымдардың назарын аудартты. Яғни, сондағы дыбысты бірнеше қашықтықтан да естуге мүмкіндік бар.






1994 жылдары қаржының тапшылығына байланысты аталған орынды зерттеу уақытша тоқталған еді. Бірақ, кең көлемде танымалдыққа ие болған Тамғалы шатқалына келушілердің санының көбеюіне байланысты, тастағы суреттерге қауіп төне бастады. Төрт жылды араға салып, кешенде ғылыми зерттеу жұмыстары қайтадан жаңғыртылды. Еліміздің Мәдениет министрлігі Тамғалыны сақтап, қорғау мақсатында арнайы бағдарлама шығарды. Сондай-ақ, әлемдік мұралар тізіміне енгізу үшін негіздемелер әзірледі. 2001 жылы сол уақыттағы Премьер-министр Иманғали Тасмағамбетов пен ЮНЕСКО-ның Бас директоры К.Мацуура шатқалда болып, ескерткіштің кереметтілігін өз көзімен көрді. 5-қазан 2001 жылы ҚР Үкімет қаулысымен Тамғалы кешені республикалық маңызға ие кешенге айналды. Ал 2003 жылы Тамғалы шатқалының 3800 гектар жері арнайы «Тамғалы» атауын алып, табиғи қорық-мұражай болып бекітілді. Негізгі археологиялық ескерткіштің барлығы осы аумаққа кіріп, керемет тарихи кешенге айналды. Екі мыңжылдықты қамтитын ашық аспан галереясына келушілер жетерлік. Киелі орын Қазақстанның киелі жүздігіне де кірді.



Талқылау. Түркердің арғы ата-бабалары ежелден Еуразияның таулы-далалық аумақтарында мекендеп келген. Олар аңшылық, егіншілік, әсіресе мал шаруашылығымен айналысып, көшпелі өмір салтын ұстанды. Атап айтқанда, адамзат өркениетіндегі ең үздік жетістік саналатын жылқыны қолға үйрету осы көшпелілердің еншісінде. Палеометалдар өндірісі күшейді. Металдардан түрлі тұрмыстық бұйымдар жасады. Көшпелілердің дүниені тану, жаратылыстың құпиясын ашуға ұмтылуы мифтік наным-сенімдеріне әсер етті. Соны нәтижесінде синкретикалық "өнер туындылары", тасаттық-ғұрыптық кешендері (күн, ай, қару, бұғы және басқалар қашалып бейнеленген ұстынтастар яғни бұғытастар (б.з.д. XIV-VIII ғғ.) орнату ғұрыптары пайда болды. Көсемдер мен ру-тайпалық қатынастарында мүлктік айырмашылықтар пайда болды, айырбас саудалар дамыды ("Ботай", "Андронов" және "Беғазы-Дәндібай" мәдениетінің өкілдері). Бір сөзбен айтқанда, Еуразия кеңістігінде әйгілі аттылы көшпелілер өркениетінің негіздері басталып, әлемдік өркениетке өлшеусіз үлес қосты. Еуразия кеңістігінде тарихта «прототүрк» деп танылған ата-бабаларымыздың тілдік деректері, жазулы мәтіндері бізге жетпеді. Қазірге дейін тілі мен жазуына қатысты айғақтар анықталынбаған. Өйткені ол кезеңдерде жазу-сызудың болмауына байланысты, оның ілкі формалары – алғашқы қарапайым суреттер, петроглифтер, пиктограммалар, идеограммалар, жартас суреттері, символдар, таңбалар көптеп қолданыла бастады. Ол сызба суреттерде күн, ай, жұлдыздар, жылқылар, жыртқыш аңдар, бұғылар, адамдар, арба көлік құралдары, қару-жарақтары сияқты алуан түрлі семантикалық көріністер болатын. Демек, аталмыш артефактілердің барлығы дерлік жазудың, жазба мәтіндердің алғашқы көріністері деуге болады. Еуразия кеңістігінде Хянган, Хэнтый, Хангай, Алтай, Саян, Тәңірі (Тянь-Шань), Алатау, Қаратау, Ұлытау және басқа да тау жоталарының жартас-тарында аса мол кездеседі. Қазір олардың саны толық тіркелмеген. Мысалы, Моңғол Алтай Шивээт хайрхан, Бага Ойгор, Цагаан салаа Арал толгой тауларында 100 000 астам петроглиф, суреттер анықталынған. Олардың хронологиясы 4000 жыл. Ал, Қазақстан Тамғалы шатқалында қола дәуірінен бастап қазірге дейін – 2000 суреттер мен петроглифтер тіркелген. Қырғызстан Саймалы таш жартастарында 10 000, Әзербайжан Гобустанда 3500 суреттер анықталынған.







Интернет көзі: <http://atalarmirasi.org/3-bayyrghy-suretter-petroglifter-simvoldyq-belgiler>



Интернет көзі: <http://atalarmirasi.org/3-bayyrghy-suretter-petroglifter-simvoldyq-belgiler>



Интернет көзі: <http://atalarmirasi.org/3-bayyrghy-suretter-petroglifter-simvoldyq-belgiler>



Интернет көзі: <http://atalarmirasi.org/3-bayyrghy-suretter-petroglifter-simvoldyq-belgiler>

Қорытынды. Жүнмен сурет салудағы Тамғалы немесе Таңбалы тас деп аталатын петроглифтер композицияны бірнеше жаттығулар жасау мен суретшілер шығармалар таныстыру нәтжесінде игерілетін,

ол жүйелі, кешенді, бірізділікпен, ғылыми тұрғыдан негізделген оқыту технологиясы нәтижесінде игерілетін композиция заңдылықтары туралы білімдер мен композициялық бейнелеу икемділіктерінен дағдыларынан құралатын мұғалімнің дайындығын қажет ететін іс-әрекеттер жүйесі ретінде тану қажет.

Әдебиеттер:

1. Қасиманов С. «Қазақ халқының қолөнері
2. Шаңырақ. Үй – тұрмыс энциклопедиясы
3. Оразбаев Н.А. Қазақ халқының сәндік ою-өрнек өнері. – Ленинград, 2007 ж.
4. Мектептегі технология» №7. 2009 ж.
5. Тәжімұратов Ә. Шебердің қолы ортақ. – Алматы, 1997 ж.
6. Басенов Т.К. Казахский народный орнамент.
7. Ысқақызы Ә. Сырмақ өнері. – Алматы, 2007 ж.

ӘОЖ 7.04

МРНТИ18.07.43

А.Н. Қалжан¹, Е.Қ. Рысымбетов²

¹Абай атындағы ҚазҰПУ, Өнер, мәдениет және спорт институтының 2 курс магистранты
Алматы қ., Қазақстан. syrka_juban@mail.ru

²Абай атындағы ҚазҰПУ, Өнер, мәдениет және спорт институты «Көркем білім» кафедрасының
меңгерушісі, Өнертану PhD докторы

ТЕАТР ӨНЕРІНДЕГІ САХНАЛЫҚ ГРИМ

Аңдатпа

Бұл мақалада театр өнерінің ішкі тынысымен таныстыратын боламыз. Театр бір көзбен қарағанда тек тек актiстердің және сахна безендірушілердің жұмыстарымен ғана көркейіп келеді деген үлкен қателік. Театрды, жалпы сахна көркін кіргізетін суретші декоратор болса, ал артiстің көркін кіргізетін, ол әрине гримдеуші. Бетке түрлі бояу жағудың әсерінен олар өз бойларына күш бітеді деп сенген. Ерте ғасырдан бері адамзаттың грим өнеріне қызығуы, әсемдікке, әдемілікке, өзгеріске бей жай қарамағандығын дәлелі.

Бертін келе грим дами түсті. Әлемнің әрбір түкпірінде гримге деген көзқарас әр түрлі болды. Кейбір елдерде ерлер мен әйелдер де гримді қолданды. Тек театрларда ғана емес сонымен қатар саясатта да гримді қолдана бастады. Атақты сұлулық эталоны Клеопатраның өзі осы грим жасау өнеріне қатты қызыққан делінеді. Ол грим жасаушы құлдарды иеленген. Грим құралы яғни бояуы ретінде қолтырауын қаны, хына, сүт ваннасы, қорғасын, түрлі шөптерді қолданған. Грим тарихы сонау тереңде жатыр. Грим сөзінің мағынасын ашатын болсақ – адамды безендіру өнері деген мағына береді. Грим өз ішінен бөлінеді портреттік, ұлттық, сызықтық, фантастикалық, бейненің жасына қарай және коррективті болып.

Грим өнері өз бастауын тереңнен алып келеді. Антикалық театрлардан ілгері сонау жер шарының театрларында түрленіп өз бейнесін тапқан.

Түйін сөздер: өнер, грим, парик, мәдениет, қарым-қатынас, ықпалдасты, театр, косметика

Қалжан А.Н.¹, Рысымбетов Е.Қ.²

¹ КазНПУ им. Абая, магистр 2 курса Института искусств, культуры и спорта
г. Алматы, Казахстан. syrka_juban@mail.ru

² КазНПУ им. Абая, Институт искусств, культуры и спорта Искусствовед PhD доктор

СЦЕНИЧЕСКИЙ МАКИЯЖ В ТЕАТРАЛЬНОМ ИСКУССТВЕ

Аннотация

В этой статье мы познакомимся с внутренним дыханием театрального искусства. На первый взгляд, большая ошибка – говорить, что театр процветает только благодаря работе актеров и сценографов. Художник, который украшает театр и сцену в целом, является декоратором, а художник, который украшает

сцену, конечно же, визажист. Они верили, что нанесение разных цветов на лицо делает их сильнее. Интерес человечества к искусству макияжа с первых веков является доказательством того, что он не был равнодушен к красоте, красоте и переменам.

Макияж постепенно развивался. Отношение к макияжу различно в разных частях света. В некоторых странах мужчины и женщины также носят макияж. Он начал использоваться макияж не только в театрах, но и в политике. Говорят, что Клеопатра, знаменитая модель красоты, очень интересуется искусством макияжа. Он владел косметикой рабов. В качестве макияжа он использовал крокодиловую кровь, хну, молочную ванну, свинец и различные травы. История макияжа уходит вглубь. Если мы раскрываем значение слова «макияж», это означает искусство украшения человека. Макияж делится на портретный, национальный, линейный, фантастический, соответствующий возрасту и корректирующий. Искусство макияжа имеет глубокие корни. Он нашел свой путь в театры мира задолго до древних театров.

Ключевые слова: искусство, макияж, парик, культура, общение, интеграция, театр, косметик.

Kalzhana.A.N¹, Ryssymbetov.E.K².

¹ master of 2 course, Kazakh National Pedagogical University named after Abay, Institute of Arts, culture and sport syrka.juban@mail.ru, Almaty, Kazakhstan

² Art critic PhD,

Kazakh National Pedagogical University named after Abay, Institute of Arts, culture and sport

STAGE MAKE-UP IN THEATRICAL ART

Abstract

In this article we will introduce the inner breath of theatrical art. At first glance, it is a big mistake to say that the theater thrives only on the work of actors and stage designers. An artist who adorns the theater and the stage in general is a decorator, and an artist who adorns the stage is, of course, a make-up artist. They believed that applying different colors on the face would make them stronger. Mankind's interest in the art of make-up since the early centuries is a proof that he was not indifferent to beauty, beauty and change.


Makeup gradually developed. Attitudes to makeup were different in different parts of the world. In some countries, men and women also wear makeup. He began to use makeup not only in theaters but also in politics. Cleopatra, the famous beauty model, is said to be very interested in the art of make-up. He owned make-up slaves. He used crocodile blood, henna, milk bath, lead and various herbs as a make-up. The history of makeup goes back a long way. If we reveal the meaning of the word make-up, it means the art of decorating a person. Makeup is divided into portrait, national, linear, fantastic, age-appropriate and corrective. The art of makeup has its deep roots. It has found its way into the theaters of the world long before the ancient theaters.

Keywords: art, makeup, wig, culture, communication, integration, theater, cosmetics.

Кіріспе. Театр өнеріндегі сахналық грим

Халық белгілі бір спектакльді көргенде, ол грим суретшісінің жұмысын да байқамайды. Ол осы немесе басқа бейнені болжалды шындық ретінде қабылдайды және берілген. Тек грим суретшісі өзіне жүктелген жауапкершіліктің дәрежесін біледі. Бұл оның кәсібилігі аясында ғана емес, сонымен бірге жалпы грим өнерінің тарихи эволюциясымен жылтыратылған шеберлігінің бүкіл мәні. Макияж тарихы мыңдаған жылдардан басталады, адамзаттың ерте дәуірінен бастау алады, ол бүкіл әлемнің мәдениетін үйлесімді түрде өтіп, макияж технологиясының жаңа тенденцияларымен дамуды жалғастырады. [1] Сонымен, сарапшылар театрлық бет бояудың алғашқы формалары дененің сиқырлы бояуы мен ритуалдық маска негізінде пайда болғанын, қарабайыр адамның сиқырлы және анимистік-діни көріністеріне тікелей байланысты екенін атап өтті. Бұл, мысалы, салттық би масқалары және американдық үндістердің «сиқырлы гримі». Индонезиядағы Топенг деп аталатын маска театрының тамыры өлілерге табынудан басталады. «Топенг» сөзі «мықтап басылған, тығыз бекітілген» немесе «қайтыс болған адамның масқасы» дегенді білдіреді. Малай театрына тән масқалар өте қарапайым. Бұл көздер мен аузына арналған ойықтары бар сопақша ағаш тақталар. Бұл тақталарда қалаған сурет салынады. Масқаны бастың айналасына жіппен байлады. [5]

Бұл театрда сөз жоқ, актер тек әрекет етеді. Үнді театрында сыйыну кейіпкерінің макияжы бар. Сонымен, Малабар жұмбақтарында – «Катакали», мифологиялық сюжет өзінің шешімін масқадан макияжға ауысатын өте күрделі формаларда табады. Катакаликте қатаң канонизацияланған 12 мифологиялық тип бар.



Сурет 1 - Chotii татуировкасы бар қыз (Gran Chaco). 2 - Яодағы Scar татуировкасы (Шығыс Африка).
3 - Томпсон үндістерінің бет суреті (Солтүстік Америка) <https://ru.wikipedia.org/wiki>

Макияж бен бояудың арқасында әртістердің бет-әлпеті осындай типті сипаттайтын бекітілген маскаға айналады. Әрине ерекшелігіне әсер еткен қытай және жапон театрлары. Сонымен, «қытай театрының теориясы бойынша психологиялық сегіз категория бар: ақсүйектік, әдептілік, байлық, кедейлік, Ақымақтық, ақылсыздық, ауру және мас болу. Осы түрлерін білдіру үшін актердің қолында төрт экспрессивті құрал бар: көрініс, көрініс, дауыс, қимыл немесе қимыл. «Тектілікті білдіру үшін: оң көзқарас, тікелей көзқарас, терең дауыс және қатты қадамдар ұсынылады. Тазалықты білдіру үшін: инациялық дауыс, қиғаш көздер, кең иық, жылдам жүру және т.б.) Бет бояуға қатысты қатаң ереже. Қытай классикалық театрында әр түрлі рөлдер сахналық кейіпкерлердің бес түріне бөлінеді: позитивті кейіпкер - «шенг», кейіпкер - «алым», негативті немесе соғыс қаһарманы - «джинг», комедия - «чов» және екінші кейіпкерлер - «мо». Бұл түрлер сыныптарға бөлініп, оларды әскери және азаматтық деп екіге бөледі [2]

Жапондық «Жоқ» театрының ережелеріне сәйкес бетперделер бір жетекші актерге тағайындалды. Маскалар келесі түрлерге тиесілі болды: ұлдар, бозбалалар, қайтыс болғандардың рухтары, жауынгерлер, қарт адамдар, қарт әйелдер, құдайлар, қыздар, жындар, жартылай жануарлар, құстар және басқалар. Басқа актерлер бетперде қолданбады және өз рөлдерін парик және гримсіз орындады. Театр сюжеттеріне арналған материалдар Бірақ аңыздар, тарих, әдебиет және ағымдағы оқиғалар қызмет етті.

Бұдан да танымал – «Кабуки» деп аталатын дәстүрлі жапон театры. С.П. Школьниковтың айтуынша, Кабуки театрындағы макияж маска түрінде жасалынған. Сипаты символикалық. Мәселен, мысалы, кейіпкер рөлін сомдайтын актер беттің жалпы ақ реңіне қызыл сызықтар салады; Ақ тоғындағы зұлымның рөлін ойнау көк немесе қоңыр сызықтарды тартады; беттің жасыл тонында сиқыршы ойнау қара сызықтар тартады және т.б. Жапон театрында әжімдердің, қастардың, еріндердің, иектердің, беткейлердің және т.б. ерекше таңғажайып ерекшеліктері бар. Қабылдау және грим техникасы қытай актерлерімен бірдей. [6]

Антиквариат маскаларынан кем емес. Бастапқыда, ежелгі грек классикалық театр маскаларын діни қызметкерлерден алған. Әдетте, жүздер жай сығылған жүзіммен боялған. Кейіннен мұндай ерекше атрибуты болған масштабты маскалармен алмастырылды. Маскалар аузының пішініне, юника түрінде - ауыз қуысына арналған. Бұл құрылғы актер дауысын күшейтіп, мыңдаған амфитеатр көрермендеріне оның сөзін тыңдауға көріп отырған сурет мүмкіндік береді.



Сурет 2 Маска-личина. Дерево, краска. Мексика <https://ru.wikipedia.org/wiki>

Бұл маскaлар лубок пен гипстен жасалған кенептерден, кейіннен былғары мен балауыздан жасалған. Бір қызығы, портреттік маскaлар да жасалды. Сонымен, «театр маскaсының дамуымен қатар, театрлық макияж да пайда болады. Денесі мен бетін бояу әдет-ғұрпы ежелгі Қытай мен Тайландтағы салт-жоралардан бастау алады. Жауды қорқыту үшін рейд жасайтын сарбаздар жасалды, олар беттері мен денелерін өсімдік және минералды бояулармен, ал кейбір жағдайларда түрлі-түсті сиямен бояды. Содан кейін бұл дәстүр халықтық идеяларға көшті». [7]

Осылайша, макияж өзінің қазіргі келбеті үшін ұзақ жол алды. Қайта өрлеу дәуірінде тұңғыш рет театрлық грим бейнелеу өнерінің бір бөлігі ретінде қарастырылды. Кескіндеме және сурет салуға арналған нұсқаулықта кезінде қолданатын актерлердің бояулары туралы кеңестер берілді, «Сахна өнері туралы әңгімелер» трактатында Леоне де Сомми жындар мен фьюрлар рөлін ойнайтын актерлерге суретті ақ суреттермен бояуға, париктерді күлкілі рөлдерге қолдануға кеңес берді. жіптер мен жіптерден.

Англияда макияжды дамытудың жоғары деңгейі болған жоқ. Алайда, Жаңа Уақыт Францияға өнер мен сәннің басты маңызын берді. Косметика айтарлықтай дамыды, өйткені Луи XIV-нің аула Еуропадағы ең талғампаз және сәнді болды. Дворяндардың нәзік талғамы және жаңа әлеуметтік қабаттың – буржуазиялық талаптардың едәуір жоғарылауы театр өнерінің жаңа, жоғары деңгейін талап етті, сондықтан оған байланысты барлық нәрсе. Сөзсіз, макияж және композициялық материалдардың сапасы артты. Ол кездегі театр өнеріндегі жаңашыл Франсуа Джозеф Талма (1763-1826) туралы айту мүмкін емес. Оның репертуары негізінен классикалық болды. Ерекше талант - бұл сахна образының эмоционалдылығы мен психологизмін аша білу. Бұл жалпы театр өнеріндегі жаңа сөз болды, өйткені режиссер мен актерлік шеберлікті жаңа деңгейге көтерді.

Грим өнерін дамытуда орыс театрына бірдей маңызды. Орыс театрының бастауы халықтық спектакльдерден басталса да, Ресейдегі кәсіби орыс театры 18 ғасырда ғана пайда болды. Ескі күндерде джесстер мен буфулар күлкілі сатиралық көріністерді ойнады, олар көбінесе жануарлармен бірге өз трюктерін жасады. Қойылымдар кезінде суретшілер бастарына беттерде киіп, мылжың киген немесе қошқардың аюдың терісін киген. [8] [9] Көбіне буфундар беттерін боялған немесе түрлі-түсті балшықтармен, қарындаштармен, шөптер мен жемістердің шырындарымен бояған. Қарапайым және өрескел боялған жүздер көрермендердің күлкісін тудырды.

Қазақ театрында грим өнерінің дамуы тарихи тұрғыдан 19 ғасырдың екінші жартысынан басталады. Алайда, алғашқы кәсіби театрлар пайда болғанға дейін, қазақтардың бай және жарқын театрландырыу дәстүрі болған, ішінара шаманистік рәсімдерде, жартылай фольклорлық және цирк қойылымдарында көрініс тапқан.

Жалпы, Орталық Азия көшпелілерінің арасында театр, поэтикалық, музыкалық және цирк жанрлары синкреттік дәстүрлі мәдениетте бөлінбейтін біртұтастықты ұсынды, сондықтан театр ойлау заңдары барлық жанрларға бірдей тарады. Сонымен, шаманистік практикада белгілі бір театрализм байқалды.

«Қазақ мәдениеті тарихи қалыптасудың ерекше түрі мен әдісіне, өмірдің нақты жағдайларына байланысты көшпелілер өркениетіне тән тиімді көріну механизмдерін жасады. Қазақ қоғамындағы бейнелеу өнерінің эволюциясы басқа тарихи кезеңдерден өткендігі айқын. Сонымен, егер Еуропада - театрға дейінгі, этнографиялық элементтер тек алғышарттар болса, онда қазақ мәдениетінде олар өте байыпты және мұқият зерттеуді қажет ететін маңызды тарауды құрды, Еуропа елдерінде ондаған жылдарға созылған процестер қазақ әлемінде ғасырлар бойы өтті, бірақ қазіргі кезде хейд күтпеген жерден тезірек келді. Қазақ театр өнері барлық елдердегідей қалыптасты және дамудың дәл кезеңдерімен өтті, тек сол кезде ғана», - деді С.К. Қаржаубаева

Қазақстандағы алғашқы кәсіби театрлардың пайда болуы дәстүрлі түрде 19 ғасырдың екінші жартысымен байланысты болды. Алғашқы орыс театрлары Қазақстанның сол кездегі басқару орталықтарында - Омбы (1765) және Орынборда (1856) құрылды. 1856 жылдың күзінде Борис Соловьевтің труппасымен Орынборда кәсіби театрдың пайда болуын атап өткен алғашқы театр маусымы басталды. Спектакльдерді қою үшін 30-шы жылдары шақырылушылармен жаттығу үшін салынған тас пьеса-эксцирцюз пайдаланылды. Соған қарамастан театр біртіндеп көрермендер арасында жеңіске жетіп, қала өмірінің қажетті құрамдас бөлігі болды.

Қазақстанның солтүстік облыстары театр өнерімен басқаларға қарағанда ертерек танысқан. Әрине, мұны толыққанды театр өмірі деп атауға болмайды, бірақ алғашқы қадамдар жасалды: Оралда (1859 ж.) Және Петропавлда (1887 ж.) Орыс саудагерлерінің пайда болуы, Тараздағы гарнизонның солдаттары мен офицерлерінің топтары (1880 ж.), Музыкалық және драмалық әуесқойлар қоғамы. Семей (1890) [9]. Қазақстанда татар мобильді театрларының пайда болуымен жағдай жақсы жаққа өзгерді. 1910-1912 жылдардан бастап қазақ зиялылары халық аңыздары мен аңыздарының сюжеттерінде көркемөнерпаздар қойылымдарында өздерін сынай бастады. Күлбай Тоғысов пен «Ишингали Меңдіхановтың» «Малдыбай» комедиясы сияқты «Елеусіздіктің жемістері» сияқты ауқымды жұмыстар көп қойылды. Әр жаңа қойылыммен, пьесамен, қойылыммен, қазақстандық грим өнерімен қатар қазақ театрының қуаты арта түсті. Қазақстанның кәсіби макияжы өз қызметімен, дәлірек айтсақ, елімізге жер аударылған әйгілі суретшінің – грим суретшісі Сергей Иванович Гусковтың жұмысынан басталады. Атап айтқанда, ол кейінірек В.А. негіздерін оқытатын болады. Щербакова ұзақ және жемісті өмір сүріп, қазақстандық грим өнерінің негізін қалады. В.А. әңгімелеріне сәйкес. Щербакова грим өнерінде ол кездейсоқ, тек жақсы мүмкіндіктің арқасында пайда болады. Грим суретшісі С.А. Гусков Щербаковтар отбасының көршісі болды. 13 жасар шәкірт грим, майлы желе жасады, барлық қиын жұмыстарды жасады. Содан кейін ол бақташылықпен айналыса бастады: парик тігіп, өрім мен шаш орамалын жасады. Гусков балаға театр шеберлігінің барлық триюктерін үйретті. 1953 жылдан бастап В.А. Щербакова театр ұжымын қабылдайды.

Мәселен, «Ленин 1918 жылы» спектаклінде Владимир Ильичтің туғанына 100 жыл толуына орай біздің театрдың сахнасында сахнаға қойылды, шеберге бес-алты портрет жасау өте қиын болды. Бұл әр кескінге өзіңіздің парикіңізді, мұртты, қастарыңызды, сақалдарыңызды және олар түпнұсқаға ұқсайтын етіп жасауыңыз керек. Кәдімгі актерден сіз нағыз Лениннің тірі көшірмесін жасауыңыз керек, яғни бұл кескінді өзгерту ғана. «Егер суретші ақ қағазға сурет салса, ол өшіргішпен бір нәрсені сүрте алады, содан кейін біздің кәсібімізде сіз ештеңені алып тастамайсыз, ештеңені де жоймайсыз», - деп еске алады шебер. Грим мәдениетке және тіпті дәуірге қарамастан (әсіресе архаикалық кезеңде) ең жақсы, таңдаулы - діни қызметкерлер, патшалар, ең мықты жауынгерлер және т.б. Осындай ұзақ сапардан өтіп, грим театр жүйесінің маңызды элементтерінің біріне айналады. Сондықтан театрдағы грим - бұл оның атрибуты ғана емес, сонымен қатар сахналық образды жасауға және сақтауға арналған ажырамас элемент. Актер және оның макияжы, костюм және шаш үлгісі - мұның бәрі сахналық образды жасау процесінде біртұтас. Іс жүзінде кез-келген актер белгілі бір дәрежеде немесе басқа деңгейдегі режиссермен және грим суретшісімен егжей-тегжейін талқылағаннан кейін өз бетінше өз бетінше жұмыс жасай алуы керек. Қазақстанда 40-ші 80-ші жылдары аралығында мамандар даярлау жүйесінде де, театрлық өмірде де айтарлықтай өзгерістер болды. Кәсіпқойлар үшін жақсы гример суретші білімін алу мүмкіндігі пайда болды, жаңа бейнелер пайда бола бастады. Кино саласында да практикаға ХХ ғасырдың жетекші еуропалық грим суретшілерінің көптеген гримдері кірді, кейбір классикалық опералар мен театрлық отандық образдар пайда болды. Соңында, театрлық ұжымдар құрамында гастрольге шыққан жетекші римершілер жаңа

нұсқаулық әдебиеттерді алып, шетелдік әріптестермен байланысты нығайта бастады. Шығыс Еуропа елдерінде шығарылған сахналық гримге арналған гримдік нұсқаулықтар жетіп отырды. [9]

Әр ғасырдың өзіндік театрлық суретші, гримершілерінің ортасына қарай ұлттық, классикалық және опералық театрлардың гримін едәуір өскен деңгейін атап өтпеуге болмайды. Режисерлердің-әртістердің жоғары біліктілігі (және, әрине, тамаша суретші гримершілердің) ең күрделі көркем тапсырмаларды шешуге қабілетті ұжымдар құруға мүмкіндік берді.

Қазақ сахналық гримінде елеулі жұмыстар жүргізіліп, гримдік саланың қарқынды дамып, қазіргі таңда театрда, киода жаңа леп беріп қолданыс аясын кеңейттіп түрлі бейнелерге жаңаша түс берді.

Әдебиеттер:

1. Станиславский К.С. Записная книжка с гримами. – М., 1961. – 379 с.
2. Арто А. Театр и его двойник. – М.: Мартис, 1993. – 192 с.
3. Вахтангов Е. Две беседы с учениками// Евгений Вахтангов Сборник. – М.: ВТО, 1984. – 565 с.
4. Владимиров В. Школа театрального искусства. Руководство к практическому изучению мимики, декламации и грима. – М.: тип. Вильда, 1887. – 416 с.
5. Гарин Э.С Мейерхольдом (воспоминания). – М.: Искусство, 1974. – 211 с.
6. Герцен А.И. Собрание сочинений в 30-ти тт., Т. 4. – М.: изд. Академии наук, 1955. – 42 с.
7. Гладков А.К. Театр: воспоминания и размышления. М.: Искусство, 1980. – 463 с.
8. Гоголь Н.В. Превести. Пьесы. Мертвые души. М.: Художественная литература, 1975. – 654 с.
9. Головин А.Я. Встречи и впечатления. Письма. Воспоминания о Головине, Л. – М.: Искусство, 1960. – 389 с.
10. Ефремова Т.Ф. Новый словарь русского языка. Толково-словообразовательный. – М.: Русский язык, 2000. – С 15-16.

ӘОЖ – 77 (545)
МРНТИ – 30.03.47

Ә.М. Мухадиев¹, Н.Т. Байкулаков²

¹сәулет кандидаты, ҚР Білім беру ісінің үздігі, аға оқытушы.
Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті,
Қазақстан, Алматы қ., E-mail: akimbek_m@mail.ru
²Қазақстан дизайнерлер одағының мүшесі, аға оқытушы.
Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті,
Қазақстан, Алматы қ., E-mail: nurlantaubay@mail.ru

ЛАНДШАФТ СӘУЛЕТІНІҢ ТАРИХИ ЭСТЕТИКАЛЫҚ КАНОНДАРЫ

Аңдатпа

Мақалада ландшафт сәулетін қолдану, ландшафт эстетикасына байланысты негізгі канон мәселері, табиғаттың көпбағыттылығы әсемдіктің негізгі нышаны және оны таратушы табиғат, адамзаттың эстетикалық сезімінің сәулетте пайдалану мәселесі қозғалады. Қазіргі кездегі көптеген сәулет кеңістіктерінде, орталары мен ғимараттарында негізгі технологиялық жобалау мәселесі және дизайн элементтері ретінде ландшафт өз орнын жаңаша тауып қалыптасуда.

Қала аумағында ландшафт технологияларын қолдану тәсілдері сәулетші ғалымдардың еңбектерінде жан-жақты түсінік берілгендігі айтылады. Стыльдік, композициялық, бағыттық, функциялық сәулеттік, рационалды, табиғи және жасанды бақтардың жіктелу түрлері ұсынылды.

